

12016  
4866к

**БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ**

**ТҮНЕНКТЕН  
ОРАЛҒАН  
ЕСІМДЕР**

**I**

**БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ**

**ТҮНЕКТЕН  
ОРАЛҒАН  
ЕСІМДЕР**

**Тұлға және тарих**

**I  
ТӨРТ КҮЛІК**



**Алматы  
2016**

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 каз)  
К 60

**К 60 Койшыбаев Б.**

**Түнектен оралған есімдер: тұлға және тарих.** – Алматы:  
«Рух БГ» баспасы, 2016.

ISBN 978-601-80519-4-4

1-кітап. – Төрт күлік. – 240 бет + 4 жапсырма бет.

ISBN 978-601-80519-5-1

Жазушы Бейбіт Койшыбаев өткен ғасырдың 80-ші жылдарының орга-  
сында билік басындағы коммунистік партияның жариялышық және қайта  
құрға саясаты өріс алған шактан бастап тарихтагы «актаңдактар» жайын-  
да калам тербей бастаған болатын. Осы ретте ол саяси жазаға ұшыраған  
тарихи тұлғалар тағдырын зерітеп, жаңғыртуға ерекше қөніл бөлді.  
Зерттеулерін терендете келе, жекелеген қайраткерлер жайында дербес  
кітаптар шыгарды. Қаламгердің Әлихан Бекейханов, Бакытжан Қара-  
таев, Мұстафа Шоқаев, Жанша Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Нәзір  
Төрекұлов, Смагұл Садуакасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов,  
Темірбек Жұргенов сынды ондаған тарихи тұлғалардың омірі мен қызметі  
жайында әр жылдары жазған жұмыстары 4 кітапқа жүйеленіп, тұлғалар-  
мен түзілген тарих іспеттенген «Түнектен оралған есімдер» топтамасына  
жинақталып беріліп отыр. Жинақтын «Төрт күлік» атты алғашкы кітабы  
қолдарыныңда.

Алаш козғалысының 100 жылдығына, Әлихан Бекейхановтың 150  
жылдығына, тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай барша азаттық қурес-  
керлерінің аруактарына арналып шыгарылып отырған бұл кітап Отан  
тарихымен әуестенетіндерге, зерттеушілерге, студенттерге, оқушыларға,  
калың көшілікке арналған.

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 каз)

## Оқырманға

Билемші коммунистік партия елімізде жариялышық туын көтергеннен, қайта құру саясаты өріс алғаннан бастап, көптен көнілде жүрген тарихтағы «актандактарды» нысаналы түрде қарастыруға кіріскең едім. Саяси жазага ұшыраған тарихи тұлғалар тағдырын алғашқы зерттеушілер қатарында қарастырып, уақыт шаңынан аршуға, көмескі тартқан кезең бұрмалауларап айқындауға, ұмыттырылған есімдерді жаңғыртуға ерекше көңіл бөлген болатынын. Зерттеулерімді терендете келе, жекелеген кайраткерлер жайында дербес кітаптар шығардым, «Алаш жолы» атты рисәлә жазылды, ұлттық қозғалыс жайындағы үлкен жобамды жалғастырудамын...

Сол жобаға барада жолда Элихан Бекейханов, Бакытжан Қаратасев, Мұстафа Шоқаев, Жанша Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Нәзір Төреқұлов, Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Темірбек Жүргенов сынды ондаған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі жайында әр жылдары зерттеу макалалар жазуға, түрлі сауалдарға жауап беруге тұра келген еді. Соларды алдағы мерейлі даталарға – Алаш қозғалысының 100 жылдығына, Элихан Бекейхановтың 150 жылдығына, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай, барлық азаттық құреспекерлерінің аруактарына арнап, 4 кітапқа жүйелеп жинақталған, тұлғалармен түзілген тарих іспеттенген топтаманы «Тұнектен оралған есімдер» деген ортақ тақырыппен оқырманға ұсынуды қош көрдім.

Ресей патшалығының темір құрсауынан босаған шакта Қазактың өз жолын іздеу үдерісіне небір тұлғалар атсалысқан. Бұлардың шоғыры комакты және баршасы да құрметке лайық. Бостандық үшін басын берген азаматтар арасындағы ерекше құреспекерлер ретінде, тең дәрежелілер ішіндегі біріншілер ретінде, мен бірқатарына арнайы токталдым, тағы бірқатары, солармен үзенгілес болғандықтан да, зерттеулерімде бірге қарастырылды.

Бір тақырыппен топтастырылған жинақтың алғашқы кітабы – «Төрт күлік», келесі – «Іргетас», үшінші кітабы – «Үш пері», төртінші – «Қабырға» деп аталады. Мұндағы жұмыстар отыз шакты жыл ішінде дүниеге келген екен, тиісінше, әр уақыттағы түсінік, сөз колданысы сол қалпы қалдырылды. Әділет үшін танымның даму барысын да білген жөн.

Кітаптағы маглұматтар оқырман кәдесіне асар деген үмітпен,  
Автор.

# ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

**Әлихан Бекейханов • Өмірлік серт • Ұлт-азаттық қозғалыстың көшбасшысы • Алты алаштың ардагы неден жаза басты? • Мерейтой қарсаңында • Қазақ ұлттық мемлекеттің тұңғыш басшысы**

## 1. Әлихан Бекейханов

Қазіргі революциялық қайта құру процесі ең алдымен ой-санамызға азаттық әперді. Соның арқасында өткен тарихымызға, еліміз өткен киын-қыстай белестерге сын көзben қарай бастадық. Сталиндік бұрмалаулар жылдарында талай азаматтың жазықсыз жазаланғанын білдік. Жеке басқа табыну кезеңінде репрессияға ұшыраған көптеген қайраткерлердің адап есімдерінің араға жарты ғасыр салып қалпына келтірлгеніне қуә болып келеміз.

Жақында, қайта құрудың нұрлы шуағы арқасында, сталинизм құрбандарының – оларды репрессиялау тәсілімен ел санасынан біржолата өшіріп, ұмыттыруды көздейтін қарандырылыш түнегінен жарыққа шығарылған қаралы тізімі тағы бір есіммен толықты. «Халық жауы» қатарында мәнгі калдырылғандай есептелетін Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов ССРР Жоғарғы сотының 1989 жылғы майда өткен пленумында ақталды. Ол 1937 жылғы 14 июльде өзінің Москвадағы пәтерінен әкетіліп, сол жылдың күзінде, 68 жасында, НКВД қапастарының бірінде атып тасталған болатын. Қазіргі ұрпаққа оның аты-жөні «ата жауымыз» ретінде ғана көнерген оқулықтардан еміс-еміс жетіп жүргені белгілі. Осы орайда орын тепкен «актаңдақты» жоюға бағытталған алғашқы қадам ретінде, төмендегі шағын материалды оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

**I**

Россиядағы 1905–1907 жылдарғы революция кезінде қазак даласында да толқулардың мол бой көрсеткені мәлім. 1905 жылдың күзінде Қарқаралыда ірі демонстрация болды. Оны дала генерал-губернаторлығына жолдаған ақпаратында Қарқаралы уезінің бастығы Оссовский «бұлік», «тәртіпсіздік» деп атап, қазактарды орыстарға қарсы көтеріліп жатқандай етіп көрсөтті. Осынау реңми өтірікті Әлихан Бекейханов батыл әшкөреледі:

«Қазақ халқын білмейтін, оның, өкінішке орай, сатрапияга айналдырылған даласын білмейтін қылмыскер адамдар ғана осынша жеңілtek ой пішеді, – деп жазды ол «Степной край» газетінің 1905 жылғы 256-санында. – Оссовскийдің әлдеқандай «бұлік» жөніндегі донесениесі – шып-шылғи өтірік. Қазақтар әзірге Россияның бостандығы үшін алысқан құреспекерлердің ұлы есімдерін білмейді, сол себепті құрметтей де бермейді, бірақ олар Пестельден бастап, Шлиссельбургтің қазіргі тұтқындарына шейінгі Россия азаткерлерін танып алады және білетін болады»...

Халықтан 17 октябрь манифесін жасыруға тырысқан, одан толқулар сырын бұрмалаған патша әкімдерінің жымысы әрекетін әшкөрелей келіп, Әлихан Нұрмұхамедұлы: «Әміршіл құрылыштың қабіршілері, қылмыстарынды қөбейте бермендер, – дейді қаламын қаһарлана сілтеп. – Сендердің күндерің таусылып келеді. Сендермен біз орыстың өкілетті жиналысында есеп айырысамыз!»

Мұндай өжет сөздер кездесік тумаған-ды. Бұл кезде, яғни бірінші россиялық революция қарсаңында отыз бес жасар Әлихан Бекейханов ысылу үстіндегі қоғам қайраткери, қаламы қатайған публицист, танымал ғалым болатын.

Ол 1870 жылы Қарқаралы уезінде туған. Омбы гимназиясынан соң Санкт-Петербург орман институтын экономист мамандығы бойынша бітіріп, Самарда және Омбыда статистик, земство агрономы, журналист тәрізді түрлі қызмет атқарды. Өткен ғасырдың соңына қарай, переселендер

әкелу мақсатымен қазақ даласының құнарлы жер-су жағдайын зерттеген экспедицияның жұмысына қатысты. «Россия. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты әйгілі көптомдық еңбектің қазақ даласына арналған, 1903 жылы шыққан XVIII томының авторларының бірі болды. Зерделі, оқыған азамат ретінде ол туған халқының тағдырын жеңілдетіп, тұрмысың жақсартуды ойлады. Қоғамдық мәселелерге араласып, алғашқы революция оқиғаларына сергек үн қосып отырды.

Ә. Бекейхановтың мақалаларынан 1905 жылғы қазақ қауымының, оның көзі ашық бөлігінің ойы мен әрекетін айқын аңғарасын. «Омбыда тұратын қазақ интеллигенттері 1905 жылғы октябрьдің аяғында 17 октябрь манифесін қазақ тіліне аударды да, жергілікті газеттердің цензоры вице-губернатордың рұқсат-батасымен Ақмола облыстық баспаханасында бастырып, кырға 10000 данасын жөнелтті, – дейді ол 1916 жылы Петроградта басылып шыққан «Бірінші Мемлекеттік думаның он жылдығына» жинағына енген «Дала өлкесіндегі сайлау» атты мақаласында. – Қазактардың шапшаң қозғалатындығының арқасында манифест қыска мерзім ішінде құллі далаға тараپ үлгерді. Барлық жерде қазақтар үлкенді-кішілі съездерге жиналды, манифесті оқыды, түсініктемелер жасады. Мемлекеттік думаға болашақта сайлау жүргізу мәселелерін талқылады. Ең алыс болыстардан қазақтар қыр калаларына топ-тобымен аттанды, онда азаматтар өткізіп жатқан қала митингілеріне қатысты. Орыс, татар, өзбек пен қазақтар туысқан бір семьяға тоғысты. Ешқашан ешкім көрмеген тамаша уақыт болған еді ол бір».

17 октябрьдегі патша манифесін барша қазақ зиялыштары, олар арқылы қалың бұқара шын шаттанып карсылады. Манифест Омбыға жеткен бойда Элихан Нұрмұхамедұлы мен оның серіктегі қазақ даласындағы қалаларға телеграммалар жолдап, барлық халыққа патша ағзам тараҧынан жеке адамның ешкім қол сұқпайтын дербес правосы, ождан бостандығы, сөз еркіндігі, жиналыстар ашу мен одактар құру хұқысы сыйланғанын хабарлады.

«Біз өзіміздің тілшілеріміздің бәрінен қуанған телеграммалар алдық, – дейді Әлихан Бекейханов. – Жеке бастың дербестігі мен ождан бостандығы жөніндегі уәде қазақтарға айрықша әсер етті. Бұлар – орыстандыру саясатының тұрпайы агенттері төпеген тұракты соққыны ұдайы бастан кешіп келе жатқан, тап сол саясат салдарынан мешіт, медреселері жабылып, кітапханалары конфискеленіп, діни ожданы өзіліп отырған қазақтарға өте-мөте түсінікті еді».

Сондықтан да интеллигенттер, басқа да еті тірі адамдар үгіт-насихат жұмысына білек сыбана кірісті. «Барлық шешендердің аяусыз сыны полицияны нысанана алды... Ескі режимді қатаң сынауға әркім асықты және одан қателескен жоқ. Бұрын ойына келгенді істеген, енді митингтерде үнсіз тұрған құдіретті жергілікті әкімшіліктің қызметін осынша мейірімсіздікпен сынағанға қазақтар тұнғыш рет куә болды».

Ә. Бекейханов «каражұздікшілермен қызметтес болғысы келмегендіктен бостандық күндері отставкаға шыққан» мировой судья (яғни, негізінен ұсақ басбұзарлық және азаматтық істерді қарайтын сот) Жақып Ақпаевтың шешендігі мен қоғамдық белсенділігін әңгімелеу арқылы 1905 жылғы қазақтар арасындағы саяси ахуал, тыныс-тіршіліктен тәп-тәуір мағлұмат береді.

Қазақ арасындағы бірінші орыс революциясы оятқан жаңа саяси қозғалысты жандандыруға Бекейхановтың өзі де қызу араласып жүрді. Жоғарыда аталған Қарқаралы демонстрациясына орай Омбыдан шығуы ықтимал жазалаушы экспедицияның жасакталмауына ол газеттер бетінде тиісті қоғамдық пікір туғызу арқылы, сондай-ақ, земство съезінің Москвадағы бюросын хабардар ету жолымен ықпал етті. «Бостандық күндеріне» байланысты түрлі жиындардың шақырылуына ұйытқы болып, жұмыстарына қатысып жүрді.

Полиция оны қауіпті қоғам қайраткері санатында бақылауга алды. Ақыры, Семейде ашылмақ облыстық съезге бара жатқан жолында, Ямышево поселкесінде, 1906 жылғы 8 ян-

варьда тұтқындалап, Павлодар түрмесіне әкеп жапты. Әлде-неше мәрте прокурорлық қадағалауға, Петербургтегі мини-стрліктерге арыздануына қарамастан, оның ісі не дұрыстап тергелмеді, не сотқа берілмеді.

Ал юстиция министрінің 1906 жылғы 11 апраельдегі: «Бекейханов мырза түрмеде ішкі істер министрінің жарлығы бойынша отыр, сондықтан юстиция министрлігі оның өзін сотқа беру туралы өтінішін қанағаттандыра алмайды», – деген хатына қарағанда, жандармерия оны абақтыдан шығару мәселесін әдейі бұлталақтатып, қасақана сөзбұйдаға салған.

Бар себеп – қыр қазақтарының Мемлекеттік дума сайлауына дайындала бастағанында еді. Сайлау науқаны өтіп болғанша, Бекейханов секілді әкімшілікке сенімсіз, ойы қиғаш, елге беделді адамның түрмеде жата тұрғаны қолайлыш болатын.

Алайда Әлихан Нұрмұхамедұлының халық арасындағыabyroй-атағына патша түрмесі нұқсан келтіре алмады.

Бір болыс қауым оны бірауыздан сырттай-ақ выборщик етіп сайлады. Сондықтан, бұл кезде Омбы түрмесіне ауыстырылған Бекейхановты, жандарм басқармасы 1906 жылғы 30 апраельде сайлау оқиғаларына байланысты босатуға мәжбүр болды.

Июньнің басында Семейде өткен выборщиктер жиыны Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановты 175 дауыспен (карсы шар – біреу) Мемлекеттік думага депутат етіп сайлады...

## II

Ал бірінші Мемлекеттік дума өз жұмысын 1906 жылғы 27 апраельде бастап жіберген еді. Бұл кезде қазақ даласындағы сайлау науқаны енді ғана қанат жая бастаған-ды.

Әлихан Бекейханов Семей облысынан депутаттыққа сайланып, империя астанасы Санкт-Петербургке алып-ұшып жеткенде, Таврия сарайындағы Дума мінбесінен көтерілген мәселелерге орай жүріп жатқан дебаттар шорт тыйылар күн тақалып келе жатқан болатын...

Бірінші Думада жер мәселесі қатты сөз болды, терең талдаулар жасалып, батыл ұсыныстар айтылды. Ал оның сондай мәжілістеріне бүкіл ел құлак түріп, жұмысын мұқият қадағалап отырды. Думада үкіметке жағымсыз ынғайдығы аграрлық заң жобаларының ұсынылып, талқыланана бастауы және жазғытұрым, құдды мінбеден естілген қызу айтыстарды нақтылай түскендей, империяда шаруалар қозғалысының үдеуі шошындыргандықтан, патша 1906 жылдың 8 іюліндеғі указымен Мемлекеттік думаны таратып жіберді.

Ә. Бекейхановқа Дума мінбесіне көтерілу мүмкіндігі берілмеді, ол, тіпті, Бірінші Мемлекеттік дума мүшесі ретінде мәжілісте бекітіліп те үлгерген жок,. Тым кеш келді.

Жалпы, облыстарындағы сайлаулары едәуір ертерек аяқталып, Думаның жұмысына одан бұрынырақ қосылған үш қазақ депутаттың біреуіне ғана мінбе тиген-ді. Оның өзі қазақ даласының аграрлық комиссияда тиісінше өкіл болуын жақтап қана сөйлеген. Бәрінің де айтары болғанына, әрқайсының өз білігінше қазақ халқының мұддесін қорғауға тырысқанына күмәндану қыын, тек олар ниеттерін жүзеге асыра алмады. Өйткені демократияның жемісінен дәмелен-гендерге сол демократияны «тарту еткен» патшаның өзі кесе-көлденен тұрды...

Патша указына бірінші кезекте Дума мүшелерінің едәуір бөлігі наразылық білдірді. Депутаттардың жартысындағы (дұрысында, 478 депутаттың 200-дейі) указ шыққан күннің ертеңіне Выборг қаласына жиналды. Екі күнге созылған, үкімет тарапынан рұқсат етілмеген жиналыстың нәтижесінде «Халыққа халық өкілдерінен» деп аталатын үндеу қабылданды.

Тарихта Выборг үндеуі деген атпен мәлім, Думаның қуылуына орай, түрлі салық, міндеттерден бастарту арқылы, халықты үкіметке қарсылық білдіруге шақырған бұл документке Әлихан Бекейханов та қол қойды. Ол өзіне осы оқиғаға байланысты жүргізілген сот процесінде кесілген мерзімді Бірінші Мемлекеттік думаның өзге мүшелері секілді тұрмеде жатып өтеп шықты...

Болашақ ғұмырнамашылары Бекейхановтың қоғамдық және ғылыми-ағартушылық жұмыстарына белгілі дәрежеде ықпалын тигізген өмір деректерін (социал-демократиялық үйірмеге катысы, кадеттермен байланысты, т.т.) түгел қалпына келтіретін шығар. Сонда ол туралы қалыптасқан теріс пікір мен ұзак уақыт ұмыт қалдырылған шындықты салыстыра қарап, әділ ой түюге кең мүмкіндік жасалары анық.

Әлихан Нұрмұхамедұлы ғасырдың бастапқы жылдары орыс басылымдарында қазактың рухани, әлеуметтік мәселелерін көтерген сан алуан мақала жазды. Ол Абай өміrbаянын орыс оқырмандарына тұңғыш таныстыруыш болды. Ал қазақ газет-журналдары беттерінде саяси және экономикалық тіршіліктің қылыш өзекті мәселелерін қозғай отырып, Россия интеллигенциясын толғантып жүрген озық ойларды аударып бастырды. Мәселен, «Коммунистік манифесті» тәржімалап, «Коммунистік жар» деген тақырыппен жариялаған да Бекейханов тәрізді. Бұған анық көз жеткізу үшін, әрине, оның қолданған псевдонимдерін толық зерттеу ләзім...

Әзірge Бекейхановтың еңбектерін ғылыми жүйемен саралап тексеретін арнайы, мақсатты жұмыс жасалған жок. Тек экономика ғылымдарының кандидаты Мұхамбетқали Жақсалиев қана оның ғылымдағы қызметін өз диссертациясына белгілі бір дәрежеде арқау етті (Жақсалиев Мұхамбетқали, XIX ғасырдың соны – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамдық-саяси қайраткерлерінің экономикалық және саяси-әлеуметтік көзқарастары. Автореферат, Москва, 1973 жыл). М. Жақсалиевтің сонау тоқырау жылдары Москвада табысты қорғаған диссертациясы негізінде жазған монографиясы бүгінгі кайта құру жағдайында аса көпке созылмай жарық көріп қалар деген үміт бар. Егер ол жарияланып жатса, ғалым, публицист Бекейхановты тану жолына салынған алғашқы елеулі баспалдақ боларына шұбә жок.

### III

Дегенмен Ә.Н. Бекейхановтың Ұлы Октябрь революциясына дейінгі, дәлірек айтқанда, алғашқы революция аяқта-

лып, реакция етек алған жылдардағы саяси көзқарасын, қазақ тыныс-тіршілігіне қатысты кейбір ой-пікірін бүгінгі танысу әңгімеміздің өзінде шолып шығуға болатын сияқты. Бұл істе бізге Элихан Нұрмұхамедұлының өзі жәрдемге келді: Санкт-Петербургте 1910 жылы А.И. Костелянскийдің редакциясымен жарияланған «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс түрлері» атты үлкен жинаққа енген Бекейхановтың «Қазақтар» деген көлемді мақаласы бізге оны тереңірек танытар алады ғой деп ойлаймын.

Мақалада ол қазақтар тұратын Қазақ және Түркістан өлкелері мен Астрахан губерниясының ұлттық құрамына демографиялық талдау жасай отырып: «Қазақтардың ішкі тұрмысын баяндар алдында мынаны ескертуге тиіспін, – дейді, – қазақтардың шаруашылық тіршілігі – малына жаятын жер мен суаратын өзен-көл іздеу жолында үнемі қоныс аударып, бір орында тұрақтамайтын жартылай жабайы көшпендінің карабайыр экономикасын көрсететін қарапайым формулага сыймайды». Ол таза көшпелі мал шаруашылығының орнын аралас, егіншілік-малшылық шаруашылықтың алмастыра бастағанын нақты цифrlармен дәлелдеп, қазақ, крестьян бюджеттерін, олардың табыстарының түрлерін талдайды.

Бір жылда 8–10 ай бойы қыстауда отырықшылықпен күнелтетін қазақтардың шаруашылық өмірінде әртүрлі жайылым, қорыктар, жазғы қотандар қандай орын алатынын бай мәліметтермен көрсете отырып, Элихан Бекейханов қазақ халқының арасында түзілген әлеуметтік-шаруашылық құрылымды оқырмандар алдында көрнекі түрде, білгірлікпен жайып салады.

Бұдан сексен жыл бұрынғы сол мәліметтердің Қазақстан тарихымен әуестенетін бүгінгі ұрпақ үшін де танымдық мәні зор екендігі шәк келтірмейді.

Аталмыш ғылыми очеркін үлкен алғашқы бөлімдері қазақ даласындағы саяси құрылыштың мән-жайын, қазақтар арасындағы саяси-мәдени ахуалды таныстыруға арналған. Мұнда Элихан Нұрмұхамедұлы патша үкіметінің әрі езіп, әрі ұлт араздығын қоздыратын отаршылдық және орыстан-

дыру саясатын әшкереледі. Неше түрлі материалды пайдалана отырып, қанын ағыза әшкере етті.

Келесі бөлімде ол қазақтардың шындаған саяси белсенділігін көрсететін маңызды мағлұматтар көлтірген. 1905 жылғы көпшілік митингтерінде «қазақтар баршаның тенденциі турагы, ождан бостандығы жөнінде, халық өкіметі жайында айтып шаттанған интеллигенцияға» қосылғанын айта келіп: «Қазақтар орыстардың аузынан мұндай сөздерді тұнғыш мәрте естіді, соңдай-ақ, екі халықтың келешекте жақындастырын камтамасыз ететін іргетас қаланды, – дейді Әлихан Нұрмұхамедұлы. – Өздері білегін, орыс халқының атын ғасырлар бойы қыр үстінде жаманатқа қалдырып келе жатқан ескі таныстарына күллі орыстың ұқсай бермейтінін қазақтар енді көрді».

Мемлекеттік дума сайлауы қазақтар арасында белгілі бір дәрежеде саяси өрлеу туғызды. Қырға қолмен жазылған листовкалар тасылды. Олардың ішінде орыс прокламацияларынан, газеттерден аударылған түрлі ұндеулер де болатын. Халық бостандығы партиясының қысқаша тұжырымдалған жөн-жобасы қазақшаға аударылып бастырылды. Тіпті әлдекімдер оны өлеңмен де жазып шықты.

«Манифестке және түрмеде отырған үгітшілерге тым еліге бермеу керек деп қазақтарды иландыруға тырысқан крестьян бастықтарынан соң жиындарда іле-шала әнші немесе сайқымазақ-дуана шығып, халық бостандығы партиясының катехизисін әнге салып айта бастайтын, – деп жазды Әлихан жоғарыда аталған мақаласында. – Қазыналық жиын ауқымында сондай түрмен жанды үгіт жүргізілетін».

1910 жылы шықкан бұл еңбегінде Ә. Бекейханов саяси партиялардың қазақ халқы арасында енді-енді ғана тууы ықтималдығын күәландырады. «Орыстандыру саясатының езгісін көрген барлық аймақтар сиякты, қазақ халқы да ескі режим үкіметіне наразылық танытатын және орыс оппозициялық партияларына бүйрекі бұратын көңіл-күйде, – дейді ол. – Жақын болашақта, шамасы, қазақ ортасында қалыпта-

сып келе жатқан екі саяси ағымға байланысты, далада екі саяси партия ұйымдастып қалар».

Ұйымдастып қалуы ықтимал партиялардың жөн-жобасы жайында да жазды: «...Бірі, шамасы, үлгі ретінде мұсылман партияларын – татар партиясын, ал екіншісі – оппозициялық орыс партияларын, атап айтқанда, халық бостандығы партиясын қабыл алатын шығар».

Ол бұл болжамының себебін интеллигенция арасындағы батыс мәдениетіне иек арту, оны саналы түрде қазақ дала-сына енгізу, сондай-ақ, діни-ұлттық негізде мұсылман қауымдастығын қолдау нышандарын байқататын ниеттерден іздейді.

Бірінші орыс революциясы жылдарында, шынында, қазақ қауымындағы көкірегі ояу деген азаматтардың өздерінің саяси көзқарастары әлі де тиісті дәрежеде айқындалып, қалыпқа түсे қоймаған, нақты программаға айнала қоймаған аморфты күйде еді. Интеллигенция да, ел ахуалына азды-көпті ой жүгірте алатын өзге топтар да ол кезде әйтеуір бір түйсік жетегімен бар үмітін империя халқы өз күшімен жеңіп алған парламентке артқан болатын. Заң шығаратын Мемлекеттік думада мұндарын шағып, қазактың жағдайын жақсартуға апаратын шараларға қол жеткізерміз деп сен-ген-ді.

Дума сайлауы да, оның сессияларындағы жұмыстары да патша үкіметі рұқсат еткен шенберде ғана жүргізілуге тиіс болатын. Оның, әншайін, патша бюрократиясының халық арасындағы еркін ойларды алдаусыратып, ауыздықтап отыру үшін қолданған кезекті айласы, демократия туымен жасырылған тәжеу тәсілі екенін қазақ зияллылары ол кезде дөп басып түсіне қоймады.

Алайда Екінші Мемлекеттік думаны да қуумен катар, патшаның бұдан былай бұратаналардан парламентке депутат сайлауға тыйым салуы талайдың көзін ашқандай-тын. Әйткенмен, интеллигенттер патшага наразылықтарын іштеріне бүгіп, үкімет тарапына сыпайы түрде бейкүнә сын айтумен ғана шектелді. Мәселен: «1907 жылдың 3 июнін-

дегі заң төрт жарым миллиондық қазақ халқын сайлау правоносынан айырды, – деп жазды Ә. Бекейханов «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс түрлері» кітабының 599–600 беттерінде. – Осыншама зорлықпен өздері жер-суынан айырған халықтың өкілдерін Мемлекеттік думаға өкілдік етуге жіберуді үкімет артық көрсө керек».

Оның мұндай жұмысақ ескертпесінің астарын түсіну оңай. Өзге серіктепі тәрізді, Әлихан Нұрмұхамедұлы да парламенттік жолмен қазақ халқына әлдебір пайдасын тигізуден күдер үзген жоқ-ты. Сондықтан да ол III және IV Мемлекеттік думалардың жұмыстарына кадеттер партиясы мен мұсылмандар фракциясы арқылы үн қосып, атсалысып отырды. Оның бұл тармақ бойынша атқарған қызметі де болашақта жан-жакты зерттеу жүргізуді тілейді.

#### IV

Ресми әдебиетте 1916 жылдың 25 іюнінде шыққан патша указына байланысты оқиғалардағы ұлт интелигенциясының, оның ішінде Ә. Бекейханов бастаған зияллылар тобының рөлі тек қана сатқындық ретінде бағаланатыны мәлім. Бұл, әрине, қайта құру аясында мұлдем қайта қарауды қажетсінетін жәйт. Осы орайда Бекейхановтың қатысы бар кей деректерді шолып керейік.

1915 жылдың соңынан бастап «Қазақ» газеті қазақ жігіттерінің келешекте әскерде қызмет етуінің жай-қүйін сөз ете бастады. Бұл кезде Әлихан Бекейханов Орынбордағы Ахмет Байтұрсынов шығаратын «Қазақ» газетінің тұрақты авторы әрі идеологиялық жетекшісі болатын. 1916 жылдың февралінде олар Петроградқа аттанды.

Соғыс министрі генерал Поливановқа, басқа да ресми орындарға кірді. Қазақтарды әскерге шақыру мәселесінің кейінге қалғанын анықтап қайтты. Содан бастап жазға дейін «Қазақ» газетінің бетінде пікір алмасу жалғаса берді. Қөшпілік қазақ жігіттері үшін атты әскерде қызмет етуі дің қолайлы болмағын айттып жатты. Жаяу әскерге баруды жақтағандар да болды.

Сейтіп жүргенде, ақыры, әйгілі Июнь жарлығы шықты. Қазақтар әскер қатарына емес, соғыстың қара жұмысына шақырылды. Одан соң әр-әр жерде белгілі толқулар бұрк-бұрқ тұтандып, жазалаушылар қара істеріне кірісіп жатты...

Осы кезеңде Әлихан Нұрмұхамедұлы мен оның айналасындағы көзі ашық жігіттер атқарған жұмыстарды мен «сатқындық» деп емес, уақыт ахуалын мұқият ескергендіктен туған саяси творчество көрінісі, байыпты, сындарлы көзқарас нәтижесі деп бағалар едім.

1916 жылдың 8 июліндегі санында жариялаған бас мақаласында «Қазақ» газеті жігіттердің әскерге емес, қара жұмысқа шақырылғанына әрі намыс, әрі өкініш білдіре отырып, қанша дегенмен жарлықты орындау керектігін әңгімеледі. Соғыс жағдайындағы тәртіптің қаталдығын, қара жұмыстан қашам деп жеңілтектік көрсетудің арты жаманға соғарын, қырдағы әскери жасақтардың шаруашылықты күйзелтіп, елді, ошақ басын бақытсыз етерін айтты.

Осы мәселе 1916 жылғы 7 августа Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстары қазақтарының Орынборда Әлихан Бекейхановтың басшылығымен өткен мәслихатында талқыланады. «Қазак-орыс отрядтарын даладан кері шақырып алу арқылы және жер-жерде халық өкілдерінің съездерін өткізу арқылы халықты тыныштандыратын шараларды шұғыл қолдану қажет, – делінді бұл жиналыста. – Жергілікті өкіметтер, әсіресе болыс басқарушылары өздерінің асығыс әрекеттерімен, дөрекіліктерімен және қияннаттарымен халық толқуларын өздері туғызды. Ең бір бейбіт, жоғарғы әмірге қонімпаз халықты зығырданын қайната көтерді. Өкімет пен занға бағынбайды деп жариялады. Мұның бәрі жалған, қазақтар жарлықты орындаиды... Жұмысшыларды мобилизациялау туралы хабар қазақтардың пішен шабу науқаны қызып, астық жинау мерзімі тақалған уақытта шықты. Міне бір айдан бері күллі дала толку үстінде, шаруашылық жайына қалды, шөп шабылмады, астық орылмай жатыр. Осының берін ретке келтіру керек, жоғалтқан уақытты ұту қажет.

Бұл енді шаруашылықта жұмыскерлердің молырақ болуын талап етеді... Жұмысшыларды шақыру солтүстік уездерде 1917 жылғы 1 январьға, ал онтүстік уездерде 1917 жылғы 15 марта дейін кейінге қалдырылсын» («Красный архив», 3(16) т., 59–60-бб.).

Қазақ жеріндегі бес облыс өкілдері жиналышының Ә. Бекейханов председатель ретінде кол қойған осы қаулысында жігіттерді қара жұмысқа шақыруды ретке келтіру шарттары 18 пунктке таратылып баяндалған. Солардың ішінде халықтың интеллектуалдық күшін сақтауды көзделген екі бабы назар аударады: жиналыш әр 50 үйдің балаларын оқытуға бір мұғалімнен қалдыруға, ал қалалардағы мұсылман медреселерінің шекірттерін әскердің қара жұмысына шақыртудан мүлдем босатуға қаулы етіпті...

Тыл жұмыстарына шақырылған төрт жұз мыңнан астам қазактардың жұз отыз мыңдайы, әр аймақта құннен қүнге өрістей түсken көтерілістерге қарамастан, соғыс шебінде-гі қорғаныс жүйелерін салуға жіберілді. Майданның қара жұмысын істей жүріп, жігіттер революциялық ойлармен бауырласты, өз іштерінде «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрды.

Ал майдандағы қазақ жұмысшыларының ең үлкен басшысы сол тұста орыс армиясы Бас қолбасшының ставкасында қызмет атқарған Әлихан Бекейханов еді. Оның осы кезеңде-гі жұмысы да күллі қайшылықтарын жасырмай ашу арқылы, терен зерттелуге тиіс...

## V

Февраль революциясынан кейін Ә.Н. Бекейханов Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары бол тағайындалды. 1917 жылғы декабрьде «Алашорда» халық кеңесінің председательдігіне сайланды. Азамат соғысында адмирал Колчактың ығында жүрді.

1919 жылғы ВЦИК жариялаған кешірімінен соң, ол совет платформасында жұмыс іstemек болды. Бірақ оны Қазақстан

большевиктері сенімсіз адам санатында түрмеге жауып тастайды. Соған орай Москваға, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В. Сталинге Ташкенттен мынандай мазмұндағы телеграмма жөнелтіледі: «Кирреспублика өкіметінің жарлығымен 14 октябрьде Қарқаралыда Әлихан Бекейханов тұтқынға алынды. Алашордашыларға амнистия жариялаған декретті еске ала отырып үтір Советтің жергілікті қазақ халқы бұқараасымен байланысының әлсіздігін және Киргизия Советтерінің соңғы съезі жұмысының нәтижесінде орнаған ахуалдыды үтір сондай-ақ бұл оқиғаның қазақ халқы бұқараасына қолайсыз әсер етуі ықтималдығын ескере келе үтір сізден осы іске араласуынызды өтіну қажет деп есептейміз үтір негізі жоқ болған жағдайда Бекейханов абақтыдан шапшаң босатылсын нкт ТүркЦИК председателінің орынбасары Қожанов үтір ТүркСНК председателі Рысқұлов нкт («Советская степь», 18.10.1930).

Ұзамай Әлихан Нұрмұхамедұлы түрмeden шығып, Москваға аттанады...

Москваға ол Шығыс халықтары баспасының қазақ бөлімін басқарды. Марксистік әдебиеттерді қазақ тіліне аударумен шүғылданды, ғылыммен айналысты. «Темірқазық» журнальна шаруашылық, оқу-білім мәселелері бойынша мақалалар жариялад тұрды. Ғылыми экспедилялармен Қазақстанда келіп жүрді, республика экономикасы жөнінде сұраған кездерінде, орталық комиссариаттар мен ғылыми мекемелер қызметкерлеріне кеңес те беретін.

Әлихан Нұрмұхамедұлы беделді және жауапты совет қызметкерлерімен бір үйде тұрды, олардың біразымен дос-жаран болды.

Кейбір деректерді негізге ала отырып, Ахмет Байтұрсыновты ату жазасына кескен 1930 жылғы үкімнің 1931 жылы қайта қаралып, он жыл айдаумен ауыстырылуына, одан, 1934 жылы Аханың концлагеръден мерзімінен бұрын босанып елге оралуына Ә.Н. Бекейханов әсер ете алған деп жорамалдауга болады... Бірақ 1937 жылғы «ұлken террор» екеуін де жоқ етті.

Жазықсыз жаладан Бекейханов есімі, міне, жарты ғасырдан соң арашаланып отыр. Әділет үстемдігі арта түскей...

«Қазақ әдебиеті». 9 маусым 1989 ж.

## 2. Өмірлік серт

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті жетекшісі, «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов 1866 жылы 5 наурызда Қарқаралы өнірінде дүниеге келген. Жергілікті молданың қолынан саута ашып, Қарқаралы қаласындағы мектепте, Омбыдағы техникалық училищеде, ал 1890–1894 жылдары Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде білім алды. 1896–1903 жылдары қазақ жер-су жағдайын зерттеуге келген Щербина экспедициясының жұмысына атсалысты.

1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысып, қазақ халқының жоғын жоқтап сөз сөйледі. I Мемлекеттік думаға Семей облысы қазактары атынан депутат болып сайланды. Петербургте үйисқан «Темірқазық» («Полярная звезда») масондар ложасына 1908 жылдан мүше, 1912 жылдан конституцияшыл-демократтар партиясы Самара облыстық комитетінің төрағасы, 1917 жылы Орталық комитетінің мүшесі болды. 1913 жылдан «Қазақ» газетін шығарушылардың рухани жетекшісі әрі газеттің тұрақты авторы.

1917 жылғы көктемде Ресей Уақытша үкіметінің Торғай облыстық комиссары болып тағайындалды. Сол жылы күзге салым Сібір автономияшыларының Томда өткен съезіне қазақ делегациясын бастап барып, Сібір автономиясының құрамында болуды қалады. Құзде Алаш партиясының бағдарламасын жасаған топқа басшылық етті. Желтоқсанда Орынборда өткен II Жалпықазақ съезінде «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Кеңес өкіметі орнап, алашордашыларға кешірім жариялағаннан кейін, 1920 жылы Қазақ АКСР Жер өңдеу халық комиссариатының техникалық қызметкері, 1922 жылы Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасы қазақ бөлімінің әдеби қызметкері, 1926–1927 жылдары Ресей Фылым академиясының ғылыми қызметкері бол істеді.

Бекейханов 1896 жылдан Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі болып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланды. Оның «Қазақ өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени табыстары» («Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи») атты алғашқы еңбегі 1903 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деген көптөмдиктың 17-ші томына енген. Шығармада қазақ өлкесінің тас дәүірінен бергі және соңғы ғасырлардағы тарихы сипатталған. Ол қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттеп, Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қарасты Семей бөлімшесінің басылымдарында әр жылдары ғылыми жарияланымдар шығарған. Оның жер-су, шаруашылық жайындағы ғылыми мақалалары Санкт-Петербургтегі «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секілді басылымдарда жиі шығып тұрған. Омбыдағы орысша, қазақша газеттерге автор болуы өз алдына, ол бірнеше басылымға өзі редактор болған.

Ол қазақтың ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салды. 1905 жыл Абайды орыс оқырмандарына таныстырып, тұнғыш абайтанушы да болды. Абай шығармаларын жаңа заманның тынысы, қалыптасып келе жатқан қазақ ұлттық әдебиетінің басы деп бағалады. Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға атсалысты. Абайдың өлеңдері жинағының Санкт-Петербург баспасынан 1909 жылы шығуына жәрдем етті. Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына жазған кітапшасы кеңес өкіметі тұсында 1923 жылды Ташкентте шыққан.

Бекейхановтың әдеби мұрасының көлемді бөлігі көркем аудармадан тұрады. Ол орыс жазушылары Л. Толстой, А. Чехов, В. Короленко, Д. Мамин-Сибиряктармен катар, Еуропаның қаламгерлерін, сондай-ақ, үнді, түркі тектес халықтардың әдеби шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған. Көркем аудармаларының басым көвшілігін 20–30-шы жылдар аралығында, КСРО халықтары орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет істеп жүрген кезінде жасаған.

Ұлт мұддесі жолындағы күресінде Бекейханов ұдайы қуғын көрумен болды. Патша өкіметі тұсында 1906 жылы Павлодар маңында алғаш рет түрмеге қамалды. I Мемлекеттік дума мүшелерінің әйгілі Выборг үндеуіне қол қойғаны үшін сотталып, жазасын 1908 жылы Семей түрмесіне отырып өтеді. 1922 жылы оны сенімсіз адам ретінде Қазақстан большевиктері абақтыға жапты. Сонда Мәскеуге, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары Сталинге Ташкенттен мынандай жеделхат жөнелтілген еді:

«Қазреспублика өкіметінің жарлығымен 14 қазанда Қарқаралыда Әлихан Бекейханов тұтқынға алынды. Алашордашыларға амнистия жарияланған декретті еске ала отырып, Советтің жергілікті қазақ халқы бұқарасымен байланысының әлсіздігін және Қазакия Советтерінің соңғы съезі жұмысының нәтижесінде орнаған ахуалды, сондай-ақ бұл оқиғаның қазақ халқы бұқарасына қолайсыз әсер етуі ықтималдығын ескере келе, Сізден осы іске араласуынызды өтіну қажет деп есептейміз, негізі жоқ болған жағдайда Бекейханов абақтыдан шапшаң босатылсын. ТүркЦИК төрағасының орынбасары Қожанов, ТүркСНК төрағасы Рыскұлов».

Осы жеделхаттан соң Сталин Әлихан Нұрмұхамедұлының Қарқаралы түрмесінен босануына, одан Мәскеуге аттануына, сосын астана торінен пәтер алуына көмектескен тәрізді. Жалпы, бірер жылда «халықтар әкесі» атанған күн көсем Иосиф Сталиннің «қамқорлығы» арқасында Әлихан Бекейханов Қазақ еліне қайтарылмай, «үлкен террор» құрбаны

болғанға дейін сонда (Б.Кисловский пер., д.4, кв.15) тұрды. 1937 жылғы 26 шілдеде тұтқынға алып, Лубянка қапасында тергеген кеңестік жендеттеріне: «Кеңес өкіметін ұнатпадым, бірақ мойындарым» деген. 1937 жылғы 27 қыркүйекте атылды.

Ал одан бергі партиялық-кеңестік тоталитаризм жылдарында оның «халық жауы» таңбасы басылған есімін атауға қатаң тыйым салынған болатын. Бекейхановты КСРО Жоғарғы сотының Пленумы ақтағанына қарамастан, сол тыйым бірден алына қоймады. Мәселен, осы жолдар авторының ол туралы бірінші бол жазған зерттеу мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 жылғы 9 маусымдағы нөмірінде басылған еді, сол нөмір таратылуға тек республиканың жоғарғы билігі араласқаннан кейін ғана жіберілді. Алайда аталмыш материал автордың 1990 жылғы «Жазықсыз жапа шеккендер» жинағынан алып тасталды. Бұл жайында белгілі қоғам қайраткері Санжар Жандосов «Казахстанская правда» газетінің бетінен (16.04.1991) тап сонау демократия жеңісі мойындалған шақта өзінің «мұндай тыйым салу мен дозаланған жариялышықты» түсінбейтінін айтқан еді.

Ұзамай, мемлекеттік тәуелсіздік орнағаннан кейін, К. Нұрпайіс, М. Қойгелдиев, М. Базарбаев, С. Аққұлұлы сыңдығалымдар Әлихан Бекейханов пен Алаш қозғалысы хақындағы іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Бекейхановтың «Таңдамалысы» 1995 жылды жарық көрді, ал 2009 жылдан бері шығармаларының 7 томдық толық жинағы (құрастырушы Сұлтанхан Аққұлұлы) басылып келеді. Ұлт көсемін мейлінше толық тануға тырысу, оның халыққа қызмет етудегі үлгісін азаматтарымызды тарихпен тәрбиелеу ісіне пайдалану – баршамызға парыз. Осы уақытқа дейін атқарылмаған шаруаны – Әлекенің өмірі мен қызметінен деректі және көркем фильмдер түсіру, құрескерлік жолын, мұрасын оқу бағдарламаларына кіргізу, жалпы, Алаш қозғалысы тарихын кеңінен насиҳаттау, т.б. – алдағы 150 жылдық мерейтойына дейін атқару ләзім.

\*\*\*

Енді біз Әлихан Нұрмұхамедұлының бүгінде көпке мәлім байлам-сөзінің – «тірі болсам... қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген сертінің алғаш айтылып, жария болу тарихын көрсететін баспасөз материалына көз салғанды жөн көріп отырымыз.

Мұндай уәденің болашак ұлт көсемі тарарапынан тұжырымдалып, қалың қөшшілік құлағына жетуіне қазақтың тағы бір азаматының ғасыр ілгергі жанайқайы себеп болған еді.

Қазақтың бұл азаматы – Қостанай өнірінің тумасы Жиһанша (Жанша) Әлмұхамедұлы Сейдалин болатын. Ол Императорлық Санкт-Петербург университетінің (ИСПУ-дың) заң факультетін 1904 жылы бітіріп, жолдамамен Грузиядағы Озургеты қаласында 1910 жылға дейін заңгерлік қызмет атқарған-ды. Елге 1910 жылы оралған.

Елдегі жағдайға қаныға келе, Сейдалин 1913 жылы «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» деген проблемалық мақала жазды...

Бұл шақта алғашқы қадамдары он тоғызынышы ғасырдағы үкімет газеттерінен басталған қазақ баспасөзі өз үнін айқынырақ шығаруға кіріскең. Бейресми басылымдар ашуды көздейген жиырмасынышы ғасыр басындағы бірлі-екілі алғашқы сәтсіз әрекеттерден кейін (Троицкідегі «Қазақ газеті», Санкт-Петербургтегі «Серке») біршама ұзағырақ мерзім бойы әуелі Орда, одан Оралда «Қазақстан» газеті шығып тұрды да, ақыры, қазақ баспасөз кеңістігінде Троицкіде орын тепкен «Айқап» журналы мен Орынборда басылатын «Қазақ» газеті тұрактады.

Аталмыш мақаласын қоғам кайраткері Жанша Сейдалин «Айқапта» жария етті. Оның ұлт мұддесін құйттеген бұл тақырыпқа одан кейін де әлденеше оралып, «Айқап» пен «Қазақ» беттерінде ой-пікірлерін айтып тұрғаны белгілі. Дегенмен, «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» атты мақаласы өз алдына бір төбе...

Оның жариялануы танымал күрескөр Элихан Бекейхановтың жоғарыда ауызға алынған атақты сертінің баспасөз бетінде тууына себеп болды. Сондықтан да соған назар салалық...

«Қазақ халқы азып-тозып барады, – деп жазды Сейдалин. – Жердің жақсысын мұжық алды, жаманы да қазақ пайдастына қалмайды. Үкімет мұжықтан қалған жерді арендаға сатайын деп жатыр. Кешікпей бұл законы да шықса керек.

Аз да болса 15 десятинадан жер алып жатқан бауырларымның не боларына көзім жетпейді, жаным ашиды... Бұларды бытыратып мұжық болыстарына қосақтады.

Бұл қосақтау бірінші февральда басталды. Қостанай уезі, Сарыой болысының 1 ауылы мұжықтың болысына кіргізілді. Суды, хакімі мұжық болса, тіл білмесе, алым-салым үш есе көбейсе, мұжықтан тендік ала алмаса, бұл қала салған қазақтың да күні қызық болmas.

Атам маған айтушы еді: «Ит тойған жерін іздейді, ер туган жерін іздейді. Балам, халықты ұмытпа, ғылымыңа тойған соң, ақылды тоқтатқан соң елге бір айналарсың» деп.

Мен осы сөзді ұмытпай, елге қайырылдым. Екі жыл болды туган жеріме, қалың қыпшақ еліме, ағайын ортасына келгеніме.

Келгенде не көрдім? Өзін-өзі түтіп, шайнап жеп жатқан бір халықты көрдім. Баласын сатып тамағын асыраған халықтан бұл заманда не үміт?

Ат – биеден, ер анадан тумай ма? Құлдан, күннен қандай азамат туар деп үміт қыламыз.

Мешіт салындар, мектеп ашындар, тамыр дәрінің жуанын алмай, жіңішкесін ала көріңіз, газет-журнал алыңыздар. Ғылым жарысын жасаңыздар деп ақылымызды қазаққа аяマイ-ақ беріп жатырмыз.

Бірақ мен ойлаймын, адам сатып күнелтіп түрган елде нендей дұрыс мектеп, нендей дұрыс жақсы медресе, нендей ғылым жарыстыру?

Мұны ақылды құрбыларыма жазамын.

Қазақ халқының ауруы күшті. Бұл күшті ауруды күшті дәрімен емдемесе, құр медресе, мектеп, 15 десятина жерменен емдеп жазуға болмайды. Қорініп тұр, қазақтың ауруы бір жерінде ғана емес, тұла бойында. Қазақ халқы ішінен жамандатпаса да, 1869 жылдан бері «Степное положение» деген ауруды ішіп ауыра бастады. Бұл күнде өзінен-өзі жерініп тұр. Жерді айтса жылайды, дінді айтса жылайды, малды айтса жылайды.

Жарқырап күліп айтатұғын қазақ байғұста үрлік пен өтірік қалды. Арымыздан, жерімізден айырылып қалсақ та, біздің қадірлі болыстарымыз осы екі «қасиетті» нәрсені орысқа бермей-ақ келе жатыр.

Ал енді қазақ халқының тұла бойына тараған күшті аурудың аты не? Аты мынау: «Ненормальная система управления и суда, отсутствие народного представительства в законодательных учреждениях, нужда для изменения этой системы сообразно требованиям времени и особенностям киргизского народа». Яғни ел бағы тәртібі һәм суд тәртібінің халыққа жайсыздығы, закон шығаратын мекемелерде қазақтың өз адамының жоқтығы.

Егер өз адамдары болса, айтылған жайсыз тәртіптерді заманға лайық, қазаққа тынышты қылышп өзгертуге себепкер болар еді.

Ал енді бұл тұла бойымызды құрыстырып тұрған ауруға дәрі бар ма? Күшті ауруға күшті дәрі: дәрінің аты – «сиез» (съезд), бас қосып бір жерде жайымызды сөйлесіп, заманға лайық құрал табу».

Оның осылай сөз өрбіткен мақаласына орай қолына қалам алған Әлихан Бекейханов өзінің «Жиһанша Әлмұхамедұлы Сейдалинге Ашық хат» деген материалында бұл пікірге байланысты былай деді:

«Айқапқа» Жиһанша мырза хат жазып отыр. Қазақ баласы бас қосса, қазақ жұмысы жақсы орынға баар еді дейді. Қазақ баласы бас қосып, шаруа, жүрт пайдасын сөйлеп, іс қылышп тырбынса, бірте-бірте қазақ баласы ілгері басуға

басқыш табылар еді деп біз де ойлаймыз. Бас қосу болмаса, жұрт жұмысы қараң қалатын, жалғыз ғана жол бас қосу емес. Жұрт жұмысы, жұрт мақсаты жолмен табылады. Жұрт жұмысы үлкен Ертіс, Сыр, Еділдей өзен болса жақсы шаруа, жақсы медресе, жақсы би, халыққа пайда ойлайтын ақсақал, болыс, ауылнай, газета, журнал, кітап шығару, бас қосу осы өзен басындағы тарауы ғой. Бұл тараудың әрқайсысын бір бөлек алса, әрқайсысы өз орнында өз әлінше пайдалы ғой. Осы тараудың бәрінен су тоқталмай саулап тұрса, үлкен өзен сонда дүрілдейді ғой.

Бас қосу пайдалы, бас қосу мақсат, бірақ бас қосқаннан табылар пайда өлшеулі.

Бас қосуды Жиһанша бекер қампитады».

Ал Жиһанша қазақтың басын қосу арқылы қазақтың «З маусым төңкерісі» салдарынан айрылған орыс мемлекетінің өкілдік мекемесіне депутат сайлау және сайлану құқын қайтаруға тырысқанды мақұл көрген еді.

«Бас қосылмай Государственная Дума һәм Советке енді бізден адам бара алмас, – деп пайымдаған-ды ол. – Бұл екі мекемеде бізден кісі болмай тұрғанда қазақ халқын чиновниктерге, мужикке талатпай, адам есебіне кіргіземін деген судырдың бетіне түкіруге болады. Ондай сөзді айттыратұғын надандық яки балалық, яки шалалық, яки балтаға сап болып жүргендер айтады».

Әлекенің оған айтқан қарсы уәжі мынау:

– «Думаға һәм Советке қазақтан депутат бармай, қазақ адам есебіне кірмейді», – дейді Жиһанша мырза. Думада һәм Советте көп айтқаны закон болады. Біз сияқты жетім жұрт өзгемен құрдас болсын, кем болмасын дейтін депутаттар Советте он екі, Советтің бар члені жүз отыз алты. Думада орыс патшалығының панасындағы халық бәрі бірдей болсын деген депутаттар жүз аса, Дума члені 442. Мұнда да көп айтқаны закон болады.

Думаға һәм Советке барған он шақты қазақ Дума мен Советтің аз жағын көп ете ме? «3 июнь» сайлауы аман тұрған-

да біздің қазақ тұғіл, орыстың өзге жұртты құрдас қыламын деген депутаттарының қолынан түк келмейді. Міне, думада поляк жұртының депутаты бар, мұсылман депутаты бар, бұлар іздегенін алып отыр ма?

Қазақ Думаға, Советке барса, жұртқа зарап емес, осы күнде қазақ сөзін сөйлемп отырған бөгде депутаттан гөрі қазақ халқының жайын білетін ауыздан кемде отырған қазақ халқының сөзі айтылып қалады. Онда да біздің депутат орыс етегінен жем жеймін деп сатылmasa, шешен болса.

Думаға һәм Советке депутат барса, қазақ жұмысы тәмам болады деген дәлелсіз қысыр сөз. Қазаққа депутат беріп, осы қылып отырғанды қылса, біз онда кімнің жылқысын тыйып аламыз? Поляк, еврей, татарларша (ногай) қамытқа мойынды ұсынып отыра бермейміз бе?»

Осылай, Әлекен Бекейханов Мемдумаға депутат болу-болмаяу жайындағы өз пікірін айтты. Алайда Жиһанша Сейдалин оған басқаша қарайтын, ол, жалпы, өзекті мәселелерді жалпықазақ бас қосуында ақылдастып шешу жағында болатын. Сол орайда алда кездесетін кедергіні атайды, оны шешшуге бағытталатын накты ұсыныстар қояды:

«Әрине, сиезді хакімнің рұхсатымен жинауға керек. Шала-шарпы закон білетіндеріміз бар фой.

1. Истін ең киын жері рұхсат алу, іздену. Хакіммен үркітпей, шошытпай жақсы қалыппенен сейлесу. Бұл сиез турасында бөтен хакім қанағат ететіндерден талапкер шықпаса, мен Аллаға сиынып өз міндептіме алайын;

2. Бас қосу Орынбургта болсын;

3. Әр болыстан екі кісі сайланып келсін;

4. Нендей сөздер сиездің қарамағына түседі? ...Әрине, ол программа хакімге көрсетіледі. Министр бекітеді, программаға жазылатын лайық сөздерді әуелі «Айқап» һәм «Қазақтың» бетіне жазып салыстырарға керек: «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деп бабаларымыз айтып кетсе де, ақылға ақыл қосылсын, сөзден сөз тусын;

5. Менің бұл жазған сөзімді мақұлдаған, яки бұл турада айтатұғын ақылы болған азамат, атқа мінген ел ағасы һәм

халыққа сөзін тыңдататұғын молда, хазіреттер болатұғын болса, олардың бәрінен өтінемін: маған хат жазып білгенін айтсын;

6. Бұл басталайын деп түрған халық ісіне тезінен жауап күтемін, шабылып қалған тарландардан: Бақытжан Қаратасев, Бақыш (Бақтыгерей – Б.К.) Құлманов, Элихан Бекейхановтардан, бұл үшлеуінің өзі үш рулы ел болса да – Алаш дегенде басы бір жерге қосылса керек. Және бұлардан басқа: Райымжан Марсековтен, Мұхамеджан Тынышбаевтан, Халел Досмұхамедовтен, Әбубәкір Алдияровтан, Ахмет Байтұрсыновтан, Сералы Лапиннен, Мұхамеджан Сералиннен, Жанайдаровтан, Батырша Есмахановтан, Зұлхарнайын Сейдалиннен, Міржакып Дулатовтан, Барлыбек Сыртановтан, Яқұп Ақбаевтан уағайри қазақ халқының халін көріп, жаны ашығандардан хат күтемін. Сиезге келуге уақытыңыз бар ма? Қайсыңыз соған уағда бересіз, қайсыңыз бере алмайсыз?

Болашақ сиезге программа жазуға, ошақ басын ұстауға құш-көмек бере аласыз ба, жоқ па? Құні кеше бұл атын атап жазған он алты кісінің он алтысы да казақ дегенде бұлбұлаша сайрайтұғын еді, бүгін бас қосалық дегенде не айтар?

7. Екі-үш айдың ішінде келген хаттардан белгілі болса керек – сиездің қандай болатұғыны, кімнің келетін, кімнің келмейтұғыны білінеді. Сол уақытта алған хаттан не тапқанымды жазармын.

Хат жазуға адрес мынау: Троицк, Оренб. Губ. Присяжному поверенному Сейдалину. Жиһанша Әлмұхамедұглы Сейдалин».

Ол сол тұста елге мейлінше танымал атақты үш тұлғаны – Бақытжан Қаратасев, Бақтыгерей Құлманов, Элихан Бекейхановты алдымен атап, олардың осы іске белсене үн қатарына сенім білдіреді. Өйткені «бұл үшлеуінің өзі үш рулы ел болса да – Алаш дегенде басы бір жерге қосылса керек», яғни, қанша жерден өзара келісе алмайтын жақтары көп болса да, Алаш мұддесі көтерілгенде – бір тудың астына жиылдатын шығар...

Бірақ «қазақ дегенде бұлбұлша сайрайтұғын» деген анықтамамен тізмделген он алтының көшбасшысы – сол атапыш үшеудің ішінен алғаш тіл қатқан Бекейханов оның бастамасына сенбеушілік білдіреді. Ол сезін: «Сабасына карай піспегі», естіп бас қосуды өз орнына салайық», – деп сабактай келе, мұндай жиынның болу мүмкіндігіне күмән келтіреді.

«Жиһанша болыс басына екі кісі бас қосуға жимақ», – дейді ол. Сөйтіп, оның қисынсыздығын дәлелдеу үшін Мемлекеттік думаның алғашқы шақырылымына орай өткен сайлау науқанынан мысал келтіреді: «Бірінші һәм екінші думаға қазақ депутат сайлаганда болыс басына екі выборщик болған. Біздің Семей облысының выборщигі 184 еді». Ал Семей облысы қазағының мөлшері басқа да қазағы бар он облыс қазактарының бестен біріндей. Соған караганда, «Жиһанша сөйтіп бас қосуға тоғыз жұз кісі жимақ. Бас қосатын жері – Оренбург. Бұл болмайтын іс емес пе? Тоғыз жұз қазақ қазақ жерінің бір шетіне жиыла ма?»

«Істің ең қыын жері хакімнен рұқсат алу, іздену, үркітпей, шошытпай жақсы қалыптен сөйлесу», – дейді Жиһанша мұрза. Рас. бұл күнде рұқсат берер де, бірақ тоғыз жұз қазақ бір жерге жиылмас деген болып жүргмесін осы бас қосу ақыры. Бас қосудың бір бұрышы өзгеде ғой».

Одан, «енді бір ауыз сөз бұл қазактан тыскары бұрыш туралы» деп, өткен жолдағы бір белестерді еске алады: «17 октябрь манифесін біз Омбыдағы қазақ болып, қазақ тіліне тәржіма қылып, Ақмола облысының баспаханасында бастырып, жұртқа тараттық. осыларың жарайды деп, бұрын орыс газетасына бөтен сөз жаздырмай күзетіп отыратын вице-губернатор Абаза бізге бата берді. «Мактанды сары шымшық шалқып-тасты, Тенізді өртеймін деп лақап шашты. Сары шымшық мактанды ма, ойланды ма, Кім білсін күйдірем деп ойлады ма? Тенізге от салғанмен жана қоймас, Десенші тым болмаса, қайнады ма» (Ахмет Байтұрсынов. Қырық мысал. Петербург, 1909).

1906 жылдың июньде Думаға депутат сайлаганда Семей жандаралы Галкин выборщиктерді өз үйінс қонаққа шақыр-

ды. «Сіздер сайлауға келдіңіздер, жандаралға қонаққа бармаса да болар», – деп едім. «Қазағым-ау! Мұның қалай, бізді бұрын жандарал қашан қонаққа шақырып еді, біз барайықта», – деді ақсақалдар. Жандарал Галкин бізді үйіне шакырып алып, насиҳат айтты: «Патша енді мұнан былай законды жұрт жақсысымен ақылдастып шығармақ болды. Жұрт жақсысы закон шығаруға қосылса, сонда закон толық болады», – деді. Осындай патша өздеріне ерік берген соң, «жақсыларынды депутат сайландар, абақтыда жатқандарынды сайламандар», – деді. Ақсақалдар «Дұрыс, дұрыс» деп, Галкин сөзін мақұлдалап, тан ата абақтыдан шыққаныма ай болмаган мені депутат сайлады. Бұл бір заман.

1906 жылды августа степной генерал-губернатор Надаров өз қол астындағы қазағын жиып, әр уезде сиез (бас қосу) жасамақ болды. Қазақ крестьянский начальникті қасқырдай жау көреді, осы қазақ сиезінің басына қойған судьяларға рұқсат берініз деп судебная палата председателі Кабилинга хат жазған. Бұл бір заман.

Қыс өткен соң қазақ ішінде қыламын деген сиезін Надаров 1907 жылды июньде Омбыда өз алдына қылды. Екі облыстың қазағының сиезі пұштиып, құрып, құнтиып, он төрт-ақ қазақ жиылған сиез болды. Надаров өзі сиез басында болды. Бұл бір заман.

Надаров осы қазақ сиезіне мені шақырды. Біз Омбы мешіт-медресесінде жиылып, Надаровқа барғанда сейлейтін сөзді кеңестік. Орысқа жағымпаз боламын деп, орыс етегінен жем жеймін деп бишара біздің ішімізде болған бір-екі қазақ Надаровқа мені шакты: «Міне, Фалихан Бекейханов қазаққа сөз үйретіп жатыр», – деп. Мен қазаққа сөз үйрет-песем, бұл сиезге менің не керегім бар деп, Надаровпен хош айтыстым. Бұл бір заман.

З июньде 1907 жылды Екінші Дума қуылып, қазақтан депутат жоқ болып шықты, сол 1907 жылдан соң неге қазақты жанарап қонаққа, губернаторы сиезге шақырып отырғаны қазақтың өзіне мағұлым. 1908 жылды Түркістандағы граф

Пален сиезі өз алдына, граф Пален пікірі «3 июнь» пікіріне қарсы болған соң, күні бүгінгіше, кітап жарыққа шықпай ұрланып түр».

Жиһаншаның мәселе көтеріп отырған уақытына дейінгі ахуалды осылай суреттеп алады да, Әлекен: «Біз осы күнде «3 июнь» көленкесінде жүрміз, – деп түйеді, – «үркітпей, шошытпай» сөйлесемін деген бола ма? Өзі бұрыннан үркіп, шошып тұрса, әуелі қазак сиезіне келе жатып, үркемін, шошимын деп пікір қылса: «Сен, қозы, текке қарап жүре алмайсың, Соқтықпа маган десем тіл алмайсың, Мойныңды қазір жұлып алайын ба, Суымды не былғап ылайлайсың» (Ахмет Байтұрсынов. Қырық мысал. Петербург, 1909), – демей ме өзі үйден үркіп шыққан мырзалар.

Осы өткен июнь аяғында Мәскеуде приказчик съезі болып, ақырына жетпей қуылды. Біздің қазак бас қосуы бұл приказчик съезі емсс. Қазак болып бас қоссақ, біз кемшіліктे отырған жетім жұрт үкіметпен екі араны сөз қылмай қоймаймыз, мұны осы күнгі газета тілінде политика дейді. Политика үкіметке таздың беркін алғанмен бір есеп.

Қазақ сиезі не қазақ жиылмай, не жиылған кісіні сөйлетпей, бұл күнде жақсы бас қосу болмай, арам тер болып тарқайды. Бас қосқанда сөйлейтін сөздің бәрі сөйленіп, қағазға жазылып мінеліп, түзетіліп даяр болмақ. Бас қосу төрт-бес-ақ күн болмақ. Бұрыннан жұртқа жарияланып, жұрт пайдасы осы деген сөзге бас қосқан жерде бата қылмақ. Осы бата қылған сөзді жұрт болып іс қылмақ.

Жиһанша мырза үш айда бас қосу жолын таппак, бұл бас қосуга керек жабдықтын жүзден бір мүшесі жоқ. Осы «3 июнь» көленкесінде жүргенде, елде қазаққа бас қосып сөйлеу онай ма, қыын ба, мен білмеймін. Бас қосқан жерде бата қылған сөзді халық орнына салмаса, халық жұмыс қылмаса, бас қосып неге керек. Бұл бас қосқан жерде болатын сөз елде сөйленбесе, бас қосқан жерде бата болған деп жұрт бұған мойындей ма?»

Осы жогарыда айтқандарының «барлық қазақ баласы бас қосалық, болыс басына екі кісі Орынборга келсін», – деген

Жиһанша сезіне қарай жазылыштың отырғанын ескерте келе, Әлекен: «Жұрт жұмысының халық бәрі қыла ма?» – деген сауал тастайды. Оған өзі былай жауап береді: «Қай жұртта болса, халықты бастап алыш, жарыққа тартып шығарып жүрген саны аз, білімі мол жұрт жігіті емес пе?! Бұлай болғанда қазақ жұртының шырақ алыш, түзу жолға бастаған жігіттері қайда? Бұлар бас қосатын болса, бұған жар салатын заман, осы заман». Бірақ, оның ойынша, Жиһаншаның ұраны бұл талапқа жауап бермейді. Сондықтан да әнгімені «болатын бас қосудан қашпаймыз, болмайтын бас қосуға арам тер болмаймын», – деп қорытады.

Әйгілі қайраткерді құстاناудан аулакпыш, әйткенмен, оның білімді азшылыққа ғана үміт артып, бұкараны ояту жағын ойламайтын тұжырымдары күрескер рухына келіңкіремейтіндей сезімге бөлейтінін жасыра алмаймыз. Содан соң әйгілі антын тұжырымдап, көпке жария етеді: «Тірі болсам, хан баласында қазактың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын». Алайда Жиһанша ұсынысына қолдау көрсетпей, яғни мәселені жүртшылық талқысына салмай, қалың қазаққа қалай қызмет ететінін ашып айта қоймайды. Мұны ол Самараада, 1913 жылғы 18 маусымда жазған еді...

12 ақпан 2011 ж.

### **3. Ұлт-азаттық қозғалыстың кошбасшысы**

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының аса көрнекті жетекшісі, «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановтың туғанына 145 жыл толды. Осы мерейлі датаға байланысты еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары Алаш үкіметі мен партиясы және оның көсемі жайында көптеп жазып келеді. Ұлттымыздың біртуар тұлғасы болған Әлекенің өмір жолына біз де шагын шолу жасайық.

### **Қоғамдық-саяси қызметі**

Әлихан Нұрмұхамедұлы 1866 жылы 5 наурызда Қарқаралы өнірінде дүниеге келген. Жергілікті молданың қолынан сауат ашып, 1879–1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы мектепте, 1886–1890 жылдары Омбыдағы техникалық училищеде оқыды.

Омбыда оқып жүрген жылдарында ол «Дала уәлаяты газетіне», орыс басылымдарына макалалар жазып, публицистикалық қаламын ұштай бастайды.

Училищені бітірген соң, 1890–1894 жылдары Әлихан Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде білім алды. Питерде оқыған кезеңінде озық қоғамдық-саяси ой үлгілерімен танысты. Студенттік толқуларға қатысып, күрес жолдарының алғашқы соқпақтарында шындалды. Ресей жандармериясы назарына алғаш рет сол шақтарда ілігіп, саяси сенімсіздер тізіміне енгізілді.

Оқу бітіргеннен кейін ол Омбыға оралып, сондағы орман шаруашылығы училищесіне оқытушы болып орналасады. Математика пәнінен сабак береді. Одан түрлі статистикалық басқармаларда, аймақты аралаған зерттеуші экспедицияларда еңбек ете бастайды. Отар қамытын киген қазақ өміріндегі қайшылықтарды жіті ажыратып, баспасөзде өзіндік үнімен мәселелер көтеріп тұрады. 1896–1903 жылдары қазақ жер-су жағдайын зерттеуге келген Щербина экспедициясының жұмысына атсалысқан.

Әлихан Бекейханов Бірінші орыс революциясы жылдары империядағы азаттық қозғалысы жағына батыл шығып, қазактың ұлттық қозғалысының бастауында тұрған белсенді шоғыр ішінен көрінді. 1905 жылғы маусымда Қоянды жәрменкесінде жұрт жаппай қол қойған петицияны ұйымдастырушылардың басында болды. Ал сол жылдың қарашасында Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысып, қазақ халқының жоғын жоқтап сөз сөйледі.

Сол шамада – елге бостандық берудің алғышарттарын уәде өткен 1905 жылғы 17 қарашадағы патша манифесі дүниеге

келген тұста ұйысқан конституцияшыл-демократтар партиясының қазақ бөлімшесін ашу хакында ұлт зиялышарымен Орал қаласында басқосу өткізді. Одан көп ұзамай, кадеттер партиясының 1906 жылғы қантарда Питерде өтпек құрылтайна шакыру алды.

Алайда оны, Семей облысы қазақтарының жиналышына бара жатқан жолында, патшалықтың әкімшілік орындары еш себепсіз тұтқындал, Павлодар түрмесіне қамап қойды.

Содан, ешқандай айып тақпастан, I Мемлекеттік думага депутат сайлау науқаны басталғанша, абактыда ұстады.

Әлекең Семей облысы қазақтары атынан Думаға депутат болып сайланып, астанаға келгенінде, жұмысында тым солшыл бағыт көрсеткен Мемдуманы таркату жөніндегі патша пәрмені шыққан-ды. Бұған наразы Дума мүшелерінің бірқатары Выборг қаласына жиналышп, халықты империя үкіметіне пассивті қарсылық жасауға шақырды.

Сонау әйгілі үндеуге кадеттер, трудовиктер, мұсылман фракциясы мүшелерімен бірге Әлихан Бекейханов та қол қойды. Сонысы үшін өзгелер қатарында сотқа тартылды. Жазасын 1908 жылы Семей түрмесіне жатып өтеді.

Отарланған қазақ елінің монарх биліктен кетпейінше азаттық ала алмайтынына Әлиханның көзі әбден жетті. Сондықтан да сол кездегі ең солшыл Халық бостандығы (кадеттер) партиясына мүше болды.

1908 жылы түрмеден шығып, Санкт-Петербургке келгенінде, түпкі мақсаттары Ресейдегі самодержавиені құлату болып табылатын құпия ұйымға – алғашқы революция жылдары Петербургте ұйысқан «Темірқазық» («Полярная звезда») масондар ложасына мүше боп кірді. Түрмеден босатылысымен Әлекең Қазақ елінен де аласталған болатын. Сол себепті 1908–1917 жылдары Самарада тұрып, Дон банкінің қызыметкері ретінде жұмыс істеді. Сонда бірер жыл социалист-революционерлер ұйымы құрамында болды. Сосын эсерлерден кетіп, 1912 жылдан конституцияшыл-демократтар партиясының Самара облыстық комитетінің төрагасы,

ал 1917 жылы кадеттер партиясы Орталық комитетінің мүшелігіне сайланды.

Әлекенің орыс демократиясы істеріне белсене араласуы 1916–1917 жылдары батыс майдан аймағына орналасқан «Земгор» одағы комитетінде соғыстың қара жұмысына алынған бұратаналар арасында жұмыс істейтін Тегі өзгелер белімін ашуына мүмкіндік туғызды.

Ол 1913 жылдан «Қазақ» газетін шығарушылардың рухани жетекшісі әрі газеттің тұрақты авторы болған-ды.

Патша тақтан құлап, билікке негізінен кадеттер, іштерінде құпия масондық ұйымның мүшелері де бар демократ-революционерлер көтерілген. Солардың қамкорлығымен Әлихан Бекейханов 1917 жылғы көктемде Ресей Ұақытша үкіметінің Торғай облыстық комиссары болып тағайындалды.

Ол сол шақта белгілі бір дәрежеде көзқарас эволюциясын бастан кешті.

Әуелі кадеттер ұстанымына сай, Ресейде біртұтас демократиялық республика құру жағында жүрді. Кадеттер алғашқы Ұақытша үкімет құрамынан кетуге мәжбүр болған шақта қазақ елінің автономиялық басқаруға жету жолын көбірек ойлай бастады.

Сол жылы құзге салым Сібір автономияшыларының Томда өткен съезіне қазақ делегациясын бастап барып, Қазақ елінің Сібір автономиясының құрамында болуын қалады. Одан, құзде, Алаш партиясын құруға кірісті, партияның бағдарламасын жасаған топқа басшылық етті. Желтоқсанда Орынборда өткен II Жалпықазақ съезін шақырушылардың басында тұрды. Съезде «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Кеңес өкіметі орнап, алашордашыларға кешірім жариялағаннан кейін, 1920 жылы Қазақ АКСР Жер өңдеу халық комиссариатының техникалық қызметкері, 1922 жылы Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасы қазақ белімінің әдеби қызметкері, 1926–1927 жылдары Ресей Ғылым академиясының ғылыми қызметкері болып істеді.

### **Ғылымдағы, әдебиеттегі еңбегі**

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов 1896 жылдан Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі болып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланған-ды. Әлекенің «Қазақ өлкесінің тарихи тағдырлары және оның мәдени табыстары» («Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи») атты алғашқы еңбегі 1903 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деген көптөмдіктың 17-ші томына енген болатын. Шығармада қазақ өлкесінің тас дәүірінен бергі және соңғы ғасырлардағы тарихы сипатталған.

1910 жылы шыққан «Қазіргі заманғы мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстың түрлері» («Формы национального движения в современных государствах») атты жинаққа Бекейхановтың «Қазақтар» («Киргизы») деген еңбегі шыққан. Мұнда оның отаршылдық саясатқа қөзқарасы, қазақ ішіндегі азаттық қозғалысының бағыттары ашып көрсетіледі.

Сондай-ақ, Әлекенің осы еңбегінде «киргиз» аталып жүрген халықтың өзін «қазақ» дейтіні, оны орыс транскрипциясымен «казах» деп жазу арқылы атаудың түпнұсқалық дыбысталуын біршама дәл беруге болатыны тұнғыш рет айтылады. Баршамызга мәлім, қазақ атауын орыс әріптерімен бұлайша транскрипциялау 1936 жылғы сталиндік конституциядан кейін қолданыла бастады. Халықты «киргиз» деп атауды реєми түрде «қазаққа» алмастыру Кеңестердің 1925 жылғы сәуірде өткен Ақмешіт съезінде Сұлтанбек Қожановтың ұсынысымен жүзеге асқаны мәлім. Бірақ онда «қазақ» («Қазак республикасы») – «казак» («Казакская республика») деп таңбаланған еді...

Әлекен қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттеп, Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қарасты Семей бөлімшесінің басылымдарында әр жылдары ғылыми-

ми жарияланымдар шығарған. Оның жер-су, шаруашылық жайындағы ғылыми мақалалары Санкт-Петербургтегі «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секілді басылымдарда жиі шығып тұрған. Омбыдағы орысша, қазақша газеттерге автор болуы өз алдына, ол сондағы бірнеше орыс тілді басылымға өзі редактор болған.

Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақтың ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салды. 1905 жылы ұлы Абайды орыс оқырмандарына таныстырып, тұнғыш абайтанушы да болды. Абай шығармаларын жаңа заманның тынысы, қалыптасып келе жатқан казак ұлттық әдебиетінің басы деп бағалады. Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға атсалысты. Абайдың өлеңдері жинағының Санкт-Петербургтегі Ильяс Борағанлы баспасынан 1909 жылы басылып шығуына жәрдем етті. Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына зерттеу жазған, сол тақырыпқа арнайы дайындаған кітапшасы кеңес өкіметі тұсында 1923 жылы Ташкентте шыққан болатын.

Бекейхановтың әдеби мұрасының көлемді бөлігі көркем аудармадан тұрады. Ол орыс жазушылары Л. Толстой, А. Чехов, В. Короленко, Д. Мамин-Сибиряктармен қатар, Еуропаның қаламгерлерін, сондай-ак, үнді, түркі тектес халықтардың әдеби шығармаларын қазақ тіліне тәржімәлаған. Көркем аудармаларының басым көвшілігін 20–30-шы жылдар аралығында, КСРО халықтары орталық баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет істеп жүрген кезінде жасаған.

### **Күғынмен өткен ғұмыры**

Ұлт мұддесі жолындағы күресінде Бекейханов ұдайы күғын көрумен болды. Жоғарыда атап айтқанымыздай, патша өкіметі тұсында ол 1906 жылдың басында Павлодар маңында алғаш рет түрмеге қамалды. Сол жылғы жазда I Мемлекеттік дума мүшелерінің эйгілі Выборг үндеуіне қол қойғаны үшін Санкт-Петербург сот палатасының үкімімен сottалып, түрме жазасын 1908 жылы Семейде өтеді.

Ал 1922 жылы оны сенімсіз адам ретінде Қазақстан большевиктері абақтыға жапты. Сонда Мәскеуге, Үлт істері жөніндегі халық комиссары Сталинге Ташкенттен Түркістан Орталық Аткомы төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожанов пен Түркістан Халкомкеңесі төрағасы Рысқұлов мынандай жеделхат салған болатын: «Қазреспублика өкіметінің жарлығымен 14 қазанда Қарқаралыда Әлихан Бекейханов тұтқынға алынды. Алашордашыларға амнистия жарияланған декретті еске ала отырып, Советтің жергілікті қазақ халқы бұқараасымен байланысының әлсіздігін және Қазакия Советтерінің соңғы съезі жұмысының нәтижесінде орнаған ахуалды, сондай-ақ бұл оқиғаның қазақ халқы бұқараасына қолайсыз әсер етуі ықтималдығын ескере келе, Сізден осы іске араласуынызды өтіну қажет деп есептейміз, негізі жоқ болған жағдайда Бекейханов абақтыдан шапшаң босатылсын».

Осы жеделхаттан соң Сталин Әлихан Нұрмұхамедұлының Қарқаралы түрмесінен босануына, одан Мәскеуге аттануына, сосын астана төрінен пәтер алуына көмектескен тәрізді. Жалпы, бірер жылда «халықтар әкесі» атанған күн көсем Иосиф Сталиннің «қамқорлығы» арқасында Әлихан Бекейханов он жеті жыл бойы Қазақ еліне қайтарылмай, «үлкен террор» құрбаны болғанға дейін сонда (Үлкен Кисловский шолақ көшесі, 4-й, 15-пәтерде) тұрды.

Жоғарыда аталған телеграмма мәтінін Қазақстандағы «жарты құдай» Филипп Голощекин «ұлтшылдарды» тұқыртып, ауыздықтап ұстап отыру ісінде кеңінен пайдаланды. Үлтшыл Бекейхановқа 1922 жылы совет коммунистері – Түрккатком төрағасының орынбасары және Түркістан халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болған Қожанов пен Рысқұловтың араша түсуге әркекеттенуі олардың, сондай-ақ соларға еліктейтін қазақ коммунистерінің түгелімен ұлтшылдық дертімен ауырғанын көрсетеді-міс...

Көп жыл үй қамағында болып, ақыры, «үлкен террор» науқаны басталғанда Әлихан Нұрмұхамедұлы қайта ұстал-

ды. Оның кеңестік тергеуші-жендеттерге берген жауабындағы: «Кенес өкіметін ұнатпадым, бірақ мойындарым», – деңгелен салмақты да жүрекжарды сөзі бүгінде көпке мәлім. 1937 жылғы 27 қыркүекте атылды. Сүйегі Мәскеу зираттарының біріндегі репрессия құрбандары көмілген қорымда. Тәуелсіздік жылдары бауырластар бейіті басына бәріне ортақ бір құлпытас қойылған.

### **Есімінің қоғам өміріне оралуы**

Ал одан бергі партиялық-кеңестік тоталитаризм жылдарында Әлихан Бекейхановтың «халық жауы» қара таңбасы басылған есімін атауға катаң тыйым салынған болатын. Оны, тіпті, 1989 жылғы мамыр айында КСРО Жоғарғы соғының Пленумы ақтағанына қарамастан, байырғы тыйым бірден алынып тастала қоймады. Мәселен, осы жолдар авторының ол туралы бірінші боп жазған зерттеу мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 жылғы 9 маусымдағы нөмірінде басылған еді, сол нөмір ә дегенде баспа үйінен шығарылмай, таратылуға тек республиканың жоғарғы билігі араласқаннан кейін ғана жіберілді. Алайда аталмыш материал автордың 1990 жылғы «Жазықсыз жапа шеккендер» жинағынан да алып тасталды. Бұл жайында белгілі қоғам қайраткері Санжар Жандосов «Казахстанская правда» (16.04.1991) газетінде айтып, тап сонау демократия женісі мойындалған шақта өзінің «мұндай тыйым салу мен дозаланған жариялышықты» түсінбейтінін әңгімелеген еді.

Ұзамай, тәуелсіздік орнағаннан кейін, іле-шала іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстары жан-жақты басталып кетті. Әлихан Бекейханов және Алаш қозғалысы хақындағы еңбектерімен К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев, М. Базарбаев, С. Аққұлұлы, Т. Жұртбай, А. Ісмақова, Д. Қамзабекұлы сынды ғалымдар көпшілік назарына ілікті. Әлекеннің мерзімді басылымдардағы мақалалары жинастырылды.

1995 жылы Бекейхановтың «Таңдамалысы» жарық көрді. Шығармаларының 7 томдық толық жинағын шығару да

(Сұлтанхан Аққұлұлының құрастыруымен) қолға алынды. 2009 жылдан бері төрт томы жарық көріп үлгерді. Осындай жақсы істермен бірге, осы жолдардың авторы өз тараапынан жасалып жатқан шаруа жайынан да хабардар ете кетуді орынды көреді. 80-ші жылдардың аяғына қарай менің ұлттық қозғалыс бастауларын қарастырган «1905 жыл» атты романым жазылған болатын (1989 жылы журналдық нұсқасы, 1993 жылы жеке басылымы жарық көрген-ді). Сондағы Фалибек есімді жинақталған бейне арқылы Әлиханның Қоянды петициясы дүниеге келер тұстагы қызметін көрсеткен едім. Кейінірек, революция тақырыбына жазған шығармаларымның негізінде, оқырманды тарихпен тәрбиелуе ісіне атсалысу сынды ұстаныммен, жаңа деректі шығармалар тізбегін жасау жобасын қолға алдым. Қазақ арасындағы революциялық қозғалысты, Алаш идеясының қанат жаюын кең көлемде суреттеуді көздейтін бұл жобам «Рух-Сарай» танымды туындылар топтамасы деп аталды. Шамамен он екі том болмақ топтама Алаш қозғалысының көп қырсырын түсіндіріп, оқырман санасына ұлттық идеяның мәнін сінірді ғой деп ойлаймын.

Топтаманың 2004 жылы шыққан 1-ші кітабындағы «Аңсаяу» романы Алаш ұлттық қозғалысының бастапқы кезеңін суреттейді. Ал 2007 жылы жарық көрген 2-ші томына екі туынды енген: «Тамыр» – мұсылман қозғалысы мен қазақтар жайын, «Айбат» – ұлт қайраткерлерінің қазақ елінде өзін-өзі басқару үлгісін құрмақ болған істерін әңгімелейді. 3-ші кітап 2008 жылы шықты. Ондағы «Ақ бата» хикаятында қазақ та жұрт қатарлы үлкен үміт арта көз тіккен 1-ші Мемлекеттік дума, ондағы алғашқы жария пікірлер сөз болады. Ал «Мұнара» хикаяты халық өкілдерінің 1-ші Думада өздеріне қойған ескерткіші тәрізді қабылданатын тұжырымдама хақында сыр шертеді. Алаш қозғалысының дүниеге келу және даму бағыттары алғашқы кітаптардағы этюдтердің бірінен біріне өткен сайын ашыла түседі де, 2010 жылы жарық көрген 4-ші томдағы екі туындыда жаңа биікке көтеріледі. Бұл шығармаларда ұлттық қозғалыстың ширыққан кезеңі баяндалады.

«Жекпе-жек» хикаяты бұратаналарды соғыстың қара жұмысына алуды көздең 1916 жылдың 25 маусымындағы патша пәрмені мен ұлт мұддесі жолындағы әрекеттердің бір сәтін көрсетсе, «Мәңгі бастау» – Алаш қозғалысының 17-ші жылдың ұзына бойында құрделі даму соқпактарынан өтіп, килы айтыс-тартыс, құрестен соң тұңғыш ұлттық автономия құрумен түйінделгенін суреттейді.

Аталған туындылардан ұлт көсемі Әлихан Бекейханов пен оның пікірлестері мен қарсы пікірдегі қурескерлерді қоғамдық қозғалыс тетіктерін іске қосу әрекеттері үстінде көруге болады. Олар этюдтен этюдке ауысып, түрлі оқиғаларға қатысу арқылы әр ахуалға байланысты өз көзкарастарын, жалпы, сол шақтардағы қоғамдық-саяси ой үлгілерін алға тартады. Міне, осындай жолмен оқырманға ұлт қозғалысының қайраткерлері, ұлттық идея, оның жүзеге асырылу жолдары, ұтқандары мен ұтылғандары, сәттіліктері мен сәтсіздіктері хакында тартымды әңгімелер айтылады.

Ұлт көсемін мейлінше толық тануға тырысу, оның үлгісін азаматтарымызды тарихпен тәрбиелеу ісіне пайдалану – баршамызға парыз. Бұл реттегі алда тұрган міндеттер қатарында Әлекен жайында, Әлекен бастауында тұрган Алаш идеясы, Алаш ұлттық қозғалысы жайында деректі және көркем фильмдер түсіру, Әлекен бастаған Алаш қайраткерлерінің мұрасын оқып үйрену үшін оларды мектеп және жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына енгізу мәселелерін атар едік. Үлкен қайраткердің алдағы 150 жылдық мерейтойына дейін осындай арнайы жүйеленген іс-шаралар кешенін жүзеге асыра алсақ дұрыс болар еді.

9 наурыз 2011 ж.

#### **4. Алты алаштың ардагы неден жаза басты?**

**«Алаш айнасы» газетінің тілшісі Роза Рақымқызы  
сауалнама жүргізіп жариялаған мақала**

Биылғы қантарда туганына 145 жыл болған көрнекті Алаш қайраткері Әлихан Бекейхановтың тағдыр-тәлейіне

женіс пен жеңіліске, үмітке толы күрделі ғұмыр бұйырды. Абылай мен Кенесары аталарының даңқты жолын ла-йықты жалғастырган ол, ұлттық мемлекеттілікті жаңғыруту идеясы мен оны жүзеге асырудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін негіздей отырып, ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының көшбасынан табылды.

Шығу тегі жөнінен әйгілі Шыңғыс ханнан тарапатын дала аристократиясына жататын Элихан бастауыш білімді медреседен және үш сыныптық орыс-қазақ мектебінен алады. Одан кейін Қарқаралыдағы, кейіннен Омбыдағы техни-калық училищеде оқиды. Эрі карайғы білімін Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтында жалғастырады. Негізгі пәндерді үздік менгерумен қатар, Элихан құқықта-нуды, Батыс философиясы мен орыс әдебиетін де мұқият оқып-үйренеді. Мұның сыртында студенттердің саяси үйірмелеріне қатысып, сол кездің өзінде-ақ «саяси сенімсіз» адам ретінде полиция назарын өзіне аударады.

Окуын тамамдап, Омбыға орманшы-ғалым ретінде оралған Элихан әуелде социал-демократиялық бағыттағы «Степной край» газетіне қызметке тұрады. Одан кейін орыстың бюд-жеттік статистикасының негізін қалаушы Федор Щерби-ниннің жетекшілігіндегі экспедицияларда сегіз жыл жұмыс істейді. Экспедицияға Далалық өлкенің ұлан-ғайыр аймагын және, ең бастысы, қазактардың мал шаруашылығының жай-күйін зерттеу міндепті жүктеледі. Кейінрек Элиханның экспедиция жұмысы барысында жинаған білім-тәжірибесі Омбы көші-қон басқармасының санақ маманы қызметімен толыға түседі. Элихан Бекейханов өмірін жете зерттеген тарихшы Мәмбет Қойгелдінің пікірінше, осы екі қызметі оның жер және көші-қон мәселелерінің керемет білгірі ретінде қалыптасуына, сондай-ақ саяси дүниетанымының негізде-луіне көп ықпал етті. Кәсіби экономист ретінде ол патша өкіметінің көші-қон саясатын мұқият зерттейді. Қазақ облыстары мен уездерінде құрылған көші-қон басқармалары қазақ халқын отырықшыландыру саясатын ұдайы және та-банды тұрде жүргізе бастайды. Мұндай ауқымды мәселені

шешуге қажетті экономикалық, психологиялық және басқа да алғышарттардың жоқтығы қарпеге алынбайды. Патша өкіметінің аграрлық саясаты, бұқара халықтың азып-тоңа бастауының артуы Әлихан Бекейханов тәрізді оқыған, білімді ұлт азаматтарын саяси қайраткерлік жолға түсіп, ұлт-азаттық қозғалысымен айналысуға, саяси партияға бірігуге мәжбүрлейді. 1905 жылғы саяси манифестер, митинглер, құрылтайлар мен съездер толқыны қазақ даласын да шарпиды. Қазақ халқының патшалық отарлау жылдарында қордаланған мұн-мұқтажы, талап-тілегі тоғысқан Қарқаралы петициясы сияқты тұнғыш тарихи құжаттар пайда бола бастайды.

Әлихан Бекейханов бастаған қазақ зияллылары халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өмір үрдісін күрт өзгертуге үзілді-кесілді қарсы болды. Қазақтардың жартылай көшпенді болуы объективті шарттарға, яғни табиги орта жағдайларына байланысты екендігін баса айтты. Сондықтан да «котырықшылық өмірге көшу кешенді түрдегі әлеуметтік-экономикалық шаралардың көмегімен біртіндеп, кезең-кезеңімен жүргізілуі тиіс» деген ұстанымда болды. Әлихан сондай-ак көші-қон басқармасының «жерді үлестіру» саясатын сынға алды.

Ең бастысы, Әлихан Бекейханов Ресей империясына қарасты халықтардың өмірін бірегейлендіруге қарсы шықты. Ұлттарға автономия беру идеясын қолдап, қуаттады. I Мемлекеттік думага мүше болған кезінде де, Кадет партиясының съездерінде сейлекен сезінде де, басылым беттерінде жарияланған мақалаларында да осы бағытты ұстанды.

Әрине, Әлихан Бекейхановтай көрнекті тұлғаның қайраткерлік болмысын, ұлт Тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық сибебін бір мақала аясында жан-жақты ашып көрсету қын. Алаш арысының күрескерлік жолы, өзіндік ұстанымы, жеңісі мен жеңілісі тұргысынан алғанда бірқатар сауалдар туындейды. Соларды алға тарта отырып, біз тарихшылар мен алаштанушы азаматтардың пікірін білгенді жөн көрдік. Мәселен...

1. Біз әдетте М.Шоқайдың «Тұбі түркі, түгел бол!» деген сөзін ұлағатты ұран есебінде қабылдаймыз. Осы орайда «Кезінде Әлихан Бекейханов түркішілдік әнгімелерге утопиялық тұрғыда қарайтындарды ұнатпаған» деген әнгіме бар. Бұл ретте Әлихан ағамыз неден қауіптенді, неден сактанды? Және онысы қаншалықты негізді еді?

2. Алаш қайраткерлерінің бірқатары Ресей Федерациясына кірмейтін ұлттық автономияны жақтағанда Әлихан Бекейхановтың бұл идеяны қолдамауы неліктен?

3. Әлихан Бекейханов Түркістан құрамына кіретін, онда да діни фанатизм жайлаған халықтармен мемлекет құрудың мүмкін еместігін айтқан көрінеді. Бұлай дегенде ол нені мен-зеді, нені қаперге алды?

4. Жалпы, Әлихан Бекейханов мемлекет құрылымы жөнінде қандай көзқарасты ұстанды?

5. Қайраткер ретінде ол неден қателесті, қай тұрғыда жаза басты?

*Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ, тарих ғылымының докторы, профессор:*

### **Әлихан Бекейханов орыс демократиясына сені**

1. Әлихан Бекейханов түркішілдікке сактанып қарған емес. Бекейханов қазақ халқының Тәуелсіздігі мен азаттығына қызмет ететін идеяның бәрін қолдады, соның жағында болды. Бұл – бір. Екіншіден, айта кететін бір нәрсе. ХХ гасырдың басында қазақ халқы ұлт ретінде қалыптасу кезеңінде тұрды, ұлт болып ұю процесін басынан кешірді. Соған байланысты Бекейханов ұлттық мемлекетті қалыптастыру ұстанымында тұрды. Бұл өте маңызды нәрсе еді. Өйткені қазақтың жерін, жерасты және жерусті байлығын сақтау үшін мемлекеттілік қажет болатын. Соған байланысты, ол кісі басқа түркі мемлекеттерімен бірігу мәселесіне де осы тұргыдан келді. Ал Мұстафа Шоқай бүкіл түркі халықтарының тұтастығы идеясын ұстанды. Шоқайдың ойынша, бүкіл түркі халықтары өз мұддесін, мемлекет Тәуелсіздігін өзара құш біріктіру арқылы ғана қорғай алады. Жалпы, Ә.Бекейханов

пен М.Шоқайдың идеясы – бір-бірін толықтыратын идея. Сондықтан оны қарсы коюдың қажеті жоқ.

2. Қазақстан 1917 жылы Ресейден белініп, Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, дамуга даяр емес болатын. Бірден мемлекет құрып кетуге қазақ елі де дайын болмады. Сол себепті де, Бекейханов: «Белгілі бір даярлық кезеңінен өткенге дейін Ресей Федерациясының құрамында бола тұрайық. Ал кейіннен, сол даярлық мерзімінен өткеннен кейін жеке мемлекет ретінде болініп кете аламыз», – деді.

3. Әлекен дінге қарсы болған емес. «Қоғамдық дамуда кейін қалған елдермен біргігу қыны» деген. Бұл жерде ол кісі экономикалық дамуды айтып отыр.

4. Әлекен, біріншіден, қазақ жерінде мемлекеттілікті жаңғыруту ісінің басында тұрды және мемлекеттілік идеясын жан-жакты сериялық тұрғыда негіздеді. Былайынша, Әлихан Бекейханов қазақ топырағындағы мемлекеттілік идеясының теоретигі еді. Ол кісінің түсінігінше, мемлекет ұлттық идеяны қорғай алатын әрі демократиялық ұстанымдағы мемлекет болуы тиіс.

5. Бекейханов пен оның серіктерінің бір кемшілігі мынаған байланысты. Ол кіслер орыс демократиясының сонына ерді, соған сенді. «Орыс демократиясын қолдау арқылы қазақтар өз мемлекеттік дербестігіне, Тәуелсіздігіне қол жеткізе алады» деп ойлады. Шын мәнісінде, орыс демократиясы қазақ халқының мемлекеттік Тәуелсіздігін мойындауға даяр емес болатын. Бірақ мұны Бекейхановтардың кемшілігі деп айтуға бола ма? Мәселе сонда. Ал енді ол кісінің қателесуі неге байланысты дегенге келсек, мен мұны қазақ халқы ұлттық санасының әлі де болса төмендігінен дер едім. Егер де қазақтың азаттық қозғалысы тегеурінді, қуатты, күшті болғанда, оның экономикалық базасы болғанда, әрине, Бекейхановтар басқаша әрекет жасаған болар еді. Олардың сол кездегі әрекеті, қызметі қазақ азаттық қозғалысының даярлығына, тегеурініне тәуелді болды деп айтуға болады.

*Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ, жазушы, «Алаш» гылыми-зерттеу орталығының гылыми қызыметкери:*

**«Түркістан өзінің діндарлығымен қошті кері тартады» деген сенімде болды**

1. Әлекең батысшыл болған. Орыс демократиясына сеніген. Сондықтан да Балқан соғысы кезінде империя астاناында оқитын жастардың түрікшіл патриоттық сезімге елітіп, Түркия намысын жырту шарапарына қатысуын қала-маған. Ресейдің саяси өмірін бес саусағындағы білгендіктен, пантүркизм таңбасын жапсыруға желеу беретін әрекеттерге революция жылдары да ұдайы сақтықпен қарады.

2. «Алаш қайраткерлерінің бірқатары Ресей Федерациясына кірмейтін ұлттық автономияны жақтаған» деген әңгіме маған беймәлім. Ол тұста, менінше, алаштықтардың мұндай ұстанымда болуы мүмкін емес. Ал Элихан Бекейхановтың көзқарасына келсек, монархия тарих сахнасынан кеткен алғашқы айларда ол өзі мүшесі болып табылатын кадет партиясының билікке жеткен сәттегі ұстаным-бағдарына сай, патша өкіметінің орнына демократиялық унитарлық республика орнату жағында болды. Саяси оқиғалардың өрістеп дамуы барысында онын бұл мәселеге көзқарасы да ұлт мұддесіне қарай өзгерді. Күзде қазақ елін Сібір автономиясына қосуды көзделеп, бірер облыс делегаттарын Том съезіне бастап барды. Оның ойынша, сол шакта қазақтың өз алдына автономия атуы мүмкін емес еді. Сібірліктермен бірігу арқылы болашақ автономияның қажет тетіктерін реттеп алған соңғана олардан бөлініп шығуға болады деп санады. Ұлттық кадрлардың саны да, деңгейі де автономия құруға жеткілікісіз, әрі оған сол кезгі ахуал да қолайсыз деп білді. Сондықтан күн тәртібіндегі күрделі мәселені тек қазақпен аралас отырган өзге халықтармен бірге, өзара келісіп шешуге болады деген пайымнан ажыраған жок. Тарихи желтоқсан съезінде көтерілген шұғыл дербес автономия жариялау идеясына сол себепті қиғаш қарады. Делегаттардың көпшілігі оның жағына шықты.

3. Бұған оның, жоғарыда айтқанымдай, батысшылдығы себеп болды. Ол «Шығыста қазақ үйренерлікте мәдениет жок, Түркістан өзінің діндарлығымен ілгері беттеген көшті кері тартады» деген сенімде еді.

4. Оның мемлекеттік құрылым жайындағы ұстанымы өзінің жетекшілігімен дайындалып, 1917 жылғы күзде «Қазақ» газетінде жарияланған Алаш саяси партиясының бағдарламасында тұжырымдалған болатын. Ресей халықтарының Құрылтайшы жиналысы қазақтың жер-су және елдік мәселесін шешіп береді деген сенімі зор еді. Сондықтан да Әлихан Бекейханов сол Құрылтайшы жиналысқа (Учредительное собрание) Алаш партиясы тізімімен делегаттар сайлануына үлкен мән берді. Алайда Қазан төңкерісіне байланысты, Құрылтайшы жиналысты күту жоспарына өзгеріс енгізуге мәжбүр болды. Екінші жалпықазақ съезі парламенттік Ресей федерациясына кіретін Алаш автономиясын құрып, үкіметін – Алаштың Ордасын сайлады. Кеңес өкіметі женғен соң, автономияның жаңа билік ауқымында өмір сүруі жөнінде большевизм басшыларымен келіссөз жүргізуге Жанша Досмұхамедов бастаған делегацияның Мәскеуге баруын қолдады.

5. Экономист, жер-су мәселелерінің ірі маманы болғандықтан, Әлекеннің білім-білігімен патша әкімдері де, кеңес билігі де белгілі дәрежеде санасқан еді. «Қайраткер ретінде ол неден қателесті, қай тұрғыда жаза басты» дегендеге, бұл ұлы тұлғаның өз қолында шешуші билік тұтқасы болмағанын ескерген жөн. Ал баспасөзде жарияланған пікірлеріне орай ой түйсек, ол XIX ғасырдың аяғында мал шаруашылығы өнімдерін өндеумен шұғылдануға бел буған қазақ қасіпкерлерінің пайда болуын құлтамады. Бұл фактінің жаңа құбылышы ретіндегі мәніне бармай, алғашқы талпының иелерін газет бетінде катты сынап, бастаманы тұншықтырыды. XX ғасырдың басында қазақ қайраткерлерінің Мемлекеттік думага жер-су жайында заң жобасын ұсынбақ әрекетіне немікүрайды қарады. Көшпендей жүргітты патша өкіметінің

қолданыстағы зандары аясында отырықшыландыруға карсы болды. Патшалық тұсында эволюциялық жолмен атқарылмаған істі большевиктер билікке келген соң революциялық тәсілмен жүзеге асырып, елді алапат ашаршылыққа, ұлттық апатқа ұшыратқаны мәлім. Және бұл орайда олар өз қылмыстарын ақтау үшін мәселенің тонын айналдырып, ірі ұлт қайраткері Әлекеннің атын қаралаумен шүгышылданды. «Бекейханов қазақ халқының болашагына сенімсіздік білдіріп, Сталинге «қазактар отырықшы бола алмайды» деген еді, социализм жетістіктері оның қателескенін көрсетті», – деп мәлімдеген-ді 1935 жылы республика басшысы Левон Мирзоян...

*Болат МҮРСӘЛІМ, журналист, «Алашорда» деректі фильмі сценарийінің авторы:*

### **Жалаң ұлтшыл, шаласаут демократтарды аса үнаптаған**

1. Біз бұл шетін мәселені айту үшін тарихи жағдаяттарды бір-бірімен шатастырмай, дифференциация жасап қарауға тиіспіз. Әлихан Бекейханов 1912 жылғы Балқан соғысы кезінде Түркия елшілігіне елден жиналған қап-қап, дорба-дорба ақшаны арқалап апарып жүрген Петербургтің мұсылман студенттерінің ісіне «утопия» деп қараған. Студенттерге «өздерінді сағыммен алдамаңдар» депті. «Түрікшіл болсандар, ұлтшыл болсандар, Ресейдің отарлаушылық саясатының астарына үніліндер, сол отарлық езгіден құтылу жолында енбек етіндер» деп, М. Шоқай, З. Ұәлиди сынды жастарға жөн сілтепті. Бұл – бір. Екіншіден, 1917 жылдың күзінде Ә. Бекейханов Г. Потанин басқарған Сібір үкіметімен одақ болуға уағдаласты. Оның басты себебін Әлихан: «Сібірмен одақ болсақ, қазақтың автономия алуы женілірек шешіледі». – деп түсіндірді. Ал Түркістандағы халықтармен бірлесе автономия құруға ашық қарсы шықты. С. Торайғыровтың, М. Дулатовтың жазуынша, Әлихан Түркістан халықтарының әсіредіншілдігін, ғылым-білімге ұмтылмайтындығын мысалға келтіріп, «Әлсізбен одақ болу арқылы жас қазақ ав-

тономиясын құртып аламыз» деп қауіптенген. II жалпықазақ съезінде бұл мәселеде Ә. Бекейхановқа ондаған қазақ зиялышы ашық қарсылық білдірсе де, соңғы шешім бойынша, Элихан Түркістандағы тек қазақ қоныстанған жерлерді Алаш автономиясына қосу туралы мәмілеге кол жеткізеді. Әлихан жалаң ұлтшыл, шалағай түрікшіл, шаласауат демократтарды аса ұнатпаған. Ол – саясаткер.

2. 1917 жылы Ресейдің мемлекеттік құрылымы туралы екі-ақ идея болды. Бірінші – «Ресей унитарлық мемлекет болуга тиіс» деді. Екінші – «Ресей автономиялардың федерациясы болсын» деді. Тәуелсіздік тұрмак, «автономия» сөзін ауызға алғандардың өзін «сеператистер» деп қабылдауды. М. Шоқай шетелде жазған естеліктерінде Тәуелсіздік ол кездің өні түгіл, түсіне кірмегенін ашық жазады. Ал I жалпықазақ съезінде «Қазақ автономиясы мәселесін талқылауда М. Дулатов, А. Байтұрсынов және т.б. федерацияға кірмейтін «тәуелсіз ұлттық автономияны» жақтады. Алайда бұл идеяны Ә. Бекейханов қолдамағаны белгілі болды» дегенді алаштанушы К. Ілиясова өз монографиясында С. Зиманов еңбегіне сілтеме жасап жазған екен.

Ал Әлиханның «Автономиядан соң Тәуелсіз ел боламыз» деген үміті болғаны анық. 1917 жылы «Қазақ» газетіндегі мақаласында: «Осы жолы болмаса да, келесі жолы қазақ баласы өз алдына тәуелсіз ел болар» деп жазған еді. Біздінше, Әлихан «осы жолы» деп, Бүкілпресейлік Құрылтайды айтып отыр. Бұл Құрылтайда Ресей Федерация түрінде құрылса, Алаш автономиясы өз мәртебесін зандастырмақ еді. Ал Әлихан айтқан «келесі жолы» деген уақыт тек 1991 жылы бірақ жетті. Соған караганда, Ә. Бекейханов саясаткер ретінде «тәуелсіз ұлттық автономияны» орындалmas дүние болған соң, қолдамаған сияқты.

3. С. Торайғыров «Әлиханның Семейге келуі» атты мақаласында Әлиханның: «Түркістанмен бірге автономия алу – қойны-қонышына тас толтырып, Ертіске сұнгумен бір есеп. Ташкент городской управасында сарттың гласныйлары, «обага қарсы ем қылу Құдайдың құдіретіне қарсылық

күнә болады, ем керегі жоқ» деп жасаган қаулылары автономия арбасына есек пен түйе жегіліп, онбайтындықты көрсетеді» деп баяндама жасаганын жазады. Жаңа айтқандай, М. Дулатовтың тергеу жауаптарында да Ә. Бекейхановтың Түркістан халықтарының қарандырылғы туралы осы пікірде болғаны айттылады.

4. Ә. Бекейхан Бірінші француз революциясынан бері Еуропада қалыптасқан мемлекеттілік дәстүрлерге сүйене отырып, халық билігіндегі демократиялық, парламенттік басқарудағы, Президенті мен министрлері Парламент алдында жауапты болатын, зайырлы, тең құқықты мемлекетті ыңғай көрді. Оның бұл тұрғыда арнайы жазған еңбегі кезікпейді, мұны «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасына, Әлиханның мақалалары мен сөздеріне қарай андауға болады.

5. «Әлихан қателесті, жаза басты» деген ой бізде болған емес...

\*\*\*

### Қорыта айтқанда...

Қазақ халқының терезесін өзгелермен тең етуді көксеп, ұлы мұрат жолында жан аямай тер төккен ұлт зиялышарының үлесіне тиғен тағдырдың аңы сабағы Әлихан Бекейханов өмірінен де көрініс тапты. Тап күресін мейлінше ушықтырып жіберген сталиндік қызыл қырғын ұлт-азаттық козғалысы қайраткерлерінің өмірін тозаққа айналдырды. Саяси қайраткерлігі үшін патшалық билік жүйесін басынан сипай қоймаған Бекейханов кеңестік дәүірде де талай құғын-сүргінге ұшырады. 1922 жылдан бастап қашан ату жазасына кесілгенге дейін атамекеніне келу құқығынан біржола айырылды. Ал КСРО Жоғарғы сотының Әскери алқасында үкім шығарылып, өзіне соңғы рет сөз берілгенде, 72 жастағы Әлихан Бекейханов: «Мен Кеңестік билікті жақсы көрген емеспін, бірақ мойыннадым», – деп қысқа да нұсқа, жалғыз ауыз сөз айтқан көрінеді...

## 5. Мерейтой қарсаңында

**Abai.kz** сайты жүргізген интернет-конференцияда Әлихан және Алаш қозғалысына орай қойылған сауалдарға жауаптар

**Ермек**, сс, 22/12/2015 - 18:44

– *Бейбіт ага, Әлиханның 150 жылдығы қарсаңында Алаш қозғалысын айтпай кету айып секілді. Біздің қазіргі билік басындағы мырзалар Әлиханга да лайықты баға бермеді. Қазақ тәуелсіздігі жолында Алаш қозғалысының орны ерекше. Осы жайлыш пікірлеріңді білсек.*

**Бейбіт Қойшыбаев:**

– Құрметті Ермек, халқымыздың Ресей империясы жойған мемлекеттілігін жаңғыртуына, сөз жоқ, қазақтың XX ғасырдың басынан жаңаша, өркениетті сипатта өрістей бастаған ұлт-азаттық қозғалысы, бүгінде Алаш қозғалысы деп аталағын ерен құбылыс айрықша әсер етті. Монархия құлағаннан кейін Алаш Ордасы боп құрылған тұнғыш ұлттық автономия үкіметі де, оның қайраткерлері де билік тарапынан осы уақытқа дейін өз дәрежесінде танылмағаны рас. Бірақ келесі жылды Әлихан Бекейхановтың туғанына 150 жыл толуы халықаралық дәрежеде атап өтілетіні көнілге сенім ұялатады.

Арғы жылды Алаш-Орданың шаңырақ көтергеніне бір ғасыр толады. Осы мерейжасты мемлекеттік деңгейде мерекелеудің маңызы зор. Солай аталағы деп сенеміз. Өйткені бұл құллі халқымыздың тілегі. Осынау даталар бүгінде барша шығармашыл күштердің назарында.

Бұл шаруадан менің де сырт қалмаганымды айта кеткім келеді. Қазактардың империядағы революциялық қозғалысқа құлақ түре қарап, азаттықты мақсат еткен күрестің өркениетті жолына түсуге отыз жылдан бері қарастырудамын. Зерттеулерімді бір жүйеге бағындырыдым, сөйтіп, Алаш қозғалысы ұшқындаған XX ғасырдың басынан бастап женісті

шыңына шыққан 1917 жылды қамтитын тарихи-тәнімді шығармалар тізбегін жаздым. Бірқатары «Рух-Сарай» атты топтамада жарық көрді. Ұлттық қозғалыс эпопеясы сыңды «Алаш жолы» деген он бөлімнен тұратын үш томдық ри-сәләмнің алғашқы кітабы шықты, мерейтойға дейін, алла қаласа, қалған екі томы да басылар деген үмітім бар. Бұдан басқа, көп жылдардан бері алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін жаңғыртуға тырысқан зерттеушілік, публицисти-калық жұмыстарым да бір кітап болып жариялануын тосуда.

Бұлар – Элекен мен Алаштың тойына әзірлеген менің өзін-дік үлесім. Мен секілді мақсатты түрде еңбек етіп жүрген қа-лам қайраткерлері, тарихшы-галымдар қаншама. Солардың бәрі еліміздің тәуелсіздігі жолында жан қиған құрескер-лердің аруақтарын ұлықтауға қызмет етуде. Олар және со-лар көрігін қыздырған Алаш қозғалысы, оның шыққан биік шыңы – Алаштың Ордасы – келе жатқан мерейтойы тұсын-да мемлекет тарарапынан лайықты бағасын алуға тиіс.

**Ербол Жакыпбек,** жм, 25/12/2015 - 16:20

– Алаштықтардың үш жуз партиясымен, Түркістан автономиясымен, 1916 ж. көтеріліс басшыларымен тіл табыса алмағаны рас па? Алаштықтардың Амангелді Имановты ат қүйрыйна байлан олтіріп, Торғай даласын сүреткені рас па? Алаштықтардың кеңес үкіметі кезіндегі Тұrap Рысқұловты пана тұтқаны рас па? Алаштықтар Түркістан автономиясымен ымырага келе алмай, тіпті, оларды есекке теңеді дейді, осы шындық па? Алаштықтар Колчак пен Дутовқа жағынам деп қазақтар арасында ақ террор жүргізді. Бұл жайлыш С. Сейфуллин «Тар жол, тай-гақ кешуінде» жазады. Сейфуллин жағынан жазады ма?

**Бейбіт Қойшыбаев:**

– Құрметті Ербол, Сіздің сауалдарынызға қойылған ретімен мен де бір-бір ауыз сөзben қысқа жауап беруге тыры-сайын. Мәселенің анық-канығына жету үшін кезең жайын-

да тарихи әдебиетті қарап, молырақ білуге тырысқаныңыз дұрыс шығар.

«Алаш» – жалпыұлттық, ал «Үш жүз» – социалистік партия, сондыктан да араларында өзара келісім болмады.

Түркістан автономиясы Алаш автономиясынан бұрын жарайланды. Автономия мәселесін қараған Екінші жалпықазақ съезіне Түркістан автономиясының үкімет мүшесі Мұстафа Шоқаев келіп қатысты. Ол қазақтардың Түркістан автономиясына қосылуын қалаған еді. Бірақ съезд дербес автономия құру жағында болды. Автономия құрылды, Халық Кеңесі құрамына Мұстафа да сайланды, бірақ жариялану мерзімі Түркістан автономиясы аумағындағы қазақтардың көзқарасы айқындалғанға дейін кейінге қалдырылды. Сол шактағы дүрбелен қалдарынан ресми жариялауға ақыры мүмкіндіктері болмады. Большевиктер Қоқанды қанға бояп, Түркістан автономиясын құлатқаннан кейін оның үкіметінің алғашқы премьері Мұхамеджан Тынышбаев Семейге барап, орталық Алаш-Орда қайраткерлерімен қызметтес болды. Яғни алаштықтар мен түркістандықтар арасында тіл та-быспаушылық болған жок.

1916 жылғы көтерілісті қазақ зиялышарының қолдамағаны белгілі. Амангелді Имановты «Қазақ» газеті жақтырмай жазып тұрган. Оны кенестік әскери комиссар лауазымындағы кезінде алашордалықтар өлтірді, тек Сіз суреттегендей жағдайда өлтірді деген мәліметті өзім көзіктірген емеспін. Міржақып Дулатовтың ОГПУ тергеушісіне берген жауабында Амангелдінің өліміне тікелей қатысы жоқтығын айттып, сонда да, болған іске өзін ахлақи тұрғыда жауаптымын деген.

Әлихан Бекейхановты 1922 жылы Қарқаралыда тұтқынға алғанда, Ташкенттен Түркістан Орталық Атқару Комитеті Төрағасының орынбасары Сұлтанбек Қожанов пен Түрк Республика Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы Тұрар Рысқұлов Мәскеуге, Бас хатшы Сталиннің атына жеделхат жолдап, оның босатылуын сұраған. Осы екі қайраткер Түр-

кістан Республикасының басшылары бол тұрган уақыттарда алаштық қайраткерлердің біразы сонда түрлі кеңестік қызметтер атқарды.

«Алаштықтар Түркістан автономиясымен ымыраға келе алмай, тіпті, оларды есекке тенеді» деген, әрине, бос сөз. Шындық қандай екенін жоғарыда шамалап айтуға тырыстым ғой. Тек «оларды есекке тенеді» деген әсіре тенеудің қайдан өсіріліп шыққанын шамалауға болады. 1917 жылдың екінші жартысында ұлт серкесі, батысшыл, масон Әлихан Бекейханов қазақта автономияны басқарып жүргізіп келе аларлықтай кауқары бар өз ұлттық кадрлары жоқ деп санап, сол себепті Сібір автономиясына қосылууды қош көрді. Түркістан өлкесін артта қалған, мешеу деп білді. Мешеулігіне жоғарыдағыдан бейнелі мысал келтірді, сөйтіп, онымен бірлесуді қоштамады. Аталмыш тіркес содан «дамытылған» болуға керек.

Алаштықтардың қазақ коммунистерін жақтырмағаны, кей реттерде оларды жоюға пәрмен еткендері рас, тек олары большевиктердің террорымен салыстыруға келмейді. Сәкен Сейфуллинді жалған жазды деу дұрыс болмас, әйтсе де ол солшыл қайраткер болды, сондықтан да белгілі мемуарында тарихи оқиғаларды тиісінше тым солақайланып баяндаган. оны кітапты мұқият оқыған кім-кім де анғара алады. «Тар жол, тайғақ кешуді» 1928 жылы Нәзір Төреқұлов біршама әділ сынға алған.

28 желтоқсан 2015 ж.

## **6. Қазақ ұлттық мемлекетінің тұңғыш басшысы**

2015 жылғы 2–18 қарашада Парижде өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының оку, ғылым және мәдениет жөніндегі мамандандырылған мекемесі Бас конференциясының 38-ші сессиясы мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Әлихан Бекейхан-

ның тұғанына 150 жыл толуына арналған мерекелік іс-шара-ларға қатысатыны жайында шешім қабылдады. Сонымен, қазақтың ардақты перзенті, «Алаш-Орда» Халық Кенесінің төрағасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановтың 150 жылдық мерейтойы биыл ЮНЕСКО аясында атап өтіледі. Алаш қозғалысы серкесін ұлықтау үстіміздегі жылы осынау беделді халықаралық ұйымның қатысуымен өткізілетініне айрықша қанағаттанғандық сезіммен оның өмірі мен қызметі жайында жазылған тәмендегі мақаланы оқырман назарына ұсынамыз.

### **Қазақтың жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалысы bastauында**

1866 жылғы 5 наурызда Тоқырауын өзені алқабында дүниеге келген Әлихан Нұрмұхамедов әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, одан Қарқаралы мектебінде оқыды. Сосын Омбы техникалық училищесіндегі кәсіптік білім алды да, ата тегін Бекейханов деп жазуға қол жеткізіп, 1890 жылы Санкт-Петербургтің Орман институтына түсті. Осы жоғары окуды экономист мамандығы бойынша 1894 жылы бітіргеннен кейін Дала уәләятінің астанасына оралып, орман шаруашылығы училищесіндегі оқытушы болып еңбек жолын бастағады. Көп ұзамай түрлі статистикалық басқармаларда, зерттеуші экспедицияларда істеді, қазақ жер-су жағдайын арнайы зерттеуге келген әйгілі земстволық статистик Ф.А. Щербинаның 1896 жылдан Ақмола, Семей, Торғай облыстарында жұмыс істеген экспедициясы жұмысына атсалысты. (Бұл зерттеулер нәтижесі кейінірек «Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция қазақ жерінің пайдаланылуы хақында жинастырған және жүйелеген материалдар» дейтін атпен Егіншілік және мемлекеттік мешікттер министрлігінің басылымы ретінде Щербинаның редакциясымен 13 том бол басылып шыққан.)

Мұның бәрі оның патша үкіметінің жер саясатын терең зерттеп білуіне ықпал етті. Біліп қана қоймай, тиісінше, сол саясат салдарынан орын алып жатқан қазақтың отарлық ты-

ныс-тіршілігіндегі келенсіз өзгерістер мен ауыртпалықтар жайында ой-пікірін аян етіп, баспасөзде өзіндік үн катып тұрды. «Россия. Біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» атты әйгілі көптомдық еңбектің қазақ даласына арналған, 1903 жылды шыққан XVIII томының авторларының бірі болды. Зерттеулерімен шұғылдана жүріп, зерделі, оқыған азамат ретінде ол туган халқының тағдырын жеңілдеді, тұрмысын жақсартуды ойлады. Орталықтағы студент шағынан оң иығын беріп тұратын қоғамдық мәселелерге қазақ елі ішіне келгелі белсене араласты. Империядағы бірінші революция оқиғаларына сергек үн қосып отырды.

Бұгінде біз Алаш қозғалысы деп атайдын құбылыстың алғашқы ұшқындары XX ғасырдың басында пайда болған. Қазақ еліндегі зияллыар империя үкіметінің озбыр отаршылдығы салдарларын – шұрайлы жер-судан айрылу, діннің, мектептің қыспак көруі, ел-жүргітты басқаратын ең тәменгі билік буындарына да тікелей отарлық өкімет өкілдері отырғызылып, орыстандыру шараларының қүшеттіле жүргізілуінен жапа шегу мысалдарын ортаға салып, не істей керектігін ақылдасу қажеттігін ұқты. Сондай мақсатты жүзеге асыру үшін Көкшетаудағы діни қызметшілер тарапынан көзі ашық азаматтарды жинап мәслихат құрмак әрекеттері жасалды. Алайда патша үкіметінің құпия қызметі жансыздарының қемегімен оларды тез тауып алды. Петропавл, Көкшетау, Павлодар, Семей үйездерінде тұратын өзге де оқыған қазақтарды тінктілеп, үйлеріндегі кітапханаларын тәркіледі, ойы бөтен деп тапқандарын патшалықтың барша өнірлерінде қолданып жүрген тәсілдерімен тез «залалсыздандырды». Біразына бірқатар жазалау шараларын қолданды. Бірақ буырқанып қайнап жатқан халық наразылығын күшке салып басып отыру мүмкін емес еді. Бұл әсіресе 1905 жылғы 9 қаңтарда империя астанасында орын алған «Қанды жексенбі» оқиғасынан кейін мүлдем мүмкін болмай қалды.

Жалпақ елде алғашкы орыс революциясы дауылдатты. Жағдайды уыстан шығармау үшін император II Николай мен

оның айналасы «революцияны резолюцияға айналдыруды» көздең бірқатар шешім жасады. (1905 жылғы 18 ақпанда патша ішкі істер министріне реңкрист – бодандарына жақсылық жасайтынын жариялы түрде мәлімдеген ашық хат берді. Онда министрге заңнамалық жобаларды алдын ала қарайтын сайланбалы өкілдік мекеме, яғни халықтың сеніміне ие бол сайланып келетін өкілдерден Мемлекеттік Дума құру жайында заң жасау тапсырған. Сонымен бірге, сол күні Правительствующий (білік етуші) сенатқа жолдаған жогары мэртебелі пәрменінде «мемлекеттік жағдайластыруды жетілдіруге және халықтың берекелі тұрмысын жақсартуға қатысты мәселелер бойынша жеке адамдар мен мекемелерден» өз атына түсіп жатқан тілектер мен ұсыныстарды қарап, талқылау міндеттін Министрлер кенесіне жүктеуді бұйырған. Ал 17 сәуірде діни ұстанымға еріктілікті жария еткен пәрмен шығарды.) Осылардай биік дәрежелі пұрсаттар жасалуына орай жер-жерде жиындар өтті, жұрт оздерінің мұн-мұқтаждықтарын айтып, тілектерін білдірген петицияларын үкіметке жолдап жатты.

Бұл науқанға Элихан Бекейханов пен оның пікірлестері үлкен мән бере қарады. Патша үкіметі атына өздері дайындаған тілек-хаттың Дағындағы өзіндіктерінде талқыланып, жүртшылықтан кең колдау табуын ұйымдастыруды. Петицияда тағдыры Ресеймен қосақталған қазақ елінде жүргізіліп жатқан орыстандыру саясаты талданды, қазактардың діни-рухани істеріне көрсетіліп жүрген зор қыспақ мысалдар келтіріле отырып атап айттылды. Халықтың экономикалық жағдайын түзеуге, қазіргі тұрмыс ахуалын көтеруге мүмкіндік беру үшін жасалуға тиіс шараптарды, олардың ішінде қазақ халқының мұдделерін күйттеп, құқтарын қорғау мақсатымен «орыстың заң шығару жиналышына» қазақ депутаттарын қатыстыру керектігін де қосып, үкімет алдына қойылатын талаптар он бір тармаққа түйінде жазылды. Сосын революция қуат берген ұлттық қозғалыстың бағдарламасы іспеттеннген бұл тілек-хат

көпшілік назарына ұсынылды. Қоянды жәрмеңкесі жұмыс істеген маусым айы бойы жұртшылық арасында талқыла-нып, қолдау тауып жатты. Ақыры, 14,5 мың адам қоштаған (хат танитыны қолын қойған, сауаты ашылмағаны бармағын басқан) петиция әзір болды. Бірақ оны Қарқаралы пошта-сы қабылдамады да, үлкен қыыншылықпен, Даала өлкесінен тысқары қаладағы пошта арқылы патшалық астанасына жі-берілді.

1905 жылғы 6 тамызда II Николайдың Ресейде Мемлекеттік Дума құрылатынын эйгілеген манифесі өмірге келеді. Сонымен бірге Думага депутаттар сайлауын өткізу ережесі де жарияланды. Бірақ бұл жұртшылықты сонша қуанта қоймады. Император бекіткен құжат ішкі істер министрінің қолынан шыққандықтан, соның атымен «Бұлыгин Думасы» атап кетті. Заң шығарушылық емес, кеңесшілік рөл ғана атқармақ Мемдума, халық ереуілдерге шығып, қатты на-разылық білдіргендіктен, шақырылмаган күйі қалды. Ақыры, «революцияны резолюциямен алмастырудың» кезекті бір әдісі іске қосылып, патшаның «17 қазан манифесі» дүниеге келді. Мұнда оның «Мемлекеттік Думаны құру туралы» 6 тамызда қол қойған манифесімен сабактастырылып, парламенттің жаңаша тағайындалатыны айттылды, заң шығарушы мекемеге халықтың лайықты адамдарының сайлануына жол ашылатыны, Дума мақұлдамайынша бірде-бір заның қүшіне енбейтіні мәлімделді. Сондай-ақ, 1905 жылғы 17 қазанда шыққан осынау Манифест саяси құқтар мен еркіндіктерді жария етіп, ел иғілігіне ұсынды. Яғни бұл құжатта халыққа сөз бостандығы, ар-ождан бостандығы, жиналыс жасау ер-кіндігі, одақтарға бірігу еркіндігі және жеке тұлғаның қол сұғуға болмайтын дербестігі қамтамасыз етіледі деп уәде етілді.

Озық ойлы зиялыштар осы манифест империяда бостандық күнінің туғанын паш етті деп санады. «17 қазан манифесін» барша қазақ зиялыштары, олар арқылы қалың бұқара шын шаттанып қарсы алды. Манифест Омбыға жеткен бойда Эли-

хан Нұрмұхамедұлы мен оның серіктері қазақ даласындағы қалаларға телеграммалар жолдап, барлық халыққа патша ағзам тарапынан сыйланған жана құқтар жайында хабарлады. «Біз өзіміздің тілшілеріміздің бәрінен қуанған телеграммалар алдық, – дейді Бекейханов. – Жеке бастың дербестігі мен ождан бостандығы жөніндегі уәде қазақтарға айрықша әсер етті. Бұлар – орыстандыру саясатының түрпайы агенттері төпеген тұрақты соққыны ұдайы бастан кешіп келе жатқан, тап сол саясат салдарынан мешіт, медреселері жабылып, кітапханалары қонфискеленіп, діни ожданы езіліп отырған қазақтарға өте-мөте түсінікті еді».

Әлихан Бекейхановтың мақалаларынан 1905 жылғы қазақ қауымының, оның көкірегі ояу, көзі ашық бөлігінің ойы мен әрекетін айқын аңгарасын. «17 қазан манифесі» жария болысымен Омбыда тұратын қазақ интеллигенттері оны тездетіп қазақ тіліне аударды да, жергілікті газеттердің цензоры бол табылатын вице-губернатордың рұқсатымен 10 мың дана етіп бастырып, ауыл-ауылға жөнелтті. «Қазақтардың шашаш қозгалатындығының арқасында манифест қысқа мерзім ішінде құллі далаға тарап үлгерді. Барлық жерде қазақтар үлкенді-кішілі съездерге жиналды, манифесті оқыды, түсініктемелер жасады. Мемлекеттік думага болашакта сайлау жүргізу мәселелерін талқылады. Ең алыс болыстардан қазақтар қыр қалаларына топ-тобымен аттанды, онда азаматтар өткізіп жатқан қала митинглеріне қатысты. Орыс, татар, өзбек пен қазақтар туысқан бір отбасына тоғысты. Бұл бір ешқашан ешкім көрмеген тамаша уақыт болған еді», – деп жазды Әлихан Нұрмұхамедұлы «Бірінші Мемлекеттік думаның он жылдығына» жинағына енген «Дала өлкесіндегі сайлау» атты мақаласында. Ел-жүрт бостандық күні туғанын сезінді. Бекейхановтың жазуынша, құллі зиялыштар, басқа да еті тірі адамдар үгіт-насихат жұмысына білек сыйбана кірісті. Жүрт алдында сейлеген шешендер полицияны бет-жүзінен қарамай аяусыз сынады. Ескі режимді баршасы ойланбастан, қорықпастан сын садағына алды. Бұрындары ойла-

рына келгенін істеп жүрген құдіретті жергілікті әкімшіліктің қызметін қатардағы адамдардың осынша мейірімсіздікпен сынағанына ауылдардан ат терлең тіп келген қазактар тұнғыш рет күә болды. Кешегі қаһарлы өкімет төрелерінің көп халық жиналған митингілерде үнсіз сүмірейіп тұрганын танырқай назарлады.

Алайда жер-жердегі патша әкімшіліктері «17 қазан манифесін» халықтан барынша жасыруға тырысқан еді, сондықтан да жаңа толқулар бой көрсетті. 1905 жылдың күзінде Қарқаралыда үйездік кеңсе алдында қалың ел қатысқан үлкен жиын өтті. Соны қошес-қошени ұрандата аралаған ірі демонстрацияға ұласты. Сол митингіге, Әлихан Бекейхановтың анықтамасына қарағанда, «каражұздікшілермен қызметтес болғысы келмегендіктен бостандық күндері догарыса шыққан» мировой судья (негізінен ұсақ басбұзарлық және азаматтық істерді қарайтын судья), шешендігі мен қоғамдық-саяси белсенділігі арқасында жұртқа тез танымал болған Жақып Ақпаев қатысты. Бұл оқиғаны Қарқаралы үйезінің бастығы Омбыға, Дала генерал-губернаторы кенсесіне жолдаған ақпаратында «бұлік», «тәртіпсіздік» деп бағалап, бұратаналарды жуасыту үшін көмекке әскери жасақ жіберілуін сұрады. Патша чиновнигінің осынау арандатушылықта тұнған жәдігейлігін Әлихан Бекейханов «Степной край» газеті бетінде: «Қазақ халқын білмейтін, оның, өкінішке карай, сатрапияға айналдырылған даласын білмейтін қылмыскер адамдар гана осынша женілtek ой пішеді! Оссовскийдің әлдеқандай «бұлік» жөніндегі донесениесі – шып-шылғи өтірік», – дей келіп, халықтан Мемлекеттік тәртіпті жетілдіру жайындағы манифесті (патшаның 17 октабрьдегі манифесін) жасыруға тырысқан, одан толқулар сырын бұрмалаған патша әкімінің жымысқы әрекетін батыл әшкереledі. Қазақтардың Ресейдегі бостандық үшін алысқан құрескерлердің ардакты есімдерін әзірге білмейтінін, бірақ олардың Пестель сынды дарға асылған декабристерден бастап, Шлиссельбург қамалының казіргі таңдағы тұтқындарына шейінгі

азаткерлерді ұзамай-ақ танып-біліп алғатынын, яғни олардың да алып империяны шайқай бастаған революциялық қозғалыстың белсенді қатысуышы болатынын сенімді түрде жария етті. «Әміршіл құрылыштың қабіршілері, қылмыстарынды қөбейте бермендер! Сендердің күндерің таусылып келеді. Сендермен біз орыстың өкілетті жиналышында есеп айырысамыз!» – деген сөздермен, калтылдап тұрған жүйе қызметшілеріне қаһарлы ескерту жасады.

Қазақ арасындағы бірінші орыс революциясы оятқан жаңа тұрпатты саяси қозғалысты жандандыруға Бекейханов осындағы уытты публицистикалық мақалаларымен әрдайым қызу атсалысып жүрді. Жоғарыда аталған Қарқаралы демонстрациясына орай Омбыдан шығуы ықтимал жазалаушы экспедицияның жасақталмауына ол мерзімдік басылымдар арқылы тиісті қоғамдық пікір туғызу, сондай-ақ, земство съезінің Мәскеудегі бүросын хабардар ету жолымен ықпал етті. «Бостандық күндерінде» түрлі жиындардың шақырылуына ұйытқы болып, жұмыстарына қатысып жүрді. Земство және қала қайраткерлерінің қарашада өткен Мәскеу съезіне барып, «4,5 миллиондық казақ халқы атынан» патшалық режимнің қылмыстарын әшкереlegен сөз сейледі. Бес қазақ облысынан келген өкілдермен Орал қаласында бас қосып, ұлттық саяси партия құру жайын ақылдасты. Тәжірибелі қоғам қайраткері, қаламы жүйрік публицист, белгілі ғалым адамның осынша белсенділікпен саяси жұмыстар жүргізуі жандармерия назарынан тыс қалмады, оның жүрген-тұрған ізін андып, қауіпті тұлға ретінде ұдайы бақылауда ұстады.

Әлихан Бекейханов жұмысына қатысып жүретін земство одагы қайраткерлерінің мұрындық болуымен, 1905 жылдың 12–18 қазанында Санкт-Петербургте өткен құрылтайшы съезде жаңа саяси партия – конституционалист-демократтар (кадеттер) партиясы шаңырақ көтерген.

Бұл оқиға әйгілі «17 қазан манифесінің» дүниеге келуімен тұспа-тұс орын алды. Одан, патша сол жылғы 11 желтоқ-

санда шығарған жаңа пәрменімен 6 тамызда қабылданған «Мемлекеттік Дума сайлауы туралы ережені» өзгертіп, косымша ережелер бекітті. Бұл «17 қазан манифесін» дамыту орайында жасалды.

Қазақтардың да Мемдумаға депутат болып сайлануына занды мүмкіндік туды.

Ұлт зияллылары жер-жерде осынау жаңа жағдайды ұтымды пайдалану жайын бас қосып ақылдасуды қолға алған.

Сондай мақсатпен Семейде ашылмақ облыстық съезге бара жатқан жолында Бекейхановты жандармерия қолға түсіреді. 1906 жылғы 8 қантарда Ямышево поселкесінде (Тұзқалада) тұтқындаиды да, Павлодар түрмесіне отырғызады.

Содан жандарм басқармасы оны тергеусіз, сотсыз төрт айға жуық абақтыда ұстайды. Өйткені осынау үкіметке сенімсіз, ойы бөтен, бұратаналар ішінде беделі зор тұлғаны Мемлекеттік думаға депутат сайлау науқанынан оқшаулау мақсат етілген еді.

Алайда патша түрмесі ұлттық қозғалыс серкесінің халық арасындағы абыройын арттыра түсті. Ел-жұрт оны сырттай-ақ бір болыстан выборщик (сайлауға қатысу үшін бір қауым ел атынан таңдап жіберілген өкіл) етіп сайлады.

Сол себепті, қанша қаламағанмен, патша әкімшілігі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановты 1906 жылғы 30 сәуірде түрмeden шығарды.

Ал маусым айының басында Семейде өткен выборщиктер жинальсы оны Мемлекеттік думаға депутат етіп сайлады...

### **Халық бостандығы партиясының ұстанымымен үйлестікте**

Мемлекеттік дума жұмысына қатысу үшін Санкт-Петербургке жүрер карсанды, 1906 жылғы 21 маусымда, Бекейханов Семейдің қалың жұртшылығымен кездесіп, сөз сөйледі. Сөзінде ол жыл басында өткен екінші съезінде «Халық бостандығы партиясы» делінетін қосалқы аталым алған ка-

деттер партиясының бағдарламасын тарқата айтты, осы саяси ұйымның азаттық үшін күрестегі маңызды орнына көптің назарын аударды. Өйткені өзінің қуллі саяси қызметін Элихан Нұрмұхамедұлы кадет партиясының ұстанымы ауқымында жүргізгенді жөн көретін.

Ол империя астанасына алып-ұшып жеткенде, Таврия сарайында дуылдаған дебаттар кенеттен тоқтатылар сәт те тақалған еді.

Жұмысын қазак даласындағы сайлау науқаны басталардан бұрын, 1906 жылғы 27 сәуірде бастаған Думада патша үкіметіне жақпайтын мәселелер қаралып, шын мәніндегі революциялық шешімдер қабылдана бастаған. Сондықтан да 72 күн жұмыс істеп, 40 пленарлық мәжіліс, комиссиялардың 18 отырысын өткізген, министрлерге 261 депутаттық сұрау салу жолдаған I Мемдуманы император «қоғамға тыныштық әкелудің орнына аласапырандықты тұтатып отыр» деген же-леумен 1906 жылғы 8 шілдеде арнайы манифест шыгарып, тарқатып жіберді.

Патша пәрменіне бірінші кезекте кадет депутаттар карсылық білдірді. Оларды Думадағы мұсылмандар фракциясы да қолдады. Фракция жетекшілерінің бірі, башқұрт арасынан сайланған қазак депутаты Сәлімгерей Жантөрин мен Питерге соның алдында ғана келген Элихан Бекейхановты осы наразы топтың Выборгта түскен суретінен көруге болады. Олар мұнда үкімет тарапынан рұқсат етілмей екі күн бойы өткен жинаалыста қабылданған «Халыққа халық өкілдерінен» деп аталатын, ел тұргындарын түрлі салық төлеуден бастарту жолымен үкіметке пассивті қарсылық көрсетуге шақырған үндеуге қол қойған еді.

Осы «Выборг үндеуіне» қол қоюшылар үстінен үлкен сот үдерісі жүргізіліп, бәріне үш айдан түрмеге отыру жазасы кесілді. Сөйтіп, істі болғандар катарында өзін де сайлану құқынан айрылдым деп санаған Бекейханов II Мемдумага депутат тандап сайлау науқанына қатыса алмайтындықтан, Семей қазактары арасынан лайықты кандидатура белгілеуге

атсалысты. Революциялық сипатын өзгертпейі салдарынан II Мемлекеттік дума да 1907 жылғы 3 маусымда қылғаннан кейін, «Выборг үндеуіне» қол қойғаны үшін өзіне Санкт-Петербург сот палатасы төтенше мәжілісінің үкімімен кесілген жазасын өтеуге, 1908 жылдың басында Семей абақтысына түсті.

Босанғаннан соң астанаға барып, біраз уақыт кадеттер басылымында қызмет атқарды. Бірінші орыс революциясы жылдарында Ресейге қайта оралған масондар ложасына қабылданды. (Революция тарихын зерттеуші шыншыл бас манман ретінде мойындалған, «XX ғасырдың басындағы орыс саяси масондығы» (1996) монографиясын жазған профессор В.И. Старцевтің «Француз рәсімі және «Ресей халықтарының Ұлы Шығысы» ложаларына тіркелген орыс саяси масондарының тізімінде» 23-ші ретпен «Букейханов Алихан Нурмагометович» тұр). 1909 жылдан Самарада, сондагы Дон егіншілік банкінің бөлімшесінде жұмыс істеді. Халық бостандығы (кадеттер) партиясының Самара комитетіне енді, осындағы масондар тобында жетекші орын алғып жүрді. Бір-екі жыл эсерлер партиясы қатарында болды. Кадет әрі масон ретінде, демократиялық реформаларды насиҳаттау мақсатымен құрылған саяси білімдер үйірмесі жұмысына қатысып тұрды.

Осы жылдары Бекейханов «Қазақтар» атты іргелі еңбегін жазды (1910 жылы Санкт-Петербургте шықкан «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыс түрлері» атты жинаққа енген.) Бұл еңбесгінде ол қазақтар тұратын Қазақ және Түркістан өлкелері мен Астрахан губерниясының ұлттық құрамына демографиялық талдау жүргізе келіп, «қазақтардың шаруашылық тіршілігі – малына жаятын жер және суаратын өзен-көл іздеумен үнемі қоныс аударып, бір орында тұрактамайтын жартылай жабайы қошпендейтін қарабайыр экономикасын көрсететін қарапайым формулаға сыймайды» деген байlam жасайды. Таза қошпенді мал шаруашылығын аралас, егіншілік-малшылық шаруашылықтардың алмастыра бастаға-

нын нақты цифrlармен дәлелдейді. Қазақ және крестьян бюджеттерін, олардың табыстарының түрлерін талдайды. Әр жылдың екі-төрт айын ғана жайлауда өткізіп, негізінен қыстауда отырықшылықпен күнелтетін қазақтардың шаруашылығындағы тыныс-тіршілік жайын қарастырады. Олардың өмірінде әртүрлі жайылым, корық, жазғы қотандардың қандай орын алатынын бай мәліметтермен өрнек-теп көрсетеді. Сөйтіп қазақ халқы ішінде тұзілген әлеуметтік-шаруашылық құрылымды оқырман алдына білгірлікпен, көрнекі түрде жайып салады. Осынау ғылыми очеркінде қазақ даласындағы саяси құрылыштың мән-жайын, қазақтар арасындағы саяси-мәдени ахуалды таныстыра отырып, Әлихан Нұрмұхамедұлы патша үкіметінің әрі қанап, әрі ұлтаратық араздықты қоздыратын отарлау және орыстандыру саясатын түрлі мысалдармен қанын ағыза әшкере етеді. Сондай-ақ қазақтардың ұлт азаттығын аңсап шындал ояна бастағанын, ұлт қозғалысын дамытудағы саяси белсенділігін көрсететін маңызды деректер келтіреді. 1907 жылғы II Мемлекеттік думаны қыып, сайлаудың жана тәртібін жария еткен заңның («З маусым төңкерісінің») «төрт жарым миллиондық қазақ халқын сайлау құқтарынан айырганын» айта келе, қазақтың жер-суын зорлықпен тартып алған үкімет енді Мемлекеттік думада осы халықтың өкілдері де отыруын артық көрді деген жұмысақ түйін жасайды.

Оның мұндай сыпайы ескертпесінің астарында қазақ халқына парламенттік жолмен қандай да бір пайда ти-гізу үміті үзілмегендігі жаткан. Шынында да, ол қазақ зиялышарымен бірге III және IV Мемдумалардың консти туцияшыл-демократтар (халық бостандығы) партиясы мен мұсылман фракциялары жұмыстарына мақсаткерлікпен ат-салысып тұрды.

### **Ұлт мұддесін көздеу**

Самарада тұрган жылдары Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақ даласымен байланысын үзген жоқ. Орынборда 1913 жылдан

жарық көре бастаған «Қазак» газетін шыгаруда Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа рухани демеу көрсетіп, газетке тұракты идеялық жетекшілік жасады. 1914 жылы Семей облысы қазақтарының тапсыруымен Мәскеуде от-кен мұсылмандар съезіне қатысты. Съезде қазак тіршілігіне байланысты өзіндік пікірін аян етті, түйгендерін «Қазакка» дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін жазып тұрды.

Жалпы, Элихан Нұрмұхамедұлы казактың рухани және әлеуметтік мәселелерін көтерген сан алуан мақаланы 20-шы ғасырдың бастапқы жылдарында орыс басылымдарына да беріп тұрған. Ол орыс оқырмандарына ұлы Абайдың омірбаяны мен поэзиясын бірінші бол 1905 жылы таныстырган. Ал қазак газет-журналдары беттерінде саяси және экономикалық тіршіліктің киңі өзекті мәселелерін көзгай отырып, орыс интеллигенциясын толғантып жүрген озық ойларды аударып жария етіп жүрген.

Ресей империясының жаһандық соғыска кіруі онын қазак елі сынды отарын да бейтарап калдырмағаны белгілі. Әуелі майдан мұқтажына табын-табын етіп ірі кара, мын сан кой айдалған, ұзамай сарбаздар аттандыру мәселесі де сөз бола бастады. Қазак жігіттерінің жакын уақытта Ресей әскері құрамында соғысуы мүмкіндігін «Қазак» газеті 1915 жылдан қозғады.

1916 жылдың басында Элихан Бекейханов газет редакторы Ахмет Байтұрсыновпен бірге Петроградка аттаны. Соғыс министріне, басқа да ресми орындарға кіріп, қазактарды әскерге шакыру мәселесінің кейінге калдырыла анын аныктап кайтты. Содан газет жазға дейін пікір алмасуды жалғастыра берді. Көшілік қазак жігіттері үшін қазактар секілі атты әскерде қызмет ету колайлы екенин айтты жатты. Жаду әскерге баруды жақтағандар да болды.

Сейтіп жүргендеге патшаның айлі «Иконъ жарияны» орыс армиясының соғысын жатқан ғуданындағы корианың құрылыштарын салу жұмыстарына «өзге текті» түрліндерді шакырган 1916 жылдың 25 маусымынан берінені жариялады.

Бұратаналарды, соның ішінде қазақтарды әскер қатарына емес, соғыстың қара жұмысына алатын болды.

Жарлықтың артынша әр-әр жерде белгілі толқулар бұрк-бұрк тұтанып, қазактың ұлт-азаттық көтерілісіне ұласты. Патшаның жазалаушы жасақтары қара істеріне кірісті.

«Қазақ» газеті 1916 жылғы 8 шілдеде жариялаган бас мақаласында жігіттердің әскерге емес, қара жұмысқа шақырылғанына әрі намыс, әрі өкініш білдірді, бірақ, бәрібір жарлықты орындауға үндеді. Соғыс жағдайындағы тәртіптің қаталдығын, қара жұмыстан қашам деп женілтектік көрсетудің арты жаманға соғарын, қырдағы әскери жасақтардың шаруашылықты күйзелтіп, елді, ошақ басын бақытсыз етерін айтты.

Осы мәселе Орынборда Әлихан Бекейхановтың басшылығымен 1916 жылғы 7 тамызда өткен Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстары қазақтарының мәслихатында талқыланды. Жиналыста жергілікті өкіметтер, әсіресе болыс басқарушылары өздерінің асығыс әрекеттерімен, дөрекіліктерімен және қиянаттарымен халық толқуларын туғызды, ең бір бейбіт, жоғарғы әмірге көнімпаз халықты зығырданын қайната көтерді деп тұжырылды. Даладан жазалаушылық операциялар жүргізіп жүрген әскери жасақтарды кері шақырып алу және жер-жерде халық өкілдерінің жындарын өткізу арқылы халықты тыныштандыратын шараларды шұғыл қолдану қажет делінді.

Майданның қара жұмыстарына алу туралы хабар қазақтардың пішен шабу науқаны қызып, астық жинау мерзімі тақалған уақытта шықты да, бір айдан бері құллі даланы толқытты. Шаруашылық күйзелді: шөп шабылмады, астық орылмай жатыр. Осының бәрін ретке келтіру үшін жиналыс жұмысшыларды шақыру солтүстік үйездерде 1917 жылғы 1 қантарға, онтүстік үйездерде 1917 жылғы 15 наурызга дейін шегерілсін деген ұсыныс жасады.

Үкімет оған, әрине, құлақ асқан жоқ, майдан жұмыстарына шақырылған төрт жүз мындан астам қазақтардың жүз отыз

мындасты, әр аймақта күннен күнгө өрістей түскен көтеріліс от-жалаңының қарамастан, соғыс шебіндегі қорғаныс жүйелерін салуға жіберілді.

Сонда Бекейханов Минскіде орналасқан армияны жабдықтау жөніндегі земство және қала одактары комитетінен Өзге тектілер (бұратаналар) бөлімін ашуға қол жеткізді.

Бұл бөлімге қызметке келген оқыған жігіттер батыс майдан аймағында еңбек етіп жүрген тіл білмейтін, сауаты жоқ кара жұмысшылардың жағдайын қарап, туындал жатқан түрлі қындықтарын шешуге жәрдемдесті. Ағымдағы саясатты түсіндіре жүріп, жігіттерді революциялық ойлармен бауырластырыды, «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрды. Соғыстың қара жұмыстарын атқарушылар қатарында Ақпан революциясын қарсы алғып, 15 наурызда Әлихан Нұрмұхамедұлының басшылығымен елдегі зиялыштарға бостандық таңы атқаны жайында жазылған, жұртшылықты жасампаз саяси істерге жігерлендіретін әйгілі жеделхатты салды.

Сосын Уақытша үкіметтің шешіміне сәйкес, жұмысшыларды елге қайтару мәселесімен шұғылданды.

Ал Ә.Н. Бекейханов арнайы шақырумен Петроградқа аттанды...

### **Ұлттық қозғалыстың шырқау шынында**

Петроградта 1917 жылғы 25–28 наурызда Халық бостандығы (кадеттер) партиясы 7-ші съезін өткізіп, «Ресей демократиялық республика болуға тиіс» деген шешімге келді. Орталық комитетінің жаңа құрамына Әлихан Бекейхановты да сайлады.

Кадеттер мен масондар Уақытша үкіметтің алғашқы құрамында жетекші рөл атқарды, сонан да шығар, Әлихан Нұрмұхамедұлы Торғай облысының комиссары болып тағайындалды. Бұл биік лауазым оның ұлттық қозғалыстың женісті шынына қарай сеніммен бастап жүруіне соны серпіліс берді.

Бекейханов Орынборға келіп қызметке кіріскеннен қазақ қозғалысының облыстағы белсенді қатысуышыларын

жаңа өкіметтің нақты істеріне тартты. Сол тұста облыстың қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік тыныс-тіршілігін басқару жұмыстарын сеніп тапсыруға болатын кадрлардың тапшылығын сезінуі оны қазақ елінің автономиялық құрылышқа дайын еместігі жайындағы ойға иландырса кепек, жаз соңында Сібір халықтары автономиясына қосылуға ниет етті. Торғайдан да, басқа облыстардан да делегаттар сайлатып, оларды құзге қарай Том қаласындағы Сібір автономияшылары съезіне бастап барды.

Қоғамда сол шакта жүріп жатқан саяси үдерістер барысы оны бұл қадамынан айналип, казактың жеке автономиясын құру арқылы өз алдына ел болуы қажеттігіне бұрды.

Шілдеде өткен Бірінші жалпықазақ съезінде ол болашақ казақ саяси партиясын кадеттер партиясы үлгісімен құру қажеттігін айткан еді. Алайда, орталықтағы кадеттердің Ұақытша үкімет құрамынан кетіп, биліктегі рөлі әлсірей бастаудың және елдік мәселелер мен жер-суға қатысты мәселелерде кадеттік ұстанымның казактың ұлттық мұддесіне қиғаш келетін тұстары ойландыруына байланысты, ол біргіндеп көзқарас эволюциясын бастан кешті. Сонын өзі бас бол ұлттық Алаш партиясының бағдарламасын жазды да, басында тұрды.

Кадет партиясынан шығатынын мәлімдегенінде Орынбордағы орыс зиялыштары білімді де білікті, аса беделді тұлғаның бұл қадамынан халық бостандығы партиясы қатты ұтылатын болды деп өкініштерін білдірді. Бірақ бұл кезде кадеттерде қауқар да қалмаған еді, большевиктер кадеттер партиясын зансыз деп жариялаған.

Алғаш ұйымдастырынан-ақ өте танымал да беделді болған халық бостандығы партиясы патшалық тұсында, әділет министрлігіне құжаттары қаншама мәрте тәртіпке сәйкестендіріліп ұсынылса да, реңми тіркеуден өткізілмеген еді. Соған қарамастан ұзбей жүргізген саяси іс-әрекеттеріне, қылышына патша үкіметі қедергі келтірмеген болатын. Тіркеуде жок осынау кадет партиясы монархияны құлатуга атсалы-

сып, жана (уақытша) үкімет құрысқан еді. Алайда патшалық режим жойылғаннан кейін өмірге келген сол жана үкіметті төңкеріп тастаған совет өкіметі енді оны – халық бостандығы партиясын – мұлдем жауып таставды.

Ал кадеттермен ат құйрығын үзікен Әлихан Нұрмұхамедұлы Алаш партиясының көрігін қыздырды. Оның басшылығымен Ресей Республикасында шақырылмақ Құрылтайшы жиналысқа Алаш партиясының тізімімен делегаттар сайлау науқаны ойдағыдай жүргізілді, автономия мәселесін қарастыруға тиіс кезекті қазак құрылтайын өткізуге дайындық жасалды.

1917 жылғы 5–13 желтоқсанда жұмыс істеген Екінші жалпықазақ съезі Алаш автономиясын құрды да, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхановты 1917 жылғы 12 (25) желтоқсанда «Алаш-Орда» Халық Кенесінің төрағасы лауазымына сайлады.

Алаш қозғалысы осылай шырқау шынына шықты.

Бекейханов бастаған азаттық қурескерлері қазақ халқы империяның темір құрсауынан азат болғаннан кейін тұнғыш құрган қазақтың ұлттық мемлекеті екі жылдай ғана өмір сүргенімен, ғұмыры бойында сол кезгі саясат ыңғайымен қызын-қыстау кезеңдерді бастан кешіп, ақыры тарих сахнасынан ығысқанымен, бәрібір халық санасынан өшкен жок. Алаш идеясының жасампаздығы қазақтың большевизм туыстына шыққан советтік қайраткерлерін де жігерлендіріп, қазақ елінде социалистік ұлттық республика құру үшін қурес жүргізуге жетеледі.

Осы идея бүгінгі тәуелсіз мемлекетімізде де өзекті. Қазіргі таңдағы жаңа тұрпатты қурескерлерге қазақ айналасына елдегі өзге халықтардың өкілдерін топтастыра отырып, мықты саяси ұлт ретінде мемлекетімізді мәңгілік елге айналдыру бағдарламасын жүзеге асыруда нәрлі тамыр қызметін атқаратыны кәміл.

Бұл орайда автономдық Алаш (Қазақ) Ордасының бірінші әм соңғы жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейханов-

тын өмір жолын біліп жүрудің де мол рухани азық беретіні анық.

Біз оның 20-шы ғасыр басында заманауи өркениетке сайтып, дамыған ұлт-азаттық қозғалыс басында өткерген жолына шамалы шолу жасадық. Кенес өкіметі оны мемлекеттік құрылыш ісіне араластырмады, қазак елінен оқшаулап, Мәскеуде ұсталды. Сонда да Бекейханов өзінің білім-білігін қайткенде ел қызметіне қою жолынан айнаған жоқ.

1923 жылы өзінен ақыл сұрап хат жазған жас қайраткер Дінше Әділұлына Әлихан Нұрмұхамедұлы: «...Не балаларға сабак беріп, не журналға, газетке мақала жазып Алашқа қызмет қылмасақ, не қазак тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөлеулі мой!» – деп жауап берген еді. Өзіне шектеулі, аз ғана мүмкіндік қалдырылған жолда ол, өзінің осы ақыл-кеңесіне сәйкес, халқына мейлінше пайдалы болуға тырысты.

Мәскеуде 1922 жылы Нәзір Төреқұлов іргесін қалап, басқарып тұрған Орталық Шығыс баспасында (1924 жылдан оған Орталық Батыс баспасы біріктіріліп, КСРО халықтарының Орталық баспасы атанған) қазак бөлімінің менгерушісі болды. Маркс, Ленин шығармаларын, марксистік әдебиеттерді, орыс классиктерінің әдеби шығармаларын қазак тіліне аударумен шұғылданды, қазак ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеді, ғылыммен айналысты, баспа ішінен ашылған «Темірқазық» журналына шаруашылық, оку-білім мәселелері бойынша мақалалар жариялады. Мәскеудегі орталық комиссариаттар мен ғылыми мекемелер қызметкерлеріне сұрауларына орай Қазақстанның экономикасы жөнінде кеңестер беріп тұрды. Өзі де Қазақ республикасына ғылыми экспедилялармен келіп жүрді.

Бірақ сол кезгі большевиктік солақай саясат оның тұған еліне толық мәнінде қызмет етуіне мүмкіндік бермеді. Ақыры, 1937 жылы өріс алған «Үлкен террордың» құрбаны етті...

## ЖАНША ДОСМҰХАМЕДОВ

*Белгілі де белгісіз Жаһанишан Досмұхамедов • Алғашқы Қазақ Автономиясының көрнекіті қайраткері • Тагы да Алаштың аймақтық үкімет басшысы жайында • Жаһанишан әлі толық танылған жоқ*

### **1. Белгілі де белгісіз Жаһанишан Досмұхамедов**

Биылғы Жалпыұлттық келісім және жазықсыз құғын-сұргын құрбандарын еске алу жылына орай Алаш автономиясының аса ірі қайраткерлерінің бірі Жанша (Жаһанишан, Жаһанишан) Досмұхамедов рухына да тағым ету ләзім. Ол – өмірі мен қызметіне мұқият зер салып, «Алашорда» Халық кеңесінің сайланғанына 80 жыл толуына дәп келіп отырған мерейтойын – дүниеге келуінің 110 жылдығын арнайы атап өтуге әбден лайық тұлға. Жаншаның саяси құрсауы қатты кеңес өкіметі тұсында жасалған көркем бейнесін алғаш рет Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романынан білгенбіз. Бертінде оған зерттеушілер ашық назар аудара бастаған, осы жолдар авторы да өзінің «Бақытжан Қаратаев» атты тарихи-деректі романына оның қызметінің бір кезеңін арқау етті. Эйтсе де бізге ол туралы көп нәрсе беймәлім еді. Жакында Ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің жәрдемімен біраз жәйтке қанықтық та, қайраткердің біршама толықтырылған өміrbаянын оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Жанша Досмұхамедұлы 1887 жылы патша кезіндегі Орал округінде, Жымпиты ауданында, шаруасы орташа малшы шаңырағында туған. 1910 жылы Мәскеу университетінің заң факультетін бітіріп келген жоғары білімді жас маман губер-

нияның Орал облыстық басқармасында қызмет атқаруға тиіс еді, алайда оны губернатор бұл хұқығынан айырды. Өйткені Жанша ішкі Ресейден қазак жеріне шаруаларды жүйесіз қоныс аудартуға қарсылық білдіріп, «Уральский листок» газетіне бірнеше мақала шығарған болатын. Осы жылды ол өзінің қоғамдық-саяси қызметінің алгаш рет жұртшылық назарын аударған кезеңі ретінде санады.

Ол Сібірге кетті, сонда ақпан революциясына дейін, сот мекемелерінде қызмет аткарды. Том округтік соты прокурорының орынбасары лауазымына шейін өсті. Монархия құлаған соң, Каин уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланады. Одан бір айдай уақыт өте, қазак революциялық ұйымдарынан шақыру алыш, Орал қаласына қайтады.

1917 жылғы 19 көкекте Орал облысының барлық болжыстарынан сайланып келген 800 делегаттың қатысуымен Орал қаласының цирк үйінде ашылып, төрт күн бойы өткен бірінші облыстық қазақы съездің төрағасы Жаһанша Досмұхамедұлы болды. Оның ұсынуымен съезд алғашқы күні мемлекеттік басқарудың түрі туралы және уақытша үкімет пен соғысқа көзқарасты айқындау жайында мәселелер қарайды.

Съезде: «Монархизм – демократияны құлдықта ұстаудың символы, бір халықты екіншісіне айдал салудын қайнар көзі – мәңгі жойылуға тиіс», – деген тұжырым түйінделеді. Делегаттар: «Қазақ халқы демократиялық Республика идеясын қолдайды, ұлттық-территориялық федерация туралы мәселені әзірге ашық қалдырады», – деген шешімге келеді. Сонын: «...қазақ халқы соғыстан басқа халықтармен бірдей зардап шегуде, оның ұлдары да отан қорғау үшін шақырып алышын; ...қазақ халқы бастан кешіп отырған ауыр экономикалық жағдайға қарамастан, съезд мынаны мойындайды: құллі әлем тыныштығына қауіп төндіріп тұрған герман милитаризмі жойылғанға шейін соғысу қажет; жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі жария өткен жоғары адамгершілікті принципте, яғни аннекциясыз, контрибуциясыз бітім

жасалуға тиіс, алайда бұл бітім қиратылған елдердің тәуелсіздігін қайта қалпына келтіру, ұсақ халықтарға өз тағдырын өзі айқындау хұқығын беру және артынша барша мемлекеттердің карусыздандынын ескеріп жасалуға керек», «қызметі жария етілген бағдарламасын жүзеге асыруға және демократия мұддесін корғауға бағытталып тұрған шақта – уақытша үкіметке жан-жакты жәрдем көрсетілсін», – деген қараплар қабылдайды.

Қалған күндері съезд ішкі тыныс-тіршіліктің ағымдағы ахуалы мен болашағын қызу талқылап, маңызды қаулылар алды.

Жанша съезде Орал облыстық қазақ комитетінің төрағасы лауазымына таңдалды, Мәскеуде шакырылған бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайланды. 21–28 шілдеде Орынборда отken алғашқы құлліқазақ съезі Жаншаның Орал облысынан мұсылмандар құрылтайына делегаттығын қуаттап, Киевте отпек федерацияшылдар съезіне де делегат етіп сайлады.

Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде Жанша Досмұхамедұлы бүкілресейлік «Шора-и-Ислам» комитеті төрағасының орынбасары лауазымына сайланды. Одан кейін Жаһаншаһ 1917 жылғы қыркүйекте Уақытша үкіметтің жанынан құрылған Россия республикасының Уақытша кенесі – Предпарламентке мүше болып сайланады, құрылтай жиналышы туралы заң жасау жөніндегі ерекше мәжіліске – комиссия мүшелігіне енгізіледі.

Ол 1917 жылғы қараша айының ортасына дейін Петербургте тұрып, осы қызметтермен шұғылданады. Жанша – қазан төңкерісіне тікелей куә болған, буырқанып-толқыған Петербург оқиғаларын көзben көріп, тікелей түйсінген саясаткер.

Екінші жалпықазақ съезінде (Орынбор, 5–13 желтоқсан 1917 ж.) Жаһаншаһ Алашорда Халық кенесінің мүшесі болып сайланады. Артынша отken Орал облысы қазактарының кезекті съезі оған Алашорда өкіметтің Мәскеудін тануы үшін Халкомкенеспен келіссөз жүргізуді тапсырады да, ол об-

лыстық земство басшылары енген комиссияны бастап, орталық кенес өкіметі ордасына қарай сапарга шыгады.

Мәскеуде Жанша Досмұхамедов Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы Халық комиссарлары кенесіндегі бірқатар басшы қызметкерлерінің қолдауына ие болады. Тиісті орындарда қажетті баяндамалар жасап, тиісті құжаттарды тапсырады, кенес типімен қайта құрылғанға дейін Алашорданың әдеттегі қызметін атқара беретіні жағында келіседі. Жұмысының оң нәтижесі сол, 1918 жылғы 1 көкекте Халкомкенес Жайық сырты земстволарының қызметін жалғастыра беруіне пұрсат еткен қаулы шығарады.

Қайтар жолда, 17 көкекте, Жанша (Джиганша Дос-Мұхамедов) делегацияны бөгеген Саратов совдепінің атқару комитеті мәжілісінде бірнеше мәрте сөйлеп, Алашорданың кенес жолына ауыстырылуының жобасын баян қылады. Орал облысы қазактарына, земстволық және қоғамдық үйымдарына, лауазымды адамдары мен барлық азаматтарына үндеу мәтінін жариялады. Онда Халкомкенестің қазақ істері жөнінде комиссариат құруға және көп ұзатпай қазақ өлкесінің автономиясы туралы декрет шығаруға келісім бергенін айтып, халықты кенес өкіметіне қарсы ешқандай әрекет жасамауга шақырады.

«Естерінізде болсын, қазак бауырлар, сіздердің ұлттық тағдырларынызды өздерініз айқындауға деген табиги хұқықтарынызды енбекшілердің кенес өкіметі тұнғыш рет ресми түрде мойындалап отыр, орыс пролетариатының осынау саяси тектілік-кеңпейлілдігін бағалай білініздер. Құлліқазактық «Алашорда» Халық Кеңесінің мүшесі Дос-Мұхамедов», – деп аяқтайды ол үндеуін...

Орал қаласына келген соң оны казактардың Әскери үкіметі тұтқынға алады. Себеп – Жаншаның кенес өкіметімен қарым-қатынас орнатып қайтқанында-ды. Алайда, ұзамай, Мәскеудің тек таптық негізде құрылған автономияларды танитыны Сталиннің баспасөзде басылған хаты арқылы мәлім

болып, кімнін кім екенін нұқсан көрсеткендіктен, Жанша Досмұхамедұлы тұтыннан босатылады.

Досмұхамедов серіктерімен Жымпityға кетеді. Сонда кезекті облыстық съезді шақырады. 1918 жылғы 18–24 мамырда өткен Орал казактарының Жымпityдағы съезі өзіндік Республика – Ойыл уәлаятын құрды. Уәлаятқа бес уезд енді: бұрынғы Орал үйеziнін орнына Шынғырлау, бұрынғы Ілбішіннің орнына Жымпity, бұрынғы Гурьевтің орнына Сагыз, жаңадан Темір және Ойыл үйеziдері құрылып, уәлаят үкіметінің каулы-каарларына сәйкес, жұмыска кірісті. Орыс офицерлерінің оқытуымен жігіттер әскери өнерге жатыктырыла бастады. Ойыл уәлаяты үкіметінің терағасы ретінде Жаһанша қалық милициясын құру, әскери мектеп ашу, салық жинау жұмыстарын уәлаяттың басқару құрытымын ретке келтірумен катар колға алды.

1918 жылғы қыркүйектін 11-інде көктемде түзілген Ойыл уәлаяты негізінде Алашорданың Батыс бөлімшесі құрылды. Бұған себеп болған – соғыс жағдайы. Алашорданың орталық үкіметімен жедел байланыстын нашарлауы. Алаш автономиясының жалпак территориясын басқаруды жетілдіру мүддесі еді. Жанша мен онын серіктері Халық кенесі алдына бұл мәселені табанды түрде койып, төтенше жағдайларда немесе хабарласу мүмкіндігі болмай қалған кездерде Бөлімшениң Орталық Алашорда құқығын пайдалана алатынына дейінгі пұрсат берілген шешімге кол жеткізеді.

Бұл тарихи құжат алаш кайраткерлерінің Бұқілроссиялық құрылтайшы жиналыска мүше ретінде Уфаға барып, сонда өткен мемлекеттік мәжіліске катысқан уақыттарында кабылданған болатын. Алашорданың Батыс бөлімшесіне Ойыл уәлаяты, Бөкей ордасы, Каспий сырты облысының Манғыстау үйеzi, Торғай облысының Актөбе және Қазак үйеziдері каратылды.

1919 жылдың сонына карай Батыс Алашорда мен кенес өкіметі арасында келіссөздер жүргізіледі. Желтоксан айында актардың Елек корпусын талқандап, биік шенді басшыла-

рын тұтқындау арқылы Жаһанша Досмұхамедұлы басқарған Батыс Алаш-Орда үкіметі құллі билік құрылымы, әскери жағымен бірге кеңес өкіметі жағынан ашықтан ашық шығады.

1920 жылғы 11 қаңтарда Қазревком мен 1-ші армия ревәскеркеңесінің өкілдері қатысқан Алашорда Батыс бөлімшесінің мәжілісінде Алашорда мен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің бірігіп-қосылатыны туралы шешім қабылданады.

«1920 жылдың ақпан айының сонында Алашорда Батыс бөлімшесінің мүшелерімен бірге, Кирревкомның жазбаша ұсынысы бойынша Орынборга келдім, – деп жазады Жанша 1930 жылды өзінің ОГПУ тергеушісіне берген көрсетуінде. – Бізді Кирревком құрамына енгізілесіздер деп хабарлаған еді. Алайда, Орынборга келген соң, Кирревкомда, бізді телеграфпен ВЦИК Москвага шақыртып жатқанын айтты».

Наурызыдың 20-сына қарай олар Мәскеуге жетеді. Мұнда Досмұхамедұлы серіктерімен бірге Алашорда қызметі жайында баяндама жазып, бір-бір данасын «тікелей Ленин, Сталин, Троцкий жолдастарға» тапсырады. «Осыдан кейін, 3 шілдеде, ВЦИК біздер – алашордашылар жөнінде № 18 қаулы шығарды, онда біздердің Алашордадағы бұрынғы жұмысымыз үшін ешқандай қуғын-сүргінге түсірілмейтініміз және бізге кез келген кеңес, тіпті партия жұмысын істеуге мүмкіндік берілетіні туралы айтылды»...

Жанша Досмұхамедов кеңес мекемелеріндегі қызметін Мәскеуде Главтекстил инспекторы болып бастады. Осы орыннан 1920 жылғы кыркүйектің сонында Түркеспублика Орталық халық шаруашылығы кеңесінің бөлімін басқаруға жіберіледі. Қазанның ортасынан кірісken бұл жұмысында бір айдай істегеннен соң Түркеспубликаның Орталық Атқару Комитетінің қазақ бөлімінің хатшылығына тағайындалады. Одан кейін әділет халық комиссариатының кеңесшісі, юристік курсардың оқытушысы, халық комиссарлары кеңесінің заң шығару комиссиясының мүшесі, Орта Азия

ауыл шаруашылығы банкінің юрисконсульті болып, 1927 жылға дейін Ташкентте тұрады.

Озі қызмет атқарып жүрген үкімет мекемелерімен бірге 1927 жылдың қараша айында Қызылордаға, одан, астана-ның ауысына орай Алматыға көшеді. 1930 жылғы ақпанда Мәскеуге ауысып, «Скотовод» басқармасында экономист болып істейді. Сол жылы құзде, алдағы қысқа әзірлік мәселе-сіне байланысты Қызылордаға командировкаға келгенінде, тұтқынға алынады. Ол жолы жер аударылып, ал «үлкен тер-рор» кезінде мұлдем жоқ етіледі.

Үлкен қайраткердің қысқаша өмір жолы осындай...

7 мамыр 1997 ж.

## *2. Тұңғыш Қазақ Автономиясының көрнекті қайраткері*

Патша үкіметі тұсында білім алғып, империяның құқық корғау органдарында жемісті қызмет істеген қазақ зангерлерінің бірі Жанша (Жаһанша, Жиһанша, Жаһаншах) Досмұхамедұлы Досмұхамедов болатын. Ол 1917 жылы жария болған Алаш автономиясының да аса ірі қайраткерлерінің бірі әрі бірегейі болған еді.

Саяси құрсауы қатты кенес өкіметі тұсында Жанша Досмұхамедовтің идеологиялық бұрмалаулар салдарынан сынаржактау сомдалған көркем бейнесімен алғаш рет Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романында танысқанбыз. Бертінде зерттеушілер оның өмірі мен қызметіне ашық на-зар аудара бастады, бұл іске 80-ші жылдар ортасында осы жолдар авторы да атсалысты, сөйтіп өзінің революция жылдарын арқау еткен тарихи миниатюрасына оның қызметінің бір кезеңін арқау етті. Тарихта елеулі із қалдырған осынау көрнекті азамат жайында түрлі зерттеулер, энциклопе-диялық мақалалар жазылып келеді. Әйтсе де ол туралы коп нәрсе жүргіштілікка әлі де беймәлім.

«Менің қоғамдық-саяси қызметім тұнғыш рет 1910 жылы көрініс талты, – деп жазыпты Жаһаншаһ Досмұхамедұлы 1930 жылы ОГПУ тергеушісіне берген көрсетілімінде өз қолымен, – мен университет бітіргеннен соң Орал болысина келіп, Орал қаласында орыс тілінде жарық көріп тұрған «Уральский листок» («Орал паракшасы») газетіне қазіргі Қазақстан аумағына ішкі Ресейден шаруаларды жүйесіз көшіріп әкеліп қоныстандыруға қарсы бірнеше мақала шыгарған болатынын. Осы мақалаларым үшін мені Орал губернаторы облыстық басқармада стипендиямен қызмет ету құқымнан айырды».

Бұл кезде Жанша Досмұхамедұлы саяси көзқарасын империя астанасындағы қоғамдық белсенділігі зор мазасызды білімкүмар студенттік шақ қалыптастырған, туған еліне қызмет етуге құлшынған жиырма үш жасар жас зангертаман еді. Шаруасы орташа малши шаңырағында туып-өсқен бала әуелі Бұлдыртыда ауыл молдасынан мұсылманды сауат ашып, одан Жымпіты қалашығындағы орыс-казак мектебі мен Орал реальды училищесінде білім алған-ды. Оқуға қабілеттілігімен көзге түскен. Сондықтан да жоғары мектепте облыстық басқарма қаржысымен оқу құрметіне ие болса керек.

Ол Сібірге кетті, сондағы сот мекемелерінде ақпан революциясына дейін қызмет атқарды. Адвокат болып, өзінің кәсіби іскерлігімен, адалдығымен, әділдігімен, шешендігімен көзге түсті. Сот қараған әлденеше қын істе қорғаушы ретінде женіске жетіп, азаматтарға құқықтық жәрдем берудегі біліктілігімен беделі артты. 1914 жылы Том округтік соты Каин участкесі прокурорының жолдасы (орынбасары) лауазымына тағайындалды. Әмірлік серігі болған Ольга (Янга) Константиновна Коллоссовскаямен осында бас қосты. (Балдызы Надежда 1922 жылы көктемде Түркістан Республикасы Халқомкеңесінің төрағасы Тұrap Рысқұловқа тұрмысқа шыққан.) Осында ақпан революциясын қарсы алып, буырқанған қоғамдық әмір толқынына қызу қойып кетті. Каин үйезі халқының монархия құлағаннан соңғы бостан-

дық арайында ұрандатқан жиналыстарының бел ортасында жүрді. Жұмысшы және солдат депутаттары құрған үйездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды.

Алайда Досмұхамедұлына туган елі де мұктаж еді. Патшаның тақтан құлауына орай туган саяси мүмкіндіктерді халық мұддесіне бұра алатын саналы да зерделі азаматтар катарында оны да жүртты іздейтін. Каин үйезатком төрағасының орынбасары лауазымымен бір айдай уақыт істер-істеместен, Жанша қазақ революциялық ұйымдарынан шакыру алды да, ойланbastan жолға жиналды. Ол сәуірдің ортасына қарай Орал қаласына оралды.

Орал облысының барлық болыстарынан сайланып келген 800 делегаттың қатысуымен 1917 жылғы 19 сәуірде Орал қаласының цирк үйінде қазақ құрылтайы ашылды. Халық өкілдері, қолайлы саяси ахуал шабыттандырған ерекше көтерінкі көңіл-күймен, төрт күн бойы мәжіліс құрды. Сол бірінші облыстық қазақ съезінің төрағалығына бір ауыздан Жаһанша Досмұхамедұлы сайланған-ды.

Құрылтай Төрағасы Жанша Досмұхамедұлының ұсынуымен съезд алғашқы күні мемлекеттік басқарудың түрі туралы және уақытша үкімет пен соғысқа көзқарасты айқындау жайында мәселелер қарады.

Талқылау нәтижесін қорыта келе, қазақ құрылтайы монархизмді демократияны құлдықта ұстаудың символы, бір халықты екіншісіне айдап салудың қайнар көзі ретінде атап, оны мәнгілікке жойылуға тиіс деп тапты. Қазақ халқының демократиялық Республика идеясын қолдайтынын шегелеп айтты.

Ұлттық-территориялық федерация туралы мәселені алдағы уақыттарда өкілетті жиналыстарда қаралуға тиіс мәселе ретінде ашық қалдырды.

Қазақ халқының жүріп жатқан жаһандық соғыстан басқа халықтармен бірдей зардап шегуде екенін, оның ұлдарының да отан қорғау үшін шақырып алынғанын айта отырып, съезд бастан кешулі ауыр экономикалық жағдайға кара-

мастан, күллі әлемнің тыныштығына қауіп төндіріп тұрган герман милитаризмі жойылғанға шейін соғысу қажеттігін мойындады.

Съезд жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі жария еткен жоғары адамгершілікті принципте, яғни аннекциясыз, контрибуциясыз бітім жасалуға тиіс деп есептеді. Алайда бұл бітім талқандалған елдердің тәуелсіздігін қайта қалпына келтіруді, ұсақ халықтарға өз тағдырын өзі айқындау құқын беруді және артынша барша мемлекеттердің қарузыздануын ескеріп жасалуға керек деп пысықталды. Солармен қатар, орталықтағы билікті қолдан, «жария етілген бағдарламасын жүзеге асыруға және демократия мұддесін қорғауға қызметі бағытталып тұрган шакта – уақытша үкіметке жан-жақты жәрдем көрсетілсін» деген қарар да қабылданды.

Бұдан кейін съезде ел ішіндегі тыныс-тіршіліктің ағымдағы ахуалы мен болашағы қызу талқыға түсті. Маңызды қаулылар алынды. Орал облыстық қазак атқару комитеті құрылды. Атком төрағалығына Жаһаншаһ Досмұхамедұлы сайланды. Ол сондай-ақ Мәскеуде өтпек бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайланды. 21–28 шілдеде Орынбор-дагы алғашқы күлліқазак съезі Жаншаның Орал облысынан мұсылмандар құрылтайына делегаттығын қуаттап, оны Киевте өтпек федерацияшылдар съезіне де делегат етіп сайлады.

1917 жылғы мамырда өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезі Жанша Досмұхамедұлын Бүкілресейлік «Шора-и-Ислам» комитеті (исполком мусульманской организации – Икомус) төрағасының орынбасары лауазымына сайлады. Одан кейін Жаһаншаһ Уақытша үкіметтің жанынан 1917 жылғы қыркүйекте құрылған Россия Республикасының Уақытша кеңесіне (Предпарламентке) мүше болып сайланады, онда құрылтайши жиналыс туралы заң жасау жөніндегі ерекше мәжіліске – комиссия мүшелігіне енгізіледі. Ол 1917 жылғы жаздан қараша айының ортасына дейін Петербургте тұрып, осы қызметтермен шұғылданады. Жанша – большевиктердің

қазан төңкөрісіне тікелей куә болған, бұырқанып-толқыған Петербург оқиғаларын көзбен көріп, тікелей түйсінген саясаткер.

Екінші жалпықазақ съезінде (Орынбор, 1917 жылғы 5–13 желтоқсан) Жаһаншаш «Алаш-Орда» Халық кеңесінің, яғни Алаш (Қазақ) автономиясы Үкіметінің (Алаштың Ордасының) мүшесі болып сайланды. Үкімет тұрақты жұмыс істемекке орнығу үшін құрылтай шешіміне сәйкес Алаш қаласына (Семей) көшетін болды. 1918 жылдың қаңтарында Орынборды қызылдар басып алды, ал ақпанда өткен Орал облысы қазақтарының екінші съезі Жаһаншашқа Алаш автономиясын Мәскеудің тануы үшін Халкомкеңеспен келіссөз жүргізуді тапсырды. Сондай себеппен ол құрамына Орал облыстық земство басшылары енген делегацияны бастап, орталық кеңес өкіметі ордасына қарай сапарға шықты.

Мәскеуде Жанша Досмұхамедұлы Кеңестік Ресей Халық Комиссарлары Кеңесіндегі бірқатар басшы қызметкерлерінің қолдауына ие болды. Халкомкеңесте қажетті баян-дамалар жасап, тиісті құжаттарды тапсырды, кеңес типімен қайта құрылғанға дейін Алаш-Орданың әдеттегі қызметін атқара беретіні жайында келісімге қол жеткізді. 1918 жылғы 1 көкекте Халкомкеңес Жайық сырты земстволарының өз қызметін жалғастыра беруіне пұрсат еткен қаулы шығарады. Делегацияға қазақ басқару органдарының мұқтажына жұмсаулары үшін кеңес өкіметі қөлемді қаржы бөледі.

Қайтар жолда, 1918 жылғы 17 көкекте, оларды Саратов большевиктері тоқтатып, тұтқындаған болады, сапарларының мән-мақсатына құдік келтіреді. Сонда Жаһанша (Джиганша Дос-Мухамедов) совдептің атқару комитеті мәжілісінде бірнеше мәрте сөйлеп, өздерінің Халкомкеңеске барған миссияларының мән-жайын, онда атқарған жұмыстарын, Алаш-Орданың кеңес жолына қалай ауыстырылатын, оның жобасын баян қылады. Орал облысының қазақтарына, земстволық және қоғамдық үйымдарына, лауазымды адамдары мен барлық азаматтарына үндеу мәтінін жазып, саратовтық

большевиктерге таныстырады, үндеуді солардың көмегімен баспаханада бастыртады, оны актар қоластындағы жерлерге ұшакпен жеткізіп, аспаннан таstatуға келіседі.

Үндеуде Жаһаншаһ Ресей большевиктік үкіметтің (хал-комкеңестің) қазақ істері жөнінде комиссариат құруға, көп ұзатпай қазақ өлкесінің автономиясы туралы декрет шығаруға келісім бергенін айтып, халықты кенес өкіметіне қарсы ешқандай әрекет жасамауға шақырады. Ол үндеуін: «Естерінізде болсын, қазақ бауырлар, сіздердің ұлттық тағдырларыныңды өздерініз айқындауға деген табиғи құқықтарыныңды тұңғыш рет енбекшілердің кенес өкіметі реcми түрде мойындал отыр, орыс пролетариатының осынау саяси тектілік-кенпейілдігін бағалай білініздер. Құлліқазақтық «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің мүшесі Дос-Мұхамедов», – деп аяқтайды...

Орал қаласына келген соң делегацияны ақ казактардың Әскери үкіметі тұтқынға алады. Себеп Жаншаның кенес өкіметімен қарым-қатынас орнатып қайтқанында-ды. Алайда, ұзамай, Сталиннің «Правда» газетінде басылған хаты арқылы, Мәскеудің тек таптық негізде құрылған автономияларды танитыны мәлім болады. Онда кімнің кім екені нұскап көрсетілгендейтін, яғни кенес үкіметі атынан Сталин «ұлт буржуазияларының жергілікті кенес билігін мойындармай, кіндік өкіметпен тікелей байланыс жасау арқылы еңбекші халықты езгіде ұстағылары келетінін» «әшкерелегендіктен», Жанша Досмұхамедұлы тұтқыннан босатылады.

Ол үзенгілестерімен Жымпityғa кетеді. Сонда Орал қазактарының кезекті облыстық съезін өткізеді. 1918 жылғы 18–24 мамырда өткен Жымпityдағы съезд Ойыл уәлаятын – өзіндік Республиканы құрды. Уәлаятқа бес үйезд енді: бұрынғы Орал үйezінің орнына Шыңғырау, бұрынғы Ілбішіннің орнына Жымпity, бұрынғы Гурьевтің орнына Сағыз, жаңадан Темір және Ойыл үйezдері құрылып, уәлаят үкіметінің қаулы-қарапларына сәйкес, жұмысқа кірісті. Орыс офицерлерінің оқытуымен жігіттер әскери

өнерге жаттықтырыла бастады. Жаһаншаш Ойыл уәлаяты үкіметінің төрағасы ретінде халық милициясын құру, әскери мектеп ашу, салық жинау жұмыстарын уәлаяттың басқару құрылымын реткө келтірумен қатар қолға алды.

Ойыл уәлаяты негізінде 1918 жылғы қыркүйектің 11-інде Алаш-Орданың Батыс бөлімшесі құрылды. Бұған себеп болған жэйт – соғыс жағдайы, Алаштың орталық Ордасымен (Үкіметімен) жедел байланыстың нашарлауы, ең бастысы, Алаш автономиясының жалпақ терриориясын басқаруды жетілдіру мүддесі еді.

Жанша мен оның серіктері Халық кенесі мүшелері алдына бұл мәселені табанды түрде қойып, төтенше жағдайларда немесе хабарласу мүмкіндігі болмай қалған кездерде Бөлімшениң Орталық Алаш-Орда құқтарын пайдалана алатынына дейінгі пұрсат берілген шешімге қол жеткізеді. Бұл құжат алаш қайраткерлерінің Бүкілrossиялық үйису (құрылтайшылық) жиналысына мүше ретінде Уфаға барғандарында, сонда өткен мемлекеттік мәжіліске қатысқан уақыттарында қабылданған болатын.

Алаш-Орданың Батыс Бөлімшесіне Ойыл уәлаяты, Бекей ордасы, Каспий сырты облысының Маңғыстау үйезі, Торғай облысының Ақтөбе және Қазақ үйezдері қаратылды.

Содан, Алаш-Орданың Батыс Бөлімшесі бір жылдан астам уақыт бойы дербес мемлекеттік тыныс-тіршілігін жүргізе береді.

Бұл кезде кенес өкіметінің Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанында Қазақ бөлімшесі ашылып, біраз уақыт Ордада жұмыс істеді. Одан қазақтың кеңестік автономиясын дайындау мақсатымен арнайы комитет құрылды. 1919 жылдың соңына қарай Жанша Досмұхамедұлы басқарған Батыс Алаш-Орда мен кенес өкіметі құрған осы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеті арасында келіссөздер жүргізіледі.

Ақыры, екі арада жасалған уағдаластық бойынша, Батыс Алаш-Орда әскерлері желтоқсан айында ақтардың Елек

корпусын талқандайды да, батыс-қазақ үкіметі ашықтан ашиқ күллі билік құрылымы, әскери жасағымен бірге кеңес өкіметі жағына шығады.

1920 жылғы 11 қантарда Қазревком мен I-армия ревәскер-кеңесінің өкілдері қатысқан Алашорда Батыс бөлімшесінің мәжілісінде Алашорда мен Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің бірігіп-қосылатыны туралы шешім қабылданады. Бірақ ол, большевизмің негізгі каруларының бірі – өтірік уәдемен алдауы салдарынан, іс жүзінде орындалмайды.

«1920 жылдың ақпан айының сонында Алашорда Батыс бөлімшесінің мүшелерімен бірге, Кирревкомның жазбаша ұсынысы бойынша Орынборға келдім, – деп жазды Жанша 1930 жылы. – Бізді Кирревком құрамына енгізілесіздер деп хабарлаған еді. Алайда, Орынборға келген соң, Кирревкомда, бізді телеграфпен ВЦИК Москвага шақыртып жатқанын айтты». Батысалашордалықтарға көну гана қалған. Наурыздың 20-сына қарай олар Мәскеуге жетеді. Мұнда Досмұхамедұлы серіктерімен бірге Алашорда қызметі жайында баяндама жазып, бір-бір данасын «тікелей Ленин, Сталин, Троцкий жолдастарға» тапсырады. «Осыдан кейін, 3 шілдеде, ВЦИК біздер – алашордашылар жөнінде № 18 қаулы шығарды, – дейді ол, – онда біздердің Алашорда дағы бұрынғы жұмысымыз үшін ешқандай қуғын-сүргінге түсірілмейтініміз және бізге кез келген кеңес, тіпті партия жұмысын істеуге мүмкіндік берілеттіні туралы айтылды»...

Жанша Досмұхамедов кеңес мекемелеріндегі қызметін Мәскеуде Главтекстил (тоқыма өндірісі бас басқармасы) инспекторы болып бастады. Осы орыннан 1920 жылғы қыркүйектің сонында Түркістан Республикасы Орталық халық шаруашылығы кеңесінің бөлімін басқаруға жіберіледі. Қазанның ортасынан кірісken бұл жұмысында бір айдай істеғеннен соң Түркеспублика аткомының қазақ бөлімінің хатшылығына тағайындалады. Одан кейін әділет халық комиссариатының кеңесшісі, юристік курсардың оқытушысы, халық комиссарлары кеңесінің заң шығару комис-

сиясының мүшесі, Орта Азия ауыл шаруашылығы банкінің юристконсультті болып, 1927 жылға дейін Ташкентте тұрады. Өзі қызмет атқарып жүрген үкімет мекемелерімен бірге 1927 жылдың қараша айында Қызылордаға, одан, астананың ауысуына орай Алматыға көшеді.

Бұрынғы алаш қайраткерлерін 1928 жылдың соңынан бастап 1929 жылдың ортасына қарай бірінен соң бірін абақтыға жауып, жауапқа тарта бастаған науқаннан шошынғаннан Досмұхамедұлы 1930 жылғы ақпанды Мәскеуге ауысып, «Скотовод» («Малшы») басқармасында экономист болып істейді.

Алайда, бәрібір, қазақстандық чекистер құрган торға тұтылады: сол жылы құзде, алдағы қысқа әзірлік мәселесіне байланысты Қызылордаға іссапармен келгенінде, тұтқынға алынады.

Зангер Жанша жасанды айып тағумен айналысқан құпия полициядан заңсыздықпен жасалған қылыштық қысым көреді. Ол жолы бес жылға Воронежге жер аударылады. Оны өтеп оралғаннан кейін екі-үш жыл өткенде, әйгілі «үлкен террор» кезінде, Мәскеудегі пәтерінде ауырып жатқан жерінен тағы да тұтқынға алынып, ұзамай атып тасталады.

Үлкен қайраткердің басқаруымен республикалық режимде екі жылдай дербес өмір сүріп тұрған Ойыл уәлаяты үкіметінің (Батыс Алаш-Орда бөлімшесінің) тарихи қызметі де, оның өзінің ғылыми-публицистикалық мұрасы да әлі күнгі өз зерттеушісін тосуда.

31 желтоқсан 2000 ж.

### *3. Тағы да Алаштың аймақтық үкімет басшысы жайында*

Биыл Қазақия-Ананың қастерлі әм таңдаулы күліктегерінің бірі Жаһаншаш Досмұхамедовтің дүниеге келгеніне 125 жыл толады. Ол патша өкіметі тұсында бұратанадан шығып, Россия империясы округінің орынбасар-прокуроры (прокуроры-

ның жолдасы) дәрежесіне дейін көтерілді. Тиісінше – юстиция (әділет) генералы мәртебесіне жетті. Уақытша үкімет тұсында шақырылған Бүкілрессей мұсылман съезінде мұсылмандар одағы атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымына сайланды. Ресей Республикасы Уақытша қенесінің – Предпарламентінің мүшесі болды. Большевизм тоңкерісінен кейін өткен Екінші Жалпықазақ съезінде «Алаш-Орда» Халық Қенесінің мүшесі, Орал облысы қазактарының Үшінші съезінде «Ойыл уәлаяты» үкіметінің (кейінірек – Батыс Алаш-Орданың) төрағасы лауазымдарына сайланды.

Сонымен, Жаһаншаһ Досмұхамедов Екінші Жалпықазақ съезінің шешімдері сол кезгі шиеленіскең саяси ахуалга байланысты жүзеге асырыла алмай тұрган уақытта – 1918 жылғы мамырда қазақ елінің бір пүшпағында тұнғыш шаңырақ көтерген бірінші тәуелсіз аймақтық ұлт мемлекеті үкіметінің басшысы болды.

Республикалық режимде жұмыс аткарған аталған автономиялық дербес құрылым (1918 жылғы қыркүйектен – «Алаш-Орданың» Батыс бөлімшесі, Батыс Алаш-Орда) Жанша Досмұхамедұлы Досмұхамедовтың басқаруымен еki жылдай өмір сүрді.

1920 жылы Батыс Алаш-Орда барлық мемлекеттік мекемелері, үйездердегі басқару құрылымдары, қаржы-каражаты, мұлкі, қару-жарагы, халық әскерінің толық құрамымен большевиктердің қоластына өтті.

Бірақ Алаш-Орда Батыс бөлімшесінің басшылығына қатысты келіссөздерде қорытылған уәде совет өкіметі тарапынан орындалмады. Үкімет басы Жаһаншаһ Досмұхамедовке мүмкіндігі мен беделіне сай қызмет берілмеді. Ол түрлі салалық мекемелерде қатардағы қызметкер болып істеді. Сөйтіп жүріп, репрессия құрығына еki мәрте – 1930 және 1938 жылдары ілікті.

Оның ОГПУ мен НКВД тергеушілеріне берген көрсетулерінен ұлттық қозғалыс тарихын және оған тығыз байланысты өрбіген өз ғұмырының белестерін көреміз. (Біз

олардың бірқатарын бұдан бұрынғы жұмыстарымызда пайдаланғанбыз.)

Жанша Орал облысының Жымпіты ауданындағы З-ші ауылда (қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының Бұлдырты ауылында) малшы отбасында 1887 жылы туған. Жоғары білімді заңгер. Ол өзінің қоғамдық-саяси қызметінің тұнғыш рет көвшілік көзіне ілігіп басталған уақытын тергеудерде 1910 жыл деп көрсетті.

«Мен бұл жылы университет бітіріп Орал облысына келген сон, Орал қаласында орыс тілінде шығып тұрған «Уральский листок» газетінде бірнеше макала жарияладым. Бұл макалаларымда мен ішкі Россиядан қазіргі Қазақстанның аумағына шаруаларды жүйесіз көшіріп қоныстандыруға қарсы шыққан едім, – деді ол 1930 жылғы көрсетуінде. – Осы макалалар үшін мені Орал губернаторы облыстық басқармада стипендиямен қызмет істеу хұқымнан айырды».

Содан Жанша Досмұхамедов судьялауазымына кандидат ретінде Орал округтік сотында істеді. Мұнда біраз уақыт басбұзарлық бөлімшеде және негізінен ұсақ басбұзарлық істер мен азаматтық істерді карайтын мировой судьяның көмекшісі міндеттерін атқарып жүрді.

Жанша тергеушіге: «Одан кейінгі жылдары мен Сібірдегі сот органдары желісінде ақпан революциясына дейін істедім», – деп көрсетті.

Ондағы лауазымды қызметтеріне, әділет генералы дәрежесіне дейін есіп атқарған істеріне бұл көрсетілімінде тоқталмайды. Одан кейінгі берген жауаптарынан мәлім: 1912 жылдың жазында Жанша Омбы сот палатасындағы лауазымға ага кандидат етіп ауыстырылды. Сол жерден Барнаул үйеziнің оныншы участкесінің мировой судясы міндеттерін аткаруға жіберілді.

1913 жылы тап сондай мировой судья лауазымымен Змеиногор үйеziнің бірінші участкесіне ауыстырылды. Сол жылдың күзінде Барнаул қаласына шакыртып алынды. Мұнда ол біраз уақыт прокуратурада істеді де, 1914 жылғы наурызда

Том округтік соты прокурорының Каин үйеzi бойынша жолдасы (орынбасары) лауазымына тағайындалды.

Жаһанша Досмұхамедов Том округтік соты прокурорының орынбасары қызметінде Сібірге саясат тұрғысынан айдалғандарға, округтің саяси жер ауушылық ахуалына бақылау жүргізді. Осы кезде әділет генералы шеніне жетті.

1930 жылғы да, 1938 жылғы да тергеудегі жауаптарында ол патша тақтан құлағаннан кейін сонда, Сібірде, Каин үйездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланғанын көрсеткен. «Сайланғанымнан бір ай өткенде, мені Орал қаласындағы Қазак революциялық үйымдары шақырып алды», – дейді ол.

Оралда Жанша Досмұхамедұлы жерлестерінің арнайы тапсырысымен облыс қазақтарын басқару құрылымы мен ережесін жазды. 1917 жылғы 19–22 сәуірде өткен облыстық бірінші қазақ съезін басқарды. Осында басқа да манызды шешімдермен қатар, ол жасаған құжат бірауыздан қабылданды. Съезд Орал облысының қазақтар мекендейтін бөлігін басқарудың қалыптасқан бюрократиялық жүйесі «уақыт талабына сәйкес еместігі былай тұрын, жергілікті тұрмыс жағдайына мұлдем жауап бермейді» деп атап өтіп, оны «халықтық алқалы басқармамен ауыстыру қажет» деп тапты. Халықты құрылым буындарына сайланған алқа арқылы басқаруды үйымдастыру Жанша әзірлеген ереже бойынша жүргізіледі деп көзделді. Съезд ереженің әр бабын жеке-жеке талқылай отырып, әуелі ОГПУ, кейін НКВД құрығына ілікken Жанша Досмұхамедұлының 1930 және 1938 жылдарғы тергеулерде көрсеткеніндей, «еш өзгеріссіз» қабылдады. Тиісінше, жергілікті басқару құрылымы белгіленіп, билік жүргізетін тұракты қазақ комитеті сайланды.

Тұтқын тергеудегі көрсетулерінде Орал қазақтарының тұнғыш құрылтайы өзінің төрагалығымен өткенін, съездің қаулылары, қараплары және басқа да шешімдері Мартыненко құрастырған «Алаш-Орда» кітабында басылып шыққанын айтты. Сосын: «Осы съезд өз қаулысымен мені сол шақта

Москва қаласында шақырылған бүкілrossиялық мұсылман съезіне жіберілетін делегаттардың бірі етіп сайлады», – деді.

Бүкілресей мұсылмандарының бірінші съезі 1917 жылғы 1–11 мамырда Мәскеуде жұмыс істеді. «Бұл съезде мен «Шура» бүкілレスейлік мұсылман комитеті (сол кезгі орыс тілінде қолданылған аббревиатура бойынша – Икомус, яғни мұсылман кеңесінің атқару комитеті – Б.К.) төрағасының орынбасары болып сайландым».

Осынау бүкілレスейлік лауазымға сайлану оның бұрынғы империя түркі халықтары арасындағы биік беделінің нәтижесі іспетті еді. Оның беделі Икомуста қызмет аткарған уақыттарында да төмендеген жоқ. Құлліレスей мұсылмандарының Мәскеу съезінен соң «көп ұзамай мені құрылтайшы жиналысқа сайлау өткізу туралы заң жобасын жасау жөніндегі комиссияға енгізді, – деп көрсетті ол ОГПУ тергеушісіне. – Аталған жұмыстарды атқару үшін мен Петербургте 1917 жылғы қарашаның ортасына дейін болды». Жаңа күнтізбемен – қарашаның аяғына дейін.

Большевиктер 25 қазан төңкерісін жасап, ілі-шала Предпарламентті таратқаннан кейін де, Икомус төрағасының орынбасары қызметіндегі лауазыммен Петроградта тағы екінші апта болды...

«Бұдан кейін мен бүкілқазақ съезіне қатыстым, съезд Бекейханов, Байтұрсынов, Дулатов және басқалардың бастамасымен Орынбор қаласында шақырылған еді». Бұл тарихи құрылтайдың 1917 жылғы желтоқсанның 18–26 күндері (ескі календарь бойынша – 5–13 желтоқсанда) өткені белгілі.

Жанша Досмұхамедұлы оған дейін, Питерде тұрганында, шілденің соңғы аптасында өткен алғашқы жалпықазақ съезіне де қатысып келген болатын. Сол алғашқы құрылтай болар қарсанды, бұрынғы империяның болашақ саяси құрылымы және ондағы ұлттардың орны жөнінде пікірсайысқа түскен. Өйткені құлліレスей мұсылмандарының съезінде даулы болған осы бір мәселе астанаға келіп жұмыс істеуге кірісken Икомус отырысында, яғни мамырдағы Мәскеу съезі сай-

лаған мұсылман кеңесінің атқару комитетінде маусымның соңына қарай қайта көтерілген еді.

Еділ бойынан шыққан бірқатар ықпалды қайраткерлер түркі халықтарының империя орнына бой түзейтін жаңа мемлекетте мәдени автономия алуымен шектелу жағында болатын. Жанша Досмұхамедов Мұсаткомның 24 маусымдағы мәжілісінде тағы да, мамырдағы Мәскеу съезінде танытқан көзқарасымен, жаңа мемлекеттік құрылыштың федеративтік сипатта болуын жақтайдынын айтты. Тиісінше, қазақ халқының мемлекеттілігін қалпына келтіріп, өзін-өзі автономиялы түрде басқаруға қол жеткізу ді қазактар үшін құн тәртібіндегі негізгі мәселе деп білетінін мәлімдеді. Егер осынау тағдырылы түйінді шешу жолындағы пікірлері жараспаса, онда еділбойылықтармен олардың айрылышына тұра келеді деді. Сол тұрғыда – шілде айында Қазанда ашылмақ екінші мұсылман съезінің шақырылуын қош көрмеді. Солай мәлімдеме жасады да, жұмысын Қазанда өтпек Күлліресей мұсылмандары съезімен бір қунде – 21 шілдеде Орынборда бастайтын бірінші Бұқілқазақ съезіне қатысуға аттанды.

Шынында, мұсылмандардың Қазанда өткен екінші съезі бірауыздан ішкі Ресей мен Сібір мұсылмандарының ұлттық-мәдени автономиясы туралы декларация кабылдады. Ал Орынбордағы бірінші жалпықазақ съезі толыққанды автономия алу үшін дауыс берді. Сол мақсатқа жетуді қамтамасыз ету мақсатымен қазақ саяси партиясын құруды көзdedі. Мұнда Жаһаншаһтың да үлесі мол еді.

Қазақ елі атынан Орталық мұсылман кеңесіне сайланған (ішінде сол кезде Икомус төрағасының орынбасары лауазымындағы Жанша Досмұхамедов те бар) сегіз азаматқа партияның бағдарламасын жазу тапсырылды. Алайда Жаншадан басқалары Петроградты тұрып жұмыс істеуге келмеді. Ал Мұсатком төрағасының орынбасары жұмысынан қолы тимегендіктен, көзделген бағдарламаны жалғыз жазуды Жанша мүмкін деп таппады. Оның Орынборға жолдаған тиісті хабарынан кейін бағдарлама жобасын Әлихан Бө-

кейханов бастаған топ дайындағы да, 21 қарашада «Қазак» газетіне жариялады. Одан екі апта өткенде екінші жалпықа-зак съезі жұмысын бастады...

Съездің хаттамасы Н. Мартыненко құрастырған 1929 жылғы белгілі жинақта жарияланып, тәуелсіздік жылда-ры қайта басылғандықтан, онда орын алған ахуал бүгінде көпшілікке жақсы таныс. Тергеуде Досмұхамедов өзінің Бө-кейхановпен үнемі пікірлес бола бермегенін, мысалға, қазақ автономиясын жариялау мерзімі жайында көзқарастарының екі жарылғанын, мәселенің делегаттардың аттарын атап да-уыс беруіне дейін барғанын көрсетті. Бұл пікірталас пен оны дауысқа салу корытындысы оқырманға жоғарыда аталаған құжаттар жинағынан мәлім.

Тергеу мәліметтеріне қарағанда, Жанша Досмұхамедов пен оның жағындағылар, орталықтан лықсып келе жатқан анархиядан корғану мақсатында, автономияны шұғыл жария етіп, қазақ әскерін құру керектігін көтерген. Олар Орал облысы, Бөкей ордасы, Торғай облысының Ақтөбе және Үргыз үйездері және Сырдария облысы делегаттары еді.

Ал Әлихан Бөкейханов бастаған екінші тарап, майданнан қашқан солдаттардың қарусыз қазақты қырып тастауы ықти-малдығынан сақтанғандықтан, автономияның жариялануын кейінге қалдыруды көздең. Осындай көзқарастағы қазақ елінің шығыс бөлігі делегаттарына Жетісу өкілдерінің ко-сылуы Бөкейханов жағының женуін қамтамасыз еткен.

Алашорданың жариялы құжаттарынан мәлім – аттарын атап дауыс беру нәтижесі азшылықта қалғанын көрсек-кеніне қарамастан, Жанша Досмұхамедұлы жағындағы-лар көпшілік шешімін мойындағысы келмей, автономияны тездетіп жариялау талабын қойды. Егер автономия шұғыл жарияланбайтын болса, онда олар Түркістан автономиясына қосылуға пейіл екендіктерін мағлұм етті. Нәтижесінде, екі тарапты да ымыраластырған шешім қабылданды...

Екінші Жалпықазақ желтоқсан съезі Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары-

ның, Закаспий облысындағы Ферғана, Самарқан, Амудария бөлімдерінің, Алтай губерниясының іргелес қазақ болыстарының аумақтық-ұлттық автономиясын құруға қаулы алды. Аталған әкімшілік бөліністер орналасқан біртұтас аумақта тегі бір, мәдениеті бір, тарихы мен тілі бір бірыңғай қазақ халқы тұратыны шешімде атап көрсетілді.

«Бұл съездің артынша Орал облысы қазақтарының екінші съезі шақырылды, – деп көрсетті Жанша тергеушіге. – Съезд мені жоғарыда көрсетілген аумақтарғы «Алаш-Орда» билігін мойындау жөнінде РСФСР Халкомкеңесімен келіссөздер жүргізу үшін Мәскеу қаласына іссапарға жіберді».

Жанша Досмұхамедұлы Мәскеуге жеке өзі емес, құрамында Орал облыстық земство қайраткерлері бар арнайы делегацияны бастап шықты. Және бұл сапарға олар Семейдегі орталық үкіметтің де келісімін алып аттанған-ды. Алайда Жанша алғашқы көрсетулерінде ешкінің де аты-жөнін атамай, оқиғаны тек өз атынан баяндап отырған.

«Одан әрі, менің Мәскеуде болған кезімде көтеріліс жасаған казачестводан осы аумақтардың азат етілуінен бастап, Советтер типімен қайта құрылғанға дейін – Алаш-Орданың алдағы уақытта да жұмыс істей беру мүмкіндігі жайында РСФСР жауапты басшыларының бірқатарының келісімін алдым». – Көрсетілімде осылай тұжырымдалған, бірақ бұл қысқа маглұмат артында біраз оқиға жатқан болатын.

Орынбордағы тарихи съезден кейін Халық Кенесі мүшелерінің дені съезде орталық үкімет жұмыс істейтін астана ретінде белгіленген шаһарға – Семейге іргелес Алаш (Заречная слободка) қаласына аттанған.

Алайда ондағы кенес билігі қазақ үкіметінің жұмыс істеуіне ықылас танытқан жоқ.

1918 жылдың басында Кенес өкіметі әскерінің Орынборды алуына байланысты Уақытша үкімет комиссары лауазымымен қызмет атқаруын доғарған Элихан Бекейханов та Семей облысына қарай кетіп, жазға дейін жасырын жағдайда жүргүре мәжбүр болды.

Ал Орал облысының қазақ комитеті Орынбордагы II Жалпықазақ съезінен делегаттары оралған сон, кезекті облыстық съезді шақыруды қолға алды. Тарихқа Қаратөбе съезі деген атпен енген Орал облыстық үшінші қазақ съезі 1918 жылдың ақпан айының ортасынан ауған күндерінде етті.

Съезді Жаһаншаһ Досмұхамедов: «Халқым, бауырларым, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың, ел қамы үшін етегімен су кешкен асылдарымыздың ансаған азаттығы, көксеген еркіндігі үшін шешуші аттанысқа шыққалы тұрмыз», – деген сөздермен бастап ашып, ағымдағы саяси ахуалды баян етті. «Россия аласапыран заманға кез болды. Үлкен толқынға ұшырады. Россияға үлкен пәле жабысты, жікке бөлініп, өзді-өзі соғысып, бірінің қанын бірі судай төгіп жатыр», – деп, большевиктер төңкөріс жасап билікті алғаннан кейін бой көрсетіп үдеп келе жатқан әртүрлі саяси және әлеуметтік топтар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы қарулы қактығыстарға шолу жасады.

Бұрынғы империя ішінде іс жүзінде азамат соғысы тұтандып, қазақ елінің де басына қатер төнгенін, ел-жүрттyn, тұрасын айтқанда, «біреуге – мал қайғы, біреуге – жан қайғы» дегендегі кер заманға кез болғанын әңгімеледі. Орын алып отырған ауыр жағдайда ақылға салып әрекет етуге шақырды, олай етпейінше: «Россияның пәлесі бізді де қосақ арасында іліп әкетуі мүмкін». Бұдан аман қалудың жолы татулықта, осы жиынды шақыру да: «Сүттен ақ ел болайық, жүрт болайық» деген ниет. Съезге келіп отырған Алаштың инабатты адамдарын, араларындағы ұлттың шамшырағы тәрізді хазіреттерді, ел ағасы ақсақалдарды, осынау барша алдыңғы катарлы адамдарды Жаһаншаһ Досмұхамедұлы бауырлар деп атап, бірлікке үндеді.

«Қазіргідей ел басына күн туған заманда «талас-тартыс деңгенді қоялық! Алалық-құлалықты жоялық!» деді. Содан ай жарым бұрын Орынборда өткен жалпықазақ съезінде елдік туын көтеру үшін «Алашорда» үкіметі сайланып, «Алаш» партиясын жасалғанын айтты. Съезге қатысқан барлық де-

легаттардың қазақ ішіндегі аса залалды дерпті ашына атап, «Алаш баласын ала-құлага бөлмейміз деп ант бергенін» тебірене аян етті. «Кімде-кім ұлтын сүйсө, ала-құлага бөлмейді. Алаш баласымын деген азамат мұны есінен тастамауы керек! – деді. – Міне, біз Алаш баласын алаламаймыз. Алаштың баласын тегіс бірдей сүйеміз. Алаш баласы неге болса да – бірдей ортақ. Нені болса да бірдей көрмек. Алашқа келген қандай жүк болса да, бай демей, кедей демей – бәрі бірдей көтереді!»

Бұдан әрі Екінші Жалпықазақ съезінің тарихи шешімдері мен оны жүзеге асыруда кездесулі тығырықтар жайын айтып, сол орайда күн тәртібіне шығарылған негізгі мәселелерді атады. Орынбор съезі шешімдерінің ауқымында аймақтық үкімет құрудың, халық әскерін жасақтаудың, дербес басқару құрылымының қызметін жүргізу үшін елден салық түрінде қаржы жинаудың маңызы сөз болды.

Осы өзекті мәселелер төнірегінде келелі пікірлер ортаға салынып, айтыс-тартыстар орын алды. Құнды ұсыныстар көпшілік тарапынан қолдау тауып жатты. Съезд Орталық кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізу қажет деп тапты. Сол үшін делегация сыйлады.

Жоғарыда айтылғандай, Жанша Досмұхамедов бастаған делегация Мәскеуге аттанған шамада Оралда ақ казактар төңкеріс жасап, совдепті құлатқан. Орал облыстық жұмысшы-шаруа және солдат депутаттары кеңесінің мүшелері түгелге жуық абақтыға жабылған. «1918 жылғы 15 наурызда Орал Әскери үкіметі Орал совдепін талқандап, оның мүшелерінің бір бөлігі тұтқындалып, екінші бөлігі қашып құтылғанда, Яковлев жолдас тұтқындалудан аман қалып, совдептің тапсырмасын орындаі алды», – деп жазды осы совдептің мүшесі болған қарт қүрескер Бақытжан Қаратаяев өзінің Алашорда жайындағы еңбегінде. Оның өзі де қамауға алынған болатын: «...мені большевизммен айыптаған казак офицерлері 1918 жылғы 15 сәуірде Орал қаласынан 100 шақырым жердегі өз үйімде тұтқындағы да, сол сәуірдің

18-і күні Орал түрмесінің бір кіслік камерасына жапты». Ал Яковлев төңкеріс жайын хабарлау үшін Саратов совдепіне жеткен...

Әйгілі күрескер Бақытжан Қаратаев кезінде бала Жаһаншаның зангерлік жоғары оқуға түсіүне кеңес-бата берген, оның жазған алғашқы публицистикалық жұмыстағына, қызметтегі жолына жанашырылған, тілекестікпен қараған ұстазы, тәлімгері еді. Дегенмен, екеуінің монархия құлатылғаннан кейінгі елдің дамуы хақында түйген ойлары біртіндеп екі жарылған болатын. Қаратаев патшалықтың отаршыл саясатына қарсы парламенттік жолмен алғаш ірі күрес жүргізуі үлт қайраткері бола тұра, ақпан революциясынан кейін ұйымдық тұрғыда рәсімделген алаш авономиялық құрылымын қолдамады. Кейін сол ұлттық қозғалысты сыни тұрғыда зерттеген еңбек жазды.

«...1917 жылдың 5–13 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен қазақ съезі большевиктермен күресу мақсатымен барлық қазактар үшін («для всех киргиз-казаков») 1918 жылғы ақпанды «Алаш-Орда» деп аталатын үкімет құрды», – деп жазды ол. Содан соң «Алаш-Орда» үкіметінің екі бөлімшеге бөлінгенін айтЫП, оған: «Алаш-Орданың тәрағалығына Торғай облыстық комиссар Әлихан Бекейханов тандалды, ол шығыс бөлімшени де басқарды, ал батыс бөлімшениң тәрағасы болып Жанша Досмұхамедов сайланды», – деген нақты анықтама қосты. Кеңес өкіметінің дау-дамайсыз жеңіп келе жатқаны аныққа шыққанда, «дәрігер Халел Досмұхамедов тәрағалық ететін Орал облыстық земство мен Орал Әскери үкіметі бірігіп, өз араларынан Орал облысының өлкелік кеңесін құрды».

Қаратаевтың ойынша, «земство мен әскери үкімет («войско»), сондай-ақ батыс Алаш-Орда большевиктерге қарсы бірлесіп күресу үшін одак құрды және совет өкіметін ешқандай да мойындармайды» деген хабарды «Уральские областные ведомости», «Яицкая воля» газеттері беттерінде жазғына қарамастан, олар «совет өкіметін көзбе-көз алдауды»

көздеңен бұл әрекетке «кеңес үкіметінен («от СНК РСФСР») ірі көлемде қаржы алу үшін» барған еді. Сөйтіп, «батыс Алаш-Орданың тәрағасы Жанша Досмұхамедов, Орал облыстық земство басқармасының тәрағасы Халел Досмұхамедов, оның орынбасары Попов, сол басқарманың мүшелері Кәрім Жәленов пен Бурковский Жайық сырты қазактары құдды бір совет өкіметін танығандай етіп Халкомкенеске баяндама беру» және қазактар арасына «кеңестерді енгізіп, корғау үшін 40 млн сом» ақша сұрау мақсатында Мәскеуге сапар шекті...

Ал Жанша Досмұхамедов 1930 жылды тергеушіге: «Орал қаласына оралғаннан кейін мені, Кеңес өкіметімен қарым-қатынас жасағаным үшін, Орал қазактары тұтқынға алды (1918 жылғы сәуірдің екінші жартысында – Б.Қ.), – деп көрсетті. Сапардың мән-жайына терендеңен жоқ. Бірден: «Бірақ көп ұзамай босатты, – деді. – Одан кейін мен басқа қазақ қызметкерлермен бірге Жымпиты қаласына кетіп қалдым. Сол жерде «Алаш-Орда» бөлімшесін құрдым (1918 жылғы мамырда – Б.Қ.), ол сол шақта «Алаш-Орданың Батыс бөлімшесі» (дәлірек айтқанда, ол кезде – «Ойыл уәләяты» – Б.Қ.) деп аталды, («Алаш-Орданың Батыс бөлімшесі» ретінде рәсімделуі – сол 1918 жылдың күзінен. Мамырдағы төртінші Орал облыстық қазақ съезі сайлаган үкіметтің басқаруымен республика режимінде жұмыс істеген бұл құрылымның осынау сабактас атауларында тұрган пәлендей ештеңе жоқ болғандықтан, ажыратып айтпауы – тергеушінің миын қатырмайын дегені болар – Б.Қ.). Осы үкімет одан кейінгі жылдар бойы жұмыс істеп тұрды».

Тұтқын Батыс бөлімше үкіметінің нендегі қызмет атқарғына терендеңен жоқ. Оралдағы Әскери үкіметпен, Орынбордағы Колчак үкіметімен байланыстар айтылмады. Бөлімше үкіметінің қазақ мұддесі орайында казактармен одактасу шартын сақтай бермегендігін де, Омбыдағы Уақытша күлліресей үкіметінің Алаш-Орданы тарату туралы шешіміне құлақ аспағанын да сөз етпеді. «1919 жылғы желтоқсанда

біз үкіметтің толық құрамымен және земствомен бірге, алдын ала Түркмайдан штабымен келісе отырып, Орал казачествоның корпусын талқандадық та, Совет өкіметі жағына шықтық», – деп қысқа қайырды.

Одан кейінгі жағдайларды да үстірт шолды. «Осыдан соң біраз уақыт бойы Орал облысында болдым, – деді ол ОГПУ тергеушісіне берген көрсетуінде, – сосын Орынбор қаласына бардым. Ол жақтан мені ВЦИК-тің шақыруы бойынша Москвага жіберді. Мәскеуде 1920 жылдың күзіне дейін болдым. Одан кейін, мен Тоқыма кәсіпорындарының бас басқармасының командировкасымен, Ташкент қаласына іссапарға жіберілдім».

Тергеуші мұндай шолақ көрсетуге қанағаттанбағандықтан, келесі бір тергеуде әлгі қысқа хабарларын былай толықтыруды: «...Кирревком (Қазақ революциялық комитетінің – Б.Қ.) мүшесі ж. Бегімбетов пен Түркфронт реввоенсоветінің мүшесі ж. Наумовтың, сондай-ақ Кирревкомның хатпен айтқан ұсынысы бойынша мен Алаш-Орда Батыс бөлімшесінің мүшелерімен бірге Орынборға 1920 жылғы ақпанның аяғында келдім. Кирревком бізге жазбаша түрде біздің Қазақ революциялық комитетінің құрамына енгізілетінімізді хабарлаған-ды. Алайда, біз Орынборға келген кезде, Қазревком біздің телеграфпен Мәскеуге ВЦИК-ке (Бүкілреспейлік Орталық Атқару Комитетіне – Б.Қ.) шақырылғанымызды айтты».

Өлкедегі большевиктік биліктің өздерін іс жүзінде алдап соққанын Жанша 1930 жылғы алғашқы тергеуде осылай емеуірінмен ғана білдірді. Қазақ революциялық комитетінің тәрағасы Станислав Пестковский оларды ертіп Құлліресей Орталық Аткомына апарады: «Орынборға келгеннен соң 1-2 күннен кейін бізді – атап айтқанда – мені, Дос-Мұхамедов Халилді, доктор Қашқынбаевты, губерниялық земство басқармасының мүшесі Жәленов Кәрімді және біздің бұрынғы интендант Беркін, фамилиясын қазір ұмытып тұрмын (Беркінғали Атшыбаев – Б.Қ.), Кирревком тәрағасы

ж. Пестковскиймен бірге Мәскеуге, ВЦИК-тің қарамағына жіберді».

ВЦИК-тің қарамағына келген Жанша мен оның серіктерінің орталықта немен шұғылданғаны қызықты екені белгілі, бұл жөнінде ол тергеушіге: «Біз Мәскеуге 1920 жылғы наурыздың 20-лары шамасында жеттік, – деп көрсетеді. – Бізге Петровка бойындағы Энсент қонақүйінен номерлер бөлінді, біз сонда тұрып жұмысқа кірестік. Келгеннен соң бірнеше күн өткенде біз өзіміздің қызметіміз жайында, Алаш-Орданың рөлі туралы баяндама әзірлеп болдық. Бұл баяндама көшірмелерімен тікелей ж.ж. Ленинге, Сталинге және Троцкийге тапсырылды».

Аталған баяндаманы тауып, ғылыми айналымға тарту оңды болар еді, алайда ол әзірге зерттеушілерге кезіге қойған жок.

Жалпы, большевизмнің өкімет басына келуіне Петроградта тұрган шағында куә болған Жаһаншах Досмұхамедов Қазан төңкерісінен бері орталық кеңес билігімен әлденеше рет тікелей қарым-қатынасқа барған-ды. 1917 жылы Бүкілрессейлік мұсылман кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары лауазымымен Смольныйда болуға тұра келген. Ленинге арнайы делегацияны бастап барып, Самарқанданнан әкетілген Осман халифа Құранының мұсылмандарға қайтарылуына қол жеткізген. Бақытжан Қаратаевтың жазбаларынан біз «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің мүшесі Жанша Досмұхамедов басқарған 1918 жылғы алғашқы делегацияның Кіші Совнаркомда бір айдай қызмет істегенін білеміз. Сол уақытта олардың совет үкіметі басшыларына ұсынған құжаттары мен материалдарын да анықтап жарыққа шығару ләзім. Делегацияның совет өкіметі тарапынан «Алаш-Орданы» мойындауына қол жеткізгені мәлім. Әйтсе де, сол кезеңдегі келіссөздердің бәрі әлі де арнайы зерттеуді қажет еді. Әсіресе, 1920 жылғы жәйттің, Батыс бөлімшесі төрағасы мен серіктерінің «тікелей ж.ж. Ленинге, Сталинге және Троцкийге тапсырыған» құжаттарының ізіне түсу қажет-ақ...

Жанша Досмұхамедұлы былай дейді: «Осыдан кейін ВЦИК біздер – алашордашылар жайында З шілдеде № 18 қаулысын шығарып, Алашордада істеген бұрынғы жұмысымыз үшін біздің ешқандай да репрессия жасауға жатпайтынымызды және кез келген совет, тіпті партия жұмысына жіберіле беретінімізді көрсетті. Осы негізгі қаулы шыққаннан кейін Қашқынбаев пен Жәленов Орынборға кетті, 20 шақты қүннен кейін, шілдеде, ұйымдастып жатқан Орта Азия университетіне оқытушылыққа қабылданып, Мәскеуден Ташкентке Халил Дос-Мұхамедов те аттанды. Мен Главтекстилге (Совнархоздың – Халық шаруашылығы кеңесінің – Тоқыма өндірісі бас басқармасы – Б.Қ.) Жұн бөлімшесінің инспекторы болып Мәскеуде қызметке кірдім».

Алаш автономиясының батысында аймақ үкіметін басқарып тұрған, келіссөздер нәтижесінде құллі мемлекеттік құрылымымен кеңес жағына шыққан қайраткерге сол өзі жасаған құрылымды совет жүйесіне лайыктап өзгерту ісіне атсалысуға мүмкіндік берілмеді. Сенім көрсетілген дауазым – салалық шаруашылықтың қатардағы маманы. Сол қызметінің бабымен ол 1920 жылы Ташкентке аттанады: «Қыркүйектің сонында Главтекстил мені командировкаға жіберді...»

Тергеуші со бір кезеңді шұқшия сұрастырады...

«Ол кезде маған таныс адамдардан Ташкентте Халел Досмұхамедов болды, ол Москвадан университет оқытушысы болып кеткен болатын.

Ташкентке келгеннен кейін мен ауырып қалдым. Мен науқастанып жатқанда, мені сыртымнан Түрккаткомның қазақ бөлімі бойынша хатшысы етіп тағайындалты. Сол жылдың қара күзінде Ташкентке Орынбордан Жәленов Кәрім мен Есболов Мырзағазы келді. Олардың алғашқысы Қазинститутқа оқытушы, екіншісі Жер халқоматына коллегия мүшесі болып орналасты. Осы қыста әлде кешірек, Сібірден бірнеше айға Дулатов Міржақып келіп, «Ақ жол» редакциясына қызметке орналасты.

Менің Ташкент қаласы бойынша таныстарым мыналар еді – орталық атком төрағасы Төрекұлов, Қожанов, Асфендиаров, Есболов, Жәленов, Дулатов, Тынышбаев және басқалар. Соңғымен биыл танысқан едім. Бұл адамдар, әсіресе Дивеев Шәкір, қазіргі Қазақстан сауда халқомы, Жапаридзе Александр Нестерович, партияшыл, Закавказье республика-ларының Орта Азиядағы өкілі – менің таныстарым болды. Соңғымен Дивеевке қарағанда біршама кейін танысқанмын, бірақ онымен өте достасып кеттім. Аталған адамдардың ішіндегі кейінгі екеуінен басқасымен, әдеттегі таныстықтан өзге ешқандай қатынас жасаған емеспін. Олардың пәтерлеріне мен өте сирек баратынмын. Ұмытпасам, жаңа 1921 жылды біз Тынышбаев пен Құрамшиннің үйінде қарсы алдық, олар жақын адамдар болғандықтан бір үйде тұратын. Сол кеште орыстар да, қазактар да болды, атап айтқанда, Слепко (орыс. Қытайдан келген босқындарды орналастыру желісінде істейтін), Халел Досмұхамедов болды, ал қалғандары менің есімде қалмалты. Сол кеште көнілді дастарқан басы әңгіме-дүкенінен басқа, ешқандай да саяси әңгімелер айтылған жоқ.

ОГПУ тергеушісі ойындағысына жету мақсатында ежіктеп талай саял қойса керек. Жанша бұрынғы айтқандарына қайта оралып, толықтырады. «Сіздің сұраптарыңызға байланысты, бұдан бұрынғы көрсетуіме косымша, мынандай жауап бере аламын, – дейді. – Дулатовпен мен Ташкентте өте сирек кездестім, айтпақшы, ол менің Қылмыстық кодексті қазақшалаған аудармамды қатты сынаған болатын. Ташкентте де, Алматыда да мен Халил Дос-Мұхамедовты өте сирек және кездейсок қана кездестіріп жүрдім. Бірімжанов туралы билетінім, ол 20–21 жылдары «Ақ жол» редакциясы маңында жүретін. Студент болды. Сосын, Түркеспубликадан Германияға окуга барған студенттер қатарына ілікті. Оның өзін көрген емеспін. Жалпы, менің таныстарымның ауқымы европалықтар, көбіне партияшылдар болды. Әділов Дінмұхамедпен жұстаныс қанамын, Ташкентте көрген-

мін, Қызылорда мен Алматыда оны көрген жоқпын». Жанша «Казсельхозбанктің» юрисконсульті ретінде Ташкентте тұрып, ауылшаруашылық серіктестікерінен салықтар өндіріп алу жұмысын жүргізді. «Мен өндіріп алу ауқымын 96 пайызға дейін жеткізіп бұл жұмысты аяқтаған сон, ауылшарбапк басқармасының төрағасы Болгаев жолдас маған Қызылордага ауысып, сонда көшіп барған Басқармада тікелей қызметтік міндеттерімді орындауға кірісуімді ұсынды. Одан басқа мен Казводхозда (Қазақ су шаруашылығында – Б.Қ.) заң кеңесшісі болатынмын, ол да сол кезеңде Ташкенттен Қызылордага көшіп жатты. Сейтіп мен өз мекемеммен бірге қоюыс аудардым».

Қазақтардың Орта Азиядағы совет өкіметіне қарсы қозғалысқа қатысын анықтауды мақсат еткендіктен, тергеуші тағы да көптеген сұрап кояды. Жанша мүмкіндігінше жалпылама жауап беруге тырысады. «Басмашылықпен, таза өзбекке тән құбылыс ретінде, жалпы қазақтар және мен өзім әuestенген емеспіз. Жекелеген кездейсоқ мәліметтерден басқа, мен басмашылық жайында ештеңе білмеймін». Тергеуші орағытып, басмашылармен байланыста болды-ау деген тұлғалар жайын сұрастырады. «Зәки Валидовты 1920 жылы жазда Москвада көргенмін, советтік Башқұртия (Башкирия) басшысы ретінде білдім, ешқандай әңгіме қозғалған жоқ, ол өзінің Башкириясына кетіп қалған. Содан бері Валидов жайында мен ештеңе естіген смеспін, – дейді тұтқын. – Энвер (Әнуәр) пашаның іс-әрекеті, қызметі жайында да маған мүлдем ештеңе мәлім емес. Бұрынғы алашордашылар арасында Энверге байланысты әлдекандай мәселелердің талқыланғаны жайында да мен ешнәрсе білмеймін».

Басқалар жайында... «Болғанбаевпен мен алғаш рет 1920 жылғы акпанды Орынборда таныстым. Жаңылыспасам, өзімнің жақсы жолдасым Уәлидхан Танашевтің пәтерінде. Бұл біздің совет өкіметі жағына шықканнан кейінгі, Мәскеуге аттанар алдында Орынборда откізген сондагы 2-3 күннің ішінде орын алған-ды. Содан сон, қандай шаруамен

екенін қайдам, Болғанбаев бірер қысқа мерзім Ташкентте болды. Осы уақытта әлдекім біздің «арқалықтарды» (яғни түркістандық емес, терістіктің қазактарын) бірге суретке түсуге шақырды, сөйтіп біз бәріміз Капустинскийдің фотографиясында суретке түстік. Анық есімде жоқ, бұл 22–23 жылдардың бірінде болған еді. Суретке түскендердің ішінде мен, Халел Дос-Мұхамедов, маған бейтаныстау Әуезов (жазушы), Иса Қашқынбаев, Жәленов және қазір фамилиялары менің жадымда қалмаған әлдебір арқалық студенттер болды. Әуезовті мен өте нашар білетінмін, мен онымен жүзтансыс қана болатынмын, ол және Хайреддин Болғанбаев көп ұзамай Ташкенттен жоқ болып кетті, қайда кеткендерін білмеймін».

Тағы бір тергеу үстінде бұрынғы көрсетулерін төмөндегіше толықтырады. Мәскеуден «...Түркレスпубликаның Ц.СНК (орталық халық шаруашылығы кеңесі – Б.Қ.) жүн бөлімінің менгерушілігіне жіберілдім. Ташкентке 1920 ж. 14-ші қазанды жеттім де, Ц.СНК-да бір айдан аз мерзім істеп, ауырып қалдым. Ауырып жатқан кезімде мені Түркレスпубликаның Киротделі (Қазақ бөлімінің – Б.Қ.) хатшылығына тағайындалды.

Осы жылы менің науқастануымнан кейін, іс жузінде Турциктері (Түрккаткомдағы) жұмысыма кіріскеңге дейін, мен жаңа жылды екі бажаның – Тынышбаев пен Құрұмшиннің ортақ пәтерінде қарсы алдым. Олардың алғашқысын соған дейін бір-ак рет көрген едім, ұмытпасам, 1918 жылы Семарада Құрылтайшы жиналыстың комитеті мәжілісінде. Құрұмшинді осы кеште бірінші рет көрдім. Ташкентке келгенімде, Халил Дос-Мұхамедов пен Иса Қашқынбаев сонда болатын, олар университетте ординатор болып істеп жүрген. 20-шы жылдан 21-ші жылға қараған қыста сол жерге Кәрім Жәленов пен Есболов («Испулов») келді. Соңғыны мен Ташкентте бірінші рет көрдім-ау деймін. Олардың бірі Жәленов Киринститутқа оқытушы болып орналасты, ал Есболов Түркレスпублика Наркомземінің коллегия мүшесі болды. 21-ші

жылдың басы, яки алғашқы жартысында Сібірдің әлдебір жағынан Ташкентке Дулатов келіп, «Ақжол» газетінің қызметкері болды. Олармен сирек кездесетінмін, бірақ ешқандай саяси әңгіме құрган емеспіз. Эрқайсымыз өз орнымызда қызмет етіп, өз шаруамызбен шұғылданып жүрдік.

Оның үстіне, бұрын Алаш-Орданы құрганың өзінде Дулатовпен, Бекейхановпен, Байтұрсыновпен мен бағыт-бағдарға қатысты басқа иланымда болатынмын. Олар Сібірге бағдар ұстады, ал мен және менің пікірлестерім Түркістанға бағдар ұстағанбыз. Сол кезде бұл мәселе жеке-жеке атап дауыс беруге дейін жеткен болатын.

Ташкентте кездескен кезімізде әдеттегі тұрмыс тіршілігінен басқа ештеңе істеген жоқпыз. Мен ешқандай да ұйымда болған емеспін. Сондай ұйымның бар екенін білген жоқпын, осы уақытқа дейін білмеймін де».

Тұркаткомнан кейін ол Наркомюстке консультант бол ауысқанын, сонымен бір мезгілде юристік курстарда оқытуши болғанын айтады. «Қазақ тіліне кодекстерді аудардым, – дейді. – Совнаркомның заң шығаруышы комиссиясының мүшесі, Орта Азия ауылшаруашылық банкінің юрисконсульті болдым. Қыскасы, Ташкентте 20-шы жылдан 27-ші жылға дейін болдым».

Оның көрсетуіне қарағанда, ортаазиялық республикаларды 1924 жылы ұлттық-аумактық тұрғыда жіктеп-межелегеннен кейін, бұрынғы алашордашылар түгел дерік Қазақстанға қызмет істеуге кетті. «Ташкентте мен және Қашқынбаев қана қалдық. Қашқынбаев онда осы уақытқа дейін тұрады. Мен болсам 1927 жылғы 28-ші қарашада Қызылордаға Казельзозбанкте және Казводхозда қызмет істеуге ауысқанмын. Олар Ташкенттен Қызылордаға көрсетілген уақытта, яғни 1927 ж. қарашада көшірілген болатын».

Тергеушіні оның Қазақстанның жаңа астанасындағы қарым-қатынастары да қызықтырады. «Қызылордада бұрынғы алашордалықтармен ешқандай байланысым болған жок, – дейді тұтқын. – Менің таныстарым негізінен водхоз қызмет-

керлері еді, олармен мен жаңа калада қатар тұратынмын». Бірақ бұндай ақпарат жеткіліксіз. Алайда тұтқын бәрібір мардымды ештеңе көрсетпейді. «Қызылордада бұрынғы алашордашылардан Дулатов тұрды, ол «Еңбекші қазақта» істейтін. Халел Ғаббасов Госпланда, Есболов Казшерстте қызмет ететін. Тынышбаевтың қайда істейтінін білмейтінмін, Ермеков профессурага дайындалып жүр деп еститінмін, екеуі де Қызылордада болған жоқ, мен олармен онда кездескен жоқпын. Тынышбаев Қызылорда құрылышы бойынша сотқа тартылғанда маган кірген жоқ. Менің жалпы Тынышбаевпен және Халил Дос-Мұхамедовпен достығым жоқ болатын, олардың өмір салты менікінен мұлдем басқа еді».

Олармен арасы, шынында, 1924 жылы бажасы Тұрар Рысқұловтың (өз адресіне келген, алайда Қабылбек Сарыммолдаевқа жазылған) хатына орай орын алған оқиғаға байланысты салқын тартқан-ды.

«Қызылордадан Үкімет мекемелерімен бірге Алматыға көшіп бардым, онда 1930 жылдың қаңтарына дейін болдым. Алматыда мен мұлдем оқшаша өмір сүрдім. Ешкімді де кезіктірмедім деуіме болады. Пәтерім де болмады. Сондықтан қонақ шақыруға ешқандай да мүмкіндігім жок-тын, ешкімді қабылдай алмадым», – дей келе, ол өзінің сол 1930 жылғы қаңтарда Алматыдан, жалпы Қазақстаннан көшіп кетуге бел байлағанын айтты. Сосын бұған итермелеген төмендегідей себепті баян етті: «Осы кезде өзінің таптық күресімен астық дайындау, өзінің тәркілеуімен ұжымдастыру және басқа солармен қатар жүрген саяси іс-шаралары басталған болатын. Әдетте, мұндай жағдайларда әлдекімді нысананаға алып атқылап жатады. Мен идеологиялық жағынан қандайда бір жазғырудан аулак болу үшін – Қазақстаннан мұлдем кетсем деп шештім, Қазақстандағы барлық оқиғалардан алыс болғым келді».

Шешімін жүзеге асыруға кім жәрдемдескенін де жасырмады: «Маган балдызым, Рысқұловтың әйелі жеделхат жолдап, Мәскеуде жұмыс табуға болатынын хабарлады, бәлкім, пә-

тер мәселесі де жайғастырылып қалуы ықтимал деді. Міне, мен сөйтіп ақпанда Мәскеуге кеттім, содан бері сонда қазірге дейін қызмет істеп, тұрып келем».

Тергеу барысында тұтқын өзіне қойылған сұрақтарға байланысты бұрынғы идеяластарының кейінгі тағдыры жайында білгенін де көрсетеді: «Тынышбаевтың тұтқындалғанын мен тамызда, осында, «Скотовод» шаруаларына байланысты командировкаға шығып, Алматыға Рыскұлов жолдаспен бірге келгенімде естідім. Ақаевтың тұтқындалғаны жайында Қызылордада оның әйелінен және оның бажасы нотариус Құрұмшиннен естідім. Бекейхановпен Мәскеуде наурызда көріскеңмін, ол маған соның алдында ГПУ-ге шақырылғанын, сол жерде одан өткен қызметі туралы сұрастырғанын әңгімеледі. Өзінен ешқайда шықпау жайында қолхат алғанын, Мәскеуде тұрып, жұмыс істеп жатқанын айтты». Бұл сұрақтардың өзіне неғып орағытып қойыла бергенін шамалап отырғандықтан: «Қайталап айтам, мен саяси сипаттағы ешқандай да ұйымдарға, топтарға қатысқан жоқпын, – дейді, – мен өзімнің кәсіби қызметтік міндеттерімді орындап жүрмін, қызметтен тыс өз жеке өмірімді сұрудемін, яғни тек жеке өміріммен, өмір қызықтарымен ғана қанағаттанамын».

Мұндай мәлімдемеге арнайы қызмет тергеушісі қайдан сене қойсын. Оған бәрін түбегейлі білу керек. Жаһанша бәрін еске түсіреді:

«Қазақстанға мен «Скотовод» басқармасының төрағасы Грушевский жолдаспен бірге келдім – Қазөлкеком мен Қазұкіметке «Скотоводтың» Қазақстандағы жұмысы жайында баяндама жасау үшін, мені Мәскеуден командировкага науқастанып жүргенімде әкетті, ж. Грушевскийдің өзі жолда менің ыстығымды өлшеп, 39 градус шамасында деп тапты. Алматыға келгенімізде біз Қызылордадан ГПУ-дан жеделхат алдық, Қызылордадағы біздің кенсенің барлық жогары басшылығы тұтқындалғаны жайында хабарлапты. Сондықтан да мені және партияшыл Котовты жолдас Грушевский Қызылордадағы іссапарға жіберді. Қызылордадағы біздің кенсенің

жұмысын тексеру үшін. Әсіресе біздің малымызды қысқы кезенге орналастыру мәселесін қарau үшін. Біздің осындай ревизиямұздың кезінде, жұмысымызды аяқтап, Мәскеуге оралуға жиналышп жатқанымызда, мені тұтқынға алды. Қызылордадағы конторымыздың ісі жөнінен мені сонда ГПУ-дің экономикалық бөлімі тергеп, жауап алды».

Көрсету-жауаптарына тергеушінің сенімсіздікпен қарап отырғанына көзі жеткендіктен, Жанша өзіне кепілдік бере алатын адамдарды атайды. «Мениң өмірім мен қызметім жайында Қазақстанның барлық жауапты қызметкерлерінен және ж. Бельскийден – ол менің Ташкентте өткізген өмірімнің барлық шағында Ортаазиялық ГПУ-дің бастыры болып істеді – анықтама жинал алуыңызды өтінемін. Олар қуәландырап деп ойлаймын, – дейді ол, – мен өз жеке өмірім мен өмір сүрдім, ал ауызекі сөзде әлдеқандай советтік іс-шараларды сынаған болсам, тұра коммунист жолдастардың көз алдында айттым. Және ешқандай да әлдекімді үгіттеу мақсатымен емес, жәй ғана субъективті көзқарасымды білдіру тұрғысынан айттым».

1930 жылғы 5 қарашадағы тергеуінде ОГПУ қызметкери тұтқыннан біршама жаңа мәлімет біледі. Бұл жолы Жанша бұрынғы көрсетулеріне қосымша былай дейді: «Мен Мәскеуден Ташкентке 1920 жылдың қазанында келдім. Осы жылды және 1921 ж. Ташкент казактарының қандай да бір жиналғаны жайында ештеңе білмеймін. 1922 ж. көктемінде әлдеқалай, кешке қарай, маған «Ақ жол» газетінде істейтіндердің бірі бүгін кешке «арқалық» (яғни терістіктік) казактар бір мәселе жөнінде сөйлескісі келетіндерін айтты. Мен оларының қандай шаруа екенін сұрағанымда, мені шақырған адам «бәріміз жиналғанда, сонда бәрін білетін боласыз» деді. Бұл күні менің үйіме қазактардан 7-10 адам келді. Іштерінен қазір Халил (хаттамада солай жазылған – Б.Қ.) Досмұхамедов, Дулатов бары есімде, Бірімжанов та болды-ау деймін, басқалары қазір есімде жок. Келгендер айтты: «Алаш» қазақ қайраткерлерінің бағдарламасын ешкім қабылдаған емес,

ол уақытында дұрыстап жасалмады, оны жетілдіру керек, бұрынғы Алаш-Орда қайраткерлерінің саясат мәселесіне саяси пайымы қалыптасу үшін жасау керек деді.

Мен ондай қайта өңдеуге ашық қарсы болдым, былай дедім: біріншіден, біз, алашордашылар, саясаттың жекелеген мәселелері бойынша шын мәнінде әртүрлі саяси сенімдегі адамдармыз, бізді бұрын тек ұлттық белгілер ғана біріктірген болатын, ал енді біз қазір саяси нөл болып табыламыз. Сондықтан аталған мақсатсыз бағдарламаны жасау бізге төтенше органдар тарапынан тек қана ыңғайсызық, кесір тигізуі мүмкін.

Алайда, саяси бет-бейне болу керек деген қызу дебат өткен соң, бағдарлама жобасы жасалды. Оны «Ақ жол» маңында істейтіндер өздерімен алғып кетті. Орынборға жіберу үшін, ондағы басқа да бұрынғы Алаш-Орда қайраткерлерінің келісімін алу мақсатында әкетті».

Кеңестік арнайы қызметтің тіміскіленіп іздең астыртын ұлтшылдық ұйым жайындағы құдігін растайтын, дұрысында, «алашшылдарды» репрессиялаудың алғашқы толқынында қорытылған тұжырымды үстемелей түсетін дерек. Тергеуші қанша сұрастырғанмен, алайда, тұтқын жоғарыда аталған адамдардың қызметі және олардың не істеп жүргені жайында содан бері қосымша ештеңе білген емес. «Бұдан соң көп ұзамай мен Пржевальскіге (Карақол) Түркпромсоюз бер Помгол (өндірістік одақ пен ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету ұйымының – Б.Қ.) шаруалары бойынша командировкаға кеттім, – дейді ол. – Содан Ташкентке үш айдан кейін, көктемде бір-ақ келдім. Мен іссапарда жүргенде менің балдызым Надежда Константиновна жолдас Рысқұловқа тұрмысқа шықкан екен. Рысқұлов Ташкентке Түркеспублика Совнаркомының төрагасы лауазымымен келді. Мен онікінде, ол біздікінде жиі бола бастадық».

Тергеу жүргізуші одан өзіне мәлім маглұматтарды растайтын сөз күтеді. Бірақ Жанша оның тілегін қанагаттандырмайды: «Сіз маган айтып отырсыз, Ташкент қазактарынан

әлдекім әлдебір жаққа барып қайтты деп, мен бұл жайында ештеңе білмеймін, – дейді, – өзім ондай адам жіберу ісіне қатысқан емеспін». Дегенмен, құпия қызметтің қызының жасауы салдарынан біраз мәліметті айтады. Бірден ағынан жарылмау себебін де түсіндіреді: «Бұл жағдайларды алғашқы тергеуде айтпағаным, біріншіден, менің көзқарасым бойынша, аталған тірлікті «еріккен сарт енегін үкалайды» (бұл тіркестің орысша тәржімәсіне осылай қазақшасын коса жазған – *Б.К.*) деген қазақ мақалымен сипаттауға болар еді (басмашылыққа қатысты сауалдарға орай айтқаны – *Б.К.*), екіншіден, маған бөтен фамилияларды атау өте ауыр болды. Мен СССР-де совет өкіметін құлатуға қауқары жетер күш бар деп ешқашан ойыма алған емеспін, қазір де олай ойлай алмаймын. Ешқашан совет өкіметіне қарсы шыққан емеспін, міне, қазір 10 жыл бойы өз мамандығым бойынша адал және лояльды түрде қызметтімді атқарудамын».

Мұнысы шын, бірақ бәрібір ол өзге әріптестерімен бірге ре-пресияланды. «Контреволюциялық қызметі үшін» «ұштік» үкімімен 5 жылға Воронежге жер аударылды. «Ұлкен террор» жылдары (1938 жылғы 1 маусымда) қайта тұтқындалып, 1938 жылғы 16 шілдеде НКВД-нің Мәскеу облыстық басқармасы жаңындағы «ұштіктің» үкімімен ату жазасына кесілді. Осынау жазаның жоғарғы шарасы жайындағы үкім негіздемесінде Жанша Досмұхамедұлы «жер аударудан 1935 жылы Мәскеуге оралған бойда» «контрреволюциялық ұйым» мүшелерімен байланысын қалыпқа келтірді, «халық жауы Рысқұловпен тығыз байланыста болды» деп айыпталды.

1938 жылғы 3 тамызда «қазақ контреволюциялық ұлтшыл ұйымы лидерлерінің бірі, «халық жауларымен» тығыз байланысты Джаганша Дос-Мухамедов» Мәскеудегі Бутово полигонында атып тасталды. Содан – жеке басқа табыну әшкерелгенгенен кейін орын алған әйгілі саяси «жылымық» жылдары – 1957 жылғы 2 желтоқсанда реабилитацияланды.

Әйтсе де, тұңғыш та соңғы аймақтық мемлекеттік

құрылымның басшысы болған Жанша Досмұхамедұлының адаптацияларында оның атылғаны жайында ашық айтылмаған-ды. Хабаршарсыз кетуін отбасына «хат жазысу хұқынан айрылып он жылға жер аударылды» деп түсіндірген. Зайыбының «жылымық» жылдарғы ізденісіне КСРО Бас прокуратурасы 1957 жылдың 25 мамырында «Жаһанша Досмұхамедов еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтеп жүргенінде 1942 жылғы 13 қарашада жүрек талмасынан қайтыс болған» деп хабарлаған-ды. Сол хабардан жарты жыл өткенде, жоғарыдагы айтылғандай, 1957 жылғы 2 желтоқсанда Мәскеу қалалық сотының Төралқасы оны актады. Сот Төралқасы 1938 жылғы 16 шілдедегі «ұштік» үкімінің күшін жоя отырып, Жанша Досмұхамедұлының 20-шы жылдарғы «контрреволюциялық қызметі» үшін бұрын сottалып, жазасын 1930–1935 жылдары өтегенін, одан кейінгі «контрреволюциялық қызметі» хақында 1938 жылғы іс материалдарында ешқандай дерек жоқтығын атап айтты.

«Үлкен террордан» жиырма жыл өткенде, Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер бойынша арнайы комиссиясы 1958 жылғы 28 ақпандағы ұйғарымымен Жаһанша Досмұхамедовті өзге де алашордашылармен бірге актап шыкты. Алайда оның адаптацияларында оны Қазақ КСР Жоғарғы соты басқа алашордашылар қата-рында тағы да актады.

Содан бері бұл қайраткердің күрескерлік жолына зерттеушілер едәуір мән беріп келеді. Макалалар, монография, деректі фильм, өзге де еңбектер жарық көріп жатыр. Тек Қазақ Автономиясының 1918–1920 жылдары республикалық режимде жұмыс істеген тұнғыш, жалғыз да ерек аймактық ұлттық үкіметінің басшысы болған көрнекті қайраткерге өзірге тиісті дәрежедегі лайықты баға берілген жок.

#### **4. Жаһанишаң әлі толық танылған жосқ**

**«Аңыз адам» журналының тілшісі Меруерт  
Молдағалиевының сауалдарына жауаптар**

**1. Жанша Досмұхамедовқа қатысты тарихта ошпестей болып жазылған қандай деректер бар? (Осы тұста өмірбаянына да қысқаша шолу жасасап өтсөңіз.)**

– Ресей патшалығының темір құрсауынан босаганнан кейін бой көтерген алғашқы қазақ автономиясы үкіметінің мүшесі, Алаш-Орда Батыс бөлімшесінің төрағасы Жанша Досмұхамедов екендігі тарихта өшпестей болып жазылған. Ол 1887 жылы Орал округінің Жымпиты ауданында туып, 1910 жылы Мәскеу университетінің заң факультетін бітірген. Бірак, шаруалардың ішкі Ресейден жүйесіз көшіріп әкелинуіне қарсы бірнеше мақала жазғандыктан, туган жерінде қызметке қабылданбады. Сібірге кетті. Соңда сот мекемелерінде Ақпан революциясына дейін істеді, юстиция генералы шеніне, Том округтік соты прокурорының орынбасары лауазымына жетті. Монархия құлаган соң Каин үйездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. Сосын еліндегі революциялық ұйымдардан шақыру алып, Орал қаласына қайтты. 1917 жылғы 19 көкекте ашылған бірінші облыстық қазақ съезіне төрағалық етті. Осы съезде Жанша Орал облыстық қазақ комитетінің төрағасы және Мәскеуде мамырда өтетін бүкілресейлік мұсылман съезіне делегат болды. Онда Бүкілресей мұсылман кеңесінің мүшесі, Мұскенестің атқару комитеті (Икомус) төрағасының орынбасары лауазымына сайланды. 1917 жылғы қыркүйекте Уақытша үкіметтің жанынан құрылған Россия республикасының Уақытша кеңесіне (Предпарламентке) мүше болып, құрылтай жиналысы туралы заң жасайтын комиссияның құрамына енгізілді. 1917 жылғы қараша айының ортасына дейін Петербургте тұрып, осы қызметтермен

шұғылданды. Жанша – Қазан төңкерісіне тікелей куә болған, буырқанып-толқыған Петербург оқиғаларын көзбен көріп, тікелей түйсінген саясаткер. Кеңес мекемелеріндегі қызметін 1920 жылдың көктемінде Мәскеуде «Главтекстил» басқармасының инспекторы болып бастады. Одан сол жылғы қыркүйектің сонында Түркістан республикасы Орталық халық шаруашылығы кеңесінің бөлімін басқаруға жіберіледі. Қазанның ортасынан кірісken бұл жұмысында бір айдай істегеннен соң Түркестан республика Орталық Атқару Комитеті Қазақ бөлімінің хатшылығына тағайындалды. Одан кейін әділет халық комиссариатының кеңесшісі, юристік курстардың оқытушысы, халық комиссарлары кеңесіндегі заң шығару комиссиясының мүшесі, Орта Азия ауыл шаруашылығы банкінің юрисконсульті болып, 1927 жылға дейін Ташкентте тұрады. Өзі қызмет атқарып жүрген үкімет мекемелерімен бірге 1927 жылдың қараша айында Қызылордаға, одан, астананың ауысуына орай, Алматыға көшті. 1930 жылғы ақпанда Мәскеуге ауысып, «Скотовод» басқармасында экономист болып істеген. Сол жылы күзде, алдағы қысқа әзірлік мәселесіне байланысты іссапармен Қызылордаға келгенінде, тұтқынға алынды. Ол жолы жер аударылып, ал «үлкен террор» кезінде мұлдем жоқ етіледі. Үлкен қайраткердің қысқаша өмір жолы осында...

## 2. Жанша Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси қызметі туралы не айтасыз?

– Жаншаның қоғамдық-саяси қызметі, жоғарыда айтылғандай, патша тақтан құласымен Сібірде басталып, Қазақ елінде, одан Мәскеуде, Петрборда жалғасты. 2-ші жалпықазак съезінде (Орынбор, желтоқсан, 1917) «Алашорда» Халық кеңесінің мүшесі болып сайланды. Артынша өткен Орал облысы қазақтарының кезекті съезі (ақпан, 1918) оған Халком-кеңеспен Алашорда атынан келіссөз жүргізуді тапсырды.

Сонда ол облыстық земство мүшелерінен жасақталған делегацияны бастап, Мәскеудегі орталық кеңес өкіметі ордасына барды. Ленин, Сталин, Троцкийлермен сөйлесіп,

тиісті құжаттарды тапсырды. Алашорда әдептегі қызметін Кеңес үлгісімен қайта құрылғанға дейін атқара береді деп келісті. 1918 жылғы 1 көкекте Халкомкеңес Жайықсырты земстволарына қызметін жалғастыра беруге пұрсат беретін қаулы шығарды.

Қайтарда делегацияның жолын бөгеген Саратов совдепінің атқару комитеті мәжілісінде Жанша (Джиганша Дос-Мұхамедов) бірнеше мәрте сөйлеп, Халкомкеңестегі келісім жайын және Алашорданы кеңес жолына ауыстыру жобасын баяндады. Орал облысының қазактарына, земстволық және қоғамдық ұйымдарына, лауазымды адамдары мен барлық азаматтарына өз атынан жариялайтын үндеу мәтінімен таныстыруды.

Онда Халкомкеңестің қазақ істері жөнінде комиссариат құруға, көп ұзатпай қазақ өлкесінің автономиясы туралы декрет шығаруға келісім бергенін айтЫП, халықты кеңес өкіметіне қарсы ешқандай әрекет жасамауга шақырды. Үндеуін: «Естерінізде болсын, қазақ бауырлар: сіздердің үлттық тағдырларыныңды өздеріңіз айқындауға деген табиғи ҳұқтарыныңды енбекшілердің кеңес өкіметі тұнғыш рет реңни түрде мойындал отыр. Орыс пролетариатының осынау саяси тектілік-кеңпейілдігін бағалай білініздер. Құлліқазактық «Алашорда» Халық Кеңесінің мүшесі Дос-Мұхамедов», – деп аяктады.

Кеңес өкіметімен қарым-қатынас орнатып қайтқандықтан, оны Оралда казачествоның Әскери үкіметі тұтқынға алды. Ұзамай, босатты. Өйткені сол шақта Мәскеудің тек таптық негізде құрылған автономияларды танитыны, халықты «өз Досмұхамедовтерін төңкеріп тастауга шақырғаны» жөніндеғі Сталиннің хаты баспасөзде жария болған.

Жанша серіктерімен Жымпityға кетті, кезекті облыстық съезді әзірледі. 1918 жылғы 18–24 мамырда өткен Орал қазактарының Жымпityдағы съезі өзіндік Республика – Ойыл уәләятин құрды. Уәләятқа бес үйе兹 енді. Жаңадан құрылған үйездер уәләят үкіметінің қаулы-қарапларына сәйкес, жұ-

мысқа кірісті. Ойыл уәлаяты үкіметінің төрағасы ретінде, Жанша уәлаяттың басқару құрылымын ретке келтірумен қатар халық милициясын құру, әскери мектеп ашу, салық жинау жұмыстарын қолға алды. Жігіттерді әскери өнерге орыс офицерлері оқытып, жаттықтыра бастады. Алаш автономиясының орталық ордасымен жедел байланыстың соғыс жағдайы салдарынан нашарлауына байланысты және Алаш автономиясының жалпак терриориясын басқаруды жетілдіру мүддесін ойлағандықтан, 1918 жылғы 11-ші қыркүйекте Алашорданың Батыс бөлімшесі құрылды.

Жанша мен оның серіктегі Халық кенесі алдына бұл мәселені табанды түрде койып, төтенше жағдайларда немесе хабарласу мүмкіндігі болмай қалған кездерде Бөлімшешін Орталық Алашорда ҳұқтарын пайдалана алатынына дейінгі пұрсат берілген шешімге қол жеткізді.

Алашорданың Батыс Бөлімшесіне Ойыл уәлаяты, Бекей ордасы, Каспий сырты облысының Маңғыстау үйеzi, Торғай облысының Ақтөбе және Қазак үйездері қаратылды.

1919 жылдың сонына қарай Жанша кенес өкіметі өкілдерімен келіссөздер жүргізді. Келісім бойынша, Батыс Алашорда әскері желтоқсан айында ақтардың Елек корпусын талқандады. Үкімет күллі билік құрылымымен, әскери жасағымен бірге кенес өкіметі жағына шыкты. 1920 жылғы 11 қантарда Алашорда Батыс бөлімшесі Қазревком мен I-ші армия ревәскеркенесінің өкілдері қатысқан мәжілісінде Алашорда мен Қазак өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің бірігіп-қосылатыны туралы шешім қабылдады.

3. «Алашорда» үкіметіндегі Жанша Досмұхамедовтың рөлі?

– Жанша 2-ші жалпықазак құрылтайында автономияны шұғыл жариялау қажеттігін табандылықпен дәлелдеп, саяси көзқарасы айқын, жігерлі, батыл қайраткер ретінде көзге түсken. Алашорданы екіге бөліп басқару жөнінде де уақыт талабына сай ұтымды бағыт танытты. Батыс Алашорданың

төрағасы болып, аймақтық үкіметтің жұмысын ұйымдастыруда өзін сындарлы мемлекет қайраткері ретінде көрсете білді.

*4. Оның соңында қандай мұрасы қалды?*

– Жаншаның және өзге де алаш қайраткерлерінің экономикалық қозқарастарын совет өкіметі кезінде ғалым Мұхаметқали Жақсалиев зерттеген еді. Тәуелсіздік тұғалы бірқатар жас оқымысты оның өмірі мен күрес жолын, өз уақытында жариялаған жұмыстары негізінде экономикалық, әлеуметтік, юристік қозқарастарын зерттеуге алып жүр. Мақалалар, монографиялар, деректі фильмдер, өзге де еңбектер жарық көруде.

Алайда әзірге сол зерттеушілердің қарастырған нысаны болған жұмыстар жинақталып шығарылмады. Оның заңгерлік аудармалары бары, тіпті, «Интернационалды» қазақша-лаудан бастап, кеңес жазушыларының шығармаларын орыс тіліне тәржімалаганы жайында да айтылады. Солар да түгел-делуін тосып тұр.

*5. Жанша Досмұхамедов репрессия құрығына неше мәрте ілікті және оған таңылған айып қандай болды?*

– Алаштықтарға қарсы қолданылған репрессияның 30-шы жылдарғы алғашкы толқынында Жанша Досмұхамедұлы өзге үзенгілестерімен бірге жазаланды. «Контрреволюциялық қызметі үшін» Воронежге жер аударылды. Жазасын өтегеннен кейін Мәскеуде тұрып жатқан. «Ұлken террор» жылдары қайта тұтқындалды (1938 жылғы 1 маусымда).

Бұл жолы «жер аударудан 1935 жылы Мәскеуге оралған бойда» «контрреволюциялық үйим» мүшелерімен байланысын қалыпқа келтірді, «халық жауы Рысқұловпен тығыз байланыста болды» деп айыпталды. 1938 жылғы 16 шілдеде НКВД-нің Мәскеу облыстық басқармасы жанындағы «ұштіктің» үкімімен ату жазасына кесілді. Мәскеудегі Бутово полигонында атып тасталды. Бұл полигонға әкелінгендер, әуелі, санитарлық өндеуден өткізу желеуімен, баракқа қамалатын. Оларға атар алдында үкім хабарланып, анкеталық деректері

мен фотосуретін салыстырып тексеретін. Сосын әрбір жендет құрбандығын барактан жеке-жеке алып шығатын да, ордың жиегіне айдан апаратын. Одан желкесінен атып, өлікті траншеяға құлататын. Бұрынғы Батыс Алаш-Орда төрағасы Жаһаншаш Досмұхамедов осындай жағдайда опат болды.

Бутово полигонының ату тізімінде ол жайында мынандай аныктама берілген: «Дос-Мухамедов Джаганша. 1887 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жымпity ауданы, № 3 ауылда туған; қазак; білімі жоғары юристік; партияда жоқ; зейнеткер, бұрынғы Бүкілrossиялық мұсылман комитеті төрағасының орынбасары, революцияға дейін – Том округтік соты прокурорының жолдасы (орынбасары – Б.К.). Тұрған жері: Москва, Хавско-Шаболовский шолақ көшесі, 11-ші үй, 265-ші пәтер. 1938 жылғы 1 маусымда тұтқындалған. 1938 жылғы 16 шілдеде НКВД-нің Москва облысы басқармасы жанындағы ұштік соттаған, қазақ контреволюциялық ұлтшыл ұйымның лидерлерінің бірі және «халық жауларымен» тығыз байланыста болғандығы үшін айыпталды. 1938 жылғы 3 тамызда атылған. Жерленген орны – Москва облысы, Бутово. 1957 жылғы 2 желтоқсанда акталды».

Содан – жеке басқа табыну әшкөреленгеннен кейін орын алған әйгілі саяси «жылымық» жылдары – 1957 жылғы 2 желтоқсанда реабилитацияланды. Әйтсе де, тұңғыш та соңғы аймақтық мемлекеттік құрылымның басшысы болған қайраткердің адал есімі еліне оңайшылықпен қайтарылмады.

Уақытында оның атылғаны жайында ашық айтылмаған-ды. Хабар-ошарсыз кетуін отбасына «хат жазысу ҳұқынан айрылып он жылға жер аударылды» деп түсіндірген. Одан, зайыбының «жылымық» жылдарғы ізденісіне КСРО Бас прокуратурасы 1957 жылдың 25 мамырында «Жаһаншаш Досмұхамедов еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтеп жүргенінде 1942 жылғы 13 қарашада жүрек талмасынан қайтыс болған» деп хабарлаған-ды. Сол хабардан жарты жыл өткенде, жоғарыдағы айтылғандай, 1957 жылғы 2 желтоқ-

санда Мәскеу қалалық сотының Төралқасы оны ақтады. Сот Төралқасы 1938 жылғы 16 шілдедегі «ұштік» үкімінің күшін жоя отырып, Жанша Досмұхамедұлының 20-шы жылдарғы «контрреволюциялық қызметі» үшін бұрын сотталып, жазасын 1930–1935 жылдары өтегенін, одан кейінгі «контрреволюциялық қызметі» хақында 1938 жылғы іс материалдарында ешқандай дерек жоқтығын атап айтты.

«Улкен террордан» жиырма жыл өткенде, Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер бойынша арнайы комиссиясы 1958 жылғы 28 ақпандағы ұйғарымымен Жанашан Досмұхамедовті өзге де алашордашылармен бірге ақтап шықты. Алайда оның адал есімі қоғам өміріне қайтарыла қоймады.

Тағы отыз жылдан кейін, 1988 жылғы 4 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы соты басқа алашордашылар қатарында оны тағы да ақтады.

*6. Жанша жетекшілік жасаған Батыс Алашорданың қызметі туралы не айтасыз?*

– Жанша басқарған Батыс Алашорда екі жыл бойы республика тұрпатты құрылым ретінде өмір сүрді. Қазақ Автономиясының 1918–1920 жылдары республикалық режимде жұмыс істеген тұнғыш, жалғыз да ерек аймақтық ұлттық өкіметі болды. Оған зерттеушілер тиісінше мән беруге тиіс. Оның жетекшілік болған көрнекті қайраткер қызметі күні бүгінге дейін өз дәрежесінде бағаланбай келеді.

*17 қараша 2014 ж.*

**Әлихан Бекейхан**



**Жанша Досмұхамедов**

**Мұстафа Шоқай**



**Нәзір Төреқұлов**



Ахмет Байтұрсынов,  
Әлихан Бекейханов,  
Міржакып Дулатов.  
*Орынбор. XX г.*  
*10-шы жыл. ортасы*



Окушы Жанша.  
*Орал, XX г. басы*



Студент Жанша.  
*Мәскеу, 1910*

Нәзірдің зайыбы  
Мәриям, ұлы Фарух.  
*Ташкент, 1922*



Нәзір мен қызы Әнел.  
*Мәскеу, 1928 ж. шілде*

Жанша Досмұхамедов  
зайыбы Ольга, карындасты,  
ағасымен бірге



Әлихан  
Бекейхан.  
1905



Әлихан  
Бекейхан.  
Мәскеу, 1935



Әлихан  
Бекейхан.  
Мәскеу,  
НКВД түр-  
месі, 1937



Мұстафа  
Шокай  
эмиграцияда



Жанна Досмұхамедов (ортадағы ак калпакты), Халел Досмұхамедов (оның сол жағында), Міржакып Дұлатов  
(он жағында), Дінмұхамед Әділов (екінші катар, он жақтан екінші). Таишент, 1921



Студент Мұстафа Шокәев.  
С.-Петербург, 1912



Tiflis  
S.V. 1917

Мұстафа Шокай Еуропа социалистері арасында.

Шамамен 1930-шы жылдар ортасы



Мұстафаның басына  
зайыбы Мария қойған  
құлпытас.  
Берлин, 1942

# МҰСТАФА ШОҚАЙ

*Ұлт мақтанышы • Беймәлім тағдыры • Мұстафа Шоқаев •  
Мұстафаны оқығанда... • Баяғы жартас – сол жартас... • Заң-  
гер Мұстафа • Тагылымы мол ұлы жсан • Мұстафа азаттық  
қозғалысының теориясын жасады*

## 1. Ұлт мақтанышы

Жетпіс жыл үстемдік еткен тоталитарлық режим халқы-мыздың аса көрнекті ұлдарының бірі Мұстафа Шоқайұлы туралы мүлдем ауыз аштырмай, оның қызметінің кей белесін арнайы әдебиетте сын түрғысынан ғана айтып келді. Бүгінгі күні – санамыз құлдық құрсаудан құтылған жана да тәуелсіз дәүірде – осынау ұлт мақтанышына айналуға тиіс кісінің Өмірбаянын жан-жақты қамтып, ғылыми-анықтамалық аппаратпен толықтырып жазуға болатыны сөзсіз. Солай жасалар да. Дегенмен, елінен жырақ кетуге мәжбүр болып, құрделі де қайғылы ғұмыр кешкен азаматты қазақ жүртynда қайта тану қалай жүргенін елестетер ретпен, бұл шаруаға азды-көпті қатысым болғандықтан, санадағы тоқырау тоңы енді жіби бастаған шақта жазылған шағын екі жұмысты сол қалпында ұсынуды орынды көріп отырмын.

### Беймәлім тағдыр Мұстафа Шоқаев туралы бірер сөз

Республикалық «Қазақ тілі» қоғамында өткен кездесуде «Азаттық» радиосының қызметкері Өмірхан Алтын қазақ баспасөзінің Мұстафа Шоқаев бейнесіне назар аудармайтынына өкініш білдіріпті («Жақынынды жат санама», «Ана тілі», № 7). «Оның халқына істеген жаксылығы мен жамандығын неге талдап жазбасқа? Көптеген ғылыми еңбек

жазған адамның, мейлі жау болсын, артында тырнақта ілінер бір нәрсенің қалмауы мүмкін бе? Жок, әрине», – депті алышта жүрген қандасымыз қоғамдағы сұхбат кезінде. Жаны бар пікір...

Бұл кісіні тарихымызда біз ес білгелі Совет өкіметінің қас жауы десіп келеді, сол құлақ үйреніп қалған анықтамадан тап қазір ат құйрығын үзіспей-ак, қояйық. Бірақ қайта құрудың жасампаз рухы орайында дүшпанның да дүшпандығының табиғатын дұрыстап таныған жөн боларын ұмытпалық: сонда кімді не үшін жек көргенімізді айқынырақ түсініп, санаамызды агарта түсеміз.

Ол туралы өзінің үзенгілестері не ойлады екен?

«Мұстафа-бей үлken мемлекет қайраткері, аса көрнекті жазушы және журналист әрі, ең алдымен, өзіндік ерекше сипатқа ие тұлға, тамаша адам болған еді. Әр сезі мен іс-қимылынан түркістандық екені соншалықты құшті сезілеттіндіктен де Мұстафа-бейді Түркістаннан тыскары елестетіп ойлау мүмкін емес... Алайда өзінің әдет-ғұрыптарына адал қүйі қала тұра, оның бойында алуан тұрлі, тіпті бірімен бірі түсінісуі екіталай көрінерлікте халықтардың адамдарын біріктіре алатын және біріктіруі тиіс жалпыадамзаттық құнды мұраттардың бәрі жинақталған болатын.

Биік адамгершілігі, жүргегінің ізгілігі, достыққа адалдығы, берген уәдесіне беріктігі, міне, Мұстафа-бей осындағы қасиеттерімен сипатталушы еді... Жан-тәнімен Түркістан перзенті бола тұра, ол өзі білім алған ортанды – орыс өмірін ғаламат зерек түсінетін. Ол европалық қарым-қатынастарды тамаша талдай біletін, оның бұл орайдағы пайымдарының дәлдігі, мен өткірлігі қайран ететін-ді. Осынау түркістандық адам – жоғары парасатты европалық та еді...» (А. Шульгин. «Мұстафа-бей Шокай-оглы, адам ретінде»).

«Мұстафаның Парижде, Лондонда, Женевада және басқа да батыс орталықтарында атқарған қызыметінің алуан түрлілігі мен жемістілігі сондай, бәрін бірдей тізіп те шыға алмайсын.

Біз негізін қалаған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында ол өзінің кең-байтақ еліне лайық орын алатын. Осы кезеңде Мұстафа есімі Түркістандаға емес, күллі Совет Одағында қалың көпшілікке әйгілі болды: сан тәсілмен ол жақтан алдырылатын газеттер мен кітапшалар бұған көзімізді зайыр жеткізуіші еді. Арамызға арагідік соғып қалатын түркістандықтардан талай естідік – Түркістанға байланысты көтерілген айқай-шу ылғи да негізінен бір ғана адамнан шығып жатқанына олар қайран қалып, жағаларын ұстайтын.

Мұстафандың «тілші» ретіндегі қызметі – аса айрықша ықыласпен қарастыруға әбден лайық сала. Бұл сөзді тырнақшаға алып отырған себебім – үлкен газеттерде оның корреспонденцияларынан ғөрі – ез әріптестеріне берген маглұматтары жіңі жарияланып жататын. (Мен «Жас Түркістанды» айтпаймын.) Мәселе мынада еді – ол көрнекті тілшілердің бәрімен тікелей таныс-тын, әрі ол өзінің карточкасын – бүкіл дүниежүзінің аса көрнекті саяси қайраткерлерімен болатын барлық ресми кездесулер мен жеке сұхбаттарға қатысып отыруға мүмкіндік беретін хұқын сәтімен пайдаланатын. Мәліметтер бергенде Мұстафа өзіне жүктелер асқан зор жауапкершілікті терең сезініп, әрқашан адал ниет, тиянақтылық көрсетуші еді: ол ештеңені асырып айтпайтын, қайта, тіпті, деректерді негұрлым кемітіп, ішірейтіп ұсынатын» (А. Чхенкелі. «Менің досым Мұстафа Шоқаев арағына»).

Мұстафа Шоқаевтың туғанына алпыс жыл, қайтыс болғанына сегіз жыл толуына орай бұдан қырық жыл ілгеріде Парижде басылған естеліктерден алынған осы шағын үзін-ділердің өзі оны тереңірек білсек деген ынтызарлық көнілді мазасыздана тұрткілері сөзсіз...

Тағдырының көмексі беттері әлі де толып жатқан, күллі құрескөрлік қызметі «тайғак кешу, тар жол» (Мұстафандың өз сөзі, караңыз: С. Сейфуллин. Шығармалары, 4-том, 131-бет, 1988 ж.) ұстінде өткен бұл адам 1890 жылғы қантардың жетісінде Ақмешіт қаласында туған. Әуелгі сауатын

казақша ашыпты, сосын Ташкент гимназиясында орта білім алып, Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түскен көрінеді. Қоғамдық жұмысқа араласуы сол студенттік шағында басталған. Оқу бітірген соң IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясында хатшы болып істейді.

Парламентте өз депутаты жоқ Түркістан өлкесінің, соның ішінде казак даласының мұддесін заң шығарушылар есіне салып, қажетті заң жобаларын Дума талқылауына ұсынып отыруға көп еңбек сінірген жас қайраткер Ақпан революциясынан кейін еліне қайтуға бел буады. Мақсаты – өлкені автономиялық режимге көшіруге даярлауға атсалысу.

Алайда оның бұл жоспарынан өзінің байырғы танысы, Думадағы социал-демократтар фракциясының лидері, патша тақтан құлағаннан кейінгі тұнғыш жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі Н.С. Чхеидзе шошып кетеді: «Құдай үшін, жолдас Шоқаев, отандастарынызға автономия туралы айта көрменіз: өйткені, біріншіден, қазір бұл жөнінде сөз қозғауға ерте, ал, екіншіден, сіздің Түркістан секілді халқының мәдениеті, қаны, тілі мен діні мұлдем бөлек елге автономия әперу – сепаратизмге анық қадам басу деген сөз, ал революциялық және демократиялық Россиядан тыскары жасалған сепаратизм сіздің халқынызға пайда бермейді». Уақытша үкімет тұсындағы меньшевик-басшының бұл «жанашырлығы», әрине, пәрменді іске құлшынуы жас, алғыр қайраткерді қанағаттандырымайды. Ол Түркістанға келе қоғам тыныс-тіршілігінің бел ортасынан бір-ак шыгады.

Түркістан Советтерінің 1917 жылғы қарашада өткен III съезі өз қарапында өлкелік революциялық үкіметтің жоғарғы органдары жұмысына мұсылмандарды араластыруға болмайтынын айтып көрсеткені белгілі. Шовинистік элементтер ықпалымен қабылданған бұл кате шешім Түркістан мұсылман қайраткерлерін өздерінің төтенше съезін шақыруға мәжбүр етті. Сол құрылтай әйгілі Қокан автономиясын жариялады. Автономия үкіметінің алғашқы құрамында

Мұстафа Шоқайұлы сыртқы істер министрі бол, бір айдан соң премьерлікке сайланды. Ұзамай, 1918 жылғы ақпанды Қоқанды большевиктер алуына байланысты, ол әуелі мен шевиктік Грузиядан, одан Грузияға 1920 жылы қызыл армия кіргенде, Түркиядан бір-ақ шығады. Тағы шамалы уақыттан соң Мұстафа Батыс Европаға ауысып, Париж түбінен орын тебеді...

Эмиграцияда жүріп ол алдымен – «Жаңа Түркістан» (1927–1931 жок.), содан кейін «Жас Түркістан» (1929–1939 жок.) деген журналдар шығарып тұрды. Қөшшілікке әзір бейтансыстау бұл тұлғаның Өмірхан Алтын ауызға алған қырларын толық тану үшін осы басылымдарды да терең зерттеу ләзім.

Елімізде социалистік құрылымы ісінде орын алған стalinдік бұрмалаулар бүгіндері қалың бұқараға әбден аян. Сталин құрған тоталитарлық режим әсіре мадақ пен көзбояушылықты «зандастырыды», адамдардың бойында екіжүзді, жәдігөйлік мораль қалыптасуына кең жол ашты. Бұл құбылыс өз елімізден асып, халықаралық коммунистік жұмысшылар қозғалысын алдаусыратуға да жұмсалды.

Сондай әрекеттің бірін 1928 жылы Мұстафа Шоқаев «Советтер Орта Азияда» деген кітапшасында талдады. Кітапша француз социалисі Пьер Ренодель жазған алғысөзбен шықты. Ол халықаралық социалистік қозғалыс қайраткері, «Юманитетің» негізін салушы, тарихшы әрі публицист Жан Жорестің: «Шындықты іздеу мен оны айтуда ержүректікі талап етеді», – деген сөзін еске ала келіп: «Жасалған қателіктерден социализмді тазартып алуға тырысқан жөн емес пе? – дейді беташар мақаласында. – Өзінді өзің өтірікпен – түптің түбінде ешкімді де алдай алмай қалатын өтірікпен жұбатқанша, тәжірибеден тағылым алған жақсы емес пе? Шұбә туғызбайтын және жоққа шығармайтын мәліметтер мен документтер жиынтығын алдымызға жайып сала отырып, Шоқаев мырза бізге осы ретте онды қызмет көрсетуде. Ақиқат алдында ол алғысқа лайық».

Алайда ол кезде оған біздің еліміздегі «социализм» сақшылары алғыс емес, қарғыс айтуға асыққан еді.

Мәселен, 1928 жылғы желтоқсанда болған ССРО Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясында белгілі партия және мемлекет қайраткері Ш.З. Элиава сөзін тікелей оны сынауга құрды.

Шалва Элиава советтік қайраткерлерге оны: «Мұстафа Шоқаев – шыққан тегі бойынша қазақ, ұлтшыл, біздің елімізден революция күшпен жіберген... – деген хабарламасымен таныстыруды бастаған да, Мұстафаның шетелде жасап жүрген «жаулық әрекеттерін» былай әшкерелеген: – Ол Өзбекстандағы жағдайды Түркістанда жасалған советтік төңкерістен кейінгі екі жыл ішінде орын алған оқиғалар мен материалдар негізінде суреттейді. Сол кездегі дәйексөздер мен материалдарды қиуластыра жинап алып, Өзбекстан халықтары – тұйықта, кісі шошырлық жағдайда тұр деген ойға Европаның, социалистік қауымдардың қоғамдық пікірін иландыруға тырысады.

Оның кітапшасына француз социалистік партиясы көсемдерінің бірі Ренодель алғысөз жазып: «Түркістанды біз ондағы большевик әкімшілігі басқару тәсілінің қатыгездігі мен арсыздығы жағынан ескі патша режимінен еш қалыспайтын (...) отар ретінде қарастыра аламыз», – дейді. Одан әрі былай деген: «Шоқаев жазып отырған тарих – қаннның, езгі мен нағандықтың жан түршігерлік тарихы болып табылады».

Жолдастар, социалист Ренодель бұл ойларын Түркістандағы Совет төңкерісінің алғашқы жылдарына қатысты Шоқаев жинаған материалдарға негіздел айттып отыр... Жолдастар, Мұстафа Шоқаев типіндегі адамдар, Ренодель типіндегі адамдар нақты өмірде не болып жатқанын талдауға тиіс емес, олар демократияның ескі формулалары жетегінде жүр...»

Сталинизм дәүірінде демократияның қандай болғанын жүртшылық қазір біршама танып қалды. Осы ретте енді «демократияның ескі формулалары жетегінде» жүргендердің

түсінігін тұпнұсқадан тексеріп көрудің де пайдалы екендігі түсінікті. Олай болса, Шоқаев туындыларын қажетті түсініктермен жабдықтап, окушы қауым назарына тікелей ұсынған жөн ғой деп ойлаймыз.

Айталық, тоталитаризмді әшкерелеу Мұстафаның негізгі нысаналарының бірі десек, бұған оның «Түркістан Совет билігі астында. Пролетариат диктатурасы сипаттамасына» атты кітабынан алынған мына бір үзіндінің тәп-тәуір мысал болып қалуы ғажап емес: «...Лениннің айтқаны: «Бізді азырақ мақтаса ғой, көбірек зерттесе ғой»...

Лениннің осы өсietін оның шәкірттері мен ізбасарларының бойына тоқымағаны қандай өкінішті?!

Ұлт мәселесі жөніндегі совет саясатынан пайдалы тағылым тапқысы келгендер лениндік программаның Түркістанда қолданылу практикасын байыппен зерттеп-біліп барып қорытындылар жасауға тиіс... 1925 жылы ол тұңғыш рет Өзбекстан Атқару Комитетінің төрағасы болып сайланғанда, оның сауаты жоқтығы әйгі болды. Бұл туралы арада біраз уақыт өткенде ташкенттік «Қызыл Өзбекстан» бас мақаласында (1925 жылғы тамыздың 23-і) жазды. Советтік Өзбекстанның басты органдары «күллі мұсылман Шығысында бой көтермек болашақ республикаларға үлгі болатын» мемлекеттің басшысы сауатсыз екендігін тіпті мақтаныш етті.

Сіздер, француз коммунистері, мынаған сенесіздер ме: сіздердің партияларының программасын білмейтін, хаттанымау себепті оны – біле де алмайтын адам, Лениннің анықтамасы бойынша – «саясаттан тыс», яғни әлеуметтік өмір заңдарын түсінбейтін адам, социалистік мемлекеттің басшысы түгіл, бөтен ықтияды жүзеге асыруши ретіндегі өз әрекетін жайғана санасымен ұғуы неғайбыл адам – жаупаттылық сезімге ие бола алады дегенге сенемісіздер?..»

Шағын мақалада осынау күрделі де қайғылы тұлға енбектерінің бізге мәлім бірлі-жарымының өзін жіліктеп талқыға салу мүмкін емес. Асылы, жариялыштық желі әлі-ақ оның публицистикасы мен зерттеулерінің «қайта басылудына жағдай

туғызар: сонда өлкеміздегі сталиндік бұрмалаулардың, бұгінгі Арас мен ана тілі апаттарының бастау алған тұсына сыншыл назарын тіккен ғалым һәм публицист жұмыстарының сапасы жайында оқырман өзі-ақ тиісті ой түйер деп ойлаймыз.

Совет адамдары Шоқаевтың фашистерге қызмет еткенін кешірмейді. Алайда, әділдік үшін мойындау керек, ол қызметінің қыр-сырын әзірге ешкім терең танып білген жок. Анығы – Мұстафа Шоқаев Ұлы Отан соғысының алғашқы жылы-ақ, 1941 жылғы желтоқсанның 27-сінде, әйгілі Түркістан легионы бізге қарсы жасақталудан көп бұрын, оны қадір тұтқан әмбранттардың бірінің сөзімен айтқанда, «ешкімге беймәлім, біз үшін ұғып болмас жағдайда... қайтыс болды».

*«Ана тілі». 17 мамыр 1990 ж.*

### Мұстафа Шоқаев

Қайта құру кезеңі көп нәрсеге көзімізді ашты. Бес жылдан бері төбемізге көтеріп келе жатқан жаңаша ойлау саясаты қындықпен болса да, меніреулік пен мәңгүрттіктің ит тұмсығы өтпестей тоғайынан біртінде жол сала ілгерілеп, рухани саламыздың небір құрделі түйіндерін елең-екшеп шешу мүмкіндігін туғызды. Бұл ретте адамдарға имандылық дарытуды көздейтін Моралдық тұрғыдан қайта жарақтану жөніндеңі бүкіләлемдік қоғамның ғибраты мол екендігін ескерген жөн тәрізді. Жарты ғасырға тарта иман туын желбіретіп келе жатқан осы қоғам әлдебір құбылысты, тарихи кезеңді, оқиғаны талдағанда – бірінші кезекте соларды жан-жақты ұғып-түсінуді мұрат етеді.

Яғни, ахлақи қайта жарақтанудың мақсаты – өткен істердені қигаштықтарға жол берген айыпкерді тауып жазалау емес, тек қана болған жайды әділ талдап, шындыққа көз жеткізу. «Бұған кім кінәлі?» деген сауалға емес, «Неліктен бұлай болды, қалай болу керек еді?» дейтін, болашаққа, жасам-

паздыққа меңзейтін сұраққа жауап іздеу. Осылайша үлкен адамгершілік жолына шығуға болады. Қайта құру рухында жасалмақ (дұрысында – жүріп жатқан) сана революциясына қажет жанды нәрдің көзін мен осынау көзқарастан көремін. Сондықтан да тарихымыздағы қайғылы тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқаевтың қыны тағдырын жан-жакты қарастырып, ұғуға тырысқан жөн дегім келеді.

## I

Мұстафа Шоқайұлы 1890 жылғы қаңтардың 7-сі күні Ақмешіт қаласындағы дәүлетті шаңырақтың бірінде дүниеге келді. Үлкен әкесі Торғай датқа Түркістан өлкесіндегі әйгілі билеушілер қатарынан екен.

Ііқпалды, аксүйек әuletтердің баршасы ол тұста заман ыңғайына бейімделуге мәжбүр болған-тын. Отарлау озырылыштарына қарсылық көрсету әр кезде, әр жерде бұрк-бұрк көтерілгенмен, оң нағиже бермедин. Патша әкімшілігі қару күшімен билігін құлді Түркістанға біржолата орнатқандай болды. Қырды бөлшектеп, бірнеше әкімшілікке қаратты, ал түстік өлкені, тіпті, Орыс Түркістаны деп жариялады.

Мұстафа сегіз жасқа шыққанда түркістандықтардың Мәдәлі ишан бастаған ірі көтерілісі болған-ды. Өзбек, қазак, қыргыз өкілдерінің бұл бірлесіп бас көтеруі әдеттегідей әскер күшімен басылды. Көтеріліс басшыларын дарға асу, соттау өз алдына, «ұқімет шеккен зардалтың» құны нақтыланып, сотталғандар мен олардың туыстарынан өндіріп алынды. Ол аздай, Екінші Николай көтерілісшілердің аяғы тиген жердің бәріндегі ауыл, қыстактарды түгел жойғызып, орнына орыс елді мекендерін орнатты. Яғни отарлаудың сұрқия әдісін – жергілікті халықтан шұрайлы жерлерді ойдым-ойдым тартып алып, үкімет билік жүргізгенінде тірек етер, сенім артар күш ретінде европалық жұрт өкілдерін көшіріп әкеліп орнықтыру тәсілін – әрбір наразылыққа қасақана, ашық жүргізді. Күшке қарсы тұrap қауқары жоқтығын, тіршіліктің, өмір сұру үшін құресудің тиімді жолы тек қана осынау

жойқын жаулаушының құзырында оның тілін, өнер-білімін оқып-үйреніп, менгеруде ғана екенін зиялды қауым зайыр түсінді. Сол орайда орыс оқуына ден қойды. Патшалықтың білім ордаларына балаларын жіберіп жатты. Үйінде мұсылманша сауат ашқан Мұстафа да Ташкент гимназиясында орысша оқиды. Зерек, алғыр жас гимназияны бірінші дәрежелі сый-белгімен бітіріп, Санкт-Петербург императорлық университетінің заң факультетіне түседі.

Студенттік жылдар Мұстафа Шоқайұлының бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы саяси ағымдарды жіті талдап, терен түсінген, ой-пікір сайыстарына тікелей араласу арқылы шындалған, қайраткерлік қабілетін ұштаған кезеңі болды. Бізге оның дерегі араға ширек ғасырдан астам уақыт түскеннен соң да баяғы алыпушпа, ізденимпаз, түріккүлак студент шағын жылы сезіммен еске алған өмірлік серігі Мария Шоқай жазған кітапшадан жетіп отыр.

1941 жылдың жазында Мұстафа Париждегі күллі орыс эмиграциясымен бірге тұтқындалып, Компъен қаласы маңындағы лагерьде жарты ай тұрды.

Фашистер оны Берлинге әкетер алдында бір күнге үйіне жіберіп алады. Сонда, зайыбының әуес сауалдарына жауап ретінде, өзінің небір тамаша, қызық адамдармен – орыстармен де, шетелдіктермен де танысқанын айтады. «Сен білесін бе, – дейді ол жары Марияға, – мен онда өзімді жан-дүнием жасарып кеткендей сезіндім, Петербургтегі студенттік жылдарымды еске түсірдім, дәрістерді, студенттік сходкаларды еске түсірдім. Бізде, Компъенде, ашық аспан астында ғажап дәрістер оқылып, саяси айтыстар өткізілді. Мен де Түркістан жөнінде баяндама жасадым. Тындаушылар өте көп еді. Баяндамама разы болысты, тағы да сөйлеуіме өтініш білдірді».

Саясат шаруасына араласу бағдарын Мұстафа тек университет қабыргасындағы жастардың жиындарына катысу нәтижесінде жинақтады десек, эрине, қателесер едік. Оның басқа да мектептері болды.

Орыс тілін жетік білуінің арқасында Мұстафа Түркістандағы нақты саяси ахуалға ықпал етушілер арасында тәржімәші ретінде жастайынан дәнекер боп жүрді. Оның нағашысы Хорезм хандығының шонжарларынан-ды. Саутты, білімді, орысшаға жүйрік жігітті хан ордасындағы сарай ақсүйектері құшақ жая карсы алатын да, Хорезм, Хиудаңдықтарына орыс патшалығынан келген өкілдермен болған сұхбаттарға ұдайы қатыстырып, аудармашылық қызметін пайдаланып отыратын. Ал жүргегінің оты бар жігіт үшін мұның тағылымы мол болғаны құмәнсіз.

Империя астанасында жұмыс істеген қазақ зиялышарының өз мандарына әр қыырдан оқуға келген жастарды топтастырып, саналылық рухында баулып жүргенін ескеру ләзім.

Ішкі істер министрлігінде беделді, лауазымды қызмет атқарған Ғұбайдолла Жәнгірханов қазактарды патша сараяна жақындастыру, қазақ жастарын жоғары оқу орындарына тарту, қазактың белгілі адамдарын жандармерия құрсауынан құтқарып жіберу істерінің бірде-бірінен тартынбаған кісі. Ол үкімет адамдарымен бірге Түркістан өлкесін басқару ережесін жасасты. Бұған дейін патшалыққа Дон казактары жасағының құрамында әскери қызмет етуден бастап, орыс-турік соғысы майдандарында ерлікпен шайқасып енбек сініре бастаған. Ол одан кейін де неше түрлі жауапты міндеттерді абыроймен атқаруы нәтижесінде генерал шеніне ие болды.

Сол ұзақ жылдар бойы адап мандай терімен патша шашбауын көтере жүріп, ол әкесінің неліктен қазақ хандарының соңғы тұяғы бол қалғанын ойламады деу қисынсыз. Хан тағын мұра етерлікте хұқы бар ағайынды алтаудың Жәнгір өлімінен кейін белгісіз жағдайда бірінен сон бірі қайтыс болуы сырының құпия полиция тілегімен ұштасып жатуы ықтималдығын сезбеді деп айта алмайсың. Демек, Петербургте өзін сағалап үйіне жігіттер келгенде, империяның көздегені һәм қазақ мұддесі хақында саяси шығарымпаздыққа сүйенерлік әңгіме қозғалмауы мүмкін емес.

Сұлтан Шыңғысхан (Ғұбайдолланың әскери саптан тағылған жанама аты) патшалықтың жоғары мекемелерінде ірі орындарды басқарып жүрген шағында Петербургте Бақытжан Қаратеев, Әлихан Бекейханов, Серәлі Лапин секілді қазак даласының, Түркістан өлкесінің әр түкпірінен барған ондаған жас оқыды. Кейін алғашқы екеуі Мемлекеттік Дума депутаты, соңғысы өз еліндегі әкімшілік құрылымының өкілі ретінде Петербургте тұрып қызмет атқарды. Үстіміздегі ғасыр басында онда оқыған азаматтар, әрине, олардың аузына қарады, ақылын тыңдады, үйренді, саяси көзқарастарын айқындаپ, айтыс-тартысқа солардың ығымен араласа бастады. Окүші жастар көп-тін, бұлардың ішінде Мұстафа Шоқаев та жүрді.

Ол көп оқыды, ғылыми мәселелермен шүғылданды, ҳұқықты, тарихты зерттеді, ұлттық сипаттағы істерге сергек үн қатып отырды. Көз көргендері жазып қалдырған естеліктерге қарағанда, 1912 жылы түрік-балқан соғысы бұрк ете түскен шакта Мұстафа қандастарын қолдайтын қозғалысқа аса бір жігерлі әрекеттермен қолдау көрсеткен көрінеді...

## II

1905–1907 жылдарғы революцияның бір женсі – Россияда парламент сайлана бастағаны болды. Алайда заң шығарушы мекеме жұмысы тым солшылдығымен, революциялық өзгерістерге бүйрекі бұрып түрғандығымен патшаға жақпады. Екінші Николай Мемлекеттік Думаның алғашқы екі шақырылымын да арнайы пәрменімен тарқатып жіберді. Ал тарихта «ұшінші маусым төңкерісі» деп аталған, 1907 жылы II Думаны қуған жарлығында Қазақ, Түркістан өлкелерінен – «бұратаналардан» будан былай депутат сайланбайтынын атап көрсетті. Содан бастап, Ұшінші және Төртінші Мемлекеттік Думаларда қыр қазактары ортасынан мүше болған жок.

Дегенмен олардың мұддесін қозғайтын құжаттар Думаның тұрақты комиссияларында қарастырылып, дайында-

лып жатты. Бұған, әдетте, империяның европалық бөлігінен сайланған мұсылман-депутаттар мұрындық болатын. Ал Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясы жұмысын ұйымдастырып отыруға қазақ зиялышары белсене атсалысып тұрды. Мұстафа Шоқайұлы Думадағы осы фракцияның ұйымдастыру алқасында хатшы болып істеді. «Мұстафа онда әлі жап-жас студент болатын, бірақ бір нәрсе мүлдем айқын еді: онсыз, өзінің хатшысының қатысуыныз, Мемлекеттік Думадағы мұсылмандар фракциясының жұмысы соншалықты ілгерілей қоюы екіталаі-ды». – Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі, Грузияның бұрынғы сыртқы істер министрі А. Чхенкели 1949 жылы өзінің «Менің досым Мұстафа Шоқаевтың аруагына» деп аталатын естелігінде осылай деп жазды.

Қазақтардың 1906–1917 жылдарда алғашқы орыс парламентіне араласу дәрежесі (депутат ретінде, сондай-ак, Думадағы партиялар мен фракциялардың, Думаның тұрақты комиссияларының, атқару комитетінің жұмыстарына белсенді кайраткерлер ретінде түрлі ұсыныс-пікірлерімен қатысулары) арнайы зерттеулер жүргізуді тілейтін үлкен тақырып. Егер іздеушісі келіссе, бұл орайда небір қызықты жаңалыктардың ашылуы кәміл. Тыңнан табылар деректердің бір парасы, әрине, Шоқаевтың қоғамдық қызметін сипаттап тұрары хақ.

Айтальық, бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарының қара жұмысына қазақтарды шақырту жөніндегі ақ патшаның әйгілі 1916 жылғы маусым жарлығы мен оның қайғылы оқиғаларға ұластырған салдарына байланысты II Мемлекеттік Думаның мүшесі, белгілі қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаев пен адвокат Жаһанша Сейдалин 1916 жылғы қыркүйекте IV Мемлекеттік Думаның төрағасы М.В. Родзянкоға «Қазақтар туралы естелік жазбаларын» тапсырады. Сол жылдың аяғына қарай бұл мәселе Дума мәжілісінде талқыланды. Қырдағы, Түркістандағы генерал-губернаторларға көтеріліс ошактарын басу кезінде әскер тарапынан «асыра

сілтеулерге жол берілген, қатыгездік көрсетілген» деректерді, шынтуайтқа келгенде, көтеріліске шығуына қайтарған жауап ретінде, жергілікті халықты жойып жіберу саясатын ұстанған әкімдердің қылмысын анықтау жайында депутаттық сауал салынған телеграммалар жолданып жатты...

Міне, осындай шаруалардың жүзеге асуы мұсылмандар фракциясының жұмысын жүргізуші алқа хатшысының белсенді қызметіне тікелей тәуелді екендігі түсінікті. Ал саяси жігері кемерінен асып тұрған жас, алғыр Мұстафа Шоқайұлы қолындағы мүмкіндіктерді түгел іске қосудан тартынбайтын қайраткер-ді, бұған күмән жок. Осы орайда доктор Таһир Шагатай «Марқұм Мұстафа Шоқайдың туғанына алпыс жыл толуына» деген еңбегінде құнды мәлімет келтіретінін атап айту ләзім: Мемлекеттік Дума құрған Тергеу комиссиясына Шоқаев патша әскерінің қанды істерін, ауылдарға салған сойқанын бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп беріпті...

Патша тақтан бас тартқаннан кейінгі ахуалды Мемлекеттік Дума өз қолына алып қадағалауға тырысқаны мәлім. Уақытша комитет құрды. Уақытша үкімет сайлады. Уақытша үкіметтің әр өлкеде жаңа жағдайға сәйкес қызметін ұйымдастыруға тиіс комиссарлары (мәселен, Дала өлкесіне – Әлихан Бекейханов, Түркістан өлкесіне – Мұхамеджан Тынышбаев және т. б.) бекітілді. Бұл істерден мұсылмандар фракциясы және оның іскер хатшысы тыс тұрды деп айтуға әсте болмайды. Ақпан революциясы империя отарларындағы басқару жүйесін қайта құру, өзін өзі басқарып, билеу орайында небір саяси мүмкіндіктерге жол ашты. Мұндайда ел арасына көкірегі ояу, көзі ашық, мемлекет ісімен таныс зиялыштардың тезірек барып жұмысқа кірісуі ләзім...

Мұстафа Түркістанға аттанды. Өлкені автономияландыру ісіне дайындық жүргізуді бірден-бір мақсаты етіп аттанды Алайда оның бұл жоспарын – көптен ансаған революция женісі көнілді қанша асқақтатса да – жаңа тұрпатты билеушілердің макұлдай коймайтыны оған Петроградтан

шықпай жатып-ақ мәлім болды. Қолда бар әдебиеттен біз Мұстафаның Петроград Советінің төрағасы меньшевик Н.С. Чхеидземен әңгімелескенін, әңгіме барысында Дума-да ішкі саясат мәселелерін өткір көтерумен абыройлы боп жүрген социал-демократиялық фракция басшысының Түркістанға автономия беруден сонша үрейленіп, сол мәселені «әзір ауызға алма» деп, тіпті Шоқаевты үгіттегенін біліп отырмыз... Бірақ оның кеңесі жас та қажырлы, қайсар қайраткерді ойынан айныта алмады.

### III

Ақпан революциясы Түркістан өнірінің де саяси өмірін бұрк-сарқ қайнатып жатқан. Түрлі әлеуметтік топ пен илаһым өкілдері өздерінің саналуан ұйымдарына бірігіп, съездері мен жиналыстарында көздейтін мұдделерін, бағдарларын жариялауға, алдағы міндеттерін айқындауга кіріскең-ді. Мұндай қызу қоғами тыныс-тіршілік иірімінің қак ортасына Ташкентке жеткен бетте Мұстафа да түсіп кетті. Ол «Бірлік туы» деп аталатын газет шығарып, кейінірек қазан революциясы идеяларын өмірге енгізуші белгілі партия және мемлекет қайраткерлері дәрежесіне көтерілген Нәзір Төреқұлов пен Сұлтанбек Қожанов секілді азаматтармен бірге, алдағы саясат мәселелерін баспасөзде талқылап тұруды жүзеге асырды.

Петрографтағы Қазан төңкерісі Ташкентте пісіп-жетіліп келе жатқан саяси күштер қақтығысын жеделдедті. Ал бұл қақтығыстың шиеленісуіне социал-демократтардың Түркістандағы кейбір ықпалды тұлғаларының патшалықтың отарлау саясаты мен нәсілдік теориясын қанға сінірген «артық жаратылғандық», астамшылық сезімінің шырмауынан әдегенде құтыла алмайтындығы себеп болды.

Мәселен, Ақпанның кейін жұмысшылар, шаруалар, солдаттар, мұсылмандар (бұл – діни емес, жергілікті халықты білдіретін атау ретінде колданылды) Советтері жеке-жеке отау тіккен болса, құзде алғашқы үшеуі бірігіп кетті де, Қазан-

нан кейін, өзінің III съезінде өлкे билігін қолға алуға кірісті. Түркі халықтарының зиялышылары бұған наразы болды. Атап айтқанда, Серәлі Лапин мұсылман қауымының III съезі атынан өлкеде біріккен, коалициялық үкімет құру жөнінде ұсыныс қойды, әрі ол «басшылық құрамының азғантай бөлігі европалықтарға тиесілі болып, олар өлкедегі халықтың азшылығын ғана құрайтын сол европалық жұрт тіршілігін басқаруға хакылы» деп есептеді. Ал Советтер съезінің іс жүзінде ұstemдікке жеткен комфрекциясы, керісінше, мұсылмандарды үкімет басшылығына араластыруға болмайды, өйткені олар таптық тұрғыдан пісіп-жетілген жоқ деп шешті. Большевиктердің жекелеген басшылары, тіпті, көшпен-ділерді марксизм бойынша болашағы жоқ деп санады...

Түркістан олкесінің орталығында жаңаша үкімет құру ісі барлық жерде, барша топ пен ағым арасында біркелкі қолдау таппағаны, әрине, түсінікті. Айталық, Самарқандағы «Знамя свободы» газеті 1917 жылдың 10 қараша күнгі санында: «Халықтың сан жағынан елеусіз ғана тобын біріктірген Советтерге өкімет билігінің өтуі – Түркістан өлкесінің жағдайында жол беруге болмайтын жағдай. Шаруа, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Ташкенттегі атқару комитеттерінің өкіметті құшпен басып алуы – көвшілігі мұсылмандар болып табылатын өлкедегі халық еркін тізгін-дегендік ретінде есептеледі», – деп жазды...

Түркістан Советтері III съезінің шешімдеріне наразы жергілікті қайраткерлердің бастауымен Қоқан қаласында мұсылмандардың төтенше IV съезі шақырылды. Съезде Түркістан автономиясы жарияланды – бұл, кәдімгі, тарихта «Қоқан автономиясы» деген атпен белгілі түзілім.

Автономияның өлкеде ұйысу құрылтайын сайлап, өткізгенге дейін билейтін уақытша ұлт мәжілісі іспетті үкіметі құрамына Ферғана облысында тұратын ірі капиталист, адвокат, биржа маклері, тағы басқа европалық буржуазия өкілдері кірді. Олар автономия конституциясын жасасуға да атсалысты. Үкімет басына Мұхаметжан Тынышбаев сайлан-

ды, мүшелігіне Мұстафа Шоқаев та кірді. Бұл 1917 жылғы 27 қарашада болған окиға.

Сол жылдың 5 желтоқсанында Орынбор қаласында II жалпықазақ съезі ашылды. Арнайы шақырылған Шоқаев съезге қатысып, халық кеңесі құрамына сайланды. Қазақ жеріне шұғыл автономия жариялау мәселесі даулы болып, дауыс қақ жарылғанда, екі жақты да қолдамай, қалыс қалды. Оны Қоқандығы ахуал аланнатқан еді. Себебі автономияның іс жүзінде Түркістан өлкесіне қатысты нығаю мәселесінде дүдемал жәйттер көптігі ойынан кетпейтін.

Мұстафа Қоқанға оралысымен, автономия үкіметі саяси ахуалды саралай келе, өзінің халықпен байланысын арттыруға бағытталған жаңа қадамын жасады. 1918 жылғы қаңтар айының ортасында жұмысшы және диқан депутаттарының съезін шақырды. Мұны көрген Ташкент большевиктері автономистердің басшыларымен келісімге келерліктең ортақ тірек іздеуге мәжбүр болды. Қоқанға өз өкілдерін аттандырыды. Қоқан банктеріндегі ақшалай қаржыны конфиске леді, ал тап осы әрекет Қоқан үкіметін аса қолайсыз жағдайға ысырып, дағдарысқа душар етті. Шешімтал, батыл істерге бейім Мұстафа Шоқайұлы үкімет басындағы Мұхаметжан Тынышбайұлын алмастырды. Жаңа премьер-министр облигациялар шығару, басқа да шаралар қолдану арқылы қаржы жағдайын сауықтыруға тырысты...

1918 жылғы ақпанның бас жағында Ташкенттегі совет өкіметінің өкілдері М. Шоқаевпен келіссөз жүргізді. Араға апта салып, екі жақ бейбіт конференция өткізді. Ұзамай Қоқанды большевиктер әскері (Қызыл Армия Түркістанда 1918 жылғы қаңтарда, яғни Россия орталығынан едәуір бұрын құрылған) алып, автономияның ғұмыры үзілді.

Басмашылар қозғалысы бастау алды. Үкімет мүшелері бас сауғалап кетті.

Бұл кезеңнің сырт көріністерімен оқырман Сәкен Сей-фуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты әйгілі тарихи-мемуарлық романы арқылы таныс: «Большевик солдаттың құр дәрілеп бір атқан мылтығының дауысымен «Алашорда»

тәрізді байшыл автономиялы үкіметтер быт-шыт болып, қаша жөнелген қызық күндер болды. «Тар жол, тайғақ кешуде қайыспаймыз» дейтін мырзалар кішкентей жансымактарын ала қашқан күндері болды. «Алашорда» мүшелері: Тынышбайұлы, Шоқайұлы, Ақайұлдары жасаған Қоқандағы Қоқан автономия үкіметі солайша тырағайлады» (112-бет).

Талдауы жокқа тән, ашық кекесінге құрылған бұл шығармадан объективті мағлұмат алу қын.

«Қоқанга барып коқайып министр болып... құр дәрінің дауысынан қашқан» (117-бет) Шоқаевтың өзін қуәлікке тарту арқылы ғана сол кезең шындығын неғұрлым тереңірек жаңғыруту мүмкіндігі туар еді. 1928 жылы Мұстафа «Советтік Орта Азияда» деген кітапшасында былай деп жазды: «Біздің Москва большевиктеріне сенуге әзір тұрған, тіпті сенген уақытымыз да болды. Осы жолдардың авторы Ленинді, Троцкий мен Сталинді олардың жергілікті түркістандықтарды әй-шәй жок тонап, өлтіріп кетіп жүрген (1918 жылдың ақпанында) түркістандық агенттерінен қорғаштаймын деп, мойнына қыл арқан түскенді... өз басынан кешті... Осынау шын мәніндегі драмалық эпизод жөнінде автор дайындал жатқан Түркістандағы революциялық кезең туралы жазбаларда айтылатын болады».

Бұл жазбалар батыс оқырманына мәлім, оны Шоқаевтың тұғанына жұз жыл толу қарсанында «Азаттық» радиосы бірнеше күн бойы эфирмен таратты. Демек, оның естеліктерін күллі мұрасымен қоса зерттеп, ғылыми айналымға қосу, біздің баспасөзімізде жариялау ләзім. Сонда тарихымыздың бір күрделі белесі хақында «дұшпанымыз» түйген ойды өз білігімізben салыстыра қарап, ақиқатқа қателеспей қол созатын боламыз.

#### IV

Қоқаннан қашқан М. Шоқаев Алашорда халық кенесінің Орынбордан Алаш қаласына (казіргі Жанасемей) көшірілген ставкасына барған тәрізді. Жолда көрген қыншылықтарын

баяндайтын хаты Семейде шығатын «Сарыарқа» газетінде 1918 жылғы наурыздың 18-і күні жарияланыпты, оны С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуде» келтірген. Сол жылы құзге салым Мұстафа жыл басында Петроградта қызып жіберілген Ұйыстыру құрылтайына қатысқан орыс буржуазиясының біраз өкілдері Самараада құрган комитеттің – Комучтың жинальысына қатысуға аттанды. Ұйыстыру құрылтайының бұл комитеті «Мемлекеттік мәжіліс» өткізуге үйғарған болатын.

Енді осы орайдағы Сәкеннің ұгымы мен деректеріне көз салайық: «Мемлекет кеңесіне» Семейдегі Орталық «Алашорданың» бастықтары Элихан Бөкейханұлы, Әлімхан Ермекұлдары жөнелді (...) «Хандар» бір әдемі нөмірге түсті. Бұлар сол жерде «Мемлекет кеңесіне», «Күнбатыс Алашордадан» келген Ж. Досмұқанбетұлына, Үәлихан Танашұлына қосылды. Және бұларға Түркістанда Ергеш әкесінен қашып жүрген Мұстафа Шоқайұлы қосылды. Күндіз-түні әңгіме, күндіз-түні жүріс. (...) Самардың арак-сыра сататын әдемі үйлері, рестораны бұлардың әмірінде. (...) Столдарының үстінде атты әскердей болып самсаپ бөтелкелер тұратын болды. «Хандардың» кеңеске салған сөздерінің екпіні алдарындағы стол үстінде тұрған «атты әскердің санына» қарай болатын болды. (...) «мемлекет кеңесі» Уфа да ашылды. (...) Бұл контроллар кеңесінде «Алашордадан» Шоқайұлы мен Әлихан сөйледі. Бұл ылғи жітікке саяқ қосылған өңкей құзғындар көп сөздерден кейін «Жалпы Рессияның үкіметі осы...» – деп, үкімет сайлады. Оған «директория» деп ат қойды. Үкіметтеріне (...) «Алашордадан» Шоқайұлы кірді» (С. Сейфуллин, «Тар жол, тайғақ кешу». 1977 ж. 191–192-бб.). Сонымен, Қазақ қайраткерлерінің ішінен жалғыз Мұстафа Шоқаев қана Уфа Мемлекеттік кеңесі құрған Жалпырос- сиялық уақытша үкімет құрамына енді. Алайда оның көздеген мұратына мұндай «құрметтен» келер пайда жоқтығы айқын-ды.

«Біртұтас және бөлінбейтін Россия» мұддесін құйттегендер мен «тұтас империя» жалауын көтерушілер «бұратана-

ларға» автономия беруді ойына да алмайтын. Сондықтан да Уфадағы Мемлекеттік кеңес Алашорда үкіметінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдады. Рас, халық кеңесі мүшелерінің біразы занға жетік юрист болғандықтан да, бұл тығырықтан шығатын жол тауып кетті. Сол Уфада, 1918 жылғы қыркүйектің 11-і күні, Алашорданы Батыс және Шығыс бөлімшелерге бөлу жөнінде халық кеңесі қаулы шығарды.

Алайда Омбыдағы Сібір үкіметі қарашаның 4-інде арнайы пәрмен шығарып, Алашорданы тарқатылды деп жариялады.

Сонымен, қазак зиялыштарының автономия алу хакындағы талпыныстары түстіктегі де, терістіктегі де сәтсіздікке ұшырады. Бұндай ахуал дініне берік Мұстафаны қазак жерінен кетуге мәжбүр етті. Ол меншевиктік Грузияға, бұрынғы Петроградтан білетін социал-демократ таныстарына сапар шекті.

Осында ол 1920 жылғы Тифлисте саяхат жасап жүрген Социалистік Интернационал жетекшілерінің бірі Пьер Рено-дельді кезіктіреді. 1928 жылы Францияда, Мұстафаның «Советтер Орта Азияда» атты кітапшасына алғысөз жазғанында, Ренодель сол кездесуді мынадай сөздермен еске түсірді: «...өз елінде болып жатқан оқиғалар туралы Шоқаев мырза маган толқының сезіммен әнгімеледі. Ол бұлар жайында істің мән-жайын білегін және жағдайды толық түсінетін қалыпта айтып берді. Әйткені ол өз елінің ең мәдениетті адамдары катарынан болатын. Шоқаев мырза бізben социалист ретінде емес, орыс революциясындағы большевиктік төңкерісті, егер бұл төңкеріс оның еліне демократия мен бостандық берер болса, куана карсы алары күмәнсіз демократ ретінде сөйлесті».

Мұстафа тұлқібұланұды білмеген жан екен. «Түркістандағы совет практикасы революциялық-азаттық әперу ұрандарының шынайылығына деген біздің бойымыздағы сенімді өлтіріп кетті», – деп ағынан жарылды ол. Сол иланымының жетегімен, Грузияға Қызыл Армия кірер қарсанда еліміздің шекарасынан біржолата асып кетті.

## V

Мұстафа Шоқайұлы әммиграцияда жиырма жылдан астам өмір сүрді. Оның Париж, Лондон, Женева секілді ірі саяси ой-пікір орталықтарында атқарған жұмыстарын замандастары, үзенгілестері (әрине, әммигранттар ішіндегі) жоғары бағалады. Шоқаев оларды терең ғылыми танымымен, білімімен, ашық адаптация мен күрескерлік рухымен тәнті еткен көрінеді.

Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгин өзінің «Мұстафа-бей Шоқайоғлы, адам ретінде» дейтін естелігінде, мәселен, осылар жөнінде зор сүйсініспен жаза келіп: «Мұстафа бейнесін бірнеше жол сөзбен жеткізу қыын. Әсіресе, маған, марқұмды өте жақын білген, осы адамның құллі тартымдылығы мен жан толқытар қасиетін, оның достыққа беріктігін өз басым өте терең сезініп, түйсінген маған айрықша қыын», – дейді. Ол Шоқаевтың бойында «жалпыадамзаттық мәдениеттің ең бір негізін құрайтын тұсқа деңдеп ене алатын сирек қабілет» бар екендігін атап айтады.

Адам, ғалым, публицист, қайраткер ретіндегі тамаша қасиеттерінің арқасында Мұстафа әммиграцияда үйымдастырылған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достық коғамында» да, Европаның демократиялық қайраткерлері мен баспасөз өкілдері арасында да қадірленіп, үлкен беделге ие болып жүреді. Оның қаламынан шыққан енбектер елеусіз қалмайды, оны түрлі арнадагы халықаралық қозғалыстар өкілдері оқиды, талдайды, пікір айтады.

Мәселен, сталинизм жәдігейліктерін әшкөрелейтін «Советтер Орта Азияда» деген еңбегіне Карл Маркстың немесе Социнтерн қайраткері Жан Лонгे басқалар қатарында он пікір білдіріп қана қоймай, терең мазмұнды рецензия-макала жазды...

Ленин есімін тізерлеп отырып, көзсіз, ойсыз табынатын пүтка тұрпайы тұрде айналдыруға тырысқан Ташкент боль-

шевиктерінің өрескел, ерсі іс-қымылы, өлкедегі азаттық пен тенденцияларының аяқта тапталу деректері, отаршылдықтың түсі боялып күшейе түсу көріністері, сталиндік бұрмалаулар тұсында орын алған тағы басқа толып жатқан сорақылышқтар Шоқаевтың назарынан қағыс қалмайды. «Бәрін жоққа шығару, бәрін өздері ойлағандай тамаша түйінге жеткізу мәселелерін тамаша жасай біletін орыс большевиктерін ол әлденеше мәрте ашық мойындауға мәжбүр етті, – дейді Т. Шағатай. – Түркістанда кездестірген қыншылықтарының бәрін Россия большевиктері Мұстафа Шоқай есімімен байланыстыра түсіндіріп жазады, осы фактінің өзі жоғарыда айтылғанға ен жарқын дәлел».

Тоталитарлық режим тұсында «шетелде қашып жүрген әлдебір ұлтшылдың» біздің өміріміз туралы пікір айтуға хақы жоқ деп есептедік, бұл шындық. Шоқаев: «...Совет өкіметі ұлт саясатының теориясы мен ұрандары және олардың Түркістанда жүзеге асырылуы арасын алапат ор бөліп жатыр», – деп жазғанға біз шамданып, ССРО Орталық Атқару Комитеті сессиясының мінбесінен қарсы соққы бердік. Сөйті тұра: «...Совет өкіметінің идеялары, оның директивалары және олардың орындалуы арасында белгілі бір қашықтық барын» мойындалап, талдап жаттық. Яғни бізді жауымыз сынамасын, біз өз кемшилігімізді өзіміз білеміз!

1986 жылы Оксфордта М. Шоқаевтың «Түркістан совет билігі астында» деген кітабы қайта басылып шықты. Өзіміздің советтік құжаттар мен материалдарға негізделген антисталиндік еңбек. Қазіргі түрлі сипаттағы ұлтшыл-шовинистер, сепаратистер бас көтере бастаған шақта танымдылығы мен мәңгүрттікті жоюдағы пәрменділігі жойқын зор болары кеміл еңбек. Оны тездетіп біздің баспасөзде жариялаған жөн. Жалпы, шоқаевтану орайында мақсатты тірлік қолға алынар болса, оның 1927–1931 жылдары «Жана Түркістан», 1929–1939 жылдары «Жас Түркістан» деген журналдар шығарып тұрғанын да ұмытпау керек. Өз творчествосымен қоса, осы басылымдарды да мұқият зерттеу ләзім...

## VI

1941 жылғы 22 маусымда, Ұлы Отан соғысы басталған күні, фашистер Мұстафа Шоқаевты Париж түбіндегі үйінен тұтқынға алды. Россиялық эмигранттардың бәрі бір лагерьге орналастырылды. Шамасы, фашистер оларды совет солдаттары арасында рухани іріткі туғызу үшін пайдалануды көздесе керек.

«Осыдан бір сағат бұрын маған радиодан сөйле деген ұсыныс жасалды, – дейді үйіне жарты айдан соң оралған Шоқаев әйеліне, – мен, әрине, тұтқындар ішіндегі өз отандастарыммен жүздеспейінше үгіттемейтінімді мәлімдеп, бас тарттым. Маған шаруаларымды реттеуіме бір күн берді» (Мария Шоқай. «Бұл қалай болған еді». Париж. 1949 ж.).

Ертеңіне күні бойы уақытын Парижде өткізеді де, кешкісін үйіне келіп, жолға дайындала бастайды. «Тұні бойы ұйықтамады, жазумен шұғылданды, – деп еске алады Мария Шоқай. – Таңғы сағат 6-да оның артынан екі неміс келді. Мұстафа менімен қоштасып, солармен тысқа бетtedі. Көше бұрылсында қайрылып маған тағы бір қол бұлғады да, бұрышты айналды. Бұл оның тіршіліктері маған жолдаған актық, жанды назары мен сәлемі болатын».

Шамамен 1941 жылғы шілде айының екінші жартысында ол Берлинге әкелінеді. Тамыздан бастап немістер басып алған жерлерде совет жауынгерлері қамалған лагерьлерді аралайды.

Сувалки қаласының түбіндегі лагерьде болған инженер офицер Шоқаевты көруін былай деп еске алады: «...қыркүйекте біздің лагерьге неміс офицерлерімен әлдебір жәй киінген адамдар тобы келді. Барлық азиаттар шықсын деп айтылды. (...) Маған орта бойлы, өте жұмсақ, жылы өнді, жанының керемет қайрымылдығы сезіліп тұрған мырза тақалып келді. Баяу сөйледі, бірақ дауысы өте жағымды естілді. Бұл Мұстафа-бей еді. (...) ...Ол мені өзімен бірге әкетіп, бірнеше мың түркістандық жатқан лагерьге орналастырды. Содан

кейінгі 12 күн бойы ол біздің лагерьге құніне келіп тұрды да, таңертеңнен кешке дейін біздің қасымызда жүрді. Әркайсымызben жеке сөйлесті, өміріміздің күллі ауыртпашилығын түсініп қабылдады, бәрін, әсіресе Түркістандағы тіршілікті көп сұрастырды, әркімге әкелік кенесін берді, бәріміздің көнілімізді демдеп, тыныштандыруға тырысты.

Ол жолға шығардың алдында лагерімізде митинг болып, онда Мұстафа-бей былай деді: «Менің қымбатты отандастарым! (...) Біздің неміс тұтқындығынан босанып, өз үйімізде бейбіт те адап еңбек етіп өмір сұруімізге Алланың жәрдемдесеріне мен сенемін. (...) Менің ең басты шаруам сіздерді әртүрлі арнаіры жұмыстарға орналастыру болып табылады, сонда сіздердің әркайсыларының біздің болашақ отанымыз – Түркістанның құрылышына қажет мамандық ала аласыздар!» (Карис-бей. «Менің Мұстафа-Беймен кездесуім»).

«Ол өте байсалды, біркелкі мінезді еді, бірақ оның жүреғі әрдайым қызықайнап тұратын, ол өз жеке басына төнер қауіп-қатерге ой жүгіртпестен, өзінің жақындарына қол ұшын беріп қемектесуге қашанда әзір жүретін-ді, – деп жазды жоғарыда аталған «Менің досым Мұстафа Шоқаевтың аруағына» атты естелігінде А. Чхенкели. – Совет-герман соғысы кезінде, соғыс тұтқындары лагерьлерінің бірінде, ол өзінің ержүректігімен бірнеше ондаган жас грузиндерді атылудан құтқарып қалды, немістер оларды еврейге балап, ату жазасына кескен екен. Ол өз басын өлімге тігіп, үкімнің орындалуын тоқтатты, қателікті түсіндірді. Міне, қандай жабайылық жайлана заманда тіршілік етіп, құресуге тұра келді біздің Мұстафага!»

Фашистер Шоқаевты, Шоқаев фашистерді қалай пайдаланды? Қызметтестіктерінің мақсаты не? Келісімдері қандай еді?

Бұл сауалдарға «Шоқаев Түркістан легионың құрды» деген бұрынғы қарабайыр желеумен қанағаттанарлық жауап беруге болмайтынын қайта құру шұғыласында мәлім болған жаңа деректер айқын көрсетіп отыр.

Біріншіден, Мұстафа Шоқаев соғыстың алғашқы жылы-ақ, «...1941 жылғы желтоқсанның 27-сінде, 18 сағат 30 минутта, ешкімге беймәлім, біз үшін ұғып болмас жағдайда, Берлиндегі Кранкенхауста қайтыс болды» (Жұмаев. «Біздің көсем»). Екіншіден, халықаралық дәрежеде беделі бар, сталиндік режимнің қас жауы ретінде танымал тұлғаның фашизм қанаты астына барып әлдеқандай әрекетке кешуі біздің Берлинде астыртын жұмыс атқарған барлаушыларымыздың назарын аудармауы мүмкін емес. Демек, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің, сондай-ақ рейхсканцелярияның архивтерін нысанағын түрде сүзіп зерттеген адам жоғарыдағы сұраптардың көңілге қонарлық жауабын тауып алар болса керек.

Шоқаев Берлинде жерленді. Басына құлпытас қойылып, мүсіндік портреті орнатылды. Бейіті күні кешеге дейін, яғни жарты ғасырға тарта Батыс Берлинде дін аман сақталып келген екен, неге екенін, Берлин қабыргасы бұзылып алынған шакта Мұстафаның қабірдегі бюстін де әлдекім жұлып әкетіпті...

## VII

Қазіргі жаңару, жаңғыру жолына түскен кезеңімізде осынау биік, күрделі, қайғылы тұлғаны танып-білу, оның өмірі мен қызметін, әдеби мұрасын зерттеу, дөп басқан, шалыс басқан тұстарын ажыратып талдал алу – санамызды шырмаған ура-патриотизм шылауынан батылырақ арылуымызға септеседі. Тарихымыздың жыртықтарын бүтіндейміз. Келер ұрпакты тарихпен тәрбиелеу ісінде бұл қайраткер тағдырының тағылымды жақтарын ұялмай пайдалануға болатынын ұғамыз.

Кідіріссіз қолға алатын бір шаруа – көп болып осы кісі жайындағы жанды естеліктерді жинау.

Рас, бір қараганда, Шоқаев елден кеткелі жетпіс жыл болғандықтан, қазір оны көрген ешкім жок тәрізді. Дегенмен, үмітсіз – шайтан, көне көздерге құлақ түреік. Оның үстіне, 20-жылдары бір топ қазақ, өзбек, қыргыз жастары-

ның шетелге оқуға жіберілгенін еске түсірейік. Олар Мұстафамен кездесіп жүрген.

Айталық, сондай азamatтардың бірі, қазір Шымкентте тұратын карт ғалым-дәрігер Досановтың естелік айтуын өтініп, неге таспаға жазып алмасқа? Парижге сапар шеккен артистеріміз бар, солардың кейбірі арқылы Шоқаев елдегі пікірлестерімен хат-хабар алысқан деседі. Газеттерден ол Дулатовты лагерьден құтқарып әкетуге тырысқан деген хабар көрініл қалды. Жақаң оның ниетін қабыл алмапты, алайда басқа азamatтардың тәуекелге бел бууы мүмкін ғой. Ондайлар бар болса, артына қандай із қалдырыды екен?

Осы ретте эмиграция әдебиетін шүкшія зерттеу ләзім. Бүгіндері шетелдерде жүрген отандастарымызды ортақ әңгімелеге тартқан жөн. Қысқасы, іздену керек, іздену керек...

Сөзімнің басында айтқанымдай, мұның бәрі әлдекімді қаралау, яки кінәлау үшін емес, көмескі жәйттерді айқындау үшін, әділет үшін істелуге тиіс!

«Қазақ әдебиеті». 2 қараша 1990 ж.

## *2. Мұстафаны оқығанда...*

Мұстафа Шоқайды мұқият оқыған сайын кешегі тоталитарлық жүйе душар еткен қасіретті терен түйсініп, бүгінгі ахуалымыздың кейбір келенсіздіктердің түп-тамырын айқын ажыратамыз және оны дұрыстаудың жолдарын бажай-лаймыз.

### **Бастау**

Коммунистік партияның шырмауынан азат болғалы бері Қазаннан тәуелсіздікке дейінгі ғұмырымызыда әдемі ұран мен өтіріктің көп орын алғанына көзіміз жеткендей-ди. Алайда, бізге ықпалды кісілер: «Өткеннің бәрі бірдей жаман болған жок, ірі жетістіктерге жеттік, тарихты сызып тастау жарамайды, оны қайта жазбау керек, тарихты болған күйінде

қабылдау керек», – дейді. Жаны бар сөздер. Жаман болсын, жақсы болсын – өз тарихымыз, демек, оны дұрыс түсінген жөн, өзгертіп жазу шарт емес. Әйтсе де, оны түрлі боямадан аршып жазу қажет. Сөйтіп қаз-қалпында, шын, әділ, таза түрінде оку ләзім.

Ал табыстарымызға келер болсақ, әрине, олар да өткен жолдарымыздың жемісі. Тек, қасіретті бұрмалаулар азырақ болғанда – олардан да зор толайым табыстарға кенелер ме ек, қайтер ек...

Жә, әңгімеміздің негізгі арқауына оралайық: бізге жетпіс үш жыл кешігіп жеткен шындық Мұстафа Шоқайұлына кезінде-ақ мәлім-тін.

Сексен алтының әйгілі толқуынан соң қайта тұтаса бастаған тоталитаризм тұсында, ұлттық намысы жоғары жас ғалым Самат Өтениязов шет елден Шоқайдың бір ең-бегін жасырын әкеліп таратқан еді. Бұғінге дейін әлденеше рет қайта басылып, көп игілігіне айналған сол бір кішкене кітапша өзімізді өзіміз танудағы елеулі белеске айналған-ды.

Қазіргі таңда кеңестік шын тарихымыздың маңызды беттерін Мұстафандың жазып қалдырганына күмәндандаймыз. Бізге енді сол ақиқатты оқып үйрену ләзім. Болашак үшін, жас тәуелсіз қазақ мемлекетін отан өткен барша ұлт өкілдерінің өзімізбен ниеттестігін қалыптастыру үшін, ел бірлігі үшін.

Мұстафа Шоқайұлы Түркістан өлкесін билеген большевиктердің сөзі мен ісі арасында жер мен көктей алшақтық барын Европадағы демократиялық қозғалыс қайраткерлері алдында тұнғыш әшкереледі. Ол бұрынғы Ресей империясының әміршіл құрылымының орнына жәдігейлігі патша отаршылдарынан асып кеткен қатыгез, аяр билеушілер жүйесінің келгенін нақты деректермен жан-жақты ашып көрсетті.

Біз оның «Кеңес билігі астындағы Түркістан» («Туркестан под властью Советов») атты монографиясы туралы айтпақпаз. Сол бір шағын кітапша өзінің ағартушылық мәні

жөнінен көп томдық, ғылыми аппаратпен жабдықталған, ең егжей-тегжейлі шежірені баяндайтын тарих оқулықтарынан артық, пәрменді де өтімді. Ол ел санасына, ұлттық санаға, әркімнің азаматтық айқын позициясын қалыптастыруға иғ әсерін шапшаң тигізе алады.

Енді бірер ауыз сөзді оның жазылу тарихына арнайык.

### **Негізdemесі**

1927 жылы Қазан революциясының он жылдығын тойлауға қатысқан француз жұмысшылары делегациясының бір тобын КСРО үкіметі Мәскеуден Орта Азиядағы Қеңес республикаларына саяхатқа жіберіп алады. Француз меймандардың бұрынғы Түркістан өлкесі орнындағы совет жолына түскен республикаларды аралаудан жақсы әсермен оралуы, әрине, большевиктік үлгіде ұйымдастырылып, қамтамасыз етіледі. Қонақтар көріп-білгендерін өте жоғары бағалайды.

Ал Мұстафа олардың түркістандықтардың нағыз тұрмысын көрмегенін, «москвалық агенттер» нұсқаған жерлердеған болып, жалған да жасанды «жарасым мен бақытқа» мәз болғандарын айтады. «Шын мәнінде, барлық большевизмге берілгендер үшін қасиетті ақырат тәрізді есептелетін сөздерді: Совет елінде бәрі жақсы, әсіресе, Қеңес өкіметінің ұлттық саясаты кіршікіз таза екен дегенді айту үшін осынау қымбат тұратын саяхатқа шығып, алыс Түркістанға барудың ешқандай қажеті жоқ болатын, – дейді Мұсекең. – ...Олар Францияда отырып-ақ сол сөздерін айттып та, жазып та берер алар еді. Оларға қажет анықтаманың бәрін Европадағы кез келген қеңес өкілдігі алдарына қояр еді».

Шетелдіктердің сол сапарының сыртта да, іште де атқарар насиҳаттық рөліне зор мән берілгеніне күмән жоқ.

Шоқайұлы олардың «бәрін өз көздерімен көру үшін» шалғайға саяхатқа шықпай-ақ қоюларына болар еді деген пікір айтты. Өйткені француз делегаттары Советтік Қазақстан аумағымен тоқтаусыз өте шыққан-тын. Тек Қы-

зылордада ғана олар мінген пойыз тұнгі сағат бірде жеті минутке аялдады. Сол қас-қағым уақыт ішінде, ресми сәлем-десулерден кейін, Қазақстан революцияшыл кәсіподақтарының бастығы Ізмұқан Құрамысовтан олар альбомдар алды. Қазақстанның революциялық жетістіктеріне «иланып», «әлемдегі асқан бақытты» республика еңбекшілерінің тіршілік жайына естері кете шаттану үшін француз делегаттарына пойыз үстінде танысқан альбомдары жеткілікті болып шықты.

«Еңбекші қазақ» газеті «Француз жұмысшыларының Қазақстан еңбекшілеріне хатын» жариялады. Онда олар өздеріне «қазақтардың жолымен жүргуге» ант берді. Сөйтіп, «бақытты қазақтар» өмір сүріп және жұмыс істеп отырғандай мәдени тыныс-тіршілік пен табысты еңбек жағдайына өз отандары Францияда да қайткенде қол жеткізуге белді бекем буып, табанды түрде шешім жасады...

«Мәскеу үкіметінің француз қонақтары» дүйім жұртқа жария еткен декларацияға жауап беруді өзінің түркістандық азамат ретіндегі парызы әрі отандастарының тапсырмасын орындау деп білген Мұстафа Шоқай «Кеңестер Орта Азияда» деп аталатын полемикалық рухта орындалған кітапшасын жазды.

Бұл жұмысын ол 1928 жылғы ақпанның басында бітіреді де, едәуір киындықтардан соң, сол жылдың шілде айында баспадан шығартады. Мұсекен еңбегінде тек кеңес өкіметінің әдебиеттерін, орыс, қазақ, өзбек тілдеріндегі түркістандық газеттер мен журналдарды, партия және үкімет мәжілістерінің хаттамаларын, кеңес мемлекеттік баспалары басылымдарын пайдаланады.

«Мен деректер туралы, оның үстіне, жоққа шығарылмайтын деректер туралы әңгімелеймін, – дейді ол, – өйткені бұлардың бәрі кеңес баспасөзінің өзінде тіркелген. Оларды тек кана қабылдап, мойындау қалады. Бұл реттегі қабылдау дегеніміз – оларды түрлі саққа жүгірту мүмкін емес деген сөз. Ал бұл қорытындылардың мәні – кеңес өкіметі ұстанған

ұлт саясатының теориясы мен ұрандарын олардың Түркістанда жүзеге асырылуынан бөліп тұрған орасан зор шынырауда жатыр».

Сол «шынырауды» алыс Париждегі Шоқайұлының бұлтарптас дәлелдермен күллі батыс демократтарына айқара ашып көрсеткені сондай, Мәскеудегі большевиктердің жандары шығып кете жаздады, оны КСРО Оргалық Атқару Комитеті мінбесінен «ұлтшыл» деп таңбалап, ғайбаттап жатты. Ғажабы, «кенес өкіметі идеялары, оның директивалары мен олардың атқарылуы арасында белгілі бір қашыктық барын» өздері де түйіндеп, Мұсекен таққан айыпты – «шынырауды» – іс жүзінде мойыннады. Тек большевиктік бетбактықса салып, деректерді «ұлтшыл» Шоқаев жалақорлықпен тергіштеп жинаған дегенді уағыздады...

Мұндай уағызын большевизм қайраткерлері үйымдық шарапармен – Мұстафаның еңбегін еліне жеткізбеу арқылы тиянақтады. Осындай жолмен кенес өкіметі Мұсекенді ұлы бетбұрыс шокпарынан және репрессиялардан қорқып-үріккен, санасты озбыр саясатпен шырмалған халыққа жау етіп көрсетті.

Алайда большевиктердің пигылы сөз бостандығы мен демократия іс жүзінде орын тепкен елдерде онынан таныла коймады. «Өздеріне көрсетілген «Потемкин деревнялары» бойынша фантастикалық мәлімдемелер жасағандар, әрине, Түркістандағы кенес өкіметінің гажайыптарын әшкереlegen кітапшаның авторы олардың адалдығына жала жабады деп шағымданар. – Шоқайұлының еңбегін мұқият оқып, кітапшаға алғысөз берген белгілі француз социалисі Пьер Ренодель осылай жазды. – Олардың сорына қарай, Шоқаев мырза ең жақсы, ең сенімді тәсілді қолданған. Ол оқырманды өз байқаулары мен пайымдарының жәрдемімен иландыруға тырыспайды. Ол мұны большевиктік құжаттардың өздерінің көмегімен жасайды».

Кітапшаны оқығандардың бұған көздері жетеді. Өйткені, Ренодель айтқандай, «нағыз орыстық империалистік және

ұлтшылдық отарлау тәсілдерінің» Түркістанда қалай қолданылып жатқанын Мұсекен қеңес коммунистерінің газет-журналдарынан алынған деректер арқылы батыс социалистік қозғалыс қайраткерлері алдына жайып салады.

Француз коммунистік делегациясына өтірікті шындаған етіп айтқызу арқылы әлемдік қоғамдық пікірді өз пайдаларына бұрмақ болған большевиктердің әрекетіне Мұстафа Шоқай-ұлы аталмыш ғылыми және публицистикалық жұмысымен осылай дер кезінде батыл тойтарыс берді.

### «Бостандық» астары

Қазан төңкерісінен кейінгі он жылдың шындығын – француз большевиктік-коммунистік жұмысшы делегациясы мүшелерінен жасырылған ақиқатты – Мұстафа қеңес базылымдарының өзінен іздеп тауып, қорытып ұсынған. Сондықтан да Мұсекенің бұл кітапшасы, Ренодельдің әділ атап көрсеткеніндей, жүздеген мың түркістандықтың аштан өліп, режим құрбаны болғанына қуәлік етеді. Жергілікті әкімшіліктің негізінен орыстармен толтырылғанын, ондағы туземдіктердің саусакпен санаарлық екенін дәлелдейді. Елді белгілі бір дәрежеде надандық билеп отырганын әшкөрелейді. Маркстік ленинизм дегеннің, большевиктік мекемелердің көбі тәрізді, тек фасад-фарс екенін айтады. Метрополияның ішкі-сыртқы мұқтаждарын өтеуге қажет мақтаның, аграрлық революция желеуімен, ұжымдаса, кең көлемде қалай күштеп, қанаушылықпен өндіріліп жатқанын көрсетеді.

Мұстафа осы еңбегінде, сондай-ақ, француз коммунистік партиясы өкілдерінің Түркістанда «ұлттар тендігі жүзеге асырылды», «өзбектер – өз елінің қожайыны» деп қуәлік етуіне байланысты, оның жалғандығын ашады. Бұл үшін – «тәуелсіз қеңес республикасы» Өзбекстан құрылған кезеңдегі, масқаралығы жағынан мәдениетті елдер тарихынан іздеп табылуы қын қеңес өкіметінің бір шарасын ашына келтіреді.

«1925 жылғы 21 қаңтарда, Лениннің өліміне жыл толғанда, көне Ташкент шаһарының туземдік халқы, өкімет жарлығы бойынша, тізерлеп отырғызылды, – деп жазады ол. – Осынау туземдіктер бірнеше минут бойы шынайы отар құлдары жағдайында қалдырылды... Сириялық Али-Мира мынаған дайын болу керек: Лениннің немесе Кашеннің өлгеген күніне орай сириялық шаруалар тізерлетіп қойылады (француздар бұл кезде түргегеп тұрып: Ленин мен Кашен өлді, бірақ олардың істері жасай береді! – деп айқайлайды), ал мұндай әрекетке қарсылық жасауға ниеттену – катерлі «ойдағы қателік» болып табылады».

Бұлармен қатар, әйелдердің пәрәнжі киоі мен «орыс-түркістан коммунизмінің» Ленин пайғамбар ма, жоқ па? деген мәселені анықтауга тырысқанын суреттеген саяси комедиялар да еңбектен орын алған. Ренодельдің пікірінше, идеалдарына осынша ерсі де мұндыш нәтижелердің телінуі – социалистерді ұялуга мәжбүр етеді.

Қыскасы, большевиктер жүргізген солакай саясат салдағынан Түркістанда халықтың ұлттық бостандық алу хұқы да, әр адамның жеке бостандықка деген хұқы да аяққа тапталған. – Шоқайұлы өзінің батыстағы оқушыларын осы ойға мензейді.

Ол француз тілінде жарияланған бұл жұмысын – негізгі мақсатын дәйектей түсетін жана деректерге сүйеніп жазылған тараумен, қосымшалармен толықтырып, «Түркістан кеңестер билігі астында» делінген атпен 1935 жылы орыс тілінде шығарды. Қалың кеңестік көптомдықтарға бергісіз жұқа кітапша. Қөл-көсір ашы шындыққа тұнған шағын көлемді ұлken тарих...

### **«Ұлт-азаттық саясатының» салдары**

Шығыстың отар және жартылай отар елдерінде революциялық қүрес ісін, Сталиннің айтуынша, Ленин «Шаруа кеңестерін» ұйымдастырудан бастау кажет десе керек. Сол «Шаруа кеңестерінің» лениндік «революциялық-азаттық»

бағдарламасының орындалуына мысал ретінде, Сталин Түркістанды нұсқайды. Мұстафа Шоқай ондай тұжырымының ойдан шығарылған өтірік екенін дәлелдейді...

Түркістандағы кеңес өкіметі билігін жергілікті халықтың өкімет ісіне қатысу хұқын жоққа шыгарудан бастады. Отарлық режим қалдықтары – Ташкент «большевиктері», солардың билігімен Түркістанның жана дәуірі дүниеге келді.

Жаңа өкіметтің отаршылдық сипаты Түркістан Кенестері III съезінің қарарымен бекітілді. Ал жергілікті мұсылман кедей-кеңшіктер патша заманында қалай мал сиякты болса, пролетар үкіметі тұсында да сол қалыпта қалды. Тіпті, кеңес өкіметіне қарсыласпаганмен, одан да жаман құйге тұсті.

Өкімет өкілдері капиталистермен күресеміз деген желеумен момын халықтың жиган-тергенін сыптырып ала берді. Қызыл әскерлер жергілікті халықты қорғаудың орнына торап, өлтіріп жатты. Өкімет өкілдері өздерінің орыстарын қорғаштады, жақсылап киіндіріп, тамактандырды. Ал аш-жалаңаш мұсылман мындал, он мындал қырылып жатты. Ташкент большевиктері қазақтарды маркстік көзкараспен қарағанда – экономикалық жағынан әлсіз, бәрібір өліп-өшіп жойылуға тиіс деп есептеді. Сондықтан, революция мұддесі үшін бар күш-жігерді ашаршылықпен күресуге емес, майданға жәрдем беруге жұмсау маңызды деп білді.

Аштан өлген мұсылмандар саны тек ресми тіркелген дерек бойынша бір миллион жұз он төрт мыңға жетті. «Мәскеудің «ұлт-азаттық саясатынан» алған біздің «ұлттық пассив» осындаидай», – дейді Мұсекен. Ал «кеңес активі» мынау: миллиондаған аштыққа ұшыраған жергілікті халық – большевиктер оларға тамак тауып бермегенмен, өздері өмірден кету арқылы, олар большевиктердің жалпы жағдайын сактап калды...

«Мен француз коммунистерінен сұрап едім: сириялық, марокколық, үнді-қытайлық және басқа «маркстік көзкараспен қарағанда экономикалық жағынан әлжуаз» халықтарға қаystsы (егер, Францияның сорына қарай, олар өкімет басы-

на келе қалса) тұра осындай саясат ұстанған болар ма еді? – дейді Мұстафа. – Ал сириялық Али-Мира Сириядағы блашақ кенес өкіметі сириялық кедейлердің қырылуы нәтижесінде, сириялық шаруалар өліктерінің үстінде орнағанын қалар ма еді?»

Мұстафа Шоқайұлы Түркістанда орнаған кенес өкіметінің негізінде мұсылман кедейлерінің қанына араласқан большевиктік өтіріктің лас кір-қоқысы жатыр деп есептеді. Ол Қазан төңкерісінен кейін іле-шала жүргізілген бұл аштық саясатының он шакты жылдан соң мейлінше жәдігейлікпен қайталанғанын дәл уақытында білмеді-ау... Егер большевиктер билікке келген алғашқы кезеңде олардың іске асырған қылмысты шараларының нәтижелері түрлі жолмен тасқа басылып қалған болса, күш жинап, күллі басқару тізгінің қолдарына алғаннан кейін, олар сол кемшіліктерінен қорытынды шығара білді. 30-жылдарғы көшпендерді аштан қыру қылмысын сырт көзге білдірмеу жағын мұқият ойластырып жүзеге асырды. Газет-журнал ашаршылық көлемі мен салдары туралы ауыз аша алмады, партия мен үкімет жиындарында да аштықтан жұз мындалап өліп жатқандар тасада қалып, тек мал басының азаюына өкініш білдірілді.

Ресми құжаттар мен басылымдарды сүзіп оқитын Мұсекен, нақты деректерге ғана сүйенуге дағдыланған қайран Мұсекен сонау Париж түбінде отырып, алуан құжаттардан жиыстырып ала алған экономика деректерін, тек қана шаруашылық көрсеткіштерін сипаттайтын цифrlарды талдауды.

Ол мұны толық социалистік қоғамда, тіпті коммунизм кезінде де көшпенді мал шаруашылығы бола беруі ықтималдығы жөнінде шығарылған жаңа сталиндік теорияға байланысты істеді. Сталин бұл теориясын қазақ даласындағы аштық саясатын ойдағыдай орындан біткен соң таратқан-ды. Сол бір ғасырлық қылмыстан бейхабар Мұстафа, тек баспасөз мәліметтерін арқа тұтқан қайран әділ ғалым Мұстафа Стalinнің жаңа теориясының – егіншілікке жарамды

жердің көбін орыс переселендеріне тартып алып бергеннен соң ғана дүниеге келгенін ескертті...

30-жылдарға дейін, тіпті 1931–1933 жылдарғы алапат ашаршылық аяқталғанға шейінгі шақтарда – кеңес режимі көшпенделік әдіспен мал бағуды еске алудың өзін қылмысқа парапар көретін... Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ алдындағы 40 миллион бас мал 1934 жылы тоғыз жарым миллион деңгейге кеміп кетті. 1916–1923 жылдарға созылған құллі апаттардан кейін Қазакстандағы Түрксіб желісіне бейімделген аймақта 1927 жылы 29 миллион мал бар-тұғын. 1935 жылы, Казкрайком секретары Мирзоян салтанатты түрде үлкен табыс ретінде хабарлаған Қазақстанның мал саны жеті миллиондай ғана болды – «мал бағушы түркістандық халықтың шаруашылықтағы «жетістігіне» бұдан өткен сен-діргіш мысал келтіру мүмкін бе?»

### **Құқық пен қалау**

Шоқайұлының кітабы күні кешеге дейін әділдігіне бәріміз құлай сеніп келген «лениндік ұлт саясаты» жайындағы бұл-тартпас деректерге тұнып тұр. «Алайда большевиктер ұлт саясатының лениндік-сталиндік теориясы хақында сөйлеуді тым ерекше жақсы көреді, – дейді Мұсекен. – Ленин мен Сталин іргесін қалаған ұлттың өз тағдырын өзі айқындау не-гіздерінің өзгеріс-бұлтарысты білмейтін дұрыстығы жайында айта беруді, өздерін де, өзгелерді де сендіріп-иландыруды жақсы көреді. Бірақ ұлттардың өз тағдырын өздері айқындауы жөніндегі кеңестік (лениндік-сталиндік те сол) теорияның құбылуын – метаморфозасын – кім қаншалықты есінде қалдырып, біліп жүр екен?»

Бұл мәселе бойынша Ленин мен Сталин Қазан төңкерісіне дейін және одан кейін қандай теориялық пайымдар жасағанына көз жүгіртейік. 1914 жылғы сәуірде Ленин: «ұлттардың өз тағдырларын өздері айқындауы дегеніміз – олардың өзге ұлттық ұжымдардан мемлекеттік бөлінісі, дербес мемлекет құруы» деп есептеді. Лениннің бұл мәселедегі осы негізгі

ойын большевиктердің бәрі қолдады. 1917 жылғы сәуірде, большевиктердің фракциялық конференциясында Сталин: «езілген халықтар Россия құрамында қала ма, дербес мемлекетке бөліне ме – өздері шешүге тиіс» деді. Конференция тиісті шешім қабылдады. Одан кейін де Ленин (1917 жылғы мамырда): ұлттардың саяси тұрғыдан өз тағдырларын айқындауын – «Россиядан бөліну еркімен қоса шешілетін мәселе» ретінде айрықша атап айттып жүрді.

Ал 1917 жылғы Қазан төңкөрісін жасап, билікке келгеннен соң бірнеше жыл өткенде, большевиктер басқаша сайрай бастайды. Партияның X съезінде Сталин: «ұлттық өз тағдырын өзі айқындау туралы ұран ескірді, ол – империалистер өздерінің ынгайына келтіріп пайдаланғысы келетін бос ұранға айналды, бұндай көмескі ұранды біз бағдарлама-мыздан алып тастағанбыз, біздің бағдарламада басқа, айқын ұран бар, ол – халықтардың мемлекет болып бөлінуге деген хұқы. Бұлар екі бөлек өзгеше дүниелер...» дейді. Ал «Ресейден жеке мемлекет болып бөлініп кету хұқы» халықтардың «өз еріктеріне» сәйкес пайдаланылмай қалды. Сейтіп ұлттың өз тағдырын өзі айқындау хұқы – «бос ұран», халықтардың мемлекеттік бөліну хұқы – «өз қалаулары бойынша» жүзеге асырылған жок.

Бұлардың ішкі мәнін 1920 жылы Сталин ашып айттып та берген: «шет аймақтардың Ресейден бөлінүін талап ету – революцияның қазіргі кезеңінде өте-мете зиянды контрреволюциялық әрекет болып табылады...» Ешкімнің «контра» болғысы келмеді – революция жалғасып жатты...

### **Большевизмнің жәдігөйлік мақтанышы**

Мемлекеттік басқару аппараттарын «ұлттандыру» жөніндеңі революция талаптарына сай қабылданған қаулының «корындалу» әдісін Мұстафа Шоқай кітабынан оқу да біраз нәрсеге көз ашады.

1919 жылы Россия Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Түркестан Республика халық комиссарлары кеңесіне

«туземдіктерді халық санына пропорционал дәрежеде мемлекеттік қызметке кең тарту қажеттігін» нұсқады. Алайда Мәскеудің түркістандық агенттері орталық тапсырмасын орындаудан бастартты. Ал Мәскеу өз эмиссарларын мандағынан да шерткен жок, ұзамай, «ұлттандыру» мазмұнына жаңадан елеулі өзгеріс енгізді. Мемлекеттік аппаратты жергілікті халыққа «тақалту» мәселесін көбірек айтты, орыстар үшін жергілікті тілдерді оқытатын қысқа мерзімді курстар аша бастады...

Басқару аппаратын халыққа осылай «жақыннату» тәсілін ғасыр басында Түркістан генерал-губернаторы Субботич қолданған-ды. Жергілікті тілдерді жылдам үйренген әкімшілік және сот мекемесі қызметкерлеріне сыйлық тағайындаған. Бұл шараны ақымақтау патша үкіметі «революция» деп есептеді де, Субботичті төзірек генерал-губернаторлықтан тайдыруға асықты. Мәскеулік кенес үкіметі де енді сол тәсілді «революция» дейді!

Мемлекеттік аппаратты халыққа «жақыннатуды» көздейтін осынау «революциялық» жүйе нәтижесінде онсыз да саусақпен санаарлық түркістандық қызметкерді әр қолайлы сәт туған сайын орыспен алмастыру ашық жүргізілді. Аппараттың жұмыс тиімділігін арттырып, оны ұстауды арзандату желеуімен жергілікті ұлт қызметкерлерін жұмыстан шығару, яки қысқарту орын алды...

Орта Азияда 1927 жылдын ортасында 28.6 мыңнан астам жұмыссыз бар-тын, соған қарамастан, заводтарда істейтіндерді қысқартып, олардың орнына Ресейдің ішкі губернияларынан жұмысшылар шақырып әкелу жиі кездесіп тұрды. Орыс жұмысшылары жалақыны туземдіктерден әлдекайда көп алды, азық-түлікпен де солар молырак қамтамасыз етілді. Олар жергілікті жұмысшыларға сенімсіздікпен, астамшылық сезіммен қарады.

Ал туземдіктердің шағымын өз тілінде тыңдайтын ешкім болмады. Көзбояушылықты жетік менгерген эмиссарлар орталыққа: «Түркістанда мемлекеттік автономия құру

жолымен толық түрде ұлттық өзін өзі басқару жүзеге асырылды» деп баяндады. Ал орталықтан арнайы аралай келген большевиктер Түркістанда жергілікті халыкты отаршылдықпен қанаудың ең маскара түрі жүзеге асырылғанын көрді: «Отаршылдарға туземдік кедейлердің шынайы басшылары, өздерімен тең хұқыкты жолдастар керек емес болатын. Оларға тілмәштар мен полицей атқарушылары ғана кажет еді...»

Жаңа тұрпатты отаршылдар сырт көзді алдау үшін сауаты шамалы, бірақ айтқандарынан шықпайтын «туземдіктерге» басшылық лауазым беріп қоятын.

Француз делегациясы Түркістанды аралардын алдында ғана баспасөзде жарияланған мәлімет: «округтік атқару комитеттері төралқаларының төрағалары мен мүшелері арифметиканың алғашкы төрт амалын білмейді. өз ана тілдерінде сауатты жаза алмайды. Париж бен Лондонның кайда екенін ажыратпайды. партия тарихымен таныс емес. партияның бағдарламасын оқымаған...» Кенестік Өзбекстан өкіметінің басына хат танымайтын адам сайланды. Кенестік Қазакстанда да өкімет басшысы шала сауатты кісі болды. екі елде де бұл жағдайды – «оку-тоқусыз кедейдің ел баскарғанын» – мактандыш тұтты. Большевиктердің аркасы...

Ал бірінші немірлі большевик Лениннің өзі сауаты ашылмаған жанның саясаттан тыс тұратынын, тек өсек-аян, ертеңі, ұзын-кұлак жетегінде ғана жүретінін тұжырымдаған болатын...

### **Жерден айыру тәсілі**

Бұқілодактық Орталық Атқару Комитеті Қазакстан үшін бекіткен көшпенді және жартылай көшпенді аудандардагы жерге орналастыру туралы ережеде «негізгі жерге орналастыру жұмыстары аяқталғанша... сырт адамдарға коныстыандыру үшін де, жалға беру үшін ешкандай жер бөліп алуға жол берілмейді» дегендегенді.

Алайда бұл құжат та большевиктік екіжүзділіктің тағы бір ескерткіші болып кала берді – арнайы адебиетте Қазакстан-

дағы жерге орналастыру жұмыстарын «артық жерлерді анықтау мен ол жерлерге коныстандыруды бір мезгілде және катарап жүргізу» туралы ой тасталды. Эйтпесе жер-су көздері қате және тиімсіз пайдаланытуы ықтимал екен. Қалай дей-сіз ғой? Жаксы жерлер сонда отырған халыктын қарамагына бекітіліп беріліп койылады да, артық-аудық қалғандардың құны жойылады. Мұсекен мұнын астарында: «тандаулы жерлер казактарға тиіп қалмасын», – деген, кеңес орталығының «қаупі» жатканын, ері сондай «сесекеністін» тікелей салдары ретінде – казактардың шұрайлы жерлерден куылып, тастакта, шелде, ұйымдастырылған колхоздарға апарылғандарын бұттартипас мысалдармен дәлелдейді.

Казактардың өздерін жерге орналастырып болғанша Ресей тұрғындарының Казакстанға көшіруді докара тұру жөнінде РСФСР Орталық Атқару Комитеті 1924 жылғы 17 кокекте және 1925 жылғы 14 қыркүйекте арнаулы каулылар кабылдаган-ды. Алайда бұлтар жәйғана, казак өкіметін алдаусырату іспетті құжаттар болып шыкты – жұмакка ұмтылғандай сезінген переселендер казак жеріне толассыз ауа берді, ал оларға Ресей үкіметі тыйым салмады.

Бір мезет өзін азат та тауелсіз мемлекет базы санап қалған Казакстан Автономиялық Қенестік Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитеті казак жеріне өз беттерінше 1925 жылғы 31 тамыздан кейін коныс аударған орыстарды жер ату хұқынан айыру жөнінде шешім шығарды. Олар келтген жактарына оратуға, немесе жерді жалға алу хұқына разы болуға тиіс-тін.

Казак елкеткіп партия комитетінің бірінші хатшысы Голошевкин өзіне ұнамсыз бұл шешімді жою үшін ауелі болышевиктік күлкіншілікten сыннан өткен тасқынмен комиссия құрылды. Сосын комиссияға келтіл, мұндай каулыны орынлауға болмайтынын, оньғын күшін жою керектігін айтады. 200 мың орысты кері кайтарып жібере алғатын карулы күші бар ма екен казактын? Оларды келтген жерлерінен кері тасымалдауда жұмсататын шығындық жабарлық ақшатай каржысы бар ма екен казактын?..

Әрине, қазакта әскер жоқ, байлығы да шамалы... Қазақ өкіметінің қаулысы қабылданар-қабылданбастан күшін жойды.

Сөйтіп, Компартия келімсектердің өз беттерімен ағылуына тоқтам салмау былай тұрсын, құлаған режимнің жерсу хақындағы әділетсіздігі түзелетінінен үміттендірген бұрынғы қағаз жүзіндегі әділ шешімдерін жиып тастап, қазак жерін жаңаша отарлауды ашықтан-ашық жоспарлауға кірісті.

1928 жылды Бүкілодактық Переселендік Комитет 1928–1933 жылдарға арналған қоныс аударту шарапарының бесжылдық перспективалық жоспарына Солтүстік Қазақстанның жеріне ішкі Ресей облыстарынан 400 мындаі переселен апаруды қости.

Революцияға дейін 6 миллионнан асқан қазақ 1927 жылды 4 миллионға жетпей қалды... Республика аумағын мекендеген халықтар ішіндегі үлесі 90 проценттен 60 процентке түсіп кетті...

Кеңес үкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясаты 20–30-жылдары да, бертінде де 17-жылды құлаған царизмнің есکі отарлау саясатын еске салып тұрды: тың өлкесін игеруге байланысты айтылған Хрущевтың әйгілі сөзін ойлад қойыңыз – патшалық тәсілмен істей алмаганды большевиктер кеңестік әдіспен жүзеге асырды...

### **Ізбасарлар әзірлеу шындығы**

Шоқайұлын оки отырып, патша өкімшілігі мылтық, арак, айланы астастыра жұмсарап жаулап алынған ел-жүртты «біртұтас та бөлінбес» мемлекеттің кәдімгі мұжық секілді боданына айналдыруды көздеңген орыстандыру жұмысын кеңес өкіметі түү бастан-ақ ең өтімді жолмен сабактастыра ілгері бағыттаганына көзіміз жетеді.

Қазан төңкерісінің он жылдығы қарсандында (1927 ж.) қазақ мектептерінің саны 1600 болыпты. Бірақ сабак өткізетін гимнараты бар мектеп 40-қа жетер-жетпес екен. Демек, мек-

тептің іс жүзіндегі саны да 40 болғаны ғой... Қазақ мектептерінде бір шәкіртке 7 сом 70 тиын, орыс мектептерінде – 16 сом шығындалады... Яғни қазақша оку – сапасыз, сауат ашарлық қана білім алу деген сөз, «есі бар» ата-ана баласын орысша оқытады...

Бұған Қазан төңкөрісі, большевиктер дүниеге әкелген Қазақ мемлекетінде негізгі халықтың тілімен қатар орыс тілінің де ресми мәртебеге ие болғанын, саяси-қоғамдық тыныс-тіршіліктің орысша жүруі биік дәрежеге саналғанын қосыныз...

Өкіметтің арқасында шалақазақтар саны құрт артып, түрі бір, тілі бөлек халық денгейіне жетті... Тәубә дерің, бәрі бірдей қазақ рухын жогалтқан жоқ.

### **Шындықты ашар кілт**

Мұсекен аталмыш кітабында ұлттар қатынасы мәселе-лерін жұмысының негізгі өзегі еткен. Одан кенес өкіметінің Түркістан өлкесіндегі билігінің он жылдық тәжірибесі нәти-желерін сипаттайтын, ең бастысы, кеңес дәуірінде бізге қар-шадайымыздан оқытқан тарихқа керегар оқиғалар мен құ-былыстар суретtelіп-баяндалатын мысалдарды жеткілікті де түсінікті мөлшерде табамыз.

Және осынау 20-жылдарғы «актаңдақтар» ақиқатын аша-тын, тәтті өтірікпен көлегейленіп келген азы шындықты әйгілейтін еңбек авторының корытындылары ол дүниеден көшкелі бергі дәуірді де түсінуге жәрдемдеседі. Бұл кітап-тан «заманымыздың ақыл-ойы,abyroйы және ар-ожда-ны» «ажарландырған» жалпақ қазақ жеріндегі «халықтар достығы лабораториясының» тәжірибелері мен Алматы Жаңа алаңындағы «тәртіпке түсірушілер» әрекеттеріне дей-інгі оқиғалар астарын ұғы кілтін көреміз...

Корыта айтсақ, Мұстафа Шоқайұлын мұқият оку ләзім. Қазақ та, орыс та, күллі түркі, сондай-ақ орыс тілді жұрт біткен зерттеп оқуға керек. Себебі Мұсекен сонау қатыгез заманның уақытында-ақ қағаз бетіне ұмытылмастай етіп, өшпестей етіп жазып қалдырып кеткен жазықсыз төгілген

қанның, қорлық пен қанаудың, надандықтың жан түршіктірер суреттері бүгінгі ұрпакқа зор тарихи тәрбие береді. Жаңа таным, мұлдем соны шындық арқылы барша ұлт өкілдерінің жан сарайына жаңаша ұстам, ар-ұят, иман, парыз сәулелерін тоғыстырады...

Біз бүгінгі күн ақиқатымен санасамыз, қазіргі тыныштығымызды ертеңгі ток, бақытты өмірге ұластырудан үміттенеміз. Бірақ көп ұлт өкілдері арасындағы келісімді қалыптылық пен бірлікті баянды етудін дәйекті бір жолы – азаматтарымызды тарихпен тәрбиелеуде жатқанын ескере бермейміз...

Қазақ 1917–1918, 1920–1921, 1931–1933 жылдары миллиондап аштан өлді, төңкеріс, азамат соғысы, тәркілеу мен ұжымдастырудың асыра сілтеулеріне қарсы көтерілу, жаппай жазалаулар кездерінде мындалап, жұз мындалап қырылды, шамалары жеткендері шетелдерге қашты. Сейтіп, Қазан төңкерісіне дейінгі алты миллиондық халық екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында екі миллионға жетер-жетпес болып қалды. Осы мөлшерінің төрттен бірге жуығын майдан далаларында құрбан етті.

Қазақ тек соңғы жарты ғасырдан сәл астам уақыт ішінде ғана біршама демографиялық жаңғыру құбылысын бастан кешіп келеді.

Ал әлгі аталған қасіреттер салдарынан пышырап, большевиктер «Қазақстанды көтеру үшін» сырттан үстін-үстін әкеп төккен кенестік переселендер арасында арал-арал болып қалған халықтың тілінен айрыла жаздағаны, көп құқтарының шектелгені, экологиялық күйзеліс, дағдарыстарға душар болғаны баршага аян.

«Тарих осылай шешті» дегенді ұнатамыз-ау, дегенмен, тарихты жақсы тұрмыс ізdegен адамдардың көмегімен билеуші және қырышақ өкіметтеріміздің жасағанын тереңірек зерделеуге тиіспіз.

Барлық болған істерде жанама түрде болса да баршамыздың «үлесіміз» бар.

Мұстафа Шоқайұлы осыны түсінуге жәрдемдеседі.

## Түйін

Күнәнді сезіну, пигылыңды жақсартуға ұмтылу – қазақ байрағы астында отаныңның дәuletін тасытысынан, тату-тәтті, жарасымды, жақсы өмір сұрудің кепілі. Қазақтың әлі күнгі жеткілікті дәрежеде танылмай жатқан ұлы перзентінің мұрасын, орайы келгенде еселеп айта кетейік, бүткіл қазақстандықтарға жеткізу жөн. Мұсекен жазған тарих қазақ мемлекетін мекендеушілердің моральдық тұрғыдан қайта жарақтануы қажеттігіне иландырады. Түсініктірек айтқанда, кітап өзге ұлт өкілдерінің, тілдік тұрғыда бөлек-теніп жүргендердің қазақтың ұлттық мұддесін көздеуді тарихи әділеттілік деп білуіне, қазақ төңірегіне тығыз топтасу идеясын жасампаздық деп қабылдауына көмектеседі.

1994 ж., 12 қаңтар 1997 ж., 3 желтоқсан 2011 ж.

## 3. Баяғы жарпас – сол жарпас...

Бұл мақала «Қасиетті де қасіретті. Мұстафа Шоқайды сатқын санайтындар арамыздан әлі де табылады» деген тақырыппен 2003 жылғы 3 қантарда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған еді.

Желтоқсан – қазақ үшін аса қастерлі ай.

Жиырмасыншы ғасырдың он жетінші жылы Орталық Азияда Түркістан (Түркі Елі) және Алаш (Қазақ) автономиялары дүниеге келді. Осы екі ұлы оқиғаның екеуі де желтоқсанда орын алғаны белгілі. Түркістан автономиясы жаңа стиль бойынша желтоқсанның 10-шы жүлдізында (27 қараша) Қоқанда, Алаш – 25-ші жүлдізында (12 желтоқсан) Орынборда шаңырақ көтерді.

Желтоқсанның 27-сінде жүртшылық Тәшкенде елдік мәртебені ұлықтауға жиналды. Мерекеге ауылдардан он мындағы салт атты қазақ келіп қатысты. Алайда салтанат соны большевиктер ұйымдастырыған ойранға ұласты. Тасаға құрылған

оқшашар ондаған жанның өмірін үзіп, жұздегенін жарақаттады.

Араға алпыс тоғыз жыл салып, сексен алтының 17–18 желтоқсанында Алматының басты алаңы да соған ұксас қыргынға күә болды.

Алғашқысы монархия құлағаннан соң туған демократиялық мүмкіндік жемісіне малданып алданса, екіншісі – сірекен тоталитаризм тоңын демократияның «алтын күреғі» жібіткеніне сеніп алданды. Қос алдану да нахақтан қан төгілуге апарды.

Тәубә, құрбандықтар өтеуі – аңсаулы Тәуелсіздік болғаны баршага мәлім.

Сексен алтыншы жылғы Желтоқсан бұлқынысына он алты жыл толды. Аз мерзім емес. Эмоциядан арылуға, салқынқанды сарап, сындарлы пайым тізгінін еркін жіберіп ойлаңуға жеткілікті уақыт. Қайран қалатының – өтеуі дәстүрге айналған таңбалы күнгі қаралы да салтанатты жиынға қатысу үшін соңғы 17 желтоқсанда тарихи алаңға келгендердің саны саусақпен санаарлықтай ғана бопты. Мұны сол кеште тікелей эфир хабарына қатысушылар ашына айтып жатты («Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Бар мен жоқ» бағдарламасы. 17.12.2002).

Мемлекеттік тәуелсіздікке жеткенмен, кенестік саяси құрсау ішінен бостандыққа тұнғыш жол салған казақ жастарының ұлт-азаттық көтерілісін әлемдік демократия өз деңгейінде таныған жоқ десті олар.

Желтоқсан оқиғасын тарихи мән-мағынасына сай бағалау хақындағы әділдікке қол жеткізілмегені айттылды. Мойындармай жүрген аңы шындықты әңгімеледе барысында: «16 жыл өтсе де, Желтоқсан көтерілісінің барлық астары ашылмай отыр», – деген ойға тоқтап, оның сырын іздесті. «Желтоқсанда жұмбақ көп», – деді қадірменді адамдардың бірі. «Жұмбактың күні бүгінге дейін шешілмеуіне – кезінде билік буындарында жүргендердің казір де аттан түспегендіктері себеп болып отыр, – деп төтелете тартты шетін ойлы жел-

тоқсаншылардың кейбірі, – бейбіт шерудің қанды оқиғага үласуына кінәлілер де солар болатын».

Заманында КСРО халық депутаттары съезінің Мәскеудегі мөртебелі мінберінен ел намысын бар дауыспен құллі жаһанга жария еткен ақын, кейіннен Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің комиссиясын басқарған, биліктің Желтоқсандағы жазалаушылық қылмысын ашуға бар қажыр-қайратын сарп етіп, пәлен қап дерек жинаған қайраткер, бүгінде еліміздің Қыргыз Республикасындағы елшісі Мұхтар Шаханов көп жәйтті жазып жатқан кітабында талдайтын тәрізді. Ол өзі басқарған комиссияның белгілі шеңберден шыға алмағанын, яғни қолға берілген құжаттармен ғана жұмыс істегенін, істің түбіне жету үшін мәселеге құллі халық бір женнен қол шығарып кірісу керектігін әнгімеледі.

Оқиға кезінде қызмет бабымен жазалаушылар жағында тұрған, алайда сонау ауыр күндерде азаматтық адал позициясын көрсете білген генерал Мұрат Қалматаев желтоқсаншыларды арнайы айырым белгімен марапаттау шарасын ойластыру қажеттігін айтты.

Бағдарламаны жүргізуші Иманбай Жұбаев ортаға өткір саулдар тастай отырып, пікірлесуге катысуши түрлі қогамдық ұйымдар өкілдерінің жүреқтарды ойларын ірікпей ортаға салуларына жағдай жасап отырды.

Бәрі бір ауыздан мойындаған шындық – империяның көбесін қакырата сөккен алғашкы әрекеттің Алматыда жасалғаны. Иә, бостандықтың айбынды семсері бірінші болып Алматыда көтерілді. Алайда оны әлем әлі мойындаған жоқ. Әлемініз не, Қазақстанның өзі бұл тарапта қырық құраулығын танытып тұр. Әрі-беріден соң, басқасын былай қойғанда, халық қалаулысы дейтіндердің ішінде Желтоқсаныңызға ашық мұрын шүйіретін жан да жүр. Іштей пысқырмайтындарының ұзын-санын кім дәл білсін...

Неге? Неліктен сол ұлы дүбір отандастардың едәуір бөлігінің жүрегін жаурай алмады?

Насихат жоқ дейді көпшілік. Жаны бар байлам. Дегенмен, басты себеп басқада. Басты себеп – себепті ашып ай-

тудан жасқанатынымызда. Орыстар мен орыс тілді азаматтардың енжарлығында, селсоқтығында, олардың кейбірінің мәселені, тіпті, әдейі бұрмалап, қысқа арнаға салуына да төзе беретінімізде, еліміздің байырғы ұлты мен оның құндылықтарын ашық менсінбеушілігіне ымырашылдықпен қаруымызда.

Бір журналист қыздың дау-дамайға төзбейтін өр үнмен орысшалап төпеп төккен сөздерінен («Бар мен жоқ», 24 желтоқсанда) орыс тілді қазактардың өздерін «қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтары» деп есептейтінін де естідік. Жағанызды ұстайсыз ба, «қара қылды қақ жарғанына» құлдық ұрасыз ба, өзініз білесіз.

Бұл ретте сол қызы баланың текестерімен бірге «қоғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтары» қатарына ата-бабаларының қадір тұтқан ұлттық құндылықтарын тәрк етіп «жеткендеріне», шынтуайтына келгенде, өздерінің әуелі патшалық, артынан кенестік империя жүргізген орыстандыру саясатының құрбандығы екендіктеріне намыстанбайтындықтары мені қайран қалдырыды. (Осы ретте – ана тілін білмегенмен, ұлттық рухы мықты қандастарымыздың аз еместігін ризашылық сезіммен айта кетуді парызым деп санаймын).

Бірақ, анығына келгенде, танырқарлық та ештеңе жоқ-ты. Әйткені оның себебін Мұстафа Шоқай (қазақ тарихындағы қасиетті де қасіретті тұлға) баяғыда-ақ дөп басып айтқан еді.

Тұжырымдарының кейбіріне құлақ түрелік. Патшалықтың отаршылық саясатының сұмдығы да, басқа отарлаушылардан айырмашылығы да – басып алған жерлерін міндепті түрде орыс жеріне, бағындырған халқын кәдімгі орысқа айналдырып жіберуге тырысатындарында деген-ді ол. Кеңес өкіметі «лениндік ұлт саясатының» құллі практикасын ұлттық рухымызды түбірімен жұлып тастауға құрып отыр деп қорытқан әшкере пікірін де жария еткен.

Ұзамай большевизм ұйымдастырған жасанды ашаршылық салдарынан көшпелі жүрттың жартысынан астамы жойылды. Одан кейінгі – ұлттық апат қаныратын тастаған алып да-

лаға өзге ұлт өкілдерін үйіп-төгіп әкелу, казак сүйегі үстінде жұмак орнату әрекеті барысындағы көпірме-көлгір сөздер, патшаның қолынан ғасырлар бойы келмегенді қысқа мерзімде жүзеге асырдық деп ашықтан-ашық мактандып, барша ұлт пен ұлысты «коммунизмге орыс тілімен» апаруға шақырган ұран, т.т. с.с. жайттер, ақырында сексен алтының касіретті Желтоқсаны – Мұстафаның құлаққа ілінбеген ескертулерінің кеңестік «демократия» жағдайында рас бол шықканын күәландырады.

Қайран Мұстафа Шоқайұлы, елі үшін қабырғасы қайысқан Ұлы Түркістандық, сонымен бірге асқан білімпаз да зиялды Еуропалық атанған асыл жан! Бұл кісінің жүрек жұтқан ерен еңбегін біз әлі күнге әділ бағалай алған жокпыш. Бағаламақ түгіл, ел-жұртқа, өз отандастарымызға (әсіресе, өздерінің «қоғамның ең алдыңғы катарлы азаматтары») екендіктеріне шәк келтірмейтін орыс тілді қандастарымызға) таныта алмай жүрміз. Оларға Мұстафаның да, оның ұлттық-мемлекеттілік мұдделерді көздеген ойларының да керегі жок. Себебі оларды тоталитарлық билік ұлы державалық коммунистік илеуге көндіктіріл, бодандық санадан өзгенін бәрінен шошитын денгей-дінгекке байладап койғалы кашан.

Бодандық сананың қырағы күзетшілері большевизмді биік үлгі тұтатын белсенділер катарынан табылған. Олар және солардың тәрбиесін, жақсылығын, көмегін көргендер толып жатыр, канға сіңген әдет онайшылықпен кетер мей?!

Ал мұндай қылыштың нәр алар тамырын Мұстафа-кайраткер сонау көлгір саясат бастауын сынни талдауға алған ғылыми-көшілік публицистикасында бүркеуін сыпырып, жалаңаштап тұрып, жіліктеп ашып беріп кеткен еді.

Желтоқсан көтерілісі де, мемлекеттік тіл де сондагы әшкереленген себептерге байланысты еленбеуде. Мұстафа Шоқайдың езінің де танылмау себебі сонда. Танылу кайда, әлі күнгі жау және сатқын санатында. «Қоғамның ең алдыңғы катарлы азаматтарының» көзімен. Және солардың аркасында. Сондай мазмұндағы соңғы жарияланнымдардың

бірі «Новости недели» апталығының бетінде Асқар Умаров деген автордың қолымен көрінді (№ 49, 4–10.12.2002, «Түркестанский легион»).

Ол да «коғамның ең алдыңғы қатарлы азаматтарының» бірі болуы керек. Себебі, егер мемлекеттік тілдегі жарияланымдарды (әр кезгі зерттеулерді, Шокайдың өз кітаптарын, замандастарының, зайыбының естеліктерін, соның ішінде орысша жазылғандарын да) оқыған болса, жалпы, бір сәт астамшылық пікірден сәл тәмен түсіп, тап осынау үлт аяулысы және күллі кемсітілген түркі намысын жыртқан саяси қайраткер хақындағы танымының кеңейтуге ниеттенген болса – қазақ оқырмандары үшін әлдекашан айқындалған шындыққа жала жабуын қояр еді. Оған қайтадан кеңес көсемдерінше қиянат жасамас еді, орыс тілді азаматтардың дұрыс ақпарат алуына ықпал етер еді.

Баршаға мәлім, Мұстафа Шоқай ғалым және көсемсөзші ретінде, кеңес өкіметінің жаңа отаршылдықты аса зымиян тәсілмен жалғастырғанын нақты дәлелдер келтіре отырып, батыс демократиясының бел ортасында әшкерелеп тұрды. Бұл ретте орыс эмиграциясының, жалпы, шет елдердің мерзімдік басылымдарын пайдаланып қана қоймай, өзі де журнал («Жас Түркістан», Берлин, 1929–1939 ж.) шығарды. Журнал шығарудың елеулі қаржы талап ететіні белгілі, сондықтан ол кеңес өкіметіне карсы күштерден одактас іздеді. Тапты да. Атап айтқанда, оған Польшаның мемлекет қайраткери, кеңес билігін өте ұнатпаған маршал Юзеф Пилсудский тұрақты көмек беріп тұрды.

Кеңестер еліне соғыс ашқан күні (22.06.1941) немістер Франция астанасы түбінде тұратын Мұстафаны тұтқындағы. Құллі орыс эмиграциясының бас көтерерлерімен бірге қамап, Компъен лагерінде біраз ұстады. Әрине, фашисттер оны, өте ірі, беделді тұлғаны, өз мақсаттарына пайдаланғысы келді.

Мария Яковлевна соғысты да, әскери киімді де жек көретін ерінің осы орайда айтқанын естелігінде жазып кеткен: ла-

герде немістер оның кеңес әскері қатарындағы түркістандықтарға арнап радиомен үгіт-сөз сөйлеуін сұрапты, алайда оған Мұстафа келіспеген. Әлдебір әрекет жасауга келісімін беруден бұрын ол соғыстың алғашқы құндерінен топ-тобымен тұтқынға түсіп жаткан кеңес жауынгерлерінің ішіндеңі түркістандық жерлестерін өз көзімен көріп, әңгімелесуғе тиіс екендігін айткан.

Ал оның соғыс тұтқындарын аралағандағы мақсатын Сувалки лагерінде қамауда болған бұрынғы кеңес офицері Қанатбайдың естелігінен айқын білуге болады. Мұстафа жерлестері алдындағы сөзінде «біртұтас түркістандық халықтың ұлдарын» тікенек темір артындағы азаптан күткарып, «біздің болашақ отанымыз Түркістанды көркейтуге қажет мамандықтар алулары үшін» әртүрлі арнайы жұмыстарға орналастыруды өзінің басты парызы санайтынын айткан.

Ол тек қандастарына ғана жәрдем берумен шектеліп қалған жок. Бұрынғы Мемлекеттік Дума мүшесі, Кеңес әскері басып алғанға дейінгі Грузия сыртқы істер министрі болған Александр Чхенкели естелігінде Мұстафа Шоқайдың концлагерьлерді арапап жүрген құндері өз басын қатерге тіге отырып, тұтқындағы әлденеше ондаған грузин жігіттерін атылудан күткарып қалғанын жазды.

Мұстафа неміс әскерінің лагерьлердегі соғыс тұтқындағына көрсетіп отырған айуандық азаптарын әшкерелеп, фашистік Германия көсемдеріне баян-хат та жолдады, сол хатында ол немістердің мұндай қылықтарымен өздерін озық ұлт деп санауға хакылары жоқ екенін батыл мәлімдеді. Сондыктан да оның көзін жоюға үшінші рейхтің де, кеңес басшылығының да мұдделі болғаны құдік туғызбайды. Сол себепті. Шоқайдың сүзектен айықпауына әлдебір астырын құштердің «камкор» болуы өте ықтималдығын ескеру жон, соның анық-канығына жету абзал. Қазіргі ғылым жетістігі оны әбден мүмкін етеді, тек бұған биік ықылас керек.

Берлинде, 1941 жылғы 27 желтоқсанда, Мұстафа Шоқай дүниеден өтті. Содан бес күн бұрын, 1941 жылғы 22 жел-

тоқсанда, вермахт соғыс тұтқындарынан әскери бөлімдер жасақтау туралы шешім шығарған-ды. Концлагерълерді ондаған комиссия аралады. Тұтқындар алдында не лагерьдегі азаптан табатын ит өлімді, не жасақталмақ әскерге косылып, тірі қалуды таңдал алу жолы тұрды. Кейін майданға жіберілген жасақтардың кеңес әскеріне берілуге тырысуы негізінен сол екінші себептің нәтижесі болса керек.

Жә, легион – жеке әңгіме тақырыбы, анығы – Мұстафа оны құрган жоқ. Сондықтан істемегенін істеді деп жала жағуды додару ләзім. Одан да оның істегендерін елге таныту жөн.

Бұдан бір мүшел ілгеріде, идеологиялық сүзгі тұтқырлығын жоғалта қоймаған 1990 жылдың көктемінде, сыйқиған сақ «саясаткерлер» ұзақ жылдар есімін атауга тыйым салып келген Мұстафа Шоқай жайында алғаш рет ой тастау-жарияланымды жүзеге асырғанын, одан, өмірі мен қызметін оқырмандарға көнірек таныту мақсатымен, сол жылғы кара-шада тағы да бірінші болып Мұстафаның саяси портретінің нобайын жасағанын осы жолдар авторы мақтан тұтады. Содан бері оқырман тұшынып оқыған небір еңбек – сананы дур сілкіндірер көсемсөздер мен салиқалығылыми зерттеулер туды (Әнуәр Әлімжанов, Әбу Тәкенов, Мәмбет Қойгелдиев, Айтан Нұсіпхан, Оразбек Сәрсенбай, Бақыт Садыкова, т.б., шетелдік Хасен Оралтай мен Абдуакап Қара жұмыстары), ғалым-қайраткердің өз сөзі еліне оралды. Бәрібір мақсат үдесінен шыққан жоқпыз. Себебі жоғарыда аталды, сондықтан бұл мәселе күн тәртібінен түспесе керек.

1929 жылғы желтоқсанда Мұстафа Шоқай «Жас Түркістаның» шығаруды бастады. Ол өзінің журналын азаттық пен тәуелсіздік жолындағы құрестің туы деп атаған еді. Құрес туының көтерілуі – бұл әлі жеңістің өзі еместігін, оның бар болғаны жеңіске шақыруғана екенін де ескерткен-ді. Бостандық мүддесін сан қырынан қозғап отырған сол журналдың шын мәнінде жеңіске бастар шамшырақ болғанына қазіргі таңда еш күмән келтіре алмайсың. Кезінде партия-кеңес иде-

ологиясы оның сөзін халқына шым-шымдап та жеткізбеді. Тонын айналдыра бұрмалап, «дүшпандық» бейнесін қара бояумен әлеміштей берді.

Тәубә, Мұстафа айтқан күрес туына – баспасөзге – ел аңсаған әділ сөзді еркін айту хұқын Тәуелсіздік беріп отыр. Сол күрес туы Желтоқсан мен Мұстафада қатысты әділдік орнағанша жеңіске шақырып желбірет түсуге тиіс.

Мұстафа Шоқай аруағына бас иер бүгінгі ұрпақ қайраткер және оның идеяларымен терен тамырлас Желтоқсан алдындағы борышын зайыр түйсінсе, сейтіп онысын адал өтесе дейсін. Сонда ондай қадамның үлт мұддесі хакындағы то-лық жеңіске қол жеткізу кепілі болары хақ. Ендеше соған үмтүлу – баршамыздың парызымыз. Сол үмтүлышта елеулі де бетбұрысты қадамды жоғарғы билік жасауға тиіс. Үкімет пен Парламенттің саяси ерік-жігер білдіріп, сананы отарсыздандыруға бағытталатын маңызды да пәрменді, ке-шенді құжат қабылдауы дұрыс болмақ. Сонда тәуелсіздікке, теңдікке қатысты көп мәселе мен қатар, Желтоқсан көтерілісі мен демократ күрескер Мұстафа Шоқай тұлғасының тарихи тұрғыда лайықты бағалануын қамтамасыз етер әділет орна-уына заңдық тұғыр, бекем негіз жасалар еді.

*20 желтоқсан 2002 ж., 27 қараша 2011 ж.*

#### **4. Заңгер Мұстафа Шоқай**

**Аса көрнекті қайраткер және ғалым Мұстафа Шоқайдың туғанына 115 жыл толды**

1990 жылғы 7 кантарда казіргі Қызылорда облысының Сырда-рия ауданында дүниеге келген.

1910 жылы Ташкент гимназиясын үздік бітірген.

1914 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің зан факультетін аяқтаған.

1914 жылдан 1917 жылғы наурызға дейін Санкт-Петербургте 4-ші Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы үйымдастыру бүросының хатшысы.

1917 жылғы сәуірден Түркістан өлкесінде ұлттық қозғалыс жетекшілерінің бірі. Мұсылмандар ұйымының орталық кеңесін басқарды. «Бірлік туы» газетінің алғашкы редакторы.

1917 жылғы қараашадан Қоқан қаласында жарияланған Түркістан автономиясы үкіметінің мүшесі, сыртқы істер министрі, 1918 жылғы қантардан – премьер-министр.

1920 жылы әуелі Түркіяға, одан Францияға эмиграцияға кетті.

1941 жылғы 27 желтоксанда Берлинде жұмбақ жағдайда кайтыс болды.

Жақында Ұлттық кітапханада шетелдік қазақ ғалымы Абдуақап Қараның Қазақстанда жарық көрген «Мұстафа Шоқай. Өмірі. Құресі. Шығармашылығы» атты монографиясын жүртшылықпен таныстыру рәсімі болып өтті.

Түрік тілінен тәржімаланған (аударған Гүлім Шадиева) бұл кітапты репрессияға ұшыраған ұлт зияллылары мұрасын зерттеумен шұғылданатын «Арыс» корының баспасы шығарған екен.

Автордың аталған ғылыми жұмысы қазақ, орыс, түрік, өзбек және европалық тілдердегі мол дерек көздерін, шетелдік мұрағаттардан тың құжаттарды айналымға тұнғыш рет бір еңбекте тартқан ауқымдылығымен ерекшеленеді. Еңбекте тәуелсіз де біртұтас Түркі Елінің туын көтеруші, коргаушысы әм намыс жыртары, ұлы ұлт көсемі Мұстафа Шоқайдың өз елінде аткарған қоғамдық-саяси жұмыстары, одан эмиграциядағы құресі нақты деректермен өріліп, жаңғыртылған. Жазықсыз жапа шеккен ұлт қайраткерінің өз елінде «халық жауына» айналдырылуы мен халқына қайта оралуына, оның екінші өмірінің басталу, танылу жолына да шолу жасалады. Кітап соңына алғаш рет Мұстафа Шоқай еңбектерінің библиографиясы келтіріліпті: оның ағылшын, француз, орыс, түрік, шағатай (ортак түркі) тілдерінде жариялаган жеті жүздей мақаласының және жеке басылым болып шыққан кітаптарының тізімі берілген.

Жалпы, түркиялық қазақ бауырымыз, тарих ғылымдарының докторы Абдуақап Қара жазған «Мұстафа Шоқай» мо-

нографиясының шоқайтану саласында жасалған ең сүбелі еңбек екенін атап айтуда ләзім. Авторды осы елеулі еңбегімен күттіктай отырып, халықтың Мұстафа сынды асыл да ардакты ұлын жете тануға тырысу жұмыстарының жалғасын таба береріне сенім білдіргіміз келеді. Өйткені оның мұрасы ұшан-теніз, оны түгел анықтау, ел иғілігіне айналдыру, тұнғиығына бойлап, мейлінше зерттеп-білу істеріне әлі талай үрпақ ынта-жігері мен күш-куатын сарп етуі мүмкін.

\*\*\*

ХХ ғасырдың 20–40-жылдары шетелде эмиграцияда жүріп казактың саяси-құқықтық ойының дамуына өлшеусіз зор үлес қосқан көрнекті тұлға Мұстафа Шокайұлы Шокай (Шокай-оғлы, Шокаев) болды.

Ол Ташкент гимназиясын үздік бітіріп, Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқыды. Оны аяқтағаннан соң, Төртінші Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясында ұйымдастыру бюросының хатшысы болып істеді.

Монархия құтлаганнан кейін Түркістан өлкесін ұлттық автономия алуға даярлау жұмыстарына катысты. 1917 жылғы сәуірде құллі ортаазиялық халықтар арасында беделі зор «Ұлken Түркістан» газетінің шыгарушылар алқасына енді, ал маусымда «Бірлік туы» газетінің алғашкы редакторы болды. Осы кезде оның Түркістан тұтастығын сактауды негізделген манызды ойлары баспасөз бетінде жарық көріп жатты.

Мұстафа Шокай Түркістан мұсылмандары (яғни орыс емес халықтары) құрылтайын өткізуіді колға алған екі саяси ұйымның бірі «Шора-и-исламияны» («Мұсылмандық кенесін») басқарды («Улема жамияты» – «Ғұламалар одағының» жетекшісі Серәлі Лапин еді). Құрылтай сайлаған Түркістан мұсылмандарының кенесі «Милли мәркәзи» («Ұлттық орталық») құрамына кірді, оның төрағалығына сайланды.

1917 жылғы карашаның ортасында Ташкент большевиктері ықпалындағы Жұмышы, шаруа және солдат депутат-

тары кеңестерінің III съезінде Түркістан өлкесінің үкіметін құру мәселесі қаралды. Съезде мұсылман қауымының соның алдында өткен III съезі атынан сойлеген Серәлі Лапин өлкеде коалициялық үкімет құрылуы дұрыс болмағын, оның ел ерекшелігіне сәйкес болуын, яғни үкіметтің өлкедегі халықтардың үлес санына қарай құрылуы керектігін дәйектеп, үкімет мүшелерінің көпшілігі негізінен жергілікті халықтар қайраткерлерінің ішінен сайлануы қажет деген ұсыныс-тапал қойған-ды.

Алайда большевиктер жергіліктілер (отарлаушылардың тілімен – туземдіктер) «маркстік тұрғыдан жетілмеген» деген желеумен, Түркістан үкіметінің құрамына түркістандықтарды, олардың өкілдерінің көпшілігі тұгіл, бірлі-жарымын да кіргізуден бастартты. Сонда Мұстафа Шоқай басқарған Ұлттық орталық Қоқан қаласына Түркістан мұсылмандарының Төтенше құрылтайын – IV съезді шакырды. Бұл – кенес депутаттары шовинистік билік құрған съезден бір апта өткенде орын алған оқиға еді.

1917 жылғы 22–24 карашада жұмыс істеген осы IV құрылтай Түркістан автономиясын жариялад, автономияның құрылтайшы жиналыска дейін істеуге тиіс уақытша үкіметін сийлады.

Сыртқы істер министрі Шоқай үкімет атынан Орынборға аттанды. Сонда өткен 2-ші жалпықазак съезіне қатысты. Одан оралған соң, Мұхамеджан Тынышбаевтың отставкаға кетуіне байланысты, премьер-министр болып сайланды да, түркістандықтардың автономиясын нығайтуға бағытталған кадау-қадау батыл іс-шараларын қолға алды.

1918 жылғы акпан айында Үкімет Ташкент большевиктері тарапынан қарулы әскер жасаған қантөгісті шабуылмен құлатылды.

Жаппай қырғыннан әрен аман қалған Мұстафа Шоқайұлы жасырын түрде әуелі Ферғана тауларынан асып, Ташкентке жетеді. Одан, 1 мамырда, әйелі Мария Шоқаймен бірге, жаралы солдат кейпінде, қаладан пойызбен Орынбор бағытына

астыртын аттанады. Азамат соғысы ахуалына байланысты кезіккен түрлі киындықты бастаң кешеді. Актөбеде пойыздан түсіп, одан арғы жакка түрлі көлікпен сапар шегеді. 1918 жылғы мамырда құрылған Ойыл уәлаяты үкіметіне келеді.

Жаз сонына қарай Ресейдін Құрылтайшы жиналысы мүшелерінін Самара комитеті шакырган Мемлекеттік мәжіліске қатысты. Қыркүйек айында Уфадағы Комуч (Құрылтайшылық Комитет) отырысында сөз сөйлейді. Директория деп аталған Жалпыресей уакытша үкіметіне мүше болып сайланды.

Бір топ әріптесімен Америка президентіне барып жолығу сапарына шығуға әзір отырғанында, 1918 жылғы 19 қарашада, өзін диктатор деп жариялаған адмирал Колчактың әрекеттерінен кейін, әскерилер оны Директория мүшелерімен бірге тұтқынға алады. Содан барлық үкімет мүшелері мен қызметкерлері пойызben Челябинскіге әкелінеді. Челябинскіде Шокай жолдастарымен камаудан қашып шығады да, сол кезде тәуелсіз республика болып тұрған Грузияға келеді.

Тбилисиде (Тифліс) ол Кавказ мұсылмандары когамынын жұмысына белсене арапаскан. «Вольные горцы» («Еркін таулыктар»), «На рубеже» («Өліараада»), «Йени дүния» («Жана дүние») газеттеріне публицистік макалалар жазып тұрды.

1920 жылы Қызыл Армия Грузияны басып алған соң Түркіяға кетті, одан Францияға ауысты. Міне сол жакта оның казак саяси ойын дамыткан, жалпы әлем демократиясына ортак қоғамдық ой-пікір казанын тасыткан орасан зор саяси және ғылыми-публицистік жұмысы басталды.

Ол Париждегі орыс эмиграциясы баспасөзіне [«Дни» («Күндер»), «Последние новости» («Сонғы жаңалықтар») газеттеріне]. Батыс Еуропа газет-журналдарына саяси-публицистік макалаларымен атсалысты. Стамбулда 1927–1931 жылдары «Йени Түркістан» («Жана Түркістан»), Берлинде 1929–1939 жылдары «Яш Туркистан» («Жас Түркістан») журналдарын шығарды. Олардың бас редакторы әрі

саяси жетекшісі болды. Бірнеше гылыми монография жазды. Қоғамдық-саяси жұмыстардың бел ортасында жүрді. Шетелде өмір сүруге мәжбүр болған бұрынғы ресейлік әмбранттардың «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» деп аталатын ұйымындағы белді қайраткер санатында танылды.

Парижде, Лондонда, Женевада, басқа да батыс орталықтарында өтіп тұрган әр елдегі социалистердің, тұрлі реңкті барша демократия өкілдерінің басқосуларында сан алуан әрі жемісті қызмет атқарды. Үлкен газеттерде оның өз жазғандарымен қатар, дұрысында өз жазғанынан ғөрі, әріптестеріне берген маглұматтары оте жиі жарық көріп жататын. Бүкіл дүниежүзінің аса көрнекті саяси қайраткерлерімен болып жататын барлық реңкі кездесулер мен сұхбаттарға катысу, басылымдардың көрнекті шолушы, тілшілерінің оны жақсы танитындығы, әйгілі түркістандықтың тікелей өзінен тұрлі дерек алуға ұмтылатындығы Мұстафа қызметін нәтижелі етіп отырды.

Замандастарының қуәлік етуіне қарағанда, Мұстафа Шоқай мәліметтер берерде, өзінің жүктелер асқан зор жауапкершілікті әрдайым терең сезініп отырған. Ол ештеңені асырып айтпаған, қайта, тіпті, деректерді неғұрлым кішірейтінкіреп ұсынған. Бірақ олардың дәйектілігі, дәлдігі күмән келтірмейтін, ол әрқашан тиянақтылықтан және адалдықтан айнымайтын.

Ал соның бәрі (әрине, өзінің жарияланымдары, шығарып тұрган журналдары өз алдына бір тәбе) Кеңес Одағында жанталаса қарсылық білдірген үлкен шу туғызып жататын. Мәселен, «Ақ гвардия баспасөзінде жарияланып жүрген мәлімсіз емес Шоқаевтың мақалалары» мен кейбір қазақ басылымдары арасындағы «рухани бірлікті» көріп, И.В. Стalin өзінің «қатты шошынғанын» мойындаған-ды (1925). Ол кеңестік баспасөздің «Шоқаевқа өз еркінен тыс орасан зор материал беруіне» тыйым салуды көздеді, яғни, идеологиялық іске, баспасөз сынына қатаң бақылау қойылуын та-

лап етті. Олай етпейінше, Қазақстанда Кеңес өкіметі емес, «Шоқаевтардың жеңіске жетуінің ақиқатқа айналуы ықтимал» деген қорытындысымен тоталитарлық билік жүйесін идеологиялық түрғыда ныгайту шараларын дәйектеді.

КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1928 жылғы желтоқсанда өткен сессиясында Мұстафа Шоқайдың «Түркістанда жасалған кеңестік төңкерістен кейінгі екі жыл ішінде орын алған оқигалар мен материалдар негізінде», сол уақыттардағы «дәйексөздер мен материалдарды қиуластыра жинап алып», шығыстағы кеңес республикалары халықтарының өмірі сүренисіз, олар «тұйықта, кісі шошырлық жағдайда түр деген ойға Еуропаның, социалистік қауымдардың қоғамдық пікірін иландыруға тырысада» деген дабыл қағылды. Бұл дүрлігіс оның «Кеңестер Орта Азияда» деген кітапшасының француз тілінде Парижде жарық көрүіне (1928) орай туган еді. Кітапқа социалистер серкелерінің бірі Пьер Ренодель алғысөз бергенін, оның Түркістандағы большевизм «әкімшілігінің басқару тәсілінің қатыгездігі мен арсыздығы жағынан ескі патша режимінен еш қалыспайтынын» айтқанын, сондай-ак кеңестік ұлт республикаларын жаңа «отар ретінде карастыра аламыз» деуін, Шоқайдың осынау енбегі «қаннның, езгі мен надандықтың жантүршігерлік тарихы болып табылады» деген тұжырымын мінбеден күйіне сөз еткен шешен (белгілі большевик-қайраткер Шалва Элиава) «Мұстафа Шокаев типіндегі адамдар, Ренодель типіндегі адамдар нақты өмірде не болып жатқанын талдауга тиіс емес» деген кесімді пікір білдірді. Өйткені «олар демократияның ескі формулалары жетегінде жүр» деп есептейтінін айтты.

Алайда «демократияның ескі формулалары жетегінде жүрген» Шоқай демократияның жаңа, «кеңестік формуласы» жетегімен әрекет етуші большевиктердің өтіріктерін, олардың қылмысты істерін – уәде мен нақты қадам арасындағы кешіруге болмайтын алшактықтарды әшксерелеуін жалғастыра береді. Большевиктердің бас көсемі В.И. Лениниң: «Бізді

азырақ мақтасағой, көбірек зерттесеғой», – деген «өситетін оның шәкірттері мен ізбасарларының бойына тоқымаганы қандай өкінішті» екенін айта отырып, «Түркістан Кенес билігі астында. Пролетариат диктатурасының сипаттамасына» деген еңбегінде (1935) кеңестік ұлт саясатының даңғаза ұраны мен нақты жүзеге асырылуын тағылымды сарапқа салады.

Коммунистік басқару тәсілінің озырып отаршылдық сипатын әшкерелеу «Жас Түркістан» журналы беттерінде тұракты жүргізді. Мұнда Шоқай өзінің 1917 жылғы екі төңкөріске байланысты саяси оқигаларға араласуда жинақтаған тәжірибесі мен түйген ой-пікірлерімен қатар, ағымдағы кеңестік тыныс-тіршілікке кеңестің өз басылымдарындағы жариялымдар негізінде талдау жасаған мақалаларын, зерттеулерін үзбей жарияладап тұрды.

Кеңестік практиканы сараптай келе, Мұстафа Шоқайұлы өзінің ұлттық мемлекеттілік құрудың шарты мен маңызы жайындағы тұжырымдарын қорытып жария етіп отырды. Орыс отаршылдығының сипатын ашты, оның ағылшын отаршылдығынан айырмашылығын көрсетті. Британ отаршылдары жаулап алған жерлеріне өз халқын қоныстандырумен шұғылданбайды, оны сауда айналымына алу арқылы отарлайды, ал орыс солдатының сонына ілесіп орыс мұжығы барады да, алған жерін міндettі түрде орыс жеріне айналдырып жіберуді мұрат етеді деген ой қорытты. Бұл қорытындысы өз алдына, құлаған патшалық замандағы жер саясаты большевизм дәуіріндегі жер саясатының зымяндығы қасында жіп ессе алмай қалғаны жайындағы ойын бұлтартпас дәлелдермен дәйектеді. Кеңестердің Орта Азияда ұлттық-аумақтық жіктерге бөліп межелеу жүргізуін ескі «бөлшектеп ал да – билей бер» ұранын жанғыртқан «сұмпайы саясат» деп бағалады.

Большевиктердің көз алдау үшін ұлт республикаларына қыуышақ басшы тағайындау практикасын да тұнғыш әшкелеген іргелі ой білдірді. «Құллі мұсылман Шығысындағы

үлгі болатын» мемлекет басына – Орталық Атқару Комитетіне кедей-кепшіктен төраға сайладық деген даурықпаны былай қойып, тіпті оның сауатсыз екендігін де «Кеңестік Өзбекстанның басты органы мақтаныш етті» деп аңы сынмен түйреп етті.

Билемеші партияның «бағдарламасын білмейтін, хат танымау себепті оны біле де алмайтын адам, Лениннің анықтамасы бойынша – «саясаттан тыс», яғни әлеуметтік өмір зандарын түсінбейтін адам, социалистік мемлекеттің басшысы түгіл, өзгенің еркін жүзеге асыруши ретіндегі өз әрекетін жай ғана санасымен ұғуы негайбыл адам» ел тағдырына қа-тысты жауаптылық сезімге ие болады деген ертеғіні тек көл-гір большевиктік билік жасап отырғанын көрсетті.

«Үлкен террор» жылдарындағы жаппай саяси репрессиялар жүргізуге орай да ол дер кезінде тың ой айтты. Сұлтанбек Қожанов, Тұrap Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Сейітқали Мендешевтердің кеңестік баспасөз жазғандай «Қазақстанды Кеңестік Ресейден бөліп әкетуге тырысқан халық жау-лары» болмағанын, олардың, мықтағанда, қазақ халқының ұлттық мұддесі мәселелерінің кеңес өкіметі жариялаған ұлт саясаты ауқымында ғана шешіліп-орындалуын талап еткен-діктен күнәшар болуы ықтимал деген ой айтты. Елдегі орын алып жатқан кемшиліктерге нағыз «ұлт жауы – Кеңес өкіметі жауапты», ал «нағыз халық жауы» – нақақтан жазаланып жатқандар емес, «кеңестік жүйені ойлап тауып, оны халыққа таңып отырған адамдар» (1938) деді.

1941 жылдың күзінде Мұстафа Шоқай фашистік Германия ашқан концентрациялық лагерьлерді аралап, соғыс тұтқын-дарының жағдайымен танысады. Олардың абақты ахуалындағы жағдайларын жеңілдетуге тырысады. «Менің қым-батты отандастарым! ...Біздің неміс тұтқынынан босанып, өз үйімізге ораларымызға, сөйтіп бейбіт де адал еңбек етіп өмір сүруімізге Алланың жәрдемдесеріне мен сенемін, – дейді ол Сувалки қаласы маңындағы лагерьде түркістандық тұтқын-солдаттар арасына қырқүйекте келгенінде өткен ми-

тингіде. – ...Менің ең басты шаруам сіздерді әртүрлі арнайы жұмыстарға орналастыру болып табылады. Сонда сіздердің әркайсыларыңыз біздің болашақ отанымыз – Түркістанның құрылышына қажет мамандық ала аласыздар».

Мұнда оның немістермен қызметтес болуының мән-мағынасы, өз парызын ұғыну нобайы, іс-құмылының бағдарламасы тұжырымдалған. Алайда фашистердің соғыс тұтқындарына көрсеткен қатыгездіктері мен айуандық азаптарын көріп-біле келе, оларды қатты айыптайды. Лагерьлерде осындағы сұмдықтарға жол беріп отырған немістердің «өздерін мәдениетті, озық халықпаз деп санауға моральдық құқы жоқ екенін» дәлелдеген ызалы хат жазып, әскери басшылыққа жолдайды.

Мұстафа Шоқай өзінің таза жүректі, адамгершілігі биік, әділдікті сүйеттің азаматтығымен, адад демократтық сипатымен тек кенес большевиктеріне ғана емес, үшінші рейх нацистеріне де керексіз қайраткер болатын. Оның содан көп ұзамай жұмбак өлімге ұшырауының (27.12.1941) дәл сыры әлі күнге дейін анық ашылған жоқ. Жанама деректер оған Ченстохов концлагерінен пойызбен қайтып келе жатқанында, купеде тағамға араластырылып у берілгенін анғартады. Сөйтіп бұл жәйт, Шоқай лагерьлердегі соғыс тұтқындарын аралап жүріп оба індеттің жұқтырды деп таратылған хабардың лақап қана екендігін, іс жүзінде ол індеттен емес, уланудан қаза тапқан деген жорамалдың нанымды екендігін көрсетеді.

Соғыс кезіндегі фашистік концлагерьлерде болған қазак солдаттары бұған еш күмәнданған жоқ. Мұстафа Шоқайдың идеялары, елдік мұрат туралы ой-пікірлері оның шарапатты сөзін абакты бұғауында тындаған жүздеген түркістандық жауынгердің жүргегіне ұлады. Лагерьде де, кейін Түркістан легионы сапына енгенде де оны ұмытпай, әрдайым кадір тұтып жүрді. «Түркістан (Түркелі) ұлттық комитетінде» істеген түркістандық қазак, өзбек, т.б. ұлттардың жігіттері Мұстафа Шоқайды көсем ретінде таныды.

Олар – Асан Қайғы (Мәулекеш Қайбалды), Қобызшы Қорқыт (Мәжит Айтбаев), Қанат Қарысбай, Сайран (Хамза Абдуллин), Дәулет Тағыберлі, Тайир Шағатай, Абдулуаһап Оқтай, т.б. – Мұстафа Шоқайдың ұлттық идеяларын өз басылымдары бетінде дамытты. Тәуелсіздікті аңсау жолында халықтың ерлік тарихын, жекелеген тұлғалар бейнесін жанғыруға тырысты. Абылай ханнан бастап көптеген ел басы болған хандардың, батырлардың кескіндеме-суреттері тоталитарлық билік жылдары Қазақстанға солардың арқасында жеткен болатын.

Әлемдік демократиялық ойларға өзіндік үлес қосқан, құллі түркі дүниесіне, әсіресе туған қазақ халқына қымбат азамат Тәуелсіздіктің қарсаны мен алғашқы кездерінен бастап қана өз еліне шындал таныла бастады. Ғалымдар бүгінде оның өмірі мен қызметін жан-жақты зерттеу үстінде. Қаламгерлер, кино қайраткерлері оның қайраткерлік бейнесін сомдау жолында еңбек етіп жүр.

Алда осынау ұлы тұлғаны мемлекеттік деңгейде танып, тарихтағы тиісті орнына қою міндепті тұр.

10 қаңтар 2005 ж.

## **5. Тағылымы мол ұлы жсан**

**Мұстафа Шоқайдың туғанына – 125 жыл**

Ұлттымыздың ұлы перзенті Мұстафа Шоқай – азаттық күрестері, түркі халықтары бірлігінің ту ұстаушысы, Түркістан автономиясы үкіметінің премьер-министрі, Алаш Ордасының мүшесі, демократиялық Еуропа елдерінде тарихта тұнғыш рет ұйысқан түркістандық саяси эмиграция қызметінің негізін қалаушы, жаңаотаршылдық озбыр саясатқа қарсы батыл да сындарлы дауыс көтерген ұлттық қоғамдық қозғалыс көсемдерінің бірі, жалынды публицист-ғалым.

Біз қайраткердің дүниеге келген уақыты атақты адамдар құнтызбегінде жазылып жүрген 1890 жыл емес, кең таныла қоймаған 1886 жыл деген деректі дұрыс деп біліп, биыл

оның мерейлі 125 жылдығын атап өту жағындамыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың шын жасын анықтайтын нақты деректерді елемеуге болмайды. Олар кеңестік құпия органның мұрағатында жатыр. ОГПУ 1926 жылы ол жайында жинаған мәліметтерде «ұлтшылдық ұйымның мүшесі М.Чокаев» 1886 жылы туған десе, 1937 жылы Мұстафаның інісі Нұртазаны тергеп, атуға кескен істе оның шетелге эмиграцияға кеткен ағасы Мұстафа 52 жаста деп көрсетілген (Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Бірінші том. Алматы, 1998. 504-б.).

Мұстафа сауатын ауылдық мектепте ашып, Ташкент ерлер гимназиясын 1910 жылы үздік бітірген. 1910–1914 жылдары Императорлық Санкт-Петербург университетінің (ИСПУ) заң факультетінде оқыды. Ол гимназияда да, университеттеге оқып жүргенде де, жергілікті әкімшіліктен зәбір көріп, жапа шеккен жерлестерінің әділдікке жетуіне көмектесіп жүрді. Бұқілресейлік мұсылман комитетінде қызмет аткарды, IV Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы жанындағы бюорода Түркістан өкілі болды. Бұл оның Ресейдегі демократиялық қозғалыс қайраткерлерімен, Дума депутаттарымен үzenгілес болып, саяси көзқарастарының бекем қалыптасуына елеулі әсер етті.

Акпан революциясынан кейін Түркістан өлкесін автономиялық өмірге дайындауға атсалысу мақсатымен Ташкентке аттанды. Онда Ұлттық орталық басшысы болды. Қоқанда 1917 жылғы қарашада жарияланған Түркістан автономиясы үкіметінің алғашында сыртқы істер министрі, Мұхаметжан Тынышбаев доғарысқа кеткен соң, үкімет төрағасы болды. Орынборда 1917 жылғы желтоқсанда құрылған Алаш автономиясының «Алашорда» Халық Кенесі мүшелігіне сайланды.

Ташкенттегі Жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі құрған кеңестік үкімет өзін өлкедегі бірден-бір билік иесімін деп есептеп, Түркістан автономиясын құлатып, жұртты қанды қырғынга ұшыратты. Большевиктердің Қоқандағы ойранынан қашып, астыртын Ташкентке ке-

леді. Ақыры, 1918 жылғы 1 мамырда – Ташкентте Кеңестік Түркістан автономиясы жарияланған күні – жаралы солдат бейнесінде, медбике кейіптегі жары Мария Яковлевнаның көмегімен, пойызбен Орынбор бағытына шығады...

Батыс Алаш-Орда аумағы арқылы Самараға жетіп, Ресей Құрылтайшы жиналышының мүшелері 1918 жылғы маусымда құрган Комитет құрамына енеді. Қырқүйектегі Уфа мәжілісінде Мемлекеттік Кенес мүшесі болады. Қараша айында колчакшылар Екатеринбургте төңкеріс жасап, тұтқынға алған делегаттар тобында болған. Одан, оларды тасып Уфаға апара жатқан пойыз Челябинск қаласына жеткенде, серіктерімен бірге қашып шыға алады. Сосын тағы да Батыс Алаш-Орда аумағы арқылы кемеге отырып, әуелі Грузияға келіп, саяси қызметін жалғастыра бастайды, оны кенес әскері алғаннан кейін Түркияға кетіп, ұзамай Францияға қоныс аударады. 1922 жылдан 1941 жылға дейін сонда тұрды.

Шетелдік және әмбапиялық баспасөздерде кенес өкіметін сынаған, түркі халықтарының мұн-мұқтажын көтерген мақалаларын жарияладп тұрады. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының басшысы, рухани көсемі болды. 1927–1931 жылдары «Жаңа Түркістан», 1929–1939 жылдары «Жас Түркістан» журналдарын шығарып тұрды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Париж түбіндегі үйінде тұтқындалып, Франциядағы орыс эмигранттарымен бірге әуелі Компъен лагеріне жіберіліп, одан Берлинге әкетілді. Құрделі келіссөздер жүргізілді. Тамыздың басынан қарашаның соңына дейін фашистік концлагерьлерді аралап, тұтқындағы түркістандық жауынгерлердің ауыр жағдайын жеңілдетуге, оларды өлім қаупінен мүмкіндігінше құтқарып қалуға тырысты. 1941 жылы 27 желтоқсанда Берлин ауруханасында қайтыс болды. Берлинде жерленген. У беріп, қастандық жасау салдарынан өлді деген күдік жетпіс жыл бойы айтылып келеді. Алайда марқұмның сүйегіне тиісті медициналық сараптама жасау арқылы жұмбақ қазаның анығына жетуге құзырлы орындар тарапынан әзірге ынта танытылған жок.

Тұған елінде Мұстафа Шоқай тоталитаризм тоны жібігенге дейін нөмірі бірінші жау санатында тұрды. Оның есімі басқа түгіл, жақын туысқандарының өзінің үрейін алған-ды. Соғыс жылдары пойыз үстінде әлдебір өзбектердің Мұстафа Шоқай өлді деп өзара әңгімелескеніне кездейсоқ күә болғанын, сосын сол хабарды үй-ішіне женілдене айтып келгенін Мұстафың інісінің қызы Мәдина апай осы жолдар автотрасса қайта құру жылдары айтқан еді. Большевизмнің идеологиялық құрсауы сананы осындай аянышты деформацияға түсірген заман да өтті.

Мұстафа Шоқайдың адал есімін рухани өмірімізге қайтаруды мұрат еткен алғашқы зерттеу мақалалар (Бейбіт Қойшыбаев. «Беймәлім тағдыры. Мұстафа Шоқаев туралы бірер сөз». «Ана тілі» газеті, 17.05.1990; «Мұстафа Шоқай». «Қазак әдебиеті» газеті, 2.11.1990; Әнуар Әлімжанов. «Мұстафа Шоқай!.. Ол кім?» «Қазак әдебиеті» газеті, 24.06.1991) мерзімді баспасөзде 1990–1991 жылдары жарық көрді. Содан бері галымдардың (М. Қойгелдиев, Ә. Қара, Д. Қыдырәлиев, Б. Садыкова, К. Есмағамбетов, Д. Қамзабекұлы, т.б.) көлемді зерттеушілік еңбектері, жары Мария Шоқайдың естеліктері, өзге де авторлардың килы жұмыстары жария болды. Шоқайдың өз еңбектерінің бірқатары жарықта шықты. Мария Яковлевна көзі тірісінде Париж мұрағатына тапсырып кеткен Шоқайдың жеке архиві, Түркия азаматында сақталған құғында жүріп жазған хаттарының түпнұсқалары елге оралды.

Шоқайтану ісін өрістете түсу – ғылым алдындағы абыройлы міндеттердің бірі. Ұлы адамның тұған еліне арнаған қыын-қыстаулы өмір жолын білу, сонында қалған мұрасын зерттеп оқып-үйренуге тырысу, одан отансүйгіштік, отаншылдық тағылым ала білу – баршамыздың парызымыз.

Оның алыс шетелде жазған еңбектерінен өзіміздің баспасөзде қалыптасқан ойларға керегар, дұрысында, бала ма пікірлерді көптеп кезіктіруге болады. Айталақ, «Батыр большевик Амангелді хақындағы ақиқат» деген мақаласын-

да ол «Түркістан қазақтары газеттерінің беттерінен көтпен бері жиі кездесетін есімдердің бірі – 1916-ынышы жылғы Торғай далаларында орыс үкіметіне қарсы көтерілген халық көтерілісінің басшысы – Амангелді Иманов» екенін атап айтады. Ол жөнінде баспасөз беттерінде қисапсыз көп материалдар жарияланғанын, ақындардың көптеген өлең-жыр, дастандар шығарғанын, сахналық қойылымдар дайындалып, фильм түсіріліп, ескерткіш тұрғызылып жатқанын еске салады. Бұған ешкім қарсы уәж келтірмес, өйткені ол шынымен солай болды. Жұрт оны мақтаныш тұтты.

Ойландыратыны, соның бәрі, Мұстафаның ойынша, «әліпті таяқ деп білмеген», Торғай өнірінен басқа жер, өз руынан басқа ел көрмеген қараңғы Амангелдіні дүниеде тенденсі жоқ төңкерісшіл, ұлт пен ұлтшылдықтан жоғары тұратын интернационал большевик, дінге дұшпан, Түркістан түркілігін орыс большевизмі және интернационалдық төңкерісшілдікпен табиғи турде тығыз жымдастырған ірі тұлға ретінде көрсету идеясына қызмет етіп отыр».

Ол бұл орайда Амангелдінің большевиктік бейнесін жасауға тырысқан орыс жазушысы Всеволод Ивановпен бірлескен Бейімбет Майлин мен Ғабит Мұсіреповты «ынсабы мен қаламдарын сатқан» жазушылар деп, халық ақыны Сағит Есенбайұлының өз жырларында Амангелді бейнесін шындыққа жақын суреттейтінін, дегенмен «боямалап, бұрмалап большевикке жақыннатпақ» болғанын, бірақ «көздеғен мақсатына жете алмағанын» жазады. Оның «суреттеуінде батыр бейнесі таптан да, ұлттан да, құдайдан да безген біреу болып шыққан» дейді.

Амангелдінің 1919 жылы алашордашылар қолынан қазатабуы, Мұсекенің пайымынша, оны «өлген соң большевиктер қатарына қосып алушылардың жалғыз ғана дәлелі» болып табылады.

«Алашордашылар Амангелдіні большевик болғаны үшін өлтірген жоқ», – дейді ол. Мұнысына айтатын уәжі төмендегідей.

1917 жылдың көктемінде бұратаналарды майдан жұмысына алу тоқтатылды. Сол шакта «Уақытша үкімет тарапынан Торғай уәлаятына комиссар болып тағайындалған Әлихан Бекейханов Торғай халқын көтерілісті тоқтатып, бейбіт өмірге қайтып оралуға шақырды, – дейді ол. – Әлиханмен бірге оның ең жақын достары болған ұлтшылдар – Ахмет Байтұрсын, Мирякуб Дулатұлы да халық бұқарасы арасына үгіт жүргізіп, дала уәлаяты тұрғындарын тыныштануға үндеді.

Ахмет пен Мирякуб арғын руынан болуы себепті Торғай өніріндегі арғындар олардың сөздеріне құлақ асты да, қыпшақтан шығып «хан» сыйланған Әбдіғапар мен Амангелдіні тыңдамады. Нәтижесінде кеше ғана орыс отаршыларына қарсы бірге соғысқан Торғай қазактары енді қыпшақ пен арғын болып екіге жарылды...»

Екіге жарылу халық арасына тараған «орыс мұғажырлары Ресейіне қайтатын көрінеді» деген қауесетке байланысты орын алды. Кеткен жағдайда, орыстардан қалатын жерді бөлу – «тірі жүрген аюдың терісі үшін арғын-қыпшақ таласқа түсті. Әбдіғапар хан мен Амангелді қыпшақтар жағын алып, арғындарға тізесін батырды. Рушылдыққа ешқашан бой ұрмаған Ахмет Байтұрсын мен Мирякуб Дулатқа қыпшақтар арғындардың басшылары деп қарай бастанды...»

Сондықтан да, «Әбдіғапар мен Амангелдінің рушылдық дерті әбден асқынғаны сонша», олар 1917 жылы Орынборда болған жалпы казак құрылтайынан соң және 1918 жылдың жазында Торғай даласында жүрген кезінде Мұстафа да жақын кісілерін жіберіп, оның қыпшақ руынан екенін есіне салып, «төреден шыққан Әлихан Бекейхан мен арғыннан шыққан Ахмет, Мирякубтарға қарсы құресте «бізге саяси жетекші болыңыз» деп етініш жасады».

Мұстафа олардың ұсынысынан бас тартты. «Өйткені, – дейді ол, – мен Түркістандағы түрк адамы үшін, әсіресе Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты былай қойып, тіпті, өзбек, қазақ, түрікмен бо-

лып бөлінудің өзі Түркістан түркілерін бөлшектеп. өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім...»

Оның айтуынша, ақырында «алашордашылмын» деген жалған бүркеншек атты жамылып, «қыпшақ руынан шыққан сатқын, шоқынды Степнов-Әліби Жангелдин... ...жанында орыс қызыл гвардиясы... ...төреден шыққан Әлихан мен арғыннан шыққан Ахмет, Мириқубтарға қыпшақ Амангелдіні айдал салды. ...«Большевик» сөзін «қыпшақ» деп түсінген қараңғы Амангелді алашордашыларымен болған бір шайқаста каза тапты».

Шындыктың Мұстафа қаламымен жазылып қалған нұсқасы, міне, осындай. Шоқайұлы совет өкіметінің «батыр большевик» Амангелдіні «ұлтшыл, керітөңкерісшіл Мириқуб Дулат өлтірді» деген жала жауып, Түркістан түркілерінің ең көрнекті, ең сыйлы өкілдерінің бірінен саналатын ірі тұлғаның көзін жоюға тырысатының айтады. «Бәлкім, большевиктер Мириқубтың көзін жойып та үлгерген шыгар...» дейді.

Мақала 1936 жылы «Жас Түркістанда» жарияланды. Ал Міржакып 1935 жылы лагерьде қайтыс болған...

Мұстафа мұраларынан қазактың революциялық тарихындағы көптеген тұлғалар хақында балама пікірлерді оқуға болады. Соларды біліп, өзге мәліметтермен салыстыра карау тарихи шындыкты дәл тануға апарары кәміл. Тагылымы молұлы жанның мұраларын сүзіп оқудан жалықпайық.

8 қаңтар 2010 ж.

## *6. Азаттық қозғалысының теориясын жасады*

Тілші Сабина Зәкіржанқызының сұраптарына жауаптар

– Ага. Мұстафа Шоқайың туган жылы туралы екі түрлі пікір бар. Соның қайсысы оурыс?

– Рас. Мұстафаның туган жылы туралы әртүрлі дерек айттылады. Осы уақытка дейін реңми түрде оны 1890 жылы туган

деп жүрміз. Тәуелсіздік алғаннан соң Мұстафа Шоқайдың өмірі терең зерттеле бастады. Оның шын жасын аныктайтын накты деректер табылды. Олар кеңес құпия қызметінің мұрағатында жатыр.

Мәселен, ОГПУ-дің ол туралы жинаған мәліметтерінде «ұлтшылдық ұйымның мүшесі М. Чокаев 1886 жылы туған» дедінген, ал 1937 жылы Мұстафаның інісі Нұртазаны тергеп, атуға кескен істе «оның шетелге эмиграцияға кеткен ағасы Мұстафа 52 жаста» деп көрсетілген. Зерттеушілер осы мәліметтерге сүйене отырып, оның туған жылын 1886 жыл деп жүр.

Яғни Мұстафа Шоқай 1886 жылы 7 қантарда (ескі күнтізбе бойынша 25 желтоқсанда) дүниеге келген деген тұжырым шындыққа саяды. Туған жылы оқуға түсерде жасын кішірейтіп көрсету үшін өзгерілген болуы мүмкін.

Сол жылмен есептегендеге, биыл Мұстафа Шоқайдың туғанына – 125 жыл. Бірақ, өкінішке қарай, бізде оған қатысты үлкен шараптар өтіп жатқан жок. Біздің үкіметтің де, басқа үкіметтік емес ұйымдардың да бұл датага үлкен мән беріп жатқаны шамалы. Дегенмен де баспасөз үн катуда. Элі де айтылады, жазылады деген ойдамын.

Мұстафа осы күнгі Қызылорда облысының Шиелі ауданында туған. Бұл жер патшалық Ресей кезінде Түркістан генерал-губернаторлығының құрамындағы Сырдария губерниясы болатын. Мұстафа сол кездегі барлық қазақ балалары секілді ауыл молдасынан сауат ашты. Одан кейін теміржол станциясындағы орыс мектебіне барады, сосын білім қуып Ташкентке кетеді. Ташкент ерлер гимназиясын 1910 жылы алтын медальмен бітіреді де, Императорлық Санкт-Петербург университетінің зан факультетіне оқуға түседі.

– *Ол саяси күрес жолына қатай келген? Оның саясаттагы устазы кімдер еді?*

– Мұстафа Санкт-Петербургта оқуда жүрген шақта империя астанасы сол кезгі барлық озық ойдың ордасы болып тұрган-ды. Онда әртүрлі қоғамдық-саяси партиялар,

үйымдар жұмыстарын жандандырып жатқан. Орыстың революциялық қозғалыстары өрістеп, саяси көзқарастардың сан түрлі ренктері көрінген күрделі кезең болатын. Алғыр жас осындай буырқанған саяси оргтаны бақылай жүріп, килы ойлармен танысты, патриоттық сезімдермен ұшырасты.

Ол студенттік қозғалыстарға қатысады, демократиялық өзгерістерді көздейтін қоғамдық-саяси құбылыстардың үлгілерімен танысады, сөйтіп, өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Астанада айналадағы саяси оқиғаларға бейтарап қарай алмайтын азаматтар – орыстың, басқа да ұлт өкілдерінің, мұсылман халықтарының зиялышы топтасқан еді. Онда Әлихан Бекейханов, Сәлімгерей Жантөрин, Серәлі Лапин секілді қазақ зиялышы да болатын. Мұстафа соларға да жақын жүрді.

Ол саяси күресте ұлт көсемі Әлихан Бекейхановтан көп үйренді. Бекейханов мұның үлкен ұстазы, жолбасшысы болған адам. Әлекен 4-ші Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы жанындағы бюро жұмысына қатысып тұратын. Кейін оның кепілдік етуімен Мұстафа сол бюорода Түркістан өкілі болып қызмет атқарды.

Мұстафаның алғырылығын Сәлімгерей Жантөрин де бірден байқаған-тын.

Жантөрин кім еді? Тегі қазақ, Мемдумага башқұрт ішінен депутат болып сайланған қайраткер. Патша 1906 жылы Бірінші Думаны таратып жіберген уақытта, оған наразы бір топ депутат Выборг қаласында жиналыш өткізіп, салық төлемеу, әскерге адам бермеу, т.с.с. жолдармен билікке пассивті қарсылық көрсетуге халықты шақырғаны мәлім. Соған байланысты олар әйгілі Выборг үндеуін қабылдаған. Сол үндеуге Сәлімгерей Жантөрин мен Әлихан Бекейханов та қол койған болатын.

Мұсылман әлемінің белгілі қайраткері Сәлімгерей сұлтан сол заманнан бастап Петерборда тұрып келе жатқан. Ол оқуға келген қазақ жастарына әрдайым камқоршы бо-

лып жүретін. Сондай қамкорлығын Мұстафаға да көрсетеді. Мұстафаның ойының айқындығын, құрескерлігін, білімділігін ұнатқандықтан, болашағынан зор үміт күткендіктен, ол жас Мұстафаға айрықша үміт арта қарайды.

Патшаның «З маусым төңкөрісі» деп аталған заңымен II Дума 1907 жылы тарқатылып, азиялық бұратаналар (қазактар, өзге де түркістандықтар) Думаға, империядағы жоғарғы заң шығарушы мекемеге өз өкілін депутат етіп сайлау құқынан айрылған болатын. Елдің европалық бөлігіндегі мұсылмандардан III Думаға 10 шакты, ал IV Думаға 7 ғана адам сайланған еді.

Дума депутаты болуға жас Мұстафа Шоқайдың лайық екені, егер ол сонда бара қалса – қазак мұддесін тиісті дәрежеде корғаудан тайынбайтыны, оған білімі де, білігі де жететіні Сәлімгерей Жантөриннің көкейінен кетпейді. Ол өзінің башқұрт жеріндегі мүмкіндігін сол жолға жұмсағысы келеді: болашағына үміт артқан жас қайраткер Мұстафанды Думаға депутаттыққа сол жактан сайлауга кол жеткізбек болады.

Заң бойынша, ол кезде сайлауға түсү үшін сайланушының белгілі дәрежеде мүлкі болуы керек-тін. Сондықтан, дәүлетті отбасынан шыққан, Жәнгір ханның қүйеу баласының тұқымы болып табылатын Сәлімгерей сұлтан өзінің башқұрттағы дүние-мүлкінен Мұстафага меншік беріп, оны келешек Дума сайлауына қатыстыруға дайындық жасайды. Алайда осы кездері дүниежүзілік соғыс өрті тұтанаған, жағдайдың өзгеруіне байланысты, оның жоспарлаған ойы іске аспай қалады.

Мұстафа орыс демократтарымен де жақсы байланыста болды. Қоғамдық өмірге белсенді түрде атсалысты.

Ол зерттеушілікке де бейім еді. Елдің тарихын жақсы билетін. Орыстың шығыстанушылары Мұстафадан түрлі материалдар алғып тұрган. Оны ғылыммен шұғылдануға да тартқан. Бірақ Мұстафа ғылымға бармай, саясат жолына түседі. Ол халыққа тікелей қызмет ету жолын, құрес жолын таңдайды.

1916 жылғы Қазак және Түркістан өлкелеріндегі көтеріліске IV Дума байтарап қарай алмай, жағдайды тексеру үшін, өз мүшелерінен арнайы комиссия құрады. Комиссия 1916 жылдың күздіне қарай Түркістан өлкесіне аттанады. Оның құрамына Мұстафа да тілмаш болып кірген еді. Еңбекшілдер фракциясының төрағасы А.Ф. Керенский мен Мұсылман фракциясының төрағасы Қ. Тевкелевтің елді арапап, халықпен тікелей сөйлесуіне, жазалаушылардың асыра сілтеулерінің ізін көзбе-көз көруіне дәнекер болады.

Содан бұл жағдайды Дума мәжілісінде қарату мәселесі жөнінде көп жұмыс істеледі. Сөйтіп «неге қылмыс жасалды», «ұқімет неге халықты қырды» деген мәселелер бойынша депутаттық сұрау салулар әзірленеді. Ақыры олар 1916 жылдың желтоқсанында Думада талқыға салынады. Сол кезде Мұстафа Мұсылман фракциясы атынан сөйлейтін депутат Джарфаровтың сөзін жазуға көмектеседі. Сосын содан бір жарым ай өткенде самодержавие құлады, II Николай тақтан кетеді. Билікке (көбі Әлихан мен Мұстафага таныс) демократтар келеді. Жаңа құрылыш – демократиялық Ресейді құру жұмысы басталады...

– *Төңкерістен кейін Мұстафа Қоқан автономиясын жарайтаяуға қатысты. Автономияны құру идеясы қалай іске асқан еді?*

– Патша тақтан құлады. Ресей демократиялық федерация болу жолына түсті. Империядағы азаттыққа қол жеткізген халықтар енді автономия алуға бет бүрді. Түркістан халықтарын да жана құрылымға дайындау керек-тін. Осындей мақсатпен Мұстафа Түркістан өлкесіне аттанбақ болып, жолға шығу үшін рұқсат алуға Петровсеттің төрағасы социалист Н.С. Чхеидзеге кіреді. Оған өзінің мақсатын айтады. Оны естіген Чхеидзе шошып кетіп: «Жолдас Шоқаев, отандастарыңызға автономия туралы айта көрменіз. Өйткені, біріншіден, казір бұл жөнінде сөз қозғауға ерте, ал, екіншіден, сіздің Түркістан секілді мәдениесті, тілі мен діні мұлдем бөлек елге автономия әперу – сепаратизмге анық қа-

дам басу деген сөз. Ал революциялық және демократиялық Россиядан тысқары жасалған сепаратизм сіздің халқынызға пайда бермейді», – деп қарсы болады. Бірақ Мұстафа өз ұстанымын өзгертпейді.

Ол елге орала келе, қоғам тыныс-тіршілігінің бел орта-сынан бір-ақ шығады. Ташкентте ол мұсылмандар ұйымына төраға болып сайланады.

Түркістан жұмысшы және солдат депутаттары кенестерінің 1917 жылы қарашада өткен III съезі өлкелік революциялық үкіметтің жоғарғы органдына жергілікті халықтан өкіл кіргізбейді. Содан қарсылық туады. Мұсылмандар Қоқан қаласында Төтенше IV съезін ашады. Сонда 27 қарашада (Григорий күнтізбесімен 10 желтоқсанда) Түркістан (Қоқан) автономиясын жариялады. Мұстафа сыртқы істер министрі болады.

Ал желтоқсанның 5-де (жана стильмен 18 желтоқсанда) Орынборда Екінші жалпықазақ съезі ашылады. Сол съезге Мұстафа да шақырылады. Мұстафа онда Түркістан автономиясының өкілі ретінде барады. Съезде Түркістан автономиясының құрылғанын айтып сөз сөйлейді. Бірақ біздің зияялайлар казак өз алдына дербес болғаны жөн деп санайды. Сөйтіп олар Юлий календарымен 12 желтоқсанда (казіргі жылсанақпен 25 желтоқсанда) Алаш (Қазақ) автономиясын құрады. «Алаш-Орда» Халық Кенесін – автономияның үкіметтің сайлады. Оның құрамына Мұстафа да кіреді. Бірақ Ташкентте Қоқан автономиясын қолдап бейбіт шеруге шыққан халықты большевизм әскерінің оқшашармен аяусыз атқылағанын естіп, тез Түркістан өлкесіне қайтады.

Мұстафа елге келгенде жағдай ушығып кеткен еді. Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметінің алғашқы төрағасы Мұхамеджан Тынышбаев доғарыска кетеді. Үкімет басы тізгінің Мұстафа Шокай ұстайды. Ол автономиядағы ахуалды жақсартуға біршама күш салады. Бірақ большевиктер 1918 жылғы акпанда автономияны қарулы күшпен құлатып тынады. Үкімет мүшелерінің біразы тұтқынга алынып, кей-

біреулері қашып үлгереді. Мұхамеджан Тынышбаев қазак өлкесіне кетеді. Ал Мұстафа астыртын жағдайда біраз уақыт Ташкентте болады. Мариямен некесін қидырады.

Қоқан автономиясының үкіметі қанды қырғынға ұшыратылып құлатылғаннан кейін басмашылар қарсылығы – Кеңес өкіметіне жау қозғалыс тұтанады. Өз қателігін түсінген большевиктер жергілікті халыққа тезірек автономия беруге ұйғарады. Содан, Түркістанның советтік автономиясы 1918 жылғы 1 мамырда жария болады. Тура сол күні Мұстафа жасырын түрде, жаралы жауынгер кейпінде, медбике рөліндегі жары Марияның көмегімен, қаладан пойызбен шығып кетеді.

– *Мұстафа Шоқай Америка президентімен жолыгуга да бел буган еken. Бірақ ол ойы іске аспай қалады. Америка президентіне қандай мақсаттен жолыққысы келген еdi?*

– Ол қашып қазақ даласына келеді. Онда Алашорданың бастыстағы жетекшілерімен кездеседі.

Ресей Құрылтайшы жиналышының Петроградта, Таврия сарайында ашылған мәжілісін 1918 жылдың басында большевиктердің таратып жібергені мәлім. Сол Құрылтайшы жиналыш мүшелерінің 1918 жылғы маусымда Самарадағы басқосуында құрылған Комитеті (Комуч) құрамына енеді. Комуч қыркүйекте Уфада өткізген Мемлекеттік мәжілісте Жалпыресейлік уақытша үкімет – Уфа Директориясы құрылып, соның мүшелігіне сайланады. Бір топ әріптесімен Америка президентіне барып жолығу, көмек сұрау сапарына дайындалады. Бірақ сапарға шығуға үлгермейді, Уфа Директориясының соғыс-теңіз министрі адмирал Колчак 1918 жылғы 18 қарашада әскери төңкеріс жасап, әскери диктатура орнатады да, Мұстафаны басқа Директория мүшелерімен бірге тұтқынға алады.

Алашорданы Комуч қолдаған болатын, қару-жарап берген, басқа да санасушылық істері болған. Ал Колчак мұндай үлттық құрылымды мойындармай, таратып жіберді. Сонымен, қамалған Директория (үкімет) мүшелері мен қызметкер-

лері пойызben Челябинскіге әкелінеді. Сол жерде Мұстафа Шоқай жолдастарымен камаудан қашып шығады.

Манғыстауга келеді. Кемемен Каспийден өтіп, Кавказға, тәуелсіз республика болып тұрған Грузияға келеді. Онда өзінің демократ достарымен бірге жұмыс істей бастайды. Тбилисиде (Тифліс) ол Кавказ мұсылмандары қогамының жұмысына белсене араласады. «Вольные горцы» («Еркін таулықтар»), «На рубеже» («Өліарада»), «Йени дүния» («Жана дүние») газеттеріне публицистикалық мақалалар жазады. 1920 жылы Қызыл Армия Грузияны басып алған соң, әуелі Түркияға, сосын Францияға ауысты. Сол жакта оның казак саяси ойын дамытқан, жалпы әлем демократиясына ортақ қоғамдық ой-пікір қазанын тасытқан орасан зор саяси және ғылыми-публицистикалық жұмысы басталады.

– *Мұстафа шетелде жүріп Кеңес Одагының қылмысын әшкерелеп жасағып тұрды. Оның жазғандары тіпті большевиктерді де дүрліктірген екен. Кеңес үкіметін «қорқытқан» қандай жазбалары еді?*

– Мұстафа жалғыз қазактың ғана емес, күллі түркі халқының бірлестігі үшін еңбек етті. Өзінің бір мақаласында: «Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты былай қойып, тіпті өзбек, қазак, түрікмен болып бөлінудің өзі Түркістан түріктерін бөлшектеп, өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім», – дейді. Расында, большевиктерге бөлшектеп тастан билеген онай болатын, олар бүкіл түркі халықтарының бірге болуын қаламады. Сондықтан да түркілердің бірлігін құйттеген Мұстафа Шоқайды ең басты пантүркішіл дүшпан санады.

Түркіста халықтарының бірлігін көнестік негізде сактауға тырысқан Тұrap Рысқұлов та, межелеу кезінде олардың іргесін біржола ажыратпай, тиімді қисынмен тұтастығын сактау жағында болған Сұлтанбек Қожанов та жана тұрпатты отаршылдар үшін жау болатын.

Патшалық Ресей тұсында үкімет қазактың көп жер-суын келімсек мұжықтар үшін тартып алған еді. Большевик-

тер соны қайтарамыз деген болатын. Мұстафа большевиктердің өз уәделерін орындағанын, тіпті ескі өкіметтен де сорақысын істегенін жазады. Ол большевизм дәүіріндегі жер саясатының зымияндығы қасында патша заманындағы жер саясаты жіп есе алмай қалды деп, сол ойын бұлтартпас дәлелдермен дәйектеген.

Ал Кеңес өкіметінің Орта Азияда ұлттық-аумақтық жіктерге бөліп межелеу жүргізуін ескі «бөлшектеп ал да – билей бер» ұранын жаңғырткан «сұмпайы саясат» деп бағалады.

Большевиктер қазақ еліндегі шұрайлы жерлерге сырт аймактардан адамдарды топырлатып әкеліп қоныстандырды. Ал жергілікті халықтың мұнын ойлай қойған жок. Түркістан өлкесінде 1917–1919 жылдары ашаршылық болып, бір миллиондай көшпендей халық қырылды.

Большевиктердің сондағы аштық апатқа қатысты айтқан жиіркенішті сөзі бар. Олардың бір жетекшісі: «орыс жауынгері қолындағы мылтығымен революция үшін қаза тауып жатса, туземдіктер де аштан қырылуымен революцияға қызмет етіп жатыр» деген.

Большевиктер қазактардың жылқысын, бар малын Қызыл армияның пайдасына құштеп алып, оларға жетін тамақ бермегеніне, соның салдарынан олардың қырылыш қалғанына еш өкінбеді. Керісінше, орынның босағанына қуанды.

1921–1923 жылдары ашаршылық қазақ өлкесіне де келеді. Онда да миллиондай жан өмірін қиды. Сол шакта Жұсіпбек Аймауытов бастаған қазақ интеллигенттері ашықкан губернияларға тоқ аймактардан мал жинап апаруды ұйымдастырады. Большевиктер бұл істі де коштамайды, жалған жала-мен қазақ зиялыштары үстінен іс қозғайды.

Ал 1931–1933 жылдарғы алапат ашаршылық халықтың жарты санын жойды.

Осы үш ашаршылықтың тікелей шығыны төрт жарым миллиондай адам өмірі екен, егер ықтимал өсімін есепке алар болсак, біз сонау нәубет салдарынан он миллиондай адамымызды жоғалттық. Бұл ұлттық апат – Мұстафа тұжы-

рымдап кеткен «большевиктердің аштық саясатының» тіке-лелей салдары.

Ол елдегі оқиғалардың барлығын жіті бақылап, еуропалық басылымдарға орыс және шет тілдерінде мақалалар жариялады. Оған қоса өзі де «Жас Түркістан», «Жана Түркістан» журналдарын шығарып тұрды. Жалпы, Мұстафа Еуропадағы социалистердің, демократтардың арасында өте беделді болды. Ол түркі халықтарының азаттық қозғалысы теориясын жасаған, соны талдай білген адам. Халықты азат ету үшін не істеу керектігінің талдап тұрып айтып берген. Оның әр сөзі кеңес үкіметінің назарынан тыс қалған жоқ.

Большевизм билікке келгеніне 10 жыл болғанда, шетелден арнайы делегация шақыртады. Делегация өкілдеріне «социализмнің Шығыстағы жеңісін» көрсетеді. Солармен таныстыру арқылы «шығыс халықтарына совет өкіметі керемет жақсылық жасады» деген насиҳат әлем алдында дәріп-телуге тиіс еді. Сондагы өтіріктерді Мұстафа «Түркістан Кеңес билігі астында» деген атақты еңбегінде аймандай қылышп әшкөрелейді. Шетел делегациясына қандай жасанды көріністер тартылғанын, «азат» халықтардың іс жүзінде қалай езіліп жатқанын, қарапайым адамдардың өз құқтарын сактауға қауқарсыздығын, оларды өкіметтің жаңаша езіп, жер-суын, санасын жаңаша отарлағанын жазады.

Бұның барлығын Кеңес үкіметі, әрине, кешіре алмайды. Шетелдегі Мұстафада елдегі нақты деректердің қалай жетіп жатқанын зерттейді, оның осындағы қазактармен, туысқандарымен байланысын тексереді. Мұстафадың жеке басына іс қозғайды. Туыстарын, онымен арапасқан адамдарды қудалайды. Сталиннің «Ақ жол» газетін жабуға негіз болған хаты бар. Онда ол газетті әк эмигрант Мұстафа Шоқайға дерек беруде деп айыптаған. Шынында, Мұстафа мақалаларын елдегі басылымдардың жарияланымдарына талдау жасай келе жазатын. Сөйтіп, ресми басылымдарды сын көзben оқи білу арқылы большевизмнің талай қылмыстарын әшкере етіп отырган.

– Елде арыстарымыз атылып жатқанда, сыртта жүргөн Мұстафа өзін қалау үстады?

– Бұл кісі бар өмірін халқына арнаған адам. Өкініштісі, бар өмірі сыртта өтті. Репрессия кезінде ол саяси құғын-сүргін құрбаны болған арыстар жайында да жазып отырды. «Ұлken террор» жылдарында Сұлтанбек Қожанов, Тұrap Рысқұлов, Смағұл Садуақасов, Санжар Асфенияров, Сейітқали Мен-дешевтердің, кеңестік баспасөз жазғандай, «Қазақстанды Кеңестік Ресейден бөліп әкетуге тырысқан халық жаулары» болмағанын жазды. Елдегі орын алып жатқан кемшиліктегерге нағыз «ұлт жауы – Кеңес өкіметі жауапты», ал «нағыз халық жауы» – нақақтан жазаланып жатқандар емес, «кеңестік жүйені ойлап тауып, оны халыққа таңып отырған адамдар» деді.

– Зәки Уәлидимен алғашында жақсы қарым-қатынаста болады да, артынан екеуінің арасы бұзылады. Себебі неде?

– Зәки Валидов өте талантты жас ғалым еді, патша өкіметі кезінде-ақ түркі тарихын жазған. IV Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясының бюросында түркістандық қазақ Мұстафамен бірге уфалық башқұрт Зәки де болды. Екеуі Мұсфракция бюросында, одан Ташкентте бірге жұмыс істейді, мұдделері бір еді, тек Зәки біршама радикал істерге бейім еді. Ол бір кездері Кеңес үкіметін мойындаған. Бірақ Ленин мен Сталиннің саясатын көре келе, олардың мақсатының басқа екенін біліп, көнілі қалады. Сондықтан басмашылардың арасына кетіп қалады. Бұқараның маңында құпия үйим құрады. Содан, ақыры, Зәки де Еуропадан бір-ақ шығады.

Мұстафа екеуінің көзқарастары сол эмиграцияда өзгере бастайды. Кей мәселелерде пікірлері қайшыласып қалады.

Мұстафа Зәкидің Кеңес үкіметімен ымыраға келген кезеңіне сыншылдықпен қараған. Зәки де өзіндік ұстанымымен Мұстафага басқаша көзқарас көрсетті.

Мұстафа күрес жолында қала берді. Ал Зәки ғылымга кетті. Түркия университетінде сабак берді, үлкен шығыста нушы-ғалым болды, 70-ші жылдарға дейін өмір сүрді.

Олардың екеуі де түркі халықтарының күрескер ұлы азаматтары, өнегесі зор үлкен қайраткерлер.

– *Мұстафа Шоқайұдың өлімінің құтиясы әлі де ашылмады...*

– Мұстафа 1941 жылғы 27 желтоқсанда Берлинде қайтыс болған. Неден өлгені әлі де күмәнді.

Уланған деген қауесет шындыққа жақындау. Себебі, біріншіден, оны улап өлтірген деген дерек соғыс тұтқындары арасына кең тарап кетеді. Екіншіден, жары Марияны оның мәйітіне жолатпай қояды. Үшіншіден, түрлі естеліктерде айтылатын басқа жанама деректер де сондай байламга жетелейді. Соған қарағанда у берілуі ғажап емес. Оны болашақ зерттеушілер табуы мүмкін. Бұл Вермахт барлаушыларының немесе кеңестік құпия қызметтің ісі болуы әбден мүмкін. Алдымен мәйітін арнайы зерттеп, медициналық талдау жасаса – уланған-уланбағаның анықтауға болар еді. Содан соң одан арғы зерттеу... Бірақ, екінішке қарай, әлі ешкім ештеме жасамады. Сол күдік әлі де тек күдік дәрежесінде қалып тұр.

Мұстафаның есімі бертінгे дейін халық жауларының қара тізімінде тұрды. Осынау халық ұлының аты басқа түгіл, жақын туыскандарының үрейін алған заман өтті. Соғыс жылдары пойызың үстінде әлдебір өзбектердің Мұстафа Шоқай өлді деп өзара әнгімелескеніне кездейсоқ күә болғанын, содан сол хабарды үй-ішіне жеңілдене айтып келгенін маған 90-шы жылдары Мұстафаның інісінің қызы Мадина апай айтқан еді. Міне, Кенес өкіметі, тоталитарлық жүйе біздің санамызды осылай мәнгүрттендірген болатын.

Тәуелсіздік жылдары шын Мұстафаны тани бастадық. Оның өмір жолы мен мұрасы баршамызға өнеге. Елдік туымызды биік ұстайтын жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу үшін Ол бізге өте қажет.

*16 наурыз 2011 ж.*

## 7. Мұстафатану әліппесі

### «Қазақстан-Заман» газетінің тілшісі Пердәлі Рахымның сауалдарына орай

1. *M. Шоқай құрган мемлекет Қоқан автономиясы ма, әлде Түркістан автономиясы ма?*
2. *Неліктен бүгінде ол Қоқан автономиясы деп аталаған? Бұл ұғымды (Түркістан емес, Қоқан автономиясы деп атап) қай ғалым енгізген? Немесе қай саясаткер бұрмалаган?*
3. *Мектеп оқулықтарында M. Шоқай құрган автономияны Қоқан деп таныстырылған дұрыс па, әлде Түркістан деп не?*

1. 1917 жылғы 26 қарашада Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше 4-ші съезі Қоқан қаласында ашылды. Съезді өлкедегі орталық мұсылмандар кенесінің төрағасы Мұстафа Шоқай кіріспе сөз сөйлеп ашты.

28 қарашада съезд Түркістан өлкесінде халық өкіметінің құрылғаны жайында арнайы қарар қабылдады. Қарарда Түркістан өлкесінің бұдан bylай Түркістан автономиясы (Туркистон мұхторияты, Түркістан мұхтарияты) деп атлатыны, автономияда Құллітүркістандық құрылтайшы жиналыш шақырылғанға дейін өкіметтік басқаруды Түркістан Уақытша Халық Кенесі және Түркістан Халықтық Үкіметі жүргізетіні көрсетілді.

Уақытша Кенеске Түркістанның облыстарынан: Ферганадан – 10, Сырдариядан – 9, Самарқандан – 5, Жетісудан – 6, Каспийден (Закаспий облысынан) – 2, қалалардан – 4 өкіл сайланды. Еуропалықтар құрган түрлі ұйымдар өкілдеріне 18 орын беру ескерілді. Сөйтіп, өлкедегі тұңғыш демократиялық мемлекеттік құрылым болып табылатын Түркістан автономиясының жоғарғы органды – Уақытша Халық Кенесі құрамына барлығы 54 орын бөлінді.

Ал автономияның атқаруушы билігі – Уақытша үкіметі – 12 мүшеден құралды. Алғашқы үкімет басы (премьер-министр, министр-төраға, сонымен бір мезгілде – ішкі істер министрі) Мұхамеджан Тынышбаев болды, оны 1918 жылғы қаңтардаң басында сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқаев ауыстырды.

Қоканда жарияланған Түркістан автономиясы қарашаның ортасында Ташкентте Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары советтерінің өлкелік 3-ші съезінде жергілікті халықтың бірде-бір өкілін енгізбей, негізінен большевиктерден тұратын Түркістан Өлкелік Халық Комиссарлары Кенесі (Халкомкенес, Совнарком) құрылғаннан соң дүниеге келді. Түркістан автономиясы түркістандық совет өкіметінің тарихи жағдаймен санаспаған, құлатылған патшалық режимнің империяшыл, озбыр, шовинистік жаңа түрін елестететін сипатына келіспеушілікті білдіретін.

Түркістан мұхтарияты Қокан қаласында жарияланғандықтан, мұхтариятты қайткенде құлатуды мақсат еткен большевиктер тарапынан оны төменшіктеткен, менсінбеушілік, елемеушілік пигылмен таңбалаган «Қокан автономиясы» деген атау өмірге келген, сол анықтама советтер тұсындағы тарихи әдебиетте бекем қалыптастырылды.

2. Түркістан Кеңестерінің өлкелік 4-ші съезі 1918 жылғы 22 қантарда «Қокан автономиясының үкіметі заңдан тыс» деп жариялады. Большевизм ұғымындағы мемлекет сипатына сай келмейтіндіктен, «Қокан автономиясын» тарату, басшыларын тұтқынға алу жайында қаулы шығарды.

Ақпан айының 20-ларында Қоканға большевиктік билік үйімдастырған сұрапыл әскери шабуыл жасалды, қала үш күн бойы отқа оранды. Жаппай қырып-жою, тонаушылық орын алды.

Большевизм ұйытқы болған сол касіретті көріністі «Бірлік туы» газетінде «Тұла бойлары қан сасиды» деген мақала-сыймен Қайретдин Болғанбаев әшкерелеген. Совет өкіметі тұсында бұл мақала қайта жарияланған емес, жалпы, Қокан

қаласында жасалған қылмысты қызыл қырғын шындығы еш жерде ешқандай түрде де жазылмайтын. Мұхтарият жайы тарихта «Қоқан автономиясы» делініп, оқиғаның тонын айналдырып теріс мағына беретін бұрмалаулы сипаттағана елеусіз көрсетілетін.

3. Мектеп окулықтарында шын тарихты беретін мезгіл әлдекашан жеткен.

Жарты гасырдай отарлық қамыт киіп, езіліп келген Түркістанның автономия жариялаған, яғни патша құлағаннан кейін өз алдына отау тігіп ел болған қуанышын 1917 жылғы 12 (25) желтоксанда жұртшылық Ташкентте салтанатпен атап өтпек болған еді. Ташкенттегі тойға Түркістан өлкесінің тұрғындары қатарында жан-жақтагы ауылдардан атқа мініп жеткен қазактар да көп жиналған. Еркін жұрт шеруін тасадан оқшашармен қорғасын оқ жаудырған большевизм күштері ойран-топыр етті.

Бұл күні Орынборда өтіп жатқан 2-ші жалпықазақ құрылтайында «Алаш-Орда» Халық Кенесі құрылған. Мұстафа Шоқай сонда еді.

Кейін, эмиграцияда жүргенінде, Ташкентте орын алған сол каралы оқиғаны түркістандықтардың ешқашан ұмыттайтындығы жөнінде жазды. Бірақ советтік насиҳат оны да, ол түгіл, содан екі ай өткенде канға бөктірілген Қоқан қырғынының ақиқатын да сексен жыл бойы жасырып келді.

Енді, тәуелсіздік туы желбіреген дәүірде, тәуелсіздікті баянды етуге кабілеті жететін ұрпакты отаншылдық, әділет-сүйгіштік рухта тәрбиелеу үшін, бұларды ашып айтуда қажет.

Түркістан автономиясы және оның премьер-министрі Мұстафа Шоқай туралы каны сорғалған шындықты оскелен ұрпак дәл білуге тиіс. Сонда ел бірлігінің іргетасы нығая түседі.

*30 қаңтар 2016 ж.*

## НӘЗІР ТӨРЕКҰЛОВ

*Дипломат Торекұлов • Нәзір Торекұлов – публицист және қоғам қайраткері • Тағы да Торекұлов туралы • Нәзір Торекұлов – революциялық дәуірдің аса корнекті қайраткері*

### 1. Дипломат Торекұлов

30-жылдарғы репрессиялар тек кана жеке адамдарды құртып-жойғандығымен емес, сонымен бірге күллі тарихымызға, қоғамдық санага жасаған реставрациясымен де жиіркенішті.

Жасанды жалалар салдарынан елім деп еңіреген талай азаттың өмірі қызылшып, революция мұддесі жолындағы қызметі, сіңірген еңбегі жоққа шығарылғаны мәлім. Жеке басқа табыну құрсауын бұзған алғашкы жылдарда жазықсыз құрбандыққа шалынған қайраткерлердің адал есімдерін қалпына келтірумен қатар, ұмытылуға тиіс емес істерін еске түсіру мүмкіндігі де туғандай болған, амал не, артынша орнаган тоқырау дәуірі әділетті тағы да жартылай тұмшалап тастады. Жазықсыз жазалауға ұшыраған кей азаматтар жөнінде толық деректер берілмеді, тұбебейлі зерттеулер жарық көрмегі. Сондай әділетсіздік аяғынан шалған аяулы азаматтарымыздың бірі – партия, мемлекет қайраткері, дипломат, ғалым Нәзір Торекұлов еді...

Қалын жұртшылық Торекұлов жөнінде ұзақ жылдарғы үнсіздіктен кейін алғашкы мағлұматтарды Сәбит Мұқановтың, Сәкен Сейфуллиннің еңбектерінен оқыды.

«1922 жылдан бастап Москвада «Ұлттар» баспасы аталағын мекеме құрылды да, оның қарамағында қазак тілінде «Темір қазық» атты журнал шықты. Баспаның директоры

да, журналдың редакторы да Нәзір Төреқұлов (93-бет), – деп жазды Сәбен «Өмір мектебінің» үшінші кітабында<sup>1</sup>. – ... Мен Төреқұловтың өзге жердегі қызметін білмеймін, және білуге тырысып та көрген адам емеспін. Өйткені себебім... көп тарихи деректің бірде-біреуінде Нәзір Төреқұловтың аты жоқ. Оның аты тек, 1923 жылы «Қызыл Қазақстан» журнальында жазған «Сынға сын» есімді менің бір мақаламда, 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Сәкен жазған («Нәзірдің «Тар жол, тайғақ кешу» туралы жазған мақаласына жауап») бір мақалада ғана аталады. Осы екі мақаладан басқа Нәзір Төреқұлов туралы жазылған баспасөз документі жоқ, сондықтан да оны өзімен істес болғандардан басқа ешкім білмейді. Ендеше, жұрт білмейтін адамның өмірбаянын мен неге зерттеймін? Маған оның қажеті жоқ. Төреқұловтың кітапта атаған себебім, өлеңдерімнің жинағын «Шығыс» баспасына өткізбейіне байланысты қылышын айту ғана»... (106-бет).

С. Сейфуллиннің «Еңбекші қазақтағы» жоғарыда аталған мақаласы оқырманмен қайта қауышқан «Тар жол, тайғақ кешүгे» қосып басылды. Онда Сәкен былай дейді: «Төреқұловтың «сын» деп жазғаны қандай сын екені оқыған жұртқа көрінді. Төреқұлов тек мені ғана сынайды. Төреқұловтың мақсаты доктор тәрізді мені түзеу болса, рахмет, ондай далбас доктордың маған керегі шамалы... мінімді түзейтін шын сыншым да, шалдықсам емдейтін докторым да, кате бассам тергеп, өзінің түзу жолына салатын әділ, сыншыл сотым да еңбекші ел, жұмысшы табы» (388-бет)<sup>2</sup>.

Сонымен, КПСС ХХ съезінен кейін оқушы қауымға Төреқұлов жөнінде жеткен алғашқы информация осындай. Кейінірек шықкан тарихи енбектерден ғана Н. Төреқұловтың кім болғандығы жөнінде деректер көріне бастады. Мәселен, «Орта Азия коммунистік ұйымдарының тарихында» (Ташкент, 1967) мынандай жолдар бар: «Партияның басында Орталық Комитет тұруы тиіс екендігі туралы тікелей нұсқаулар

1 Мұжанов С. Таңдамалы шыгармалар. 11-том.

2 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. Алматы, 1977 ж. 382–389-бб.

алынуға байланысты... Түрккомиссия 1920 жылғы 19 иульде крайкомды тарату және Түркістан Компартиясының уақытша Орталық Комитеттің құру жайында қаулы қабылдады... Уақытша Орталық Комитеттің Атқару Бюросының жауапты секретары болып Н.Т. Төреқұлов сайланды (430-бет)... 1920 жылғы 12 сентябрьде Ташкентте Түркістан Коммунистік партиясының V съезі ашылды. (432-бет)..... ТКП уақытша Орталық Комитетінің жұмысын толығымен макұлдан, съезд делегаттары партияның Орталық Комитеттің сайлады... Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің Председательдігіне Н.Т. Төреқұлов сайланды» (434-бет)<sup>3</sup>.

Ұзамай Нәзір Төреқұлұлының бейнесі көрнекті партия және мемлекет қайраткері ретінде Жұсіпбек Арыстанов, Шерхан Мұртазаев секілді қаламгерлерді қызықтыра бастады. Ж. Арыстановтың шығыс жастарының жалынды жетекшісі Ғани Мұратбаев жөнінде жазған «Таң жұлдызы» романы қайраткер Төреқұлов жайында да көп мағлұмат береді. Ол Ғанидың үлгі тұтқан, қамқорлығын көрген ұстаздарының бірі. «1918 жылғы декабрьдің бір кешінде, жұрт ұйқыға кеткенде, Ғани ойна түйгенін құнделігіне жазып отырды: «Маған екеуі де ұнайды. Тұrap Рысқұлов ұстамды, сөйлескен адамына көп көңіл бөліп, үйіріле қалады. Нәзір тіктеу, бітіспес біrbеткей, сөйлескен кісінің сөз саптауынан не айтатынын білетіндей, оның сөзін өзі жалғастырып, әнгімелеп кетеді. Жұмыс ұстіндегі жинақтылығы мен батыл қимылды жагынан әскери адамға ұқсайды. Ол қаншама оқымысты бола тұрса да қарапайым адам. Ишінен нұр төгілгендей күлімдегені қандай әсем. Тұrap әдемі сөйлейді. Ол өзінің ақылымен алды-артынды орап, сөзге тартады. Сондықтан да оның алдында қысылмай, өзінді дарқан ұстап, қажетті, басты дегенінді шешіліп айта аласын...

Тұмысынан шешен Нәзір көбірек сөйлейді. Ол сөйлегендеге біресе айтыста тұргандай екі тарап пікірді таластырып,

<sup>3</sup> История коммунистических организаций Средней Азии. Ташкент. 1967 г.

жалтылдап кетсе, біресе сабырмен әңгіме айтып, тәптіштеп түсіндіріп, кейде митингіде сөйлегендей есіп кетеді. Оның сөзін тыңдағандардың бейтарап қалмайтынын ойласаң, көпшілікпен қалай сөйлесуді осы кісіден үйрену қажеттігін мойындастырың. Халқынан бөлекtenбеген Нәзірдің үйірліп тұрған қаншама игілік, бақ-дәүлеттен безгенін ұмытуға болмайды».

Ғани сәл кейінірек бұған: «Нәзір мен Тұрадың әрқайсысы революцияға өз жолымен келген. Алайда екеуі де бірдей соған жан-тәнімен берілген қазақтың көрнекті оқығандары. Біз бұлардың өмір өнегесінен көп нәрселер үйрендік...» деп қосымша жазды» (109-бет). «Тан жұлдызынан»<sup>4</sup> келтірілген осы шағын үзіндінің өзі Төреқұловтың қайраткерлік бітім-болмысын тәп-тәуір танытады.

Оның қызметінің бірер қыры С. Бейсембаевтың «Ленин және Қазақстан» (Алматы, 1987 ж.) деген монографиясында да аталады. Ал Қазақ совет энциклопедиясы ол жайлы едәуір толық өміrbаяндық анықтама басқан.

Сонымен, Төреқұлов туралы «жылымық» жылдары казақ оқырмандарына жеткен біржакты мәліметтер «тоқырау» жылдарының өзінде-ак «ескіріп», екінші орынға жылжыды. Ендеше, бұғінгі таңда осынау аяулы азаматты құрметпен еске алып, еңбегін әділ бағалауға тырысу – әрі уақыт талабы, әрі әрқайсымыздың адамгершілік парызымыз. Ең бастысы, оның өмірі мен қызметінен жас ұрпақ тәп-тәуір тағылым ала алады.

Ал оның революционерлік жолы бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде басталған-тын... 1892 жылы Қоқан қаласында, шетел концерндерінің бірінде деддал – макта саудасы жөніндегі комиссionер болып жүрген заң қызметкерінің семьясында туған Нәзір сонда әуелі медреседе, артынан орыс мектебінде оқыды да, сосын, коммерция училищесін – арнайы сауда қызметіне бейімдейтін орта оку орнын бітіріп, 1913 жылы Москва сауда институтына түсті. Ол тіл үйренуге

4 Арыстанов Ж. Тан жұлдызы. Роман. Алматы, 1982 ж.

деген қабілетін жастай танытқан еді, институт қабырғасында сонысын дамыта берді. Шығыс тілдерімен қатар батыстың тілдеріне құмартып, оку ретімен де, өз бетінше де көп шүғылданды. Қазақ, өзбек, тәжік тілдерімен сәби кезінен сусындаған Нәзір шағатай, түрік, парсы, араб тілдеріне медресе шәкірті шағынан ынталанды. Орыс тілімен жастай табысты. Студент кезінде француз, неміс тілдерін оқыды. Тіл үйренудің дүние танумен қатар жүрері белгілі, Нәзір оқыған, білген сайын коғамдағы қайшылықтарды тереңірек ұғына түсті. Социал-демократиялық ойлармен танысты.

Ал 1916 жылы 25 июнь жарлығына сәйкес, Орта Азия мен Қазақстаннан жергілікті жастар соғыстың қара жұмысына алынғанда, Нәзір Мәскеуден батыс майданға, отандастары арасында үгіт жұмысын жүргізуге аттанды. Минск маңында корғаныс шебін салып жүрген жігіттерден «Еркін дала» атты жасырын үйым құрды. Үйымның максаты – елде еріс алған ұлт-азаттық қозғалыстың мән-жайын, оған көмектесу жолдарын талқылай отырып, жұмыскерлердің саяси сауатын көтеру еді.

Майдан жұмысшылары, олардың ішінде жүрген Нәзір секілді көзі ашық азаматтар да Февраль революциясын қуанышпен қарсы алды. Патшаның тактан құлауын азаттыққа қол жеткендей қабылдаған олар елге, қазақ даласының әр жеріне телеграммалар жолдады. «Россияның барлық халықтары үшін бостандық, тендік, туыскандық қуні туды, – деп жазды олар 1917 жылдың 16 мартаңда, Нәзір де қол қойған телеграмманың бірінде. – Қазақтарға жаңа үкімет құрылсын қолдау үшін ұйымдасу кажет. Барлық ұлттармен байланысып жұмыс істеу керек. Жаңа құрылдың қолдай отырып, қазақтар лайықты қандидаттар таңдау арқылы, құрылтай жиналысына дайындалуға тиіс. Ескі казак дауын, үй-іші кикілжіңін тастауға шақырамыз... Тездетіп, аталған мәселені талқыланыздар. Біздің ұранымыз – демократиялық республика, жер – мал бағып, егін салатындардікі. Құдайдан басқа ешкімнен қорыкпаңыздар. Әділ әрекет етіңіздер.

Үкіметті қолдап, азық-түлік жөніндегі өкілге, майдандағы біздің жұмысшыларға жәрдемдесініздер. Халықтың пікірін хабарлаңыздар...»

Бұдан кейінгі оқиғалар – Н. Төреқұловтың өзінің Петербурдан, Мәскеуден көріп-білгені, одан Орынбор, Торғай даласында куә болып, көзін жеткізе түскен жәйттер – оның еңбекшілер мен буржуазия мұдделерінің екі басқа екенін, әрі олардың ешқашан ымыраласпайтынын айқындан берді. Бірден-бір дұрыс бағдарды, яғни тұзу бағытты таптық көзқарастың, езілген бұқара мұдделерін айқын айыра білушіліктің нәтижесінде ғана адаспай табуға болатынын түсінген Назір соны калған күллі ғұмырының мәніне айналдырды.

...Төреқұлов Ұлы Октябрь революциясымен бірге Түркістан өлкесіне оралды...

Бұл кез – II Бүкілrossиялық Советтер съезі туралы хабар, совет өкіметінің жер мен бітім туралы декреттері, «Россия халықтары праволарының декларациясы», «Барлық Россия және Шығыс еңбекші мұсылмандарына үндеу» секілді тарихи документтер халықты жарқын өмір үшін белсенді құреске жігерлендіріп жатқан кез болатын.

Ноябрьдің орта шенінде, саяси айтыс-тартыс қатты қызған кезде, Ташкентте Советтердің өлкелік III съезі, шаруа депутаттары Советтерінің өлкелік съезі, мұсылмандардың өлкелік III съезі жұмыс істей бастады. Советтердің III съезі өзінің екінші мәжілісінде шаруа депутаттары Советтерінің съезімен бірігу туралы шешім қабылдады да, бірлескен съезді «солдат, жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің съезі» деп атады.

Осы съезд талқылаған негізгі мәселе – өлкенің өкіметін үйімдастыру болды. Талқылауға мұсылмандардың III съезі жіберген өкілдер де катысып, құрылатын үкімет құрамының өлкедегі халықтардың үлес салмағына сәйкес болуын, мұсылмандарды шарифат бойынша басқару правосы танылуын талап етті. Бұл ұсыныс съезде, әрине, шешімтал тойтарыс алды. Бірақ Түркістан большевиктерінің ұлт мәселесін ше-

шуде жеткілікті дәрежеде дәйектілік көрсете алмауы салда-рынан, жергілікті халық өкілдері революциялық өкімет орга-нына енгізілмегі, ал өлкеге советтік автономия беру мәселесі атымен көтерілмегі.

«Бұған ұлыдәржавалық-шовинистік көңіл-күйлердің бел-гілі ықпалы, жергілікті еңбекшілерге деген сенімнің бол-мауы, партияның ұлт саясатын және тек қана ұлттық про-летариатпен емес, сондай-ақ ұлттық шаруа табымен де одақтасудың маңыздылығын жете түсінбеу, жергілікті ең-бекшілердің озық бөліктерін біріктірген ұлттық ре-волюциялық-демократиялық ұйымдарды жете бағаламау әсер етті» («Орта Азия коммунистік ұйымдарының тарихы», 1967 ж., 201-б.)<sup>5</sup>.

Соның салдарынан бірқатар адап ниетті қайраткерлер аландаушылыққа душар болды да, жағдайды контреволю-циялық құштер пайдаланып қалуға тырысты: мұсылман-дардың IV Төтенше съезінде «Қоқан автономиясы» жария-ланды. Жекелеген жергілікті революционерлер оны қуаттап та жатты. (Бұл да сонда.) Алайда Нәзір «автономистердің» қалың бұқара колдауына ие бола алмайтынына шубаланба-ды. Ол «халық қаламайтын автономия» құлатылған кезде Қоканға оралды. Ревком председателінің орынбасары және хатшысы болды. Еңбекшілер арасында жалынды ауызекі на-сихат жүргізумен қатар, большевиктер партиясының саяса-тын түсіндіретін мақалалар жазып, Қоканда шыға бастаған «Халық газетінде» жариялады. Революционерлік жұмыста-рын өзбек совет әдебиетінін негізін салушылардың бірі Хам-замен серіктесіп жүргізді.

1918 жылдың көктемінде, Дағылдаған Әліби Жанғелдиннің Торғай Советтері съезін шақы-руына байланысты, Нәзір Төрекұлов Орынборға аттанды. Мұнда ол Советтер съезі сайлаған Торғай облыстық атқару комитетінің органы «Қазақ мұңы» газетін шыгарып, боль-шевиктік баспасөз насихатымен айналысты. Газет қазақ

<sup>5</sup> История коммунистических организаций Средней Азии. Ташкент. 1967 г.

еңбекшілеріне Совет өкіметінің идеяларын, оның алғашқы декреттерінің маңызын түсіндірді. Революция жеңістерін, бостандықты, теңдікті, бейбітшілікті барша тап жауларынан корғап қалуға үндеді. Алайда, көп ұзамай Дутов бандылары жазда Орынборды басып алғандықтан, газет шығуын тоқтатты. Нәзір Түркістан өлкесіне қайта оралды.

Бұл кезде Түркістан аса маңызды саяси ахуалды бастаң кешіп жатқан. Бірінші майда жарияланған Түркістанның Советтік Автономиясы құллі мән-мағынасымен халықтың санасына жету үшін, Түркістан Республикасын нығайта түсү үшін революция күрескерлері әлі талай тер төгуге тиіс еді. Нәзір осы күреске белсене араласты: үгіт-насихат, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді, басмашыларға карсы шайқасты ұйымдастырыды.

1918 жылғы сентябрьде Н. Төреқұлов большевиктер партиясы қатарына өтті. Ұзамай ол Фергана облыстық революциялық комитетінің председательдігіне тағайындалды. Ал 1919 жылы Нәзір Төреқұлұлы Түркістан АССР-і Орталық Атқару Комитетіне қызметке келді. Тұrap Рысқұловпен бірге қызмет атқарды. Бұл кезде Тұrap Рысқұлұлы ТүркЦИК председателінің орынбасары (1920 жылы – председателі) және РК(б)П Орталық Комитеті мұсылмандар бюросының председателі еді. Түркістан республикасының осы қос көрнекті қайраткері арасында партия және мемлекет құрылышына өзіндік көзқарас танытуларының нәтижесінде бірер мезгіл келіспеушілік туғанын әділет орайында айта кету ләзім. Екеуі де коммунистік мұраттарға адад болатын, сондықтан көп ұзамай, 1920 жылғы декабрьде, Москвада, Әліби Жангелдиннің жәрдемімен тіл табысып, татуласып кетті.

Жоғарыда айтқанымыздай, 1920 жылдың жазында Нәзір Төреқұлов республика партия ұйымының басшылығына жоғарылатылды. Осы қызметімен қоса ол 1920–1922 жылдары ТүркЦИК-тің мүшесі, председателі, ВЦИК-тің, РСФСР Совнаркомының, РК(б)П Орталық Комитеті Түркістан бюросының, Түркістан майданы реввоенсоветінің (әскери-ре-

воляциялық кенесінің), РК(б)П Орталық Комитеті Орта Азия бюросы атқару комиссиясының мүшесі болды. РК(б)П Х және XI съездеріне делегат болғатысты.

Нәзір Төреқұлұлы 1922 жылы Москваға қызметке ауысты. Түркі тілдес халықтардың жазуын латын алфавитіне көшіру жөніндегі Орталық комиссияның мүшесі ретінде, астанаға келген бетте, ол партия тапсырмасына орай көптеген ұйымдастыру шараларын жүргізді. Сонымен бірге, ғылыми-педагогикалық жұмыстармен де шұғылданды. Мұғалімдердің Бүкілодақтық бірінші съезінде баяндама жасады. Москва жоғары оку орындарына шығыс тілдерінен сабак берे жүріп, ғылыми еңбектер жазды.

Ол Орта Азияда маркстік тарих ғылымының негізін салушылардың бірі санатында «Бұхара Советтік Халық Республикасы», «Қоқан автономиясы», «Ферғана мәселесі» деген тарихи еңбектер, сондай-ақ В.В. Бартольдтің еңбектеріне, С. Айнидің «Бұхара революциясы» атты монографиясына көлемді сын мақалалар жазған. Солармен қатар Төреқұлов «Жана әліппе. Үлкендер үшін» (Москва, 1924) деген еңбегінде араб әріптерінің орнына, қазак дыбыстарын дәлірек қамтитындей етіп жөнделген латын алфавиті негізінде жаңа әліппиді ұсына отырып, жазудағы бұл жаналықтың қазак мәдениетін озық елдермен жақындастыра дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді<sup>6</sup>. Ал «Жат сөздер туралы» (Москва, 1926) деген кітапшасында «баяғы заманнан бері қазак Еділ – Тарбағатай, Сырдария – Ертіс арасында жүрген» кезде «жан-жағынан қытай, монгол, араб, парсы, Европа (орыс) мәдениеттері қазақтың тіліне, әдетіне, шаруасына» қалай әсер еткенін талдай келе, жат сөздердің қазақшага айналғандағы өзгеру зандылықтарын қарастырып, интернационал сөздерді пайдаланудың нақты жолдарын ұсынады<sup>7</sup>. Ол РСФСР Ұлт істері жөніндегі халкоматының жұмысына белсене араласып жүріп, одак көлеміндегі оку-агарту ісіне

<sup>6</sup> Төреқұлұлы Н. Казак-қыргыз үшін жана әліппе. Кенес Одағындағы елдердің кіндік баспасы. М.. 1924 ж.

<sup>7</sup> Төреқұлұлы Н. Жат сөздер туралы. М.. 1926 ж.

де өз үлесін қости. Бұл орайда «Ұлт мәселесі мен мектеп» (Москва, 1926) деген кітапшасы көп нәрсені аңғартады<sup>8</sup>.

\*\*\*

1922–1928 жылдары Нәзір Төреқұлұлы СССР халықтарының Орталық баспасы басқармасының председателі болды. Орта Азия мен Қазақстанда баспасөз орындарын ұйымдастыру, газет-журналдар шығару, марксизм-ленинизм классиктерін, озық көркем әдебиет туындыларын ұлт тілдеріне аудару және оларды редакциялау ісіне басшылық жасады. Орталық баспа басқармасының жанындағы Шығыс халықтары тілінде кітап шығаратын редакциялық алқаны да тікелей өзі басқарды. Қазақтар үшін «Темірқазық» атты «айына бір шығатын саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналын» ашып, оның әрі бас редакторы, әрі белсенді авторы болды. Абай шығармаларын тұңғыш рет Ташкентте бастыру ісін тікелей жүзеге асырган да – Нәзір Төреқұлов. Өзбек мектептері үшін жазылған алғашқы оқулықтардың да авторы – Н. Төреқұлов.

Алайда Советтік Отанымызда тұратын көптеген ұлттардың окуын, мәдениетін көтеруге ықпал еткен «Кенес одағындағы елдердің кіндік баспасы» жұмысын ұзақ жылдар басқарған Төреқұлов есімі біздің бірқатар зиялышарымыздың арасында аса құрметтеле қоймады. Бұның себебі түрліше болуы ықтинал, ал енді бізге анығы – Төреқұлов-сыншының Сейфуллин творчествосын қатаң, қатқыл сынауында жатыр.

Нәзір 1923 жылы Сәкеннің поэзиясына («Асая тұлпар. 1914–1922 жылдар арасында жазған өлең кітабы», Орынбор, 1922) сын жазды. Сынның міндеті – «бет-жүзге кара-май талдау екенін» айтЫп, «...шының сөйлемей, аурудың көнілін көтеріп. кетсе... доктордың өтірігінен жұртқа зиян жок... Сыншының өтірігі – жұртқа зиян», – дей келе, Сәкеннің бірсыныра өлеңдерін аңы талқыга салып, жастарға революциялық тәрбие беру ісіне бұл кітаптан пайда жоқ деп

<sup>8</sup> Төреқұлұлы Н. Ұлт мәселесі мен мектеп. М.. 1926 ж.

біржакты қорытады<sup>9</sup>. 1928 жылы «Тар жол, тайғақ кешүге» орай жазған сын мақаласында да осы пікірде болады. Онда Сәкен поэзиясының 1923 жылы III Қазақ облыстық партия конференциясында коммунистік сын тезіне түскенін еске сала кетеді де: «Осылардан кейін біз Сәкен енді ойланар-ау, бағытын түзеуге шындалап кірісер-ау, өзінің семинарияда алған білімімен табандап тұрып қалмай, аз да болса, саяси сауатсыздығын жоюға ұмтылар-ау» деп ойлаған едік. Бірақ оның ең соңғы жазған өлеңдері, әсіресе «Чжан Цзо-Лин» деген поэмасы жоғарғы үмітіміздің күлін көкке ұшырды. Сәкен – баяғы Сәкен. О күнде айтқан «Төңкеріс өз бетімен кетіл барады» деген сөзіміз әлі сөз», – дей келіп, «Тар жол, тайғақ кешуді» ымырасыз соққының астына алады<sup>10</sup>.

Төрекұловтың бұл сын мақаласынан үш жүйе аңғарылады: 1. «...мына түрінде «мен» деп басталып, «мен» деп бітетін бұл «затты» өзгеше түрдегі «Сәкеннама» деуге ғана келеді...» 2. «Сол дәуірдегі қазақ өмірінде елеулі орын алған «Алашорданы»... қолға алған коммунистердің қай-қайсынан... білім жалпылауын (научно-марксистское обобщение)... талап етуге какымыз бар. Ондай жұмысқа Сәкеннің күші келмейтін сияқты...» 3. «Ол қазақ жұртшылығы өмірінде ұлы мәні бар нәрселерді өзінше бұзады... бояйды... аты әйгілі қазақ Хлестаковы – Тоғысұлы... Сәкеннің қолынан... төңкерішіл, социалист болып шыға келеді...»

Сын мәдениеті жаңадан қаз тұра бастаған 20-жылдар ахуалына бүгінгі күн биігінен көз жіберіп, Нәзір Төрекұловтың Сәкен Сейфуллинді шамдануға, корғануға мәжбүр еткен артық, қызба тұжырымдарын, сондай-ақ кейбір ескеруге де тұрарлық сынни пікірлерін оп-онай ажыратасың да, осынау аяулы екі азаматтың творчестволық ынтымаққа ұмтылудың орнына бас араздыққа кетуіне «эттеген-ай» деп өкінгеннен басқа амалың қалмайды...

<sup>9</sup> Төрекұлұлы Н. Асая тұлпар // «Темірқазық». Айна бір шығатын саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы. 1923 ж. № 1.

<sup>10</sup> Төрекұлдың Нәзірі. «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бір-екі сөз // «Еңбекші казақ» газеті. 24 декабрь. 1928 ж.

1928–1936 жылдары Нәзір Төреқұлұлы шетелде дипломатиялық жұмыста болды.

Сауд әuletінің Арабияны біріктіру жолындағы күресі нәтижесінде 1924–1925 жылдарғы соғыстан соң Хиджаз жері Недж әмірлігіне қосылғанда, жаңа мемлекетті бірінші болып СССР (1926) таныған еді. 1927 жылы Әмір Ибн-Сауд король деп жарияланды. Король Ибн-Саудтың тәуелсіз мемлекетіндегі мұсылмандардың қасиетті қалалары Мекке мен Медине орналасқан, экономикалық және діни-саяси маңызы зор Хиджаз аймағына біздің еліміздің бас консулы болып 1928 жылы Н.Т. Төреқұлов тағайындалды. 1932 жылы мемлекет Сауд Арабиясы деп аталды. Осы жылдан бастап Нәзір Төреқұлұлы СССР-дің Сауд Арабиясындағы Тұрақты өкілі болып істеді. Советтер елімен дипломатиялық және сауда қатынастарының орнауына байланысты бұл жаңа корольдіктің халықаралық жағдайы едәуір дәрежеде нығайғаны белгілі. Бұл істе дипломат Төреқұловтың де өзіндік үлесі бар.

Әрине, Нәзір Төреқұлұлының араб елінде сегіз жыл бойы атқарған қызметі туралы байыпты сез айту – арнайы зерттеу жұмыстарының үлесінде.

20–30-жылдарда шықкан тұнғыш қазақ совет дипломатының есімін қадірлеуді, Советтік Социалистік Республикалар Одағының шетелдегі толық өкілетті өкілі ретінде қызмет еткен жылдарының маңызды сәттерін жаңғыртып, жұртшылыққа таныстыруды, біздің ойымызша, республикамыздың Сыртқы істер министрлігі қолға алса – нұр үстіне нұр болар еді.

Дүниежүзіндегі жұмысшылар мен шаруалардың тұнғыш мемлекетінің сыртқы саясатын шетелдерде жүргізушілердің бірі болған осынау тамаша қайраткердің өмірі мен қызметін, совет дипломатиясы тарихында еншілер орын білу – үрпақ тәрбиесі үшін маңызды. Ал оның есімін мәнгі есте қалдыру шаrasы жоғарыда аталған дипломатиялық аппарат тараپынан қолға алынып жатса, күллі жұртшылықтан қолдау табар еді деген сенімдеміз.

Н.Т. Төрекұловтың дипломатиялық қызметі 1936 жылғы сталиндік процестер тұсында үзілді. Ұсталарының алдында ол Москвадағы Шығыс халықтары институтында істеп жүріпті. Оның тағдырындағы осы бұлышынғыр шақ зерттей тұсуді қажетсінеді. Ал жалпы, репрессиялық машинада программаланған жаппай террордың бір парасын «ақтауға» Нәзір Төрекұлұлының фигурасы құйып қойғандай екендігін мойындау ләзім: «мұсылман әлеміндегі контрреволюциялық ұйымға исламның бесігінде полпред болып жүрген «халық жауы» Төрекұловтың дем беруі» әбден-ақ қисынға келетін айыптау екендігі Яода-Ежов аппаратында мұқият ескерілсе керек...

Революционер, партия және мемлекет қайраткері, ғалым, дипломат Нәзір Төрекұлұлы Төрекұлов есімін құрмет тұтуды әзірге отей қоймаган қарызымыз деп санау орынды сияқты. Оның Қазақстанға сінірген еңбектері – СССР-дегі баспа ісін ұйымдастырушылардың алдыңғы легінде тұрғаны, аса мұқтаж жылдары түрлі сала бойынша қазақ кітаптарын Отанымыздың астанасында басып шығаруы, Орынборда «Қазақ мұны» газеті мен Москвада «Темірқазық» журналы редакцияларын басқару арқылы үлттық журналистиканы дамытуға үлес қосуы, тарихқа, тілге байланысты еңбектер жазуы, баспасөзге қоғамдық-саяси, әдеби-сыни ойларымен белсенді түрде атсалысып тұруы және, әрине, бірнеше жыл бойы Түркістан Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын (ол кезде ТАССР-ге казіргі Қазақстанның Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстары кірген) басқаруы тиісінше ғылыми мекемелер мен творчестволық одактардың, партия және мемлекет органдарының көніл бөлуін тілейді.

Ардақты азаматты есте сақтау жолдарын көп болып ақылдасып шешкен жөн. Төрекұлов халық құрметіне әбден лайық.

*3 тамыз 1988 ж.*

## 2. Төреқұлов – публицист және қоғам қайраткері

Тарихи қайраткерлер бүгінгі күн талаптарымен қарағанда не істемеген деп емес, өздерінен бұрынғылармен салыстырғанда жаңа не істеді деген тұргыда бағалануға тиіс. Бұл өзі көптен белгілі, ешкім дауласа қоймайтын шындық.. Алайда біздің күні кешеге дейін сіресіп тұрған, идеологиялық алғышарттармен мызғымастай құрсауланған тоталитарлық қоғамымызда ондай шындыққа үзілді-кесілді мойынсұнатындар кездесс бермеуші еді. Сондықтан да есіміне тыйым салынбаган бірлі-жарым қайраткерлердің өзінің енбегіне әділ баға беру дегенің шарттылыктармен шектелген киямет әрекет болатын. Сөйтіп, әділдік туралы қаншама әдемі сөз айтсақ та, өткендегі көптеген үлкен тұлғалар ондаған жылдар бойы үлкен әріппен жазылатын шынайы әділетке ділгір болып қала берген-ді.

Көрнекті қайраткер, әдебиетші, ағартушы және ғалым Нәзір Төреқұлов та солардың катарында. Қолдан жағылған күйеден сонау 50-жылдарғы «жылымықта» ағартылғанмен, оның есімі мен ісі халқымызға күні бүгінге дейін жете та-нылмай келеді. Қысқа ғұмырының саналы да кемел сегіз жылын 30-жылдары шетелдегі дипломатиялық қызметте өткерген аяулы азаматымыздың туғанына жұз жыл толуына орай өткізіліп отырган осынау салиқалы жиын оның туған халқы құшагына түбекейлі оралуы жолындагы елеулі белес болар деп үміттенеміз.

Осынау абыройлы іске Сыртқы істер министрлігінің мұрындық болуы, әрі осынау алғашкы, байсалды қадамның мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тұсаукасер тойынан соң іле-шала жасалуы жақсы ырымға, терен символикалық мәнге мензейді, мұны сөз басында айта кету ләзім.

Біз Нәзір Төреқұлов туралы айтпак бүгінгі сөзімізде оның публицист және қоғам қайраткері ретіндегі қырларын ашуға

талпынбақпыш. Бәрін білгендіктен емес, керісіншс, көп нәрсені әлі де айқындау қажеттігін ұғынғандықтан, қазіргі таңда Нәзірді шындаپ танудың табалдырығында ғана тұрғанымызды сезінгендіктен – талай міндettі болашақ зерттеушілерге жүктей әнгімелемекпіз.

Дипломатиялық қызметте жүріп толтырған жеке іс қағаз, анкеталарында Нәзір өзінің кәсібін журналист, лектор, оқытушы деп көрсеткен еken. Дәлірек айтқанда, 1928 жылы неғізгі мамандығын – «журналист», «лектор», 1931 жылы – «журналист және оқытушы» деп жазыпты.

Міне, осылардың өзі біздін қарастырмақ тақырыбының дұрыстығына, яғни Нәзірдін публицистігі қоғамдық қызметімен тығыз байланысты екендігіне айғақ болса керек. Енді осы бір айтулы қоғам қайраткері, айтулы журналист, публицист, әдебиетші, ғалым қандай оку орындарында білім алған еken, соны қарайық. Жеке іс қағазына өз қолымен 2-3 жыл бастауыш мұсылман мектебінде, 3 жыл орыс-тузем училищесінде, 8 жыл коммерциялық училищеде оқығанын, одан соң Москва коммерция институтының үш курсын тамамдаганын жазыпты.

Мұсылман мектебіне Нәзір 7-8 жасында бара бастаған шығар – бұл он тоғызыншы ғасырдың соңғы жылдарына дөп келеді. Ол уақытта Қоқан ондаған мешіт, медреселері, көптеген керуен сарайлары мен базарлары, банкілері бар, 65 мыңдай халық тұратын, өз заманы үшін едәуір үлкен қала болатын.

Нәзір өзінің әлеуметтік тегін шаруадан деп, жақша ішіне көшпендейлерден деген анықтауыш қосқанына қарағанда, әкесі Төрекүл Қоқанға юристік білім алып келгеннен соң қоныстанған тәрізді. Қаланың Байбутта көпірі маһалласынан меншігінде үй ұстаған. Мақта комиссionері болып істеген. Баласын уақыт ағымына бейімдеп, сауда саласына бағыттаған көрінеді.

1913 жылы Қоқан коммерция училищесін бітірген Нәзір Мәскеудегі коммерция институтының экономика факуль-

тетіне түседі. Бірақ аяқтамайды – тағдыр оны мұлдем баска сүрлеуге бастап кетеді.

1931 жылы анкеталық сұраптарға қайтарған жауаптарында ол ең басты түркі тілдерді, соның ішінде түрік тілін әдеби З-дәрежеде менгергенін, араб тілін орта 2-дәрежеде, парсы тілін орта 2-дәрежеде, француз тілін орта 2-дәрежеде, неміс тілін орта 1-дәрежеде білетінін, араб және француз тілдерімен шұғылданып жүргенін айтқан көрінеді. Дипломаттың көп тіл білгені таңырқатпайды, эйтсе де оның қалыптасу жылдарындағы дүрбеленіді оқигаларды еске алсақ, солардың қызу ортасында Нәзірдің де жүргенін ойласақ – талантына, еңбеккорлығына еріксіз қайран қаламыз.

Бізге оның оқушы, студент шақтарында саяси-қоғамдық тыныс-тіршілікке қалай қатысканы беймәлім, есесіне, халқына қызмет етуінің алғашқы үлкен белесі 1916 жылға дөп келгенін дәл білеміз. Бұл жылы ол Бүкілrossиялық Земство Одағына майданның қара жұмыстарына алынған түркістандықтармен жұмыс істейтін нұсқауши болып орналасты. Батыс майданның Минск, Барановичи аудандарында ол үлкен саяси куреске әзірлік мектебінен өтті.

Ол көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановпен қызыметтес болды. Көзі ашық азаматтардың басын құрап, «Еркін дала» атты жасырын ұйым құрды, қорғаныс шебін салушы жігіттер арасында насиҳат жұмыстарын жүргізді. «Еркін дала» мүшелерінің озық ойлы болғандарына, Ақпан революциясынан кейін, ішінде Нәзір де бар бір топ зиялышын Минскіден елге жолдаған хат-хабарлары күэ.

Қарқаралыға келген телеграммада олар былай деп жазыпты: «Россияның барлық халықтары үшін бостандық тендік, туысқандық күні туды. Қазақтарға жаңа үкімет құрылышын қолдау үшін ұйымдасу қажет. Барлық ұлттармен байланысып жұмыс істеу керек. Жаңа құрылышты қолдай отырып, қазақтар лайыкты кандидаттар таңдау арқылы, ұйысу жиналышына дайындалуға тиіс. Ескі қазақ дауын, үй-іші кикілжіңін тастауға шақырамыз. Иман мен әділдікті ұран

етейік. Аталған мәселені тездетіп талқыланыздар. Біздің ұранымыз – демократиялық республика. Жер – мал бағып, егін салу арқылы табыс түсіретіндерге берілуге тиіс. Құдайдан басқа ешкімнен корықпаныздар. Әділ әрекет етініздер. Үкіметті қолданыздар. Министрліктің азық-түлік жөніндегі өкіліне және біздің майдандағы жұмысшыларымызға көмек көрсетініздер. Халықтың пікірін хабарлаңыздар. Элихан, Міржақып Петроградка барады. 25 наурызға дейінгі адресі Петроград, Соколдагер, Бөкейхановқа, сосын «Қазак» редакциясына...»

Майдан жұмысынан қайтқанда, орталықтағы саясатшылармен тығыз араласа жүре, Нәзір өз бетін айқындауды, солшыл социалист-революционерлер партиясы қатарына кіреді. Орынборга келіп, солшыл эсерлер үйімінде турлі сайланбалы лауазымда қызмет атқарады. Оның 1917 жылғы желтоқсанда өткен 2-күлліқазак съезінен катысы қандай болғанын білмедік, дегенмен, қазақ қауымына пайдалы земство мекемелерін құруға атсалысуы – Алашорда шешімдеріне тілектестікпен қарағанына дәлел бола алады.

1918 жылдың басында Орынборды кеңес әскерлері алғаннан кейін ол Әліби Жангелдинге Торғай облысы кеңестерінің бірінші съезін әзірлеуге жәрдемдесті. 23 наурыз – 3 көкек арасында өткен бұл съезде ол мандат комиссиясының мүшелігіне сайланды. Төрекұлұлының кәсіби журналист ретінде қызметі осы кезеңнен басталса керек – съезден кейін, редактор ретінде, Торғай облыстық атқару комитетінің органы «Қазак мұны» газетін шығаруды қолға алған екен.

Газеттің алғашқы нөмірінде басылған «Торғай съезі» атты бас макала Нәзір Төрекұлұлының саяси публицистикадағы баспасөз бетін көрген тұнғыш туындысы тәрізді. Мұнда ол халық бастан кешіп отырған тарихи бетбұрысты қөвшілікке түсінікті етіп қорытады.

Сонын Нәзір ұзамай өзінің туған қаласы Қоқанға оралады. Әйгілі Қазан төңкерісінен кейін Ташкентте саяси құштер бірігіп, өлкे өкіметін құрган. Үкімет құрамына жергілікті

халық өкілдері енгізілмегендіктен, ұлт зиялышары мұсылман халықтары депутаттарының IV Төтенше съезін шақыруға мәжбүр болады. Қоқанда өткен бұл съезд Түркістан халықтарының өзін-өзі басқаратының жария етіп, автономия үкіметін сайлайды. Алайда 1918 жылғы ақпанда Қоқанға кызыләскерлер басып кіріп, Қоқан автономиясы құрдымға жіберіледі де, өлкені большевиктік үлгіде құру жұмысы қолға алынады.

Қоқанға осы шакта келген Нәзір Торекұлұлы қалалық кеңестің хатшысы болады. Қарулы дружинага еніп, қаланы басмашылардан қорғасады. Үгіт-насихат жұмысымен айналысады. «Халық газеті» атты мерзімді басылым шығаруға көмектеседі, газеттің алқа мүшесі болады. 1918 жылғы 1 мамырда жарияланған Түркістан Кеңес Автономиясының мән-жайын ұғындыратын публицистикалық мақалалар жазады.

1918 жылғы қыркүйекте Нәзір большевиктер партиясы қатарына кіреді. Фергана облыстық революциялық комитетінің мүшесі болып, қышлақтарды, ауылдарды арапайды. Бұқараға кеңес өкіметінің, автономияның мән-жайын түсіндіреді. Накты ұйымдастыру істерімен жаңа қоғамдық құрылышты нығайтуға үлес қосады. Ферганадағы халық ағарту саласына басшы боп тағайындалып, еңбекшілер арасындағы сауатсыздықты жоюды қолға алады. Алқаптың елді мекендерінде мектептер мен көркемөнерпаздар жұмысын ұйымдастырады.

1919 жылғы ақпаннан Түркістан өлкелік партия комитетінің «Инқилап» («Революция») деп аталатын өзбек тіліндең журналына алқа мүшесі болады. 1920 жылдың басында ол Түркеспубликаның қазақ тіліндегі «Жаңа өріс», «Ақ жол» деген газеттерін шығаруға қамқорлық көрсетті. Ал 1922 жылы бірнеше ай – көкек пен тамыз айлары арасында «Ақ жол» газетінің редакторы болды.

Жалпы бұл жылдары Түркістан Республикасында жарық көріп тұрған қазақ, өзбек, тәжік, орыс тілдеріндегі мерзімді

басылымдар беттерінде Нәзірдің дарынды да қарымды қала-  
мы саясат, ғылым, әдебиет тақырыптарында тербеген түрлі  
жанрдағы материалдар жиі көрініп тұрды.

1920 жылдың жазында РК(б)П Орталық Комитетінің «Түркістандағы міндеттеріміз» дейтін қаулысынан кейін Түркістан жөніндегі комиссия өлкелік партия комитетін, мұ-  
сыламадар мен шетел коммунистері бюороларын тарқатып,  
біртұтас Түркістан Коммунистік партиясын құруды қош  
көрді, Уақытша Орталық Комитет тағайыннады.

Түрккомиссияның 1920 жылғы 15–31 шілде күндеріндегі  
қызметтің қамтитын информациялық акпаратында Түркістан  
Коммунистік партиясының Уақытша Орталық Комитетіне  
кірген коммунистер тізімі бар. Құрамы жағынан ішіне 4  
қазак, 2 өзбек, 2 татар, 1 түрікмен, 6 европалық – барлығы  
15 адам кірген.

Түрккомиссия Түркістан Компартиясы Уақытша Орталық  
Комитеті Атқару бюросының төрағасы Нәзір Төреқұлұлы  
жайында Москваға: «Жана Орталық Комитеттің мүшелері  
ішінде жергілікті халықтан шықкан аса көрнекті табиғи да-  
рындар (самородки) бар, мәселен, Төреқұлов, интеллигент,  
бұрынғы студент, кедей, казак семьясынан шықкан, маркс-  
шыл тұрғыдан ойлайтын адам», – деп хабарлады.

Содан, V және VI съездерде, Төреқұлов Түркістан Компар-  
тиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып сай-  
ланды. Ал 1921 жылы VIII Түркістан өлкелік Кеңестер съезі  
оны Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің  
Төрағасы етіп саллады.

Төреқұлов 1921 жылғы қантарда Әулиеатада қазак, қыр-  
ғызы кедейлерінің съезінде ауылды кеңестендіру, жер-су ре-  
формасын жүргізу, саяси-көпшілік жұмыстарын нығайту  
жөнінде баяндама жасады. Осы тақырыптарды жан-жақты  
қозғайтын мақалаларын және «Қосшы одағының міндеттері  
туралы» тезистерін баспасөзде жариялады.

1921 жылғы 29 наурызда Лениннің төрагалығымен РСФСР  
Совнаркомы Төреқұловты Түркістан жөніндегі комиссияға

мүше етіп бекітті. Түрккомиссияның, одан Түркістан майданы революциялық әскери кеңесінің мүшесі Нәзір басмашыларға қарсы соғысты ұйымдастырып, өзі де майдан аудандарын тынбай арапап жүрді.

Нәзірдің тіл білімімен терең шұғылдануы да 1921 жылдан басталған сияқты. Осы жылы Мәскеу оны бұрынғы бұратана аталған халықтардың жазуын латын алфавитіне көшіру жөніндегі Орталық Комиссияға мүше етеді. Ал 1922 жылғы казанда оны орталыққа қызметке шақырып, біржола Мәскеуге көшіргіп алады.

Нәзір содан алты жыл бойы КСРО халықтарының орталық баспасы басқармасына тәраға болды. Бұл баспаға ең-бекшілердің саяси-коғамдық және мәдени дамуына жәрдем беру, бұрынғы империяда жазу-сызулатыры жоқ болып келген халықтарға алфавит, әліппе, окулық жасап беру, шығыстагы автономиялы республикалар мен облыстардың бүкіл баспа жұмыстарын басқарып, бағыттап отыру секілді маңызды міндеттер жүктелгені тарихтан мәлім.

Осынау ауқымды істі басқара жүріп, Нәзір Торекұлұлы озық ойлы ғалым, ұйымдастырушы, журналист, азамат ретінде енселене көрінді. Ол Қазакстанда әсірекызыл, солакай большевиктер құн көрсетпеген ірі ғалым-публицист Әлихан Бекейхановты КСРО халықтары баспасының қазақ бөліміне бастық етіп қойды. Мағжан Жұмабаев секілді «алаш» деп тұртпектелген талай ақын-жазушыларды баспаның авторы етті, окулық жазғызды, аударма жасатты.

Әдебиет, тіл білімі, эстетика, тарих, философияны терең оқыған, ізденуден, зерттеуден жалықпаган Төрекұлұлы Мәскеу жоғары оқу орындарында шығыс тілдерінен сабак берді. ғылыми енбектер жазды. «Бұхара инкилапшылары» деген Садриддин Айнидің монографиясына тарихи және саяси баға берген үлкен сынни алғысоз, «Бұхара Советтік Халық Республикасы», «Кокан автономиясы», «Ферғана мәселесі» деген тарихи енбектер, көптеген кітаптарға беташар, сөз басы, өзбек мектептері үшін окулыктар жазды,

Абай шығармаларын тұңғыш рет Ташкентте бастыру ісін ұйымдастырды. Қазактар үшін «Темірқазық» атты саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналын ашып, оның әрі бас редакторы, әрі белсенді авторы болды.

Кеңес өкіметі ауқымындағы еркіндікке қолы жетіп жатқан халықтардың біразының жазу-сызуын, әліппесін, оку кітабын жасауға Нәзекен жәрдемдесті.

1923 жылғы ақпанда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы араб әрпін өзгерту комиссиясы Мәскеуде мәжіліс өткізді. Орта Азияға бірынғай әліппе жасау жайында шешім қабылданып, соны жүзеге асыруға тиіс арнағы топ құрылды, төрағалыққа Нәзір Төреқұлов бекітілді. Енді ол «шығыстағы революция» атанған іске тікелей басшылық етті.

Бүгінде алфавит ауыстыру науқандарына қозқарасымыз өзгерінкі, әрқылды. Әйтсе де араб жазуы орнына латыниданы қолдану қажеттігін ғылыми дәйектеген Нәзекеннің енбегіне лайықты бағасын беру ләзім. Ол 1924 жылы Мәскеуден «Жаңа әліппе. Үлкендер үшін» деген кітапша шыгарды. Бұл енбегінде ол араб әріптерінің орнына казақ дыбыстарын дәл қамтитындей етіп жонделген латын алфавиті негізінде жаңа әріптерді ұсына отырып, жазудағы бұл жаңалықтың казақ мәдениетін озық елдермен жақындастыра дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

1924 жылдың жазында Мәскеу, Ташкент, Бұхара, Орынбор калаларының білімпаздары жаңа әліппеге байланысты жиын өткізген еken, сонда жаңа әліппені жақтаған Нәзекен Төреқұлов 9 дауыс, ескі әліппені қорғаған Ахан Байтұрсынов 8 дауыс алыпты. Тыңдаушы жастар жаңа әліппе жағында болыпты.

Бұл реттегі ғылыми айтыстардың бірнеше жылға созылғаны мәлім. Ақырында латын өмірге енгізілгенде, Төреқұлұлы Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы елшісі болатын. Ал «шығыстағы революцияның» жаңа сатысы жүзеге асырылып, бәрін кирилица ығыстырғанда, ол өмірде жоқ-ты –

талаі боздақ қатарында «үлкен террор» құрбандығына шалынған болатын.

Ағартушы-ғалым ретінде Нәзір Төреқұлұлы Одак көлеміндегі оку-ағарту ісіне өзіндік үлес қосқан-ды. 1925 жылғы қантарда Мәскеу Үлкен театрлында I Бүкілодактық мұғалімдер съезі ашылды. Төреқұлов «Ұлт мәселесі және мектеп» деген тақырыпта баяндама жасады.

Сонда Кеңес өкіметі орнағалы бергі ұлт мектептерінің даму жай-күйін талдай келе, Нәзір: «Мен мынаны атап айтқым келеді: ұлт тілдері жергілікті жерлерде мойындалып, жергілікті мемлекеттік тілдер ретінде декретпен бекітілген қазіргі кезенде, ұлттық ұстаздарға да, құллі кеңес ұстаздарына да әлемдік тарихи маңызы бар міндеттер жүктеліп отырған кезде, ұлттық мектеп тек қана кеңес мемлекеті мен ұлттық мұғалімдік қауымның күш-жігерін бірлестіру жолымен ғана жасала алады», – деп, шешімін табуға тиіс мәселелерді жүйелеп алға тартты.

Баяндаманың қазақшага аударылған нұсқасы жеке кітап болып, Мәскеуден сол 1926 жылы жарық көрді. Осы жылы Нәзірдің оқытушылар қадесіне асатын тағы бір кітабы жарияланды. «Жат сөздер туралы» деп аталатын бұл кітапшада ол «баяғы заманнан бері казак Еділ-Тарбағатай, Сырдания-Ертіс арасында жүрген» кезде «жан-жағынан қытай, монгол, араб, парсы, Европа (орыс) мәдениеттері қазақтың тіліне, әдетіне, шаруасына» қалай әсер еткенін талдай келе, жат сөздердің қазақшага айналғандағы өзгеру зандағылыштарын қарастырып, интернационал сөздерді пайдаланудың нақты жолдарын ұсынды.

Тақырып ауқымы кең, авторлары сан алуан «Темірқазықты» зерттеу арқылы Нәзір Төреқұловты редактор және сыншы-публицист ретінде толығырақ тануға болары кәміл. Мұны келешек зерттеушілер үлесіне қалдырып, бір-екі ауыз сөзді оның осы журнал бетінен көрініп, қазақ оқырманына ұнай қоймаган сыншылығына арнағымыз келеді. Ол 1923 жылы Мәскеуден шықкан «Темірқазық» журналының 1-са-

нына Сәкен Сейфуллиннің «Асат тұлпар» атты өлеңдер жинағына сын мақаласын басты. Сынның міндеті – «бет-жүзге карамай талдау» екенін айтып, «...шынын сөйлемей, аурудың қоңілін көтеріп кетсе... доктордың өтірігінен жұртқа зиян жоқ... Сыншының өтірігі – жұртқа зиян» – дей келе, Сәкеннің бірсызыра өлеңдерін ашы талқыға салып, жастарға революциялық тәрбие беру ісіне бұл кітаптан пайда жоқ деген корытынды жасайды.

Арада бес жыл өткеннен кейін де, 1928 жылы «Еңбекші қазак» газетінде «Тар жол, тайғак кешуге» орай жарияланған сын мақаласында да осы пікірде болады. Нәзір Сәкеннің поэзиясының қазақ облыстық партия конференциясында сыналғанын еске салып барып: «Осылардан кейін біз Сәкен енді ойланар-ау, бағытын түзеуге шындал кірісер-ау, өзінің семинарияда алған білімімен табандап тұрып қалмай, аз да болса, саяси сауатсыздығын жоюға ұмтылар-ау» деп ойлаған едік. Бірақ оның ең соңғы жазған өлеңдері, әсіресе «Чжан Цзо-Лин» деген поэмасы жоғарғы үмітіміздің құлін қекке ұшырды. Сәкен – баяғы Сәкен. О күнде айтқан «Төңкеріс өз бетімен, Сәкен өз бетімен кстіп барады» деген сөзіміз әлі сөз», – деді онда. Сонын «Тар жол, тайғак кешуді» ымырасыз соққының астына алды. Өзіне өзі көп сүйсініп кеткен деді. Қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде елеулі орын алған «Алашорда» жайында дұрыс пікір корытуға Сәкеннің күші келмейтін сияқты деді. Қазақ ғұмырындағы мәні зор нәрселерді өзінше бұзып, бояйды, аты әйгілі қазақ Хлестаковы – Тоғысұлын Сәкен төңкерісшіл етіп шығарған деді.

Қазіргі оқырманға бұлар беймәлім, сондыктан, сол заманғы сын мәдениетін ұғуға тырысу орайында, Нәзірдің сынның оған қайтарған Сәкеннің жауабымен қатар қойып зерттеген жөн болар еді.

Нәзірдің публицистігін зерттеуді болашақтың ісі дегіміз келеді. Егер бұл шағын шолу сондай ойға мензер болса – міндеміздің орындалғаны. Біздің ойымызша, мұны жекелеген энтузиастар зерттер деген үмітпен жылы жауып қоя

салу жараспайды. Бұған мемлекеттік көзқарас керек. Әйтепер бір манызды буында арнайы зерттеушілер тобы жасакта-лып, қаржыландырылса, зерттеу бұрынғы кеңес республика-ларында, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Сауд Арабиясында жүргізілсе – нұр үстіне нұр.

15 қараша 1992 ж.

### *3. Тағы да Төреқұлов туралы*

Халқымыздың аяулы ұлдарының бірі, көрнекті мемлекет қайраткері, алғашқы қазақ дипломаты, ғалым, публицист, ақын, Кеңес Одағындағы ұлттық республикалар үшін жұмыс істеген орталық баспаның үйімдастырушысы әрі бас-шысы, «ұлken террор» құрбаны Нәзір Төреқұлов жайында жариялышында рухында тұнғыш рет 1988 жылғы 5 тамызда «Қазақ әдебиетінде» жазған едік. Содан бері ол туралы бас-пасөзде талай сөз айтылды, зерттеулер жасалды, кітаптар шықты. Онтүстік Қазақстанда Нәзір қоры шаңырақ қөтеріп, абзал азаматтың «Темірқазығын» – 1923 жылы үш саны ғана шығып жабылған журналын жаңыртты. Еңбектерін жи-настырып бастырды, бүгінде жаңа ізденістерге ұйтқы болып жүр.

Алайда, тоталитарлық үстемдіктің санаға сінірген бұрналаулы ақпараттарының қат-қабат қалыңдығы сондай, қызыл қырғынның барша құрбандары секілді, ол туралы да бар ақиқат әлі ашылып бітті деп айту қын, бәлкім, бұл енді ешқашан ойдағыдай орнына келмейтін де шаруа шығар. Әйтсе де, там-тұмдап болса да, қолға түскен деректерді ортаға сала беру ләзім, жазықсыз репрессия пышагына түсірілген боздақтар жайындағы тарихи шындықты солай ғана біршама қалпына келтіріп қалуымыз ықтимал.

Нәзірдің өзбек мектептеріне арнап окулықтар жазғаны белгілі. Алайда, педагогикалық іс-дағдысы қаншалықты, оку ісімен тікелей шүғылданды ма, жоқ па, бұл жағы бей-

мәлімдеу-тін. Осы жолдар авторының мұрагат құжаттары арасынан кезіктірген кей деректері сонау көмескілеу тұстарды айқынырақ ажыратуға мүмкіндік беріп қалатын тәрізді.

Нәзір Төреқұловтың 1920 жылдың алғашқы жартысында Жетісу облыстық революциялық комитетіне, сондай-ақ Жетісу облыстық халыққа білім беру боліміне Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссары ретінде жолдаған бірнеше телеграммасы сакталыпты. Мәселен, 1920 жылғы 30 көкекте Верный қаласындағы Жетісу облысының тыныс-тіршілігін басқарып отырған билік басындағыларға жолдаған жеделхатында: «Детские сады не закрывать. Средства будут. Народный комиссар просвещения Тюракулов», («Балабақшалар жабылмасын. Қаржы болады. Ағарту халық комиссары Төреқұлов»), – деп балабақшалар жай-қүйіне алаңдаушылығын білдірсе, сол жылғы 23 мамырда аса маңызды мәселе бойынша шұғыл атқарылуға тиіс жарлығын оргалық атқару комитетімен бірлесіп жібереді.

Оқылық: «Немедленно по получении сего предлагается выяснить, какие находились на территории подведомственного вам уезда прежние русско-туземные школы, особенно киргизские (бывшие городские), сельскохозяйственные, а также какие имеются помещения, выстроенные на средства кочевого населения и чем они в настоящее время заняты. Если здания или помещения заняты другими учреждениями или школами других народностей, то таковые должны немедленно освобождаться и предоставляться под помещение школ кочевого населения. Исполнение настоящего распоряжения возлагается на облревкомы и уревкомы и отделы образования под их строгую ответственность. Подлинный подписали за председателя Турцик Железов, комиссар народного просвещения Тюракулов».

Сол көктемде Түркеспублика халық ағарту комиссариаты жергілікті халықтар арасында жұмыс істеуге тиіс мұғалімдер даярлау ісіне айрықша назар аударып, казак, өзбек, түркмен тілдерінде үш айлық және айлық дайындау әрі қай-

талау курстарын Ташкент, Шымкент, Верный, Самарқанд, Красноводск қалаларында ашу мәселелерімен шұғылданған, оқу жоспарын, әдістемелік ұсыныстарын жасап, бекіткен. Мұның басы-қасында республиканың халық ағарту комиссары Төреқұловтың өзі тұргандығы күмән туғызбаса керек.

Нәзір Төреқұловтан дәріс тындаған белгілі ардагер картымыз Жүсіпбек Арыстанов оның саяси-әлеуметтік тақырыпта лекция оқуға кірісінде жарқ-жүрк жанып, аса шешен сөйлейтіні жайында бүгінгі ұрпақты хабардар етіп кетті. Партиялық-тоталитарлық режим құрсауынан сываттап, шып-шып тепшіп шығуы арқылы құдды түнекке тығулы ақиқаттарға жалғастыратын нәзік дәнекер іспеттегене жүректі лұпілдеткен құнды дерек.

Нәзір Ферғанадан Түркістан Орталық Атқару Комитетінің (Түркістан Орталық Атқару Комитетінің) шақыруымен Ташкентке мемлекеттік лауазымда қызмет атқаруға келгеннен бастап Түркестан Республика астанасындағы оқу орындарына, соның ішінде қазақ педагогика училищесіне жиі ат басын бұрып, революцияшыл ұрпақ алдында ағымдағы жағдай, автономия ахуалында алда тұрған міндеттер хақынан дәріс беріп тұрды. Бұл ретте оның студенттер мен оқытушылар арасынан кешегі езілген халықтардың ұлттық мемлекеттің құру, ескі режим зардаптарын жою бағдарламасын жүзеге асыру ісінде жемісті жұмыс істей алатын кадрлар таңдал жүретіні өз-өзінен түсінікті жәйт болса керек.

Компартиялық-кенестік заманда режимнің қудалауынан дін-аман дүние салған жалындаған қыршын жас Гани Мұратбаев жөнінде бәрін білетін сияқты едік. Белгілі зерттеуші-журналист Сейілхан Асқаров оның арнайы сапармен Ташкенттен шығып, Бурныйға дейін пойызбен, әрі карай ылаулатып Верныйға келгенін, «Верный бүлігін» басуда Фурмановқа көп көмек көрсеткенін жазады. Бізге сонау сарап жолдар жеткілікті көрінетін, алайда кейінгі зерттеулеріміз бұл деректердің тым келте әрі тарихи шындықты сондайлық дәл бермейтініне көз жеткізіп отыр. Түрлі дәйек-

тер негізінде сеніммен айтуға болады – оны Жетісұға Нәзір Төреқұлов жұмсады. Және тек жалғыз Ганиды емес...

Алаш азаматтары арасында «қызы қанды Дінше» атанған (анықтама Дүкенбай Досжановтың зерттеу еңбегінен алғынды) Дінмұхамед Әділов өзінің Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінде сакталған көрсетілімдерінде 1920 жылдың көктемінде Түрк Республика Агарту халқоматының ұйғарымымен Жетісу облыстық халыққа білім беру бөлімінің менгерушісі қызметіне тағайындалғанын, сөйтіп, халқом Төреқұловтың бата-тапсырмасымен қасына Мұратбаев пен Құлжановты ертіп Верныйға аттанғанын айткан. (Верный олардың сапары аяқталған соң, Нәзір ТүркОАК төрағасы боп істеп тұрған 1921 жылдың 5 акпанында байырғы қазақы есімін иеленіп, Алматы атанағы.)

Верныйдағы Қапал (қазіргі Қонаев) және Сауда (қазіргі Жібек жолы) көшелері қыылышына тақау бой түзеген Шахворостов үйіне орналасулы облыстық оқу бөлімі кенесінің төрінде отырып берген Әділовтың мына бұйрықтарына наzzar аударайық. Біріншісі: «Приказ №151. 3 июня 1920 г. Объявляю, сего числа я вступил в исполнение обязанностей заведывающего Семиреченского областного отдела народного образования. Основание: Мандат Комиссариата народного образования, Административного отдела от 7-го мая 1920 года за № 3513, утвержденный Турциком 8-го мая, № 8708. Заведывающий Отделом Д. Адилев (қолы)».

Келесісі: «Приказ № 152. 3 июня 1920 г. Кулжанов Ибадулла, командированный Комиссариатом народного просвещения в распоряжение Семиреченского областного отдела народного образования назначается заведывающим областными киргизскими подготовительными и повторительными педагогическими курсами с зачислением в должность с 3-го сего июня. Основание: Мандат административного отдела комиссариата народного просвещения от 7-го мая 1920 года, № 3544, утвержденный ТуркЦИКом 8-го мая 1920 г., № 8709. Зав. Отделом Д. Адилев (қолы)».

Енді мына біреуіне назар аударайык: «Приказ № 241, 9 августа 1920 г. Командированный Компросом в распоряжение Семироблотнароб Муратбаев Гани, от 7-го мая и Данияров Базаркул откомандированыся в распоряжение заведывающего областными подготовительными киргизскими курсами с 10-го сего июня. Основание: Мандат Компроса № 3518. Зав. Отделом Д. Адилев (қолы)».

Байқап отырыздар, Гани жайындағы бұйрық кешігінкіреп рәсімделіпті. Алайда ол келген бетте сабак беруге кірісken көрінеді, бұған мұрағат сөрелерінде сақталған алғашкы казак дайындық курсарының жұмысындағы қаржылық шығындарды дәйектейтін құжаттары куәлік етеді. Гани мұғалім ретінде курса аптасына ана тілінен 18-22 сағаттан, Ибадулла (курс менгерушісі) жаратылыстанудан – 6. Діншениң өзі (облоно менгерушісі) тарих пен мәдениет тарихынан – 8 сағаттан дәріс беріп, сабак өткізіп тұрган. Жетісу облысының халыққа білім беру бөлімі ол тұста көзіргі Қыргыз Республикасы мен Алматы және бұрынғы Талдыкорған облыстарын қамтитын территориялардағы үйездердің халықка білім беру ісін үйымдастырып-басқаруды жүзеге асырғанын, аталған курса сол өнірлердің баршасынан шақырылған болашак мұғалімдердің оқығанын айта кету ләзім.

Осынау байтак өлкедегі кілең европалық ұлт оқілдері істейтін, ұдайы солар менгеріп келе жатқан облыстық оқу болімін жергілікті ұлт ішінен тұнғыш рет 1920 жылы басқарған Дінше Әділов бар болғаны 20 жастагы орімдей жас жігіт, ал казак дайындық курсына лектор әрі комсомол үйымын күрушы болып келген Гани мұлдем бала – 18-ақ жасар жасоспірім еді. Оларға зор сенім артып, алыс сапарга аттапылған халық комиссары лауазымындағы батырой-агалары Назір бұл кезде 27-де, саяси күресте шындалған, тәрбие ісіне өзен мән беретін, ел камын кеңінен ойлайтын қайраткер болатын.

Гани-шәкірттің Жетісу комсомолы тарихында ілгіншімен аталуына Назір басқарған Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты алқасының 1920 жыны 22 маусымда

қабылдаган қаулысы да он ыкпал еткені сөзсіз. Сол алқа мәжілісі хаттамасынан алынған Алматы облыстық мұрағат сөрелерінде сактаулы үзік көшірме мынандай қаулы жолдарын бізге мағлұм етеді: коммунистік жастар одағының өкілдері облыстық және үйездік халыққа білім беру бөлімдерінің алқаларына бөлім менгерушісі мен оның бөлімшелерінің мәжілістеріне шешуші дауыс құқығымен енеді, мектеп кеңестерінде шешуші дауыска ие болады, коммунистік жастар одағына жан-жакты қолдау көрсету барлық оқу бөлімдерінің міндетіне жатқызылады.

Түркеспублика көсемдерінің 1920 жылы қылыш идеялық тайталастарды бастан кешкені, ақыры мәселенің екінші жартышылдықта Мәскеу мен Түрккомиссия қалауы бойынша шешімін тапқаны мәлім. Төрекұлов Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің төрағасы, одан Түркеспублика Орталық Атқару Комитетінің төрағасы лауазымына сайланды.

1921 жылғы 10 қантарда ол Орынборға келіп, КирЦИК – Қазак Республикасы Орталық Атқару Комитетінің Төралқасында Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасындағы ахуал жөнінде баяндама жасады. «Түркеспублика мен Қазреспублика арасында баспағерлік құштерді пайдалану ісі бойынша ең тығыз байланыс болуы принципінде кажет деп танылсын. Төрекұлов жолдастан КирЦИК төралқасы Халкомкеңес және Қ.К.С.Р. жауапты қызметкерлерінің мәжілісінде Түркеспублика жайында толық баяндама жасау сұралсын. Бірлескен мәжіліс 11-күні жұмыс уақыты бойынша сағат 5-ке белгіленсін» деген қаулы қабылданды.

Осы сапар Түркатком төрағасы Нәзір Төрекұловқа Кирреспублика Ішкі Істер халық комиссары істерін уақытша атқарып отырған Дінмұхамед Әділұлының жолығып, пікірлесуі ықтимал. Олар Жетісу іс-сапарын тілге тиек етті, әрі мінездеріндегі шапшандық, өжеттік сипаттары ұқсас болғандықтан, Нәзірдің төтениште тапсырмаларды жылдам орындауға қабілесті, албырт, батыл шәкірті Діншеге қызметтестік

орайында әлдебір ұсыныстар айтуы гажап емес деп топшылауға болады.

Қалай болғанда да, Әділұлы Түркеспублика Ағарту халқоматының 1921 жылғы 22 ақпандагы шақыруы бойынша Қазреспублика Ағарту халық комиссары Ахмет Байтұрсынов қол қойған мынандай құжатпен Ташкентке аттанады: «19 марта 1921 года. № 331. Предъявитель сего член Кир-ЦИКа Динмухамед Адилев согласно телеграфного отношения Народного комиссариата просвещения Туркеспублики за № 1140 от 22/II сего года командируется в г.Ташкент для выяснения вопроса о напечатании киргизских учебников в Ташкенте. Тов. Адилеву поручается войти по этому вопросу в соглашение с научно-издательской комиссией Наркомпроса Туркеспублики, что подписями и приложением печати удостоверяется. Народный комиссар просвещения (қолы). Управляющий Делами (қолы). Зав. сектором социального воспитания (қолы)». Діншешің сол сапар уақытында бастан кешкендері өз алдына бір төбе әнгіме.

Жалпы, Нәзір Төреқұлов халық ағарту саласында пайдаланау мақсатымен қазақ интеллигенциясын Түркеспубликаға жинауға үлкен мән берген сияқты: сол жылдың жазында ол Ташкенттегі «Ақ жол» газетінде қызмет атқарып жүрген Міржақып Дулатовты Кирреспубликадағы бір топ зиялышы ТүркЦИК өкілі ретінде қызметке шақырып келуі үшін Орынборға, Ағарту халқоматына жіберіп алды. Кейінірек, 1922 жылдан Мәскеудегі орталық баспаны басқара бастағанда, Қазақ Республикасы сыртқа тепкен оку-токуы мол азamatтарды қазаққа арналған түрлі әдебиет жазып шығару шаруасына жұмылдырды.

Ал 1925 жылы Мәскеуде өмірден ерте озған жастар жетекшісі Фани Мұратбаевты соңғы сапарға шығарып салудын басы-қасында болды. Құрметті қарауылға тұрды, қаралы жиында «бұл дәуірдің ең жақсы ірі серкесінің бірі Фани» жайында табірене сөз сөйлемді. Жас Фаниды көзі көрген, сырын білген жанның жылы жүргегіне бұл ауыр қаза зілді жан-

ды жара салады» деді. Баспасынан жастардың абзal жетекшісі аруағына арнап арнайы жинақ шыгарды.

Үстіміздегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы есіл арыстар аруағына көпшілік назарын осылай бір аударып қоюды жөн көрдік.

1997 ж.

#### *4. Революциялық дауірдің аса көрнекті қайраткері*

Біз тоталитарлық мемлекет жасаған 30-шы жылдарғы саяси қуғын-сүргіндерді тек жаппай жазалау шаралары арқылы халыққа қасірет шектіргенінен ғана емес, сонымен бірге күллі тарихымызға, қоғамдық санаға жасаған деформациялары үшін де айыптаймыз.

Жазықсыз құрбандыққа шалынған көптеген қайраткерлердің есімдері 50-ші жылдарғы саяси «жылымық» кезінде реабилитацияланғанмен, түбәгейлі қалпына келтірілмеді. Халыққа қызмет ету жөніндегі ниеттері бір, бірак ұстымдарында өзіндік өзгешеліктері болған азаматтардың қоғам өміріне бір мезгілде және тен дәрежеде қайтарылмауы салдарынан, тарихи шындық жаңаша бүрмаланды.

Тек демократия анық күш алған 80-ші жылдардың соны мен Тәуелсіздік жарияланғалы бері ғана тарихтағы «актаңдастардың» орнын толтыруға мүмкіндік туды. Әділетсіздік аяғынан шалған, жасанды жалалар салдарынан өмірі ерте киылып, елге сіңірген еңбегі ұмыттырылған аяулы азаматтарымыздың бірі – партия, мемлекет қайраткері, дипломат, ғалым Нәзір Төрекұлов еді. Ол жеке басқа табыну құрсауын бұзған алғашқы жылдарда-ақ акталғанымен, қайраткердің өмір жолы жайындағы толық ақпарат жүртшылыққа бірден жетпеді.

Қазактың қоғами өміріне Нәзір Төрекұлов жөніндегі жеке-дара да елеулі дерлік пікірді кезінде атақты жазушы Сәбит

Мұқанов ұсынған болатын. Оның әйгілі СОКП ХХ съезінен кейін, 60-шы жылдары жазған естеліктерінде Төреқұлов мүлдем теріс бағаланатын. Соған сәйкес, өкініштісі, жұртшылық пікірі біржакты қалыптасқандай болған. Қазақ совет әдебиетінің негізін салушы Сәкен Сейфуллиннің ақталуына байланысты оқырманға қайта ұсынылған шығармаларымен бірге басылған Нәзірдің сынына жауап мақаласы да сол теріс бағаны бекемдей түскен.

Дегенмен, тоталитарлық идеология күшінде тұрған жылдардың өзінде Төреқұловтың іс жүзінде қандай қайраткер болғаны хақында сараң да нақты деректер көріне бастады. Мәселен, 1967 жылы шықкан «Орта Азия коммунистік ұйымдарының тарихында» бірер нақты дерек беретін жолдар бар. Мәселен, Ташкентте жұмыс істеп тұрған БРОАК (ВЦИК) пен ХКК-нің (СНК) Түрккомиссиясы 1920 жылғы 19 шілдеде өлкекомды тарату және Түркістан Компартиясының Уақытша Орталық Комитетін құру жайында қаулы қабылдағаннан кейін, «Уақытша Орталық Комитеттің Атқару Бюросының жауапты хатшысы болып Н.Т. Төреқұлов сайланды» (430-бет) деп көрсетіледі. Одан әрі 1920 жылғы 12 қыркүйекте Ташкентте Түркістан Коммунистік партиясының V съезі ашылғанын (432-бет), съезд делегаттарының ТКП Уақытша Орталық Комитетінің жұмысын толығымен мақұлдалап, партияның Орталық Комитетін сайлағанын оқиғызды. Съезде «Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің Төрағалығына Н.Т. Төреқұлов сайланды» (434-бет). («История коммунистических организаций Средней Азии». Ташкент, 1967 г.) Міне, осы 1920 жылға қатысты қысқа мәліметтердің өзінен-ак Нәзір Төреқұлұлы большевиктердің саяси элитасы мойындаған белгілі тұлға болғанын көреміз.

Әуелі Ташкентте, одан Мәскеуде оқып, түрлі қызметтер істеген шақтарында 20–30 жылдарғы қазақ қайраткерлерінің бірқатарын тікелей білген қарт қаламгер Жұсіпбек Арыстанов 70-ші жылдары Нәзір Төреқұлұлы жайында зерттеу мақала жариялады, біршама толық өмірбаянын

ұсынды. Оның бейнесін өзінің деректерге негізделген көркем шығармаларында да сомдады. Мәселен, ол Нәзірді жас Гани Мұратбаевтың көзімен суреттеп: «Нәзір тіктеу, бітіспес бірбеткей, сөйлескен кісінің сөз саптауынан не айтатынын білетіндей, оның сөзін өзі жалғастырып, әңгімелеп кетеді. Жұмыс үстіндегі жинақтылығы мен батыл қымылы жағынан әскери адамға ұксайды», – дейді. Оны «қаншама оқымысты бола тұrsa да, қарапайым адам» деп бағалайды. «Ішінен нұр төгілгендегі күлімдегені қандай әсем» деп сүйсінеді. Нәзірдің «тұмысынан шешен» екенін, бас қосуларда серіктерінен «көбірек сөйлейтінін» атай келе: «Ол сөйлегенде бірсесе айтыста тұрғандай екі тарап пікірді таластырып, жалтылдан кетсе, бірсесе сабырмен әңгіме айтып, тәптіштеп түсіндіріп, кейде митингіде сөйлегендегі есіп кетеді», – де-ген сөздермен көз алдымызға жанды бейнесін әкеледі. Оны жастардың жалынды жетекшісі Гани өзіне ұстаз тұтты. Сондықтан да Нәзір Төреқұлұлы хақындағы пікірін: «Оның сөзін тыңдағандардың бейтарап қалмайтынын ойласаң, көвшілікпен қалай сөйлесуді осы кісіден үйрену қажеттігін мойындастырың», – деп түйіндейді (Арыстанов Ж. «Таң жұлдызы». Роман. 1982 ж.).

Бірақ бұдан қазак жұртшылығының Нәзірді тануына жол ашыла қоймаган. Осы ретте, Нәзір Төреқұлұлына Өзбекстанның Қокан қаласында 1974 жылы, біздің елімізде есімі белгісіз бол тұрған шақта-ақ, көше аты берілгенін атап өткеніміз жөн. Бұл құрмет Нәзірдің інісінің кызы Саида Төреқұлованың табанды ізденістері нәтижесінде мүмкін болған еді. Содан көп ұзамай, 1977 жылы, Қазақ совет энциклопедиясының 11-ші томына Төреқұлов жайында едәуір толық өмірбаяндық анықтама басылды. Оның қызметінің бірер қыры С. Бейсембаевтың «Ленин және Қазақстан» де-ген монографиясында да аталды.

Ал жариялышық ту етілген қайта құру жылдарынан бастап тарихтагы «ақтандактар» батыл қарастырылып, Нәзір Төреқұловтың да өмірі мен қызметіне кең көңіл бөліне

бастады. Көптеген зерттеушілер катарында бұл іске 1988 жылы мен де «Дипломат Төреқұлов» деген макаламмен ат-салысқан едім. Онда, шынын айтканда, тиісті материалдар қолда жоқ болғандықтан, мұсылман әлемінің қасиетті ордасында істеген совет елшісі Нәзір Төреқұлұлының бұл салада сіңірген еңбегі тек қана жалпылама айтылған болатын. Советтер елімен екі арада дипломатиялық және сауда қатынастарының орнауына байланысты, қасиетті Мекке аймағындағы жаңа корольдіктің халықаралық жағдайы едауір дәрежеде нығайғаны белгілі. Онда дипломат Төреқұловтың де өзіндік үлесі бар. Сол орайда, оның араб елінде сегіз жыл бойы атқарған қызметіне байыпты баға беруді республика-мыздың Сыртқы істер министрлігі қолға алса деген тілек білдірілген еді.

Жұмысшылар мен шаруалар мемлекетінің сыртқы саясатын шетелде жүргізушілердің бірі болған осынау тамаша қайраткердің өмірі мен қызметін, совет дипломатиясы тарихында еншілер орнын анықтап, оның есімін мәнгі есте қалдыру шарасы аталған дипломатиялық аппарат тарапынан жасалды.

Мәселені қазақ елінің Ресейдегі 90-шы жылдарғы елшісі Тайыр Мансұров төрөн зерттеді. Ол 2000 жылы Нәзір Төреқұлұлының Сауд Арабиясындағы елшілік қызметі кезінде жазған хаттарын, күнделіктерін, есептерін біріктірген күжаттар жинағын шыгарды – «Назир Тюрякулов – полпред СССР в Королевстве Саудовская Аравия (письма, дневники, отчеты) (1928–1935 гг.)». Под редакцией Т.А. Мансурова, А.М. Сыздыкова, 2000 г. Содан бері ол жайында иебір тамаша енбектер жариялады, бұлардың бәрі баршаға белгілі. Осы орайда оның әр жылда шыгарған мына кітаптарын атаған орынды: «Аравийская эпопея полпреда Назира Тюрякулова», 2001 ж.; «Полпред Назир Тюрякулов. Дипломат, политик, гражданин», 2003 ж.; «Назир Тюрякулов», 2004 ж.; «Нәзір Төреқұлов», 2005 ж.; «Нәзір Төреқұлов – Кеңес Одағының Сауд Арабиясындағы елшісі», 2011 ж.

Бұл еңбектерінде Т. Мансұров қатардағы зерттеушілер қол жеткізе алмайтын мұрағаттардан маңызды құжаттар тауып, ғылыми айналымға қости. Сауд Арабиясы мен КСРО арасындағы байланыстың қалай орнығып, дамығанын, ондағы кеңес елшісі Төрекұловтың беделін, биік мәртебесін дәлелді түрде көрсетті. Осындай зерттеулердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қантардағы Қаулысымен Нәзір Төрекұлов атындағы «ҚР сыртқы саясатын дамытуда сінірген енбегі үшін» медалі тағайындалды.

Тәуелсіздік жылдары Нәзір есімі Оңтүстік Қазақстан облысында (Шымкент, Түркістан қалалары мен Созак ауданындағы) және Ташкентте – мектептерге, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Түркістан қалаларында – көшелерге берілді. Түркістанда ескерткіш қойылып, мешіт салынды. Мұражайы да бар. Нәзірдің мұралары жинастырылап, төрт том болып жарық көрді. Оның қызметі мен өмірін арқау еткен зерттеулер, түрлі еңбектер, деректі фильм шығып жатыр. Көптен бері Нәзір Төрекұлов атындағы қоғамдық кор жұмыс істейді. Нәзірдің елге сінірген қызметін насиҳаттау жұмыстарын ұйымдастыруда оның алғашқы басшысы Ұбырай Ұсмайыл көп еңбектенді, кордың бүгінгі төрағасы белгілі суретші, сәулетші Аманжол Найманбай да үлкен жұмыс атқаруда. Не керек, қайраткердің туғанына 120 жыл толуы қарсанына дейін талай жұмыс тындырылды. Осы датага орай Актауда Ш. Есенов атындағы Каспий университетінде үлкен конференция өткізілді. Сонау ғылыми-тәжірибелік жынын да Нәзір Төрекұлұлы сынды аса көрнекті қайраткерді тани түсудің елеулі белесі болуға тиіс.

Оның өмір жолына тағы бір көз жүгіртсек...

Нәзір балалық шағын Коқан қаласында өткізді. Сонда әуелі жәдидтік бағытта жұмыс істейтін мұсылман медресесінде, одан орыс-түзем мектебінде бастауыш білім алды. Сондағы коммерция училищесін бітірді. Сонын бүгінде Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті деп аталатын жоғары оқу орнына – Мәскеудегі коммерция

институтына түсіп, оның экономика бөлімінде білім ала бастады. Алайда оқуды аяқтамай, тастан кетуге тұра келді.

Өйткені Қазақ және Түркістан өлкелерінде 1916 жылғы 25 маусым жарлығы тұтатқан ұлт-азаттық көтерілістердің негізгі ошактарын басқаннан кейін, патша үкіметі майданның қара жұмысына бұратаналарды топырлатып ала бастаган еді. Соған орай, көзі ашық азаматтарды көрнекті қайраткер Әлихан Бекейханов жана максатқа жұмылдырган. Жауынгерлерге түрлі жәрдем көрсетуді көздейтін Бұқілресейлік «Земгорсоюз» үйымынан Бұратаналар бөлімін ашуға қол жеткізді. Сөйтіп, оның жұмысын өзі басқара бастаган болатын. Төреқұлов Минскіде орналасып жұмыс істеп жаткан осы үйымға алғашқылардың бірі бол жетіп. Бұратаналар бөлімінін нұсқаушысы қызметіне орналсты.

Нәзір соғыстың қара жұмысына алынғандарға тілмаштық қызмет көрсетіп, олардың мүддесін қорғау бағытындағы іс-шараларға белсене атсалысты. Сонда жүріп қазак жастарының «Еркін дала» атты астырын үйымын құруға жетекшілік етті. Патшаның тақтан құлауына орай батыс майданнан қазақ еліндегі бас көтерер азаматтарға жолданған ейгілі жеделхатқа қол қоюшылардың бірі болды. Ол сол уақыттағы көкірегі ояу көвшілік секілді, Ақпан революциясы арқылы «Ресейдің барлық халықтары үшін бостандық, теңдік, туысқандық құні туды» деп санады. Осы жағдайды пайдалану қажеттігін, қазақтардың ескі кикілжіндерге бой алдырмай, үйисулары керек екенін айтып, демократиялық республика құру ісіне нақты қадамдармен атсалысуга шакырды.

Революцияның берген мүмкіндіктеріне сай елге қызмет ету мақсатымен, Нәзір Төреқұлов солшыл социалист-революционерлер партиясына кірді. Орынборга келіп, «Еркін дала» үйымының алғашқы құрылтайын үйымдастырды. Земетво мекемелерін құруға атсалысты. 1918 жылдың басында совет өкіметі Торғай облысының комиссары етіп тағайындалған Әліби Жангелдинге көмектесіп, Торғай облыстық кеңестер съезін дайындауға қатысты. Съезд ашылар қарсаңда, кеңес

өкіметі баспаханасын тәркілеген «Қазақ» газетінің орнына «Қазақ мұны» деп аталатын газет шығаруды колға алды. 21 наурызда шыққан алғашқы санында тарихи бетбұрысты талдап түсіндіретін бас мақала берді. 23 наурызда ашылған съезде мандат комиссиясына сайланды.

Саяси тыныс-тіршілік ағымдарын Нәзір Мәскеудегі студенттік өмірінде жақын біле бастаған. Олар жайындағы ұйымын Батыс майдан мен Орынбор даласында нақты саясат істеріне араласа келе, өз ұстанымына сай сұрыптап, дамыта отырып, қайраткер, публицист және баспасөз ісін ұйымдастыруши ретіндегі алғашқы шындалу мектебінен өтті. Ұзамай Қоқанға келіп, сондағы солшыл эсерлер ұйымында белсенді қызмет етті, ұйымның жетекшісі болды. Сонымен бір мезгілде жұмысшы, дикан және солдат депутаттары кеңесі атқару комитетінің хатшысы болып істеді. Баспасөзге казақ, өзбек, орыс тілдерінде жазған макалаларымен де, тікелей жекелеген басылымдарга басшылық етуімен де белсене араласты. Революциялық кезеңнің табиғатына сай, уақыттың да, оқиғалардың да шапшаң әм ұшқыр алмасып жатқан шағы Нәзірді түбегейлі өзгерістер көрігіне түсіріп, шындауын жалғастыра берді.

Ол 1918 жылдың қыркүйегінде коммунистік партия қатарына өтті. Қызыл армияда қызмет етті. Фергана облысы ревкомының тәрағасы, ағарту комиссары, халыққа білім беру бөлімінің менгерушісі, өлкелік мұсылман бюросы газетінің редакторы болды. 1920 жылдың басында Түркістан Республикасының ағарту халық комиссары болып тағайындалды.

Орталық өкіметтің Ташкентте жұмыс істеп тұрған Түркістан комиссиясы 1920 жылдың 19 шілдесінде құрған Түркістан Компартиясы Уақытша Орталық Комитеті Атқару бюросының тәрагасы Нәзір Төрекұлұлы жайында Мәскеуге хабарлап, оны: «жергілікті халықтан шыққан аса көрнекті табиғи дарын (самородок) ...интеллигент, бұрынғы студент, кедей, қазақ семьясынан шыққан, марксшыл тұрғыдан ойлайтын адам», – деп сипаттады. Түрккомиссия Төрекұлов-

ты және тағы бірқатар ұлт қайраткерлерін өздері өлкे басшылығынан «ұлтшылдық бағыты» үшін ығыстырып отырган Тұrap Рысқұлов пен оның серіктегі орнына, «интернационалистер» ретінде көтерген болатын.

Советтік Түркістан Автономиясы үкіметінің құрамында 1920 жылы ағарту халық комиссары болып еңбек ете бастаған, сол жылдың ортасында-ақ оның жоғарғы басшылығына көтерілген Төрекұлов екі жылдан астам уақыт бойы өлкे тыныс-тіршілігінің тізгінін сергек ұстап отырды. Ол Түркістан Компартиясы Уақытша Орталық Комитеті Атқару бюросының төрағасы, одан Орталық Комитеттің жауапты хатшысы болды. Бұқілресей Орталық Атқару Комитеті мен Халқомкеңестің Түрккомиссиясы құрамына, Орталық партия комитеті Түркістан бюросының, одан Орта Азия бюросы атқару комиссиясының құрамына енгізілді. Түркістан майданы Революциялық эскери кеңесінің мүшесі, Түрк Республика Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болды. Осы қызметтері кезінде өлкеде жасалған көптеген революциялық өзгерістердің басында тұрды. Түркістан Республикасына қарасты Маңғыстау өнірін байырғы тұрғындарымен жаңадан құрылған Қазақ Республикасының құрамына беру туралы ТР Орталық комиссияның шешімін шығарды. Басмашылармен бейбіт келіссөз жүргізді. Демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстыру, құрбан айттың үш күнін демалыс ету туралы қаулыларға қол қойды. Баспасөзді дамытуға көніл бөліп, өзі де Түркістан тарихы, жәдидшілдік жайында мақалалар жазды. Мақалаларында да, нақты істерінде де дін мәселе-сіне баса назар аударды. Большевизмнің атеистік сипатын елең қылмастан, мұсылман дінінің қоғамда атқарып отырган рөлін он бағалады. Ол кейінрек, Арабияда дипломатиялық қызметте жүргенінде, кіші және үлкен қажылық рәсімін бірнеше мәрте орындаған екі советтік елшінің бірі болды.

1922 жылдың күзінде Түрк Республикадагы басшылық қызметінен жаңа революциялық жұмыстарды үйымдастырып жүргізуі үшін Мәскеуге шақырып алынды. РКСФР Ұлт

істері жөніндегі халқоматы жаңынан, Ресей Федерациясында тұратын барлық ұлттардың қоғамдық-саяси және мәдени дамуына септесу мақсатында, Орталық Шығыс баспасы құрылған болатын. Осы баспаны басқару Төрекұловқа жүктелді. 1923 жылы тап сол секілді мақсатпен Орталық Батыс баспасы ашылды. Ал 1924 жылдың ортасында осы екі баспанаң базасында КСРО халықтарының Орталық баспасы (Центриздат) құрылды. Нәзір Төрекұлұлы осы Центриздат басқармасының төрағасы қызметін 1928 жылы дипломатиялық жұмысқа ауысқанға дейін атқарды. Баспа совет елі халықтарының 50 тілінде түрлі әдебиет, оку құралдарын, 12 тілде журнал шығарды, жергілікті жерлердегі баспа ісіне түрлі көмектер беріп тұрды.

Төрекұлов аталмыш баспа жұмысын басқара жүріп, Шығыстанушылардың бүкілодақтық ғылыми ассоциациясы төралқасының мүшесі болды. Түркі жазуын латындандыру мәселесімен шұғылданды. Араб графикасына негізделген түркі әліпбін латынициага көшіру жобасын жасап, жана түркі алфавитінің үлгісін ұсынды. 1924 жылы шықкан «Жаңа әліппе. Үлкендер үшін» деген еңбегінде араб әріпперінің орнына, қазақ дыбыстарын дәлірек қамтитындей етіп жөнделген латын алфавиті негізіндегі жаңа әліпбиді ұсына отырып, жазудағы бұл жаңалықтың қазақ мәдениетін озық елдермен жақындастыра дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдеді (Төрекұлұлы Нәзір. «Қазақ-қыргыз үшін жаңа әліппе». Кенес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, М., 1924 жыл). Жаңа әліпби хақында Орынборда болған жиында оны жақтаушылар Ахмет Байтұрсынов жағындағылардан басым түсті, ол 1926 жылы Бакуде өткен 1-ші Бүкілодактық түркітанушылар съезінде де жаңа жобаның артықшылықтарын дәлелдеп бірнеше рет сөйледі.

Нәзір Төрекұлұлы 1926 шықкан «Жат сөздер туралы» деген еңбегінде өзге тілдердегі сөздердің қазақшаға айналғандағы өзгеру зандастырып, интернационал сөздерді пайдаланудың нақты жолдарын көрсетті (Төрекұлұлы Нәзір.

«Жат сөздер туралы». М., 1926 ж.). Ал «Ұлт мәселесі мен мектеп» деген еңбегінде автономия алып, өз алдына ел болып жатқан халықтардың оқу-ағарту ісінің маңыздылығына көніл бөлді (Төреқұлұлы Нәзір. «Ұлт мәселесі мен мектеп». М., 1926 ж.).

Шығыс баспасының басшысы болып бекігеннен кейін, ол Халкомкенес төрағасы Лениннің алдында автономиялық республикалардың негізгі халықтарының тілдеріне мемлекеттік мэртебе беру мәселесін көтерген болатын.

Оның Шығыс баспасы ішінен қазақ тілінде 1923 жылы «Темірқазық» журналын шығарғаны, оған және жалпы баспа ісіне өз елінде қудалауға ұшырап жүрген Бекейхановтан бастап, елі үшін шын жаны ауыратын қазақ зиялышарын көп-тартқаны мәлім.

Төреқұловтың Ташкентте 1922 жылы «Орыс-өзбек тілінің саяси-әлеуметтік сөздігі» деген кітабы жарық көрген. Сол жылы «Түркістан тарихы», 1923 жылы «Түркістан Автономиялық Республикасы» деген тақырыппен В.В. Бартольдтің еңбегіне рецензиясы жарияланды. Ұлы Абайдың өлеңдер жинағын шығарды. Әр жылда өзбек қalamгері А. Қадыридин еңбектеріне, С. Сейфуллиннің «Асай тұлпар», «Бақыт жолына», «Тар жол, тайғақ кешу» атты шығармаларына сын жазды.

1928 жылдың шілде айында Төреқұлов Хиджаз, Недж корольдігіндегі және оған қосылған облыстардағы КСРО-ның дипломатиялық агенті және бас консулы болып тағайындалды.

Бұл кезде ол 36 жаста еді. Сол заманғы дипломатиялық іс-дағдыда мұндай жауапты лаузымға осынша жас адамның тағайындалуы сирек кездесетін жэйт екен.

1930 жылы дипагенттік пен бас консулдық толық өкілетті өкілдік болып өзгерілді. Сол жылғы 28 ақпанды КСРО-ның сенім грамоталарын тапсырып, Төреқұлов Совет Одағының осы аумақтағы тұңғыш елшісі, ал 1932 жылғы 23 қыркүйекте аумақта біріккен бір мемлекет – Сауд Арабиясы Корольді-

гі құрылғаннан кейін, осындағы КСРО-ның толық өкілетті екілі болды.

Төрекұловтың жемісті қызметі Т. Мансұровтың жоғарыда аталған еңбектерінде толық айтылған.

Нәзір Төрекұлұлы бұл елде атқарған маңызды істерінің біразын өзінің құрдасы, 1919–1921 жылдары кеңестік Түркістан Республикасында бірер мезгіл қызметтес болған үзенгілесі, тағы бір ірі дипломат Кәрім Хакимовпен бірлесіп атқарған болатын. Мәселен, Сауд Арабиясының 1964–1975 жылдарғы болашақ королі, ханзада Фейсал бин Әбдел Әзиз ас-Саудтың 1932 жылы Мәскеуге барған сапарын екеуі бірлесіп ұйымдастырды. Ал 1936 жылы Төрекұлов елге шақырып алынғанда, орнына Хакимов Саудияға елші болып барды.

1937 жылы Нәзір Төрекұлов ұсталды, тағы біраздан кейін, оның орнына жіберілген жаңа елшінің де кері қайтарылатыны жайында хабар келді. Сонда король өзі «Қызыл паша» деп атайдын Кәрімге еліне оралмауды ұсынып, өзінің оған саяси баспана беруге әзір екенін айтады. Алайда Хакимов елге қайтқанды қош көреді, бірақ барысымен репрессияға ұшырайды.

Осы қайғылы оқигалардан соң, король Әбдел Әзиз ибн Сауд Совет Одағынан өзге елші қабылдаудан бастартады. Ақыры, 1938 жылы совет өкілдігі жабылады.

КСРО елшілігі 1943 жылы Мысырда ашылады.

Сонда король Әбдел Әзиз ибн Сауд өз еліндегі шетел елшілерінің бас тұлғасы (дуайені), өзі ерекше жақын тұтқан совет елшісі Нәзір Төрекұловтың, сондай-ақ одан кейін аз мезгіл істеген Кәрім Хакимовтың тағдырларын анықтап біліп қайту үшін, өзінің көмекшісін Каирге аттандырады.

Ал оның көмекшісі Абдулла – мұсылман дінін қабылдаған ағылшын шығыстанушысы Джон Филби (атакты совет барлаушысы Ким Филбидің әкесі) болатын.

Ол жағымды хабар әкелмегендіктен де шығар, Сауд Арабиясының КСРО-мен дипломатиялық байланысы үзілген

күйі қала берді де, баршамызға белгілі, тек 1990 жылы ғана қайта жаңғыртылды.

Тарихта казак қайраткері Нәзір Төреқұловтың есімі Совет Одағының Сауд Арабиясындағы тұңғыш елшісі ретінде мәнгі жазылып қалды.

Нәзір 1936 жылы Жиддадан оралғаннан кейін, Шығыс халықтарының Ленинград институтында, Мәскеудегі Шығыс халықтарының тілі мен жазуы институтында ғылыми қызметкер болды. 1937 жылғы 15 шілдеде тұтқынға алынып, НКВД-нің кезінде «Ягоданың дачасы» аталған, бүгінде «Коммунарка» деген атпен белгілі арнайы объектінде 9 карашада атып тасталды. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы оны 1958 жылғы 28 қантарда ақтады.

Содан бері, міне 55 жылдай уақыт өтті, бірақ біз оны әлі де толық танып білдік дей алмаймыз. Оның өмірі мен қызметіне байланысты зерттеуді қажет ететін тұстар жеткілікті. Дегенмен, бүгінге дейін білгендеріміздің өзі Нәзір Төреқұлұлы Төреқұловты қөптеген іргелі істердің басында тұрған, революциялық өзгерістер кезеңінің аса көрнекті қайраткері деп атауымызға толық мүмкіндік береді.

9 қараша 2012 ж.

# МАЗМҰНЫ

|   |            |
|---|------------|
| Оқырманга.....  | 3          |
| <b>Әлихан Бекейхан</b>                                  |            |
| Әлихан Бекейханов.....                                  | 4          |
| Әмірлік серт .....                                      | 18         |
| Үлт-азаттық козгалыстың көшбасшысы .....                | 31         |
| Алты алаштың ардағы нeden жаза басты?.....              | 40         |
| Мерейтой карсанында .....                               | 50         |
| Казак үлттық мемлекеттін тұнгыш басшысы.....            | 53         |
| <b>Жанша Досмұхамедов</b>                               |            |
| Белгілі де белгісіз Жаһанаша Досмұхамедов.....          | 71         |
| Алғашқы Казак Автомониясының көрнекті кайраткері .....  | 77         |
| Тары да Алаштың аймактық үкімет басшысы жайында.....    | 85         |
| Жаһанаша алғы толық танылған жок .....                  | 110        |
| <b>Мұстафа Шокай</b>                                    |            |
| Үлт мактанды .....<br>Беймәлім тағдыр .....             | 117<br>117 |
| Мұстафа Шокав .....                                     | 124        |
| Мұстафанды оқытанды .....                               | 142        |
| Баяны жартас – сол жартас .....                         | 159        |
| Зангер Мұстафа .....                                    | 167        |
| Тағылымы мөлұлды жаң .....                              | 177        |
| Мұстафа азаттық козгалысының теориясын жасады .....     | 183        |
| Мұстафатану алшесі .....                                | 195        |
| <b>Нәзір Төрекұлов</b>                                  |            |
| Дипломат Төрекұлов .....                                | 198        |
| Нәзір Төрекұлов – публицист және көгам кайраткері ..... | 211        |
| Тары да Төрекұлов туралы .....                          | 221        |
| Революциялық дауірдің аса көрнекті кайраткері .....     | 228        |

## Койшыбаев Бейбіт Орынбекұлы ТҮНЕКТЕН ОРАЛҒАН ЕСІМДЕР

Тұлға және тарих  
Бірінші кітап  
ТОРТ КУЛІК

Редакторы *Б. Хайдина*  
Беттеген *Б. Дүйсен*

Басыл 23.02.2016 көд койылады.  
Нұсқамі 60x84 1/16 . Офсеттік кагаз.  
Көлемі 15,0 б.т.+0,25 жантарма.  
Тарастымы 1000 дана.  
«Рұх Біл» баспасы, 050031, Алматы,  
Аксарай-36-32-41. Т: (8727) 268 01 85

ISBN 978-601-80519-5-1



9 786018 051951

